

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

**НАО «ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ САРСЕНА АМАНЖОЛОВА»**

Сәрсен Аманжоловтың 120 жылдығына арналған  
**«БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ –  
АДАМИ КАПИТАЛ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ  
НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ»**

**«Аманжолов оқулары-2023»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

**МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

*II бөлім*

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

Международной научно-практической конференции

**«Аманжоловские чтения-2023»**

**«ТРАНСФОРМАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ – КЛЮЧЕВОЙ  
ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА»,**  
посвященной 120-летию Сарсена Аманжолова

*Часть II*

**CONFERENCE PROCEEDINGS**

International Scientific and Practical Conference

**«Amanzholov's Readings-2023»**

**«TRANSFORMATION OF EDUCATION AND SCIENCE – A KEY  
FACTOR IN IMPROVING THE QUALITY OF HUMAN CAPITAL»,**  
dedicated to the 120th anniversary of Sarsen Amanzholov

*Part II*

Өскемен -Усть-Каменогорск, 2023

**Бас редактор:**

*Төлеген Мұхтар Әділбекұлы,*

**С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы – ректор,  
профессор, PhD**

**Бас редактордың орынбасары:**

*Ровнякова Ирина Владимировна,*

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті Басқарма төрағасының орынбасары –  
стратегиялық даму және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, п.ғ.к.

**Редакция алқасы:**

*Алимбекова Нурлана Бауржановна,* С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің  
басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, PhD;

*Шарапиева Гульнур Даулетхановна,* С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғылым  
және ғылыми жобаларды коммерциализациялау бөлімі жетекшісі;

*Адиқанова Салтанат,* С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің IT және  
жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебінің деканы, PhD;

*Оразалин Слямбек Калибекович,* С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің  
гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, т.ғ.к.;

*Куленова Гульнара Борисовна,* С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің педагогика  
жоғары мектебінің деканы, мед.ғ.к.;

*Апышева Асель Ануарбековна,* С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің экономика  
және құқық жоғары мектебінің деканы, э.ғ.к.;

*Картаева Айжан Маратбековна,* С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің  
«Абайтану» ғылыми-зерттеу институтының директоры, филол.ғ.к.;

*Ислямова Сара Аскарровна,* С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті «Берел»  
баспасының директоры

Б 94 **«Білім мен ғылымды трансформациялау – адами капитал сапасын арттырудың негізгі факторы»** Халық. ғыл.-тәжір. конф. матер. жинағ. = Сб. матер. Междун. науч.-практ. конф. **«Трансформация образования и науки – ключевой фактор повышения качества человеческого капитала».** – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2023. – 626 б. – II бөлім.

ISBN 978-601-314-734-5

«Білім мен ғылымды трансформациялау – адами капитал сапасын арттырудың негізгі факторы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясының материалдары жинақталған. Мақалалар Филология – тіл білімінің, әдебиет тарихы мен теориясының мәселелерін зерттейтін ғылым; қазіргі жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу; интеграциялық процестердің қазіргі жағдайындағы Қазақстан дамуының экономикалық және құқықтық аспектілері; көпмәдениетті жастардың санасын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері және әлеуметтік желілер мен БАҚ ықпалы; қазіргі әлемдегі жаратылыстану зерттеулері – тәжірибе, проблемалар және перспективалар саласындағы зерттеулерге арналған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Трансформация образования и науки – ключевой фактор повышения качества человеческого капитала». Статьи посвящены исследованиям проблем языкознания, истории и теории литературы; духовно-нравственному воспитанию современной молодежи; экономико-правовым аспектам развития Казахстана в современных условиях интеграционных процессов; научно-педагогическим основам формирования сознания поликультурной молодежи и влиянию социальных сетей и СМИ; естественным наукам, исследованию в современном мире – опыту, проблемам и перспективам.

ӘОЖ 37+001  
КБЖ 74+72

ISBN 978-601-314-734-5

© С.Аманжолов атындағы ШҚУ, 2023

# ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

## ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ

ӘОЖ 37.015.3:159.9

### МӘДЕНИЕТТІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Абишова М., Сатыбалды С.

**Ғылыми жетекші:** Комекова Г.К., биология магистры

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: abishova.marzhan@bk.ru

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты – интеллектуальдық ұлт қалыптастыру. Сондықтан «Интеллектуальдық ұлт – 2020» ұлттық жобасында жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу мақсатында білім беру үдерісін зияткерлендіру қажеттілігі идеясы ұсынылды. Сол интеллектуалды ресурстың бірі – бүгінгі жастардың рухани-адамгершілік мәдениеті. Заманауи қазақ жастарының, Ұлы дала ұрпақтарының санасын рухани жаңғыртуда тарихи тұлғалардың, әлемнің және өз Отанының біліміне, ғылымына, мәдениетіне қосқан үлесі, өмірлік қағидалары мен әділеттік жолындағы күресі, адамзатқа жасаған игі істері сияқты құндылықтардың маңызы арта түсуде. Сондай тұлғалардың бірі – Әбу Насыр Әл-Фараби.

Әл-Фараби қазақ топырағында дүниеге келген ғұлама ғалым. Шығыстың ұлы ойшылы әрі ағартушысы, әйгілі математик, философ, музыка зерттеушісі, тарихшы болған. Туған жері Отырар қаласы. Отырар ойшылдарының ең атақтысы, ең ғұламасы – «шығыстың Аристотелі». Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) ірі сауда орны, мәдениет орталығы болған Отырар қаласында туып, сонда білім алған, кейін Бағдат қаласында ұстаз болды. Әл-Фараби алғашқы педагогикалық ой-пікірлердің жетістіктерін жаңғыртып, халық даналығы туғызған данышпандық ой-пікірлерге, шығыс мәдениетінің озық үлгілеріне ден қоя отырып, өзінің түпнұсқалық педагогикалық тұжырымдамасын жасады. Оның педагогикалық тұжырымдамасы әдіснаманы, дидактиканы, тәрбие теориясы мен әдістемені бірге қамтитын іргелі жүйе болып табылады. Әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеялары теориялық дәрежесі жағынан іргелі педагогикалық ілімге бастапқы негіз бола алады, әсіресе оның күллі адамзат қауымдастығының жиынтығы ретінде ұлы қоғамды суреттейтін ізгілік тұғырнамасы қазіргі педагогиканың жетекші идеясы болып отыр. Ғұламаның адамгершілік ізгіліктер туралы пайымдаулары «Өзін-өзі тану» пәні арқылы берілетін рухани-адамгершілік құндылықтардың негізі іспеттес. Әл-Фараби адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептеді. Әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген басты қағиданы ұсынды. Ғұлама өзінің трактаттарында педагогикалық, психологиялық, дидактикалық

әдістемелік терминдер тізбегін ұсынды. Әл-Фарабидің гуманистік идеяларға толы педагогикалық көзқарастары ғұламаның «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», сияқты көптеген трактаттарында сипатталған. Бұл еңбектерде оқытудың мақсаты мен әдістемесі, білімнің беріктігі, жүйелілігі, оқытудың қолжетімділігі, көрнекілігі қамтылған, білім алушының белсенділігі мен мақсатқа ұмтылушылығына көңіл бөлінген. Жалпы педагогиканың бір салас болып табылатын тәрбие теориясының әдіснамасын әл-Фарабидің тәрбиенің заңдылықтарын, ұстанымдарын, мақсатын, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, нәтижесін тұжырым дамалық тұрғыдан негіздейтін жетекші педагогикалық ой-пікірлері айқындайды. Тәрбиелеу – халықтардың бойында білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту. Тәрбиелеу – жеке адамның кісілігін қалыптастыру деп көрсетеді. Ол тәрбие әрекетінде қатты әдіспен жұмсақ әдісті ұштастыра білуді ұсынады. Тәрбие тәжірибе және іс-әрекет арқылы беріледі деді Әл-Фараби. Сол себепті әл-Фарабидің алдымен «Қайырымды қала» идеалы – гуманистік және адамгершілік бағдар екендігін жүйелегенін. Әл-Фарабидің дүниетанымдық пайымы бойынша ақылдың төрт тұғыры болып табылатын топырақ, ауа, от, су ізгі мемлекетте әділ заң, ақыл, парасат, дәулет, байлық, қанағатшылдық арқылы толық жүзеге асады деген сенімде болды. Әл-Фараби қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары арқылы жасөспірімдер тәрбиесінің тұтас тұжырымдамаларын ұсынған. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы оның әлеуметтік этикалық, философиялық, музыкалық трактаттарындағы ойларымен ұштасып отырғаны ақиқат. Тәрбие кезінде адамдар мен халыққа білімге негізделген қасиеттерден шығатын әрекеттерді жасауды дағдыға айналдыру арқылы үйретіледі...». Бұл анықтамалардың астарлы мағынасы қазіргі педагогикадағы «оқыту» мен «тәрбие» ұғымдарына берілген анықтамалармен сабақтасып, өзара байланысып жатқандығын айқын аңғаруға болады. Қазіргі кезде педагогиканың негізгі ұғымдарына «тұлғаны қалыптастыру» ұғымы да жатқызылады. Жеке тұлғаны қалыптастыруды Әл-Фараби былай анықтайды: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез құлқымыз мақтаулы болады». Ғұламаның педагогикалық тұжырымдамалары негізінен «бақыт» және «парасат» ұғымдарының төңірегінде өрістейді. Әл-Фараби «парасат» ұғымын терең мазмұндады. Бұл ұғым ойлау мен болмыс, өнер мен ғылым диалектикасына, ал ғылымға баратын жол білім мен парасатқа негізделеді деп көрсетті ұстаз.

Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы бойынша тәрбие мен тәлім, оқыту мен үйрету өзара тығыз байланыста, бірін бір ітолықтыра отырып жүргізілу ітііс. Бақытқа жету жайында: бақытқа жеткізетін, негізінен денсаулық, еңбек және білім деп түсіндірді. Бақытқа жеткізетін ізгіліктер: теориялық ізгілік, ойшылдық, этикалықізгілік, практикалық өнер. Демек, Әл-Фараби этикалық категорияларға жақсылықты, достықты, өзара көмекті, әділеттілікті, абыройды, қанағаттануды, бақытты жатқызады . Әл-Фарабидің педагогикалық жүйесіндегі «бақыт» ұғымы –

этикалық категория, яғни әрбір адамды бақытқа жеткізу мұраты. Бақытқа жетудің негізін де философия, ғылыми білімдер арқылы дүниедегі пәк тазалықты, әдемілікті бойға сіңіру, ойға, жүрекке ұялату, дарыту әрекеті жатады. Ол адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептеді. Ғұламаның педагогикалық тұжырымдамалары негізінен «бақыт» және «парасат» ұғымдарының төңірегінде өрістейді. Әл-Фараби «парасат» ұғымын терең мазмұндады. Бұл ұғым ойлау мен болмыс, өнер мен ғылым диалектикасына, ал ғылымға баратын жол білім мен парасатқа негізделеді деп көрсетті ұстаз. Ғұлама білімнің жетекші салалары ретінде саяси және азаматтық ғылымдар жүйесіндегі этика мен педагогиканың маңызын ерекше атап көрсетті. Олардың ішінде негізгілеріне тоқталып өтейік. Әл-Фараби дадактикасы бойынша: оқытудың мақсаты – шәкірттің бойында білім беру мен зерттеуге үйрету арқылы білім, ақыл, парасат қалыптастыру, оқытудың түпкі мақсаты – адамдарды бақытқа жеткізу; дидактиканың негізгі ұғымдары: үйрету, оқыту, білімберу, тәрбиелеу, оқыту ұстанымдары: оқытудың әдіс-намалық негізі жиынтығы, білім топтамасы мен мазмұны туралы ілім, парасат жайлы ілім, заттардың адамның сезім мүшелеріне әсері туралы ілім, ғылыми білімнің теориялық және эмпирикалық мәні туралы ілім, таным теориясы ізгілендіру ілімі оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік деп көрсетеді. Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы – гуманистік құндылықтардың жарқын туындысы. Әл-Фарабидің идеялары заманауи жастарға ақылдылық, парасаттылық, қарапайымдылық, қанағатшылдық, үнемшілдік, ізеттілік, даналық, асқан пайымдылық, аңғарымпаздық, шыншылдық, ар-ождан тазалығы, тапқырлық, білгірлік, жігерлендіре білушілік, ұстамдылық, ынталық, шеберлік, табандылық сияқты адами қасиеттер үлгісін теориялық және тәжірибелік деңгейде ұсынды. Қазақстан жаһанданушы әлемге енуде, болашаққа мақсатты ұмтылуда. Осы үдерісте ол өз тарихына ерекше ден қойып, тәуелсіздік жағдайында тарихты жаңадан пайымдауда, өйткені тарихсыз халық және оның мәдениеті жоқ. Мәдениеттің рухани құндылықтарсыз өмір сүре алмайтыны ақиқат.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 176 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
3. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Азаматтық саясат. Бақытқа жол сілтеу. Бақытқа жету жайында / Бағзы замандардан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық: Әл-Фараби философиясы 2006. – 507 б.
4. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Бірінші том. (VI ғасырдан XX басына дейінгі кезең / Редакция алқасы: Шаяхметов Ш.Ш., т.б. Құраст.: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Азанбекова Г.Т.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан  
E-mail: [azanbekova.gulnaz@mail.ru](mailto:azanbekova.gulnaz@mail.ru)

Білім беру саласындағы демократияландыру, ізгілендіру үрдістерінің мәні болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуы үшін мүмкіндіктер жасауды, оның еркін ойлауын көздейтін жаңа көзқараспен өзектендіріледі. Осыған байланысты бастауыш білім берудің мақсаты білім алушылардың қоршаған шындықты қабылдауы, өзіндік даралығын сезінуі, негізгі оқу дағдыларын игеруі және айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесуі, олардың оқу қызметін түсінуі үшін жағдай жасау болып табылады.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жалпы білім берудің басым бағыттарын анықтайды, яғни оқу процесінде оқушы мен мұғалімнің өзара ынтымақтастық моделін қалыптастыру, оны оқыту әдістерінің үйлесімі негізінде жүзеге асыру. Мұнда оқушы оқу процесінің негізгі субъектісі болғандықтан, оның тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына барлық назар аударылады. Бұл басым бағыттар мектепте бастауыш сынып бойынша экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді жетілдіру үшін негіз болады және өскелең ұрпақтың экологиялық тәрбиесінде үздіксіз білім беру процесінде (отбасы→балабақша → бастауыш білім деңгейі) көрініс табады.

Бүгінгі таңда бірінші орында тұрған жаһандық проблемалардың бірі-экологиялық дағдарыстардың алдын алу тек адамдардың мақсатты ойластырылған әрекеттерімен жүзеге асырылады. Осыған байланысты елімізде қабылданған «Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау туралы», «табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар» заңдарынан, сондай-ақ «орнықты даму үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары» сияқты экологиялық мәселелер жөніндегі мемлекеттік құжаттардан көруге болатын экологиялық дағдарыстан шығу жолдары іздестірілуде [1].

Біздің планетамыз негізгі экологиялық принциптердің бұзылуынан және экологиялық сауатсыздықтан зардап шекті. Қазіргі уақытта адам мен қоғамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы әсіресе күрделі. Жер шары халқының тез өсуі және көптеген елдердің өндірісінің күрт дамуы адамның табиғатқа әсерін күшейтеді. Осыған байланысты, жер шарындағы жаппай экологиялық апаттың таралуы және оның алдын алу мақсатында жаңа негізде табиғатты қорғау жұмыстарын жетілдіру қажеттілігі экологиялық проблеманың өзектілігін көрсетеді.

Экологияның өзі табиғатты қорғаумен байланысты екені түсінікті. Бүгінгі таңда адамзат табиғаттың толық тазалығын, табиғаттың сұлулығын, табиғаттың орасан зор байлығын сақтай және қорғай отырып, өзіне қажет нәрсені пайдаланады. Осыған байланысты жаһандық экологиялық дағдарыс проблемалары туындайды. Экологиялық дағдарыс-бұл қоғамның техникалық немесе әлеуметтік дамуындағы кейбір қателіктердің нәтижесі емес, бұл адамдардың бір-бірімен қарым-

қатынасының көрінісі және қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас жүйесін қамтитын мәдени дағдарыс. Одан шығу үшін адамдардың жаңа құндылық қатынастарын меңгеруі, олардың экологиялық дүниетанымын кеңейту қажет. Осы жаңа тенденциялар мен танымдық, құндылық және белсенділік бағыттағы білім беру мазмұнының өзгеруін қолдау үшін үздіксіз экологиялық білім мен тәрбиенің жаңа жүйесі дамуда.

Экологиялық білім беру және өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесі қазір ғалымдардың, педагогтардың, саяси қайраткерлердің назарын аударуда. Мектептегі экологиялық білім мен тәрбиеде біз ғалымдардың жекелеген пәндердің ерекшелігі тұрғысынан отандық, әлемдік педагогикалық және психологиялық жетістіктерде зерттеулер жүргізгенін көреміз. Мысалы, Н. С. Сарыбеков [2], А. С. Бейсенова [3], Ж. Ж. Жанғалбаев [4], А. Б. Бигалиев [5], М. Н. Сарыбеков [6], К. О. Шайхеслямова [7] және т. б. мектепте, одан әрі дамуы жоғары оқу орындарында экологиялық білім мен тәрбиені қалыптастыруға байланысты міндеттер мен ұстанымдарды анықтады.

Білім берудің бастапқы деңгейінде оқушылардың адамның табиғи және әлеуметтік ортасы, табиғат пен қоғамның өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы білімдерін жалпыадамзаттық құндылық ретінде қабылдауын қалыптастыру қажет. Ол үшін:

- оқушыларға табиғи және әлеуметтік орта, табиғат объектілері мен құбылыстары және адамды қоршаған қоғам арасындағы байланыс пен тәуелділік туралы алғашқы түсінік беру;

- оқушыларда құндылықтар жүйесі, әлеуметтік ортадағы және экологиялық мәдениеттегі мінез-құлық пен қауіпсіздік нормалары туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру;

- оқушылардың бойында табиғатты сүю, қорғау, табиғи және әлеуметтік шындықты білу әдістері мен іс-әрекет тәсілдері сияқты ізгі дағдыларды қалыптастыру экологиялық білім берудің негізгі міндеттерін құрайды.

Осы міндеттерді іске асыру үшін бастауыш білім беру деңгейіндегі жаратылыстану пәндерінде берілетін экологиялық білімнің мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалуы тиіс.

Бастауыш білім беру деңгейінде оқыту процесінде экологиялық білім беру мазмұнын іріктеу кезінде жалпы білім беру мазмұнының дидактикалық ұстанымдары басшылыққа алынды [8,9].

Экологиялық білім беру мазмұнын таңдаудың негізгі принциптеріне мыналар жатады:

- экологиялық білім берудің зияткерлік, эмоционалдық және белсенділік компоненттерінің бірлігі;

- экологиялық білім мазмұнының табиғилығы мен адамгершілігі;

- экологиялық проблемаларды талдаудағы жаһандық, ұлттық, өлкетану тәсілдерінің өзара байланысы;

- пәнаралық байланыстар;

- гипотеза;

- практикалық.

Экологиялық білім берудің интеллектуалды, эмоционалды және белсенді компоненттерінің бірлігі оқушылардың экологиялық және онымен байланысты

экологиялық ұғымдар, экологиялық заңдар, экологиялық жағдайларды үйлестіру идеялары, экологиялық проблемалар туралы білімдерін қамтиды, яғни олардың экологиялық мәселелерге, эмоционалды-эстетикалық мәдениетке, нақты-іс-әрекеттік-практикалық қатынастарға жауапкершілікпен қарауы.

Білім беру мазмұнын таңдаудың пәнаралық коммуникациялық ұстанымы ізгілік, ұлттық әдет-ғұрып негізінде жаратылыстану білімдерін игеру, сол арқылы адам-қоғам-табиғат арасындағы үйлесімділікті түсіну, оны сақтау дағдыларын қалыптастыру және дамыту мақсатын көздейді. Пәнаралық байланыс табиғи пәндерді экологияландырудың негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді, соның негізінде әлеуметтік-экологиялық білім мен дағдыларды қалыптастыруды жүзеге асырады, оларды жүйелейді және жалпылайды. Бұл өз кезегінде адамның қоршаған ортамен, жалпы экологиялық мәдениетпен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді [10].

Білім мен практиканың өзара байланысы принципі оқушылардың практикалық дағдылары мен қызығушылық қабілеттерін қалыптастыру, алған білімдерін күнделікті жағдайда қолдануға мүмкіндік беру мақсатын көздейді. Бұл ұстаным оқушылардың оқу материалында қойылған тапсырмалардың мақсатын түсінуіне, оларды талдауға, шешім шығаруға, қорытынды жасауға жағдай жасайды.

Сипатталған дидактикалық және экологиялық ұстанымдар негізінде экологиялық білім мазмұнын құрайтын оқу материалдарын іріктеу кезінде пәндердің ғылыми заңдылықтарын түсінуге әсер ету; Табиғатты қорғау іс-шараларын жетілдіруде принципті мәннің болуы; базалық экологиялық білімді экологиялық ұғымдар жүйесімен толықтыру; әлемдік экологиялық білім беру идеяларына басшылық жасау; оқу материалдарының бір-бірімен логикалық байланысы және оқушылардың бір-бірімен түсінуінің жеңілдігі ойлауды дамыту; табиғи заттардың тәрбиелік құндылығын арттыру; берілетін экологиялық біліммен, дағдылармен қатар олардың практикалық бағытын күшейту сияқты критерийлер алынды.

Сонымен, экологиялық білім-бұл адамдардың сезімдеріне, санасына, табиғатқа деген көзқарасына әсер ету әдістері. Бұл азаматтардың сана деңгейінің жоғарылауына, табиғатқа деген көзқарастың өзгеруіне, табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға, оның жағдайына ұқыпты қарауға, табиғи ортадағы моральдық мінез-құлыққа әсер етеді. Осылайша, экологиялық білімнің мәнін аша отырып, экологиялық білімді ұғымдар арқылы игеру нәтижесінде оқушылардың экологиялық дағдылары қалыптасады. Мұнда оқушылар экологиялық білім ала отырып, табиғат пен қоршаған орта, олардың өзара байланысы мен толықтырылуы, табиғат құндылықтарының алуан түрлілігі туралы біледі.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Закон Республики Казахстан «Об охране окружающей среды». – Астана, 2001.
2. Сарыбеков Н.С. Педагогические основы подготовки учащихся к охране природы в системе общеобразовательного среднего образования: дисс. ...д-ра. пед. наук. 13.00.01. – Алматы, 1994.– 366с.



3. Бейсенова А.С. Задачи экологического образования и воспитания в Казахстане. – Алматы: АГУ им. Абая, 1991. – 63 с.
4. Жатқанбаев Ж.Ж. Экология негіздері. Оқулық. – Алматы: Зият, 2004. – 212б.
5. Бигалиев А.Б. Фундаментальность экологического образования-основа подготовки специалиста-эколога //Қазақстан жоғары мектебі. –Алматы, 2000. №2.– Б.49-55.
6. Сарыбеков М.Н. Теория и практика экологической подготовки будущихучителей: дисс. ... д-ра. пед. наук.: 13.00.08. – Алматы, 1998.– 312 с.
7. Шайхеслямова К.О. Научно-методические основы формирования экологической культуры в процессе обучения школьного курса химии в интеграции предметов естественнонаучного цикла: дис. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 2004. – 316с.
8. Суравегина И.Т. Междисциплинарность как принципэкологического образования. /Педагогические принципы и условияэкологического образования. – М.: АПН СССР, 1983.– С. 26-35.
9. Экологическое образование школьников. /Под ред. И.Д.Зверева, И.Т. Суравегиной. – М.: Педагогика, 1983. – 160 с.
10. Захлебный А.Н. Межпредметностьзнания природо-охранительного характера. /Проблемы экологического образования в школе. – М., 1979. – С. 103-121.

ӘОЖ: 376.01 – 056.24

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҰЙЫМДАСТЫРУДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

Айтказина Д.А., Карбаева Ж.К.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша  
«Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ,  
Өскемен қ., Қазақстан

Жалпы инклюзивті білім беру – мүмкіндігі ерекше балаларды оқытып үйретудің бір формасы. Нағыз инклюзия білім берудің 2 жүйесін: жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне қарама-қарайшы қоймай, қайта жақындатады.

Дамуы тежелген балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің барлық бағыттарына жетекшілік ететін қызмет координаторы, мұғалім-дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкерлері жұмыс атқарады. Яғни, психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әр маманы өз бағыттары бойынша жұмыс істейді. Бұл біріккен психологиялық- педагогикалық қолдау көрсету қызметінің басты мақсаты-мүмкіндігі ерекше балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету [1].

Инклюзия негізінде тұлғалар тең қарым-қатынасты қамтамасыз ету қажет, мұқтаждығы бар балалар үшін ерекше жағдай жасап олардың кез келген кемсітуін болдырмайтын идеология болу керек.

Қазір инклюзия тек ата-аналар мен педагогикалық қоғамдастықтардың ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның да назарында.

1. Есту қабілеті бұзылған адамдар үшін: FM – жеке ұжымдық пайдалану жүйелері. Олар дыбысты (оқытушының дауысын) микрофоннан тікелей есту апараттарына немесе оқушылардың кохлеарлы импланттарының дыбыс процессорларына береді, бұл мұғалімге ақпаратты оқушыға анық және бұрмалаусыз жеткізіуге мүмкіндік береді.

2. Көру қабілеті бұзылған адамдар үшін: нашар көретіндерге арналған компьютерлік кетпен: экрандық қол жетімділікті және бейне ілгішті бағдарламалық қамтамасыз ететін дербес көмпыютер; электронды бейне ілгіш: әдебиетті оқуға, иллюстрациялар мен кестелерді қарауға мүмкіндік береді; оқу құралдары мен жазу құралдарын; оқыту аудио-құралдарын тыңдауға арналған құрылғы.

3. Тірек – қимыл аппараты бұзылған адамдар үшін: арнайы жиһаз; арнайы орын.

4. Әртүрлі түрлері бар адамдарға арналған әмбебап шешімдер физикалық мүмкіншіліктердің ерекшелігі: проекторы бар интерактивті компьютерлік тақта; сенсорлық бөлмелер; дамытушы кешендер мен тренажерлер.

Тәжірибе көрсеткендей, инклюзивті білім беруді дамыту – ғылыми, әдіснамалық және әкімшілік ресурстарға қатысты күрделі процесс.

Мүмкіндігі ерекше балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру мекемелерінің педагогтары үшін арнайы психология және түзету педагогикасы бойынша білімнің маңызы ерекше. Көпшілік мектептердің көптеген мұғалімдеріне пәндерді оқыту әдістемесінің негізгі ережелерін қайта қарау, түзету оқу-тәрбие жұмысының тәсілдерін меңгеру керек. Оқытудың дамытатын және көрнекі сипатындағы жеке және сараланған тәсілдердің дидактикалық принциптерін қолдану, балаларға үйде оқытуды сыныптан тыс іс-шараларда қарым – қатынас жасауға мүмкіндік беру қажет.

Бүгінгі таңда денсаулық мұқтаждығы бар балаларға заманауи білім беру өзекті және пікірталасты мәселелердің бірі. Соңғы уақытқа дейін балаларды оқуға құштар және оқуға қызығушылығы жоқ деп бөлеміз. Бұл ретте білімге қызығушылығы жоқ деп танылған баланы білім беру жүйесінен денсаулық сақтау жүйесіне ығыстырды, ол психикалық даму проблемаларын шеше алмады, тек оларды ушықтырды. Алайда бүгінде әлемдік тәжірибе көрсеткендей, отбасында қалған баланы сауықтыру тиімділігі интернатқа орналастырылған балаға қарағанда әлдеқайда жоғары. Сондықтан басты міндет отбасына баланы дамыту мен оқытуда қажетті көмек беру, оған лайықты болашаққа кепілдік беру, қоғам мен оның барлық мүшелерінің өзара ықпалдастығын қамтамасыз ету және іске асыру болып табылады.

Инклюзия негізінде тұлғалар тең қарым-қатынасты қамтамасыз ету қажет, мұқтаждығы бар балалар үшін ерекше жағдай жасап олардың кез келген кемсітуін болдырмайтын идеология болу керек.

Қазір инклюзия тек ата-аналар мен педагогикалық қоғамдастықтардың ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның да назарында.

Осының барлығы жалпы білім беру жүйесін ұйымдастырудың жаңа қағидалары мен нысандарын, қаланың кез келген білім беру мекемелеріндегі балаларды, ЖВЗ бар балалардың білім алуын психологиялық- педагогикалық сүйемелдеуді, олармен түзету және дамыту жұмыстарының тиімділігін арттыруды, білім беру қызметінің жаңа қызметінің жаңа түрлерін, отбасырларына көмек көрсетудің жаңа түрлерін іздестіруді мәжбүр етеді.

Бүгінде мектеп кез келген білім беру қажеттіліктері бар кез келген балаға бағдарланған инклюзиялық болу үшін өзі өзгеруі тиіс екені түсінікті болды.

Бұл - ұйымдық, мазмұнды құнды өзгерістерді талап ететін күрделі процесс. Тек оқытуды ұйымдастыру формаларын ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың оқу, өзара іс-қимылының тәсілдерін да өзгерту қажет. Мұғалімнің білім беру бағдарламасына кәсіби бағдарлануы оқушының жеке мүмкіндіктерін көру қабілетіне және оқыту бағдарламасын бейімдеу қабілетіне сөзсіз өзгеруі тиіс. Инклюзивті білім беру барлық мектеп жүйесінде, құндылық қодырғыларында, мұғалім мен ата-аналардың рөлін түсінуде, жалпы педагогикада елеулі өзгерістердің тұтас кешенін болжайды.

Демек, мүмкіндігі ерекше білім алушылар шет тілін үйренуге деген ынтапсын сақтау және дамыту мүмкіндігі бар. Мотивацияны шет тілін меңгеру процесінің маңызды серігі ретінде бағалай отырып, нәтижелігін қамтамасыз етіп, ескерту: мотивация оқушының субъективті әлемінің жағы, өзінің ынтасымен, қажеттіліктерімен сезілетін құмарлықтарымен анықталады [2, 45 б.].

Педагог – дефектологтың психикалық дамуы тежелген балаға психологиялық - педагогикалық қолдау көрсетуі мынадай бағыттарда іске асырылады:

1. Диагностикалық бағыт – баланы алғашқы дефектологиялық тексеру; баланың психикалық дамуының динамикасын жүйелі түрде кезең бойына бақылау;- баланың даму деңгейіне әсер еткен әдіст. әсілдер мен таңдалған бағдарламаның тиімділігін анықтау;- мүмкіндігі ерекше баланың жеке ерекшеліктерін, танымдық қызметін, ерік-жігер саласын, отбасындағы тәрбиелік жағдайдың даму ерекшеліктерін зерттеу; - жалпы білім беру ұйымдарының бағдарламасын меңгерудің деңгейін анықтау; - компенсаторлық мүмкіндіктерді іздеп табу; - баламен жұмыстың бағыттарын айқындау мен бала дамуындағы ауытқулардың алдын алу.

2. Түзету – дамыту бағыты бойынша: Ақаудың құрылымымен оның айқындылық дәрежесіне байланысты түзету жұмысының мазмұны анықталады. Баламен жүргізілген диагностиканың қорытындысы түзете – дамыту жұмысы бойынша мынадай бағыттарды айқындап берді:

- сенсорлық және сенсомоторлық дамуын қалыптастыру;
- кеңестік – уақыт түсініктерін қалыптастыру;
- пішін мен көлем, түсті қабылдауын қалыптастыру;
- салыстыру, талдау, жинақтау, қорытынлыдау, жалпы ойлау операцияларын қалыптастыру;
- зейінің тұрақтылығын, зейінің шоғырлануын дамыту;

-психомоторлық дамуды жүзеге асыру мен сөйлеу тілін, сөздік қорын арттыру.

Айқындалған бағыттар негізінде балаға түзете-дамыту бағдарламасы құрылады. Түзете – дамыту бағдарламасы баланың танымдық қабілеттерін дамытуға, баланың дамуындағы бос орынды толтыруға бағытталады.

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін баланың жеке жас ерекшеліктері, қабылдау деңгейі ескеріліп, әр тақырыпқа тапсырмалар тізбегі даярланады. Баламен жеке жұмыс сабақтан тыс уақыттарда өтеді.

3. Кеңес беру мен ағартушылық бағыт бойынша:

- педагогтармен жеке жұмыс жүргізу;
- баланың жас, жеке, типтік, ерекшеліктерін ескере отырып ата-аналарға, педагогтарға бірқатар ұсыныстарды даярлау;
- балалардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып педагогтың оқу жоспарына түзету жұмыстарын енгізу;
- эксперименталды топта жұмыс істейтін педагогпен жеке кеңес жүргізу;
- әлеуметтік қызметкерлермен жұмыс;
- ата-аналармен жұмыс;
- баламен жүргізілген жұмыстың жалпы қорытындысымен ата-аналарды таныстыру;
- ата-аналарға баланың тәрбиесіндегі қиыншылықтары туралы нақты ұсыныстар даярлау;
- ата-аналарға баланың психофизикалық мүмкіндіктеріне сай баланы оқыту мен оны дамытудың маңыздылығын түсіндіру;
- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі мамандарымен тығыз қарым-қатынаста болу.

Ата-анамен жұмыс бұл бағыттың басты міндетінің бірі. В.А.Сухомлинский ата-анамен жұмыстың мазмұнын ашып көрсеткен ғалымдардың бірі. Ол: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш жігерді біріктіру арқасында педагогтардың балаларға үлкен адамдық бақытты беруі мүмкін», – дейді. Демек, ата-ана бала тәрбиесінде балаға ықпал етуші бірден – бір фактор [5].

Ұйымдастырушылық және педагогикалық жағдайлар туғызу:

Бірінші шарт – мемлекеттік тарапынан қолдау, әлеуметтік-экономикалық аспект қоғамның қоғамның мүгедектерге деген ең көзқарасы. Бұл мемлекет тарапынан даму мүмкіндігі ерекше балаларды қоғамға кіріктіру мақсатында Ұлттық бағдарлама жоспарлау қажет және мүгедек балаларды оқытатын жалпы білім беретін мекемелердің қызметін реттейтін нормативті құқықтық құжаттар ендіру.

Екінші шарт – даму мүмкіндігі ерекше балаларды ерте анықтау, ерте коррекциялық – түзету жұмыстарына қамту. Отандық және шетелдік дефектологтардың зерттеулері мүгедек балаларды неғұрлым ерте анықтап, ерте түзету жұмыстарын жүргізсе, бала кемістігін жоюға, анағұрлым дамытуға болатындығын дәлелдеген.

Үшінші шарт – ресурстармен қамту. Ресурспен қамту дегеніміз – даму мүмкіндігі ерекше баланы кіріктіруге жасалатын жағдай.

- жалпы білім беретін мекемелерді арнайы мамандармен (дефектологтар, әлеуметтік ұстаз, психологтар дәрігерлер) қамту. Инклюзивті оқытуда арнайы психологиялық-педагогикалық түзете отыра қолдаусыз оқу процесі нәтижесіз болмақ;

- жалпы білім беретін мекемеде даму мүмкіндігі ерекше 10 баланы кіріктірген жағдайда арнайы педагогтардың штатын ендіру;

- Әдістемелік көмек және арнайы бағдарламалармен, оқу құрал - жабдықтармен қамту. (Қазіргі таңда Түзету педагогикасының Ұлттық - ғылыми орталығының қызметкерлерінің құрастырумен 296 арнайы оқу әдістемелік құралдар, бағдарламалар жарық көріп отыр) [3].

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әрбір маманының жеке-дамытушылық жұмысының басты мақсаты - баланың құрдастарымен бір сыныпта оқуға және өз мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламасын меңгеруге көмектесу үшін барлық мүмкіндіктерді жасау. Мамандардың міндеті дамытушы жұмысты өз әдістері мен тәсілдері арқылы, соның ішінде қысқартылған (бейімделген) білім беру бағдарламасын меңгерту үшін зиятының, сөйлеу, әлеуметтік-коммуникативтік және жеке дамудың жеткілікті деңгейін (міндетті емес нормативтік) қамтамасыз ету.

Психологпен, логопедпен, әлеуметтік педагогпен жеке бағдарламалар жасаған кезде, психологиялық-педагогикалық жұмыстың жалпы принциптерінен (жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу, іс-әрекеттік тәсіл және т. б.) басқа, келесі принциптерді ұстану қажет:

- 1) сыныптағы оқу қиындықтарын жеңуге жеке-дамыту жұмысының бағыттылығы, логопед ең алдымен оқу пәндері бойынша бағдарламаны меңгеруге кедергі келтіретін сөйлеу дамуының бұзылыстарын түзейді.

Психолог мектеп дағдыларын меңгеруге кедергі келтіретін психикалық функцияларының дамуы бойынша жұмыс істейді: жазу, оқу немесе есеп және т.б. арнайы педагогтың міндеттері мектеп бағдарламасының қандай да бір бөлімдерін меңгерудегі проблемаларды толықтыру, оқушыны күрделі оқу материалдарын меңгеруге дайындау, оқу қызметінің құрылымдық компоненттерін қалыптастыру болады.

- 2) тұлғалық бағдар және жеке тәсіл: баланы тек проблемалары мен бұзылымдарына қарай емес, сонымен қатар өзінің қажеттіліктері мен уәждері, сондай-ақ даму үшін жеке ресурстары бар белсенді тұлға ретінде қабылдау. мамандардың міндеті-баланың қажеттілігін ескеру және оқыту қиындықтарын жеңу мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасау. бағдарламаны жасау кезінде баланың әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен қатар күшті жақтарын да ескеру, оның мүдделері мен қызығушылықтарына сүйену. Бұл принципті іске асыру үшін бірқатар шарттарды сақтау қажет:

- бағдарламаның оқушы үшін қол жетімділігі; оның міндеттері баланың жақын даму аймағы ескеріле отырып қойылуы тиіс;

- оқу мен мінез-құлықтың қиындықтарын жеңуге ғана емес, оларды тудыратын себептерге де бағдарлануы;

- 3) әлеуметтік, коммуникативтік бағыттылығы баламен жұмыс істеудің негізгі тәсілі ретінде; күнделікті өмірде қалыптасқан дағдыларды пайдалану қажеттілігін

сезінгенде жағдайлар құру, жаттығулар, белсенділікті ұсыну: білім алу, ойында, қарым-қатынас жасауда және әлеуметтік әрекеттесуде;

4) баламен жұмыс істеу бағыттары мен әдістерінің дербес таңдалуына қарамастан, түрлі профельдегі мамандар мен сынып мұғалімінің жұмыстағы мақсаттарының, тәсілдерінің, талаптарының сабақтастығы мен бірлігі.

Психологтың, логопедтің немесе арнайы педагогтың кәсіби әдістерінің барлығы баланы оқытудың нақты қиындықтарын жеңуге бағытталуы тиіс;

5) ата-аналарды дамыту жұмысына белсенді тарту. Осы принциптерді іске асыру үшін мынадай шарттарды сақтау қажет:

- өмірдің түрлі салаларында баланың әлеуетін, күшті жақтарын және проблемаларын жақсы түсіну үшін ата-аналардың пікірін есепке алу;

- балаға көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу үшін ата-аналармен әріптестік қарым-қатынасты және ынтымақтастықты дамыту;

- дамыту жұмысының бағдарламасын әзірлеу кезінде ата-аналардың сұранымын есепке алу;

- ата-аналарды үй жағдайында мамандардың ұсыныстарын орындауға (үй тапсырмалары) ата-аналардың мүмкіндіктері мен ресурстарына сүйене отырып және отбасы туралы мәліметті біле отырып тарту.

Әрбір бала үшін бағдарламаның әзірленуі оның жеке ерекшеліктері мен Мүмкіндіктеріне сүйене отырып, жеке әдістерді, тәсілдерді таңдауды және пайдалануды көздейді. Әрбір маман жеке зерттеу негізінде қандай бағыттар бойынша жұмыс істейтін, қандай әдістер мен тәсілдерді пайдалануға бола-тынын өзі шешеді. маман психологиялық-педагогикалық жұмыстың адекватты әдістерін таңдау, баламен өз жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін заманауи және инновациялық психологиялық-педагогикалық техно-логияларын (арнайы және баламалы әдістерді) білуі және жақсы меңгеруі тиіс. Олардың кейбіреулері әдістемелік нұсқаулықтың әдеби көздері тізімінде ұсынылған, онда әр түрлі мамандарға арналған оқу-әдістемелік әдебиет көрсетілген [4].

Жоғарыда көрсетілген, мүмкіндігі ерекше балаларды оқытудағы мұғалімдерде туындайтын қиындықтар және осы бағыттағы ғылыми зерттеулердің өзектілігі арнайы сыныптарда оқу үдерісін ұйымдастыруда жағдайдың күрделілігін көрсетеді.

Сөйлеу тіліндегі ақаулықтары ұқсас балалармен мұғалім-логопед топтық сабақтар ұйымдастыра алады, алайда, балалар бңо уақытта алынған балалар саны 2-3 тен аспауы тиіс. (сабақтың ұзақтығы - 20-25 минут).

Көру қабілеті зақымдалған балаларда артикуляциялық аппараты әлсіз дамыған, оның салдарынан сөйлеу тілі ақырын, түсініксіз болады. Мұғалім балалармен тек дыбыстармен танысып қана қоймай, оларды қоюмен айналасады.

Сөйлеу тілінің кемістіктерін түзету бойынша жұмыс арнайы түзету сабақтарымен қатар, тіл дамыту сабақтарында жүргізілуі қажет. Тіл дамыту, сөйлеу тілі арқылы қарым-қатынасты дамыту жұмысын логопедпен қатар мұғалім мен тәрбиеші жүргізеді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. «Инклюзивті білім беру: Тәжірибесі, мәселелері және даму болашағы» ғылыми-әдістемелік семинар материалдары 4.11.2016 ж.

2. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі ерекше балаларды дамытуға қол жеткізу. [https://youtu.be/rz91TA\\_bT9S](https://youtu.be/rz91TA_bT9S).

3. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдістемелік нұсқаулық /Елисева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы : ТП ҰҒПО, 2019. - 2019 - 92 б.

4. Бала құқықтары туралы Конвенция, 1989 жылғы 20 қараша. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас асамблеясының қабылдауы.

5. Инклюзивті білім беру негіздері: Оқу құралы. - Алматы: Ж.К. «Балауса» - 2016.-320 б.

6. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы .[www.egov.kz](http://www.egov.kz)

ӘОЖ1751

## **МАҒЖАН ІЛІМІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

Акимжанова Д.А., орыс сыныптарындағы  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Семей қаласы №15 ЖОББМ КММ, Абай облысы, Қазақстан  
[danchito87@mail.ru](mailto:danchito87@mail.ru)

**Мағжан ілімін қолдана отырып қазіргі жастарды рухани-  
адамгершілікке тәрбиелеу**

«Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса,  
үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса»

**Ахмет Байтұрсынұлы**

Мағжан Жұмабаев шығармашылығының мәнін аша отырып, ерен елі үшін жасаған еңбектерін талдай келе, жастарды тәрбиеге шақыру. Мағжан ілімін үйренген жастар, рухани құндылықтарға бай болады, тілін, дәстүрін біледі, құрметтейді.

Мағжанның еліне қалдырған мұрасын ұрпаққа жалғастыру әрбіріміз үшін басты міндет екенін ұғындыру, Мағжанның кітаптарынан сусындатыу, білім алып, еліне адал еңбек етуге шақыру.

Үзік сырдан бастасам; Мағжан туралы академик Әлкей Марғұлан: «Қазақ халқы үшін Мағжан Жұмабаевтың маңыздылығы ағылшындар үшін - Шекспирдің, орыстар үшін – Пушкиннің маңыздылығынан кем емес» деп баға берген.

Мағжан ел өмірін өз тағдырына айналдырып, Отанды сүюдің ірі үлгісін танытып, елін сүйген үлкен жүректі азамат халық руханиятына сезім мен сенім ұштасқан мәңгілік шұғыласын шашып кетті. Жас ұрпақтың өз қоғамына пайдасы тиер жақсы мінездерді бойына жинаған азамат болып өсуіне бірден бір себепші құрал – әдебиет десек, әдебиетті жасаушы қауым – қаламгерлердің әр жазғаны жастарды жақсылыққа жетелеп, ізгі өмірге қанаттандыра білді.

М.Жұмабаев 20 ғасырдың басында әдебиет көгінде жарқырай жанған жарық жұлдыздардың бірі.

Жаңа Қазақстан үшін оқушылардың Мағжан шығармаларын оқытып, сауаттылық деңгейін зерттеу ерекше өзекті болып табылады.

Жас ұрпақтың өз қоғамына пайдасы тиер жақсы мінездерді бойына жинаған азамат болып өсуіне бірден бір себепші құрал – әдебиет десек, әдебиетті жасаушы қауым – қаламгерлердің әр жазғаны жастарды жақсылыққа жетелеп, ізгі өмірге қанаттандырады. Мағжан ақын осы тұрғыдан алғанда, «Мен жастарға сенемін» өлеңі арқылы жастық жігерді жанып, халық жүрегіне үміт пен сенім шырақтарын жаға алды.

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты –

Мен жастарға сенемін! - деп, өзі армандаған бостандық таңына қажырлы жастардың қолы жететініне сенім білдірген сұңғыла ойдың хас шебері келешек жас буынға ел тізгінін бере отырып, олардың рухтарын жігерлендіре түседі. Бүкіл Алаш жұртына, өз ұлтына ұран салған ақын қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, қоғамдық өміріне өз қолтаңбасын қалдырған, сұлу сөзден, өткір ойдан шаһар салдырған өлең өлкесінің ірі өкілі. Осындай теңдесіз таланттың таңдайына татып, жырына арқау болып, сеніміне ие болған біздер бақыттымыз-ау, сірә! Қай өлеңін оқысаң да, не ақынмен, не өз жүрегіңмен, не ел жүрегімен сырласқандай боласың. Ақынның өлеңдерін оқысаңыз, еріксіз бір сезім туғызады. Әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде жылатады, әлде аятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді.

Әр өлеңін оқи отырып Мағжанның сыршыл ақын екенін ұғамыз. Ақындық талантының арқасында өз ойын еліне жеткізе алды. Олай дейтінім Мағжанның жастарға қалдырған еңбегі көп. Өз ойын ақылым деп, өсиетім деп тыңда, қабылда деп ескертіп кетті бүгінгі жастарға.

Мына бір сөздердің ішінен өзіңнен кіші немесе балаға айтылатын сыпайы мағыналы сөздері бар. Босқа уақыт өткізбеу керегін, жастардың әр минуты бағалы екенін, ізденіп барып мұратқа жетерін Абайша зерттеді. Қолында түгі жоқ қара жермен тең ешкім емессің дейді. Бұл өлеңін бүін айтып отырғандай әсерге ие. Телефонмен уақыт өткізіп оқымайтын жастарға сабақ болады.

Содан да оның жырларын талдауға шеберлігін сынауға екінің бірінің жүрегі дауаламаған, білімі, күші жете бермеген. Бұған қасы мен досы қатар жүрген кезде де ешкім уәж айта алмаған. Қазақтың белгілі ағартушысы Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылы Ташкентте оқып жүрген қазақ студенттерінің алдында жасаған баяндамасында Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті екенін айта келіп, «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз» – дейді, Мағжанды Пушкинге теңейді. Осы арада орыс халқының үлкен ақыны, ғалым В. Я. Брюсовқа телініп жүрген «Мағжан – қазақтың



Пушкини» деген сөздердің нағыз авторы кім екенін айыруға болатын сияқты. Мағжанды еске түсірер фотолардан.



Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатындағы Мағжан Жұмабаевқа қатысты құжаттардың арасында оның өзі тапсырған өмірбаян парақшалары да бар. Біріншісін Мағжан 1923 жылғы 12 желтоқсанда Мәскеудегі жоғары көркем әдебиет институтына қабылданғанда толтырады. Туған жері, тұрағы, қайда, қандай білім алғаны, отбасы туралы қысқа да нұсқа деректер: жоғары оқу орнына түскенге дейін Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқыған, мектепте мұғалім, газетте редактор болған, үйленген.

Ал екінші парақша бертінге дейін Петропавл педагогика техникумының мұрағатында сақталып келді, тапсырылған уақыты 1927 жылғы 1 қыркүйек деп көрсетілген. Мұнда Мағжан 1925 жылы әдебиет институтын тәмамдағанын, он жыл еңбек өтілі бар екенін, қазақ тілінен сабақ беретінін жазады. Мағжан бұл кезде:

Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын, жанамын.  
Күнге ғана бағынам! –

деп өзінің туған ұлтының аспандағы Айы, көгіндегі Күні, әмсе ақыл-ойының, парасатының өлшемі, асқар биігі, мақтанышы, тағзым етер тұлғасы болуға ұмтылысын танытып үлгерген дауылпаздың нақ өзі еді.

Мағжанның дарыны ерте ашылды. Бозбала шағында балғын үнімен, сырлы да сұлу жырымен баршаны баурап, Ғ.Ибрагимов сияқты үлкен тұлғаның назарына іліккен ақын орда бұзар отызында қиянға сермеген қанаты талмайтын қыран екенін шын танытты. Алда оны не күтіп тұр еді? Басқалар тонды кең пішкенмен Мағжанның өзінің оған терең бойлап, алаңдамағаны анық. Ол тек елім, халқым деп соққан жүрегінің дүрсіліне құлақ түрді. Содан да өз бойына ұлтының ащысы мен тұщысын, қуанышы мен қайғысын, қызығы мен азабын қат-қабат қондырып, тағдырлы, тауқыметі мол, тайғағы көп жолды таңдады.

Қанатын еркін сермей алмай қапыда кетті, жақұт жырлары қаратүнек қойнауында қалды, артық-кемі жоқ, жарты ғасыр бойы тұншығып жатты десек те, солақай, содыр саясат оның өзін де, сөзін де жоя алған жоқ. «Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар» деген ақынның өз сөзі ақиқатқа айналып, Мағжан халқымен қайта қауышты, мәңгілікке оралды.



## 2. Бүгінгі таңда Мағжан тәрбиеге бағыттаған педагогикасы

Мағжан – ұлт ақыны  
Жүсіпбек Аймауытов

Бес арысын құрметтеп, Мағжан салған жол мен жүрген қазақ баласының болашағы жарқын! Мағжанның білім беру, тәрбиелеуге аса қатты көңіл бөліп, оқулық шығару үшін еңбек етті. Ақын шығармашылығының үлкен бір арнасы – халыққа білім беру, педагогика саласы. Мектеп оқушыларына, мұғалімдерге арнап "Педагогика" (1922, 1923), "Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні" (1925) еңбектерін жазды. «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері! Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам. Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар» деп, еңбегін ұлы ұстаздарға ұсынды. Еңбегін тәрбиеден бастаған, білім мен тәрбиенің егіз екендігін түсіндірген. Психологияға тоқталып баланың дүиеге келген күнінен ер жетіп, ес білгенге дейінгі өсу кезеңін көрсеткен. «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері саналып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс...» - деп ақын, педагог Мағжан Жұмабаев қалың жұртты қазақы тәрбиені жоғалтып алмауға міндеттейді. Оның тәрбиеге көңіл бөлуі қазақ халқын надандықтан ада ету үшін болатын. Сол үшін де алғашқы педагогика саласындағы қазақтың оқулығы осы Мағжанның «Педагогика» кітабы болды.

Бүгінгі таңда рухани қазынсы бар Мағжанның тәрбиеге бағыттаған педагогикасының алатын орны бөлек, тиімді қолданып келеміз. Толығырақ айтар болсам: 1922 жылы «Педагогика» атты оқулығы – педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлкен үлесі. Бұл ғылыми еңбегі он бес бөлімнен тұрады. Ғалым оқулықты он төрт ірі бөлімге құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан-жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырды. Бұл оқулықтың басты мақсаты – ақыл, мінез-құлық, сұлулық, дене тәрбиесін жеке-жеке бөліп қарастырды. Ағартушы еңбегін төрт бағытта жүргізді. Атап айтсақ, оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдылау, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрімен таныстыру. Мағжан осы тәрбиенің төрт түрін тәпшітеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік

денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы ... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...» – деп Мағжан Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берді. Қазақ әдебиетінің тарихынан жазықсыз сызылып тасталған, болмысы бөлек, рухы асқақ ақындардың бірі — Мағжан Жұмабаев. Тарихтан уақытша аты жойылсада халқының жүрегінен мәңгілік орын алған. Ол — лирик, ол — ақын, ол — эпик... Жинақтап айтар болсақ, сегіз қырлы бір сырлы аса ірі тұлға.

Ағартушы еңбегін төрт бағытта жүргізді. Атап айтсақ, оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдылау, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрімен таныстыру. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәпшітеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы ... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...» – деп Мағжан Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берді.

Автор бұл оқулықта әлемдік педагогиканы арқау етеді. Атап айтсақ, бала тәрбиесінде ұлттық педагогиканың алатын орны ерекше екенін бірнеше мысал келтіре отырып дәлелдейді. Ұлттық тәрбиенің құндылығын көрсете отырып, оның кем-кетіктері мен жаман жағынан аулақ болуды айтады. Ол «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі». «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болғаны сықылды, жамандық жағы да көп», – деп жазады. Осыған орай ол педагогтер, тәрбиешілер халықтық педагогиканы қолдана отырып, түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен жақсы таныс болу керек дейді. Расында, егеменді елдің басты ұстанымы – өз педагогикасы, ұлттық тәрбиесі, сондай-ақ ұрпағы тәрбиелі, білімді болуы керек. Сондықтан бүгінгі жас буынды келешегіміз үшін елін, жерін, халқын, мәдениетін, тарихын сүйетін ұлтжанды ұрпақ ретінде тәрбиелеуіміз қажет.

### **Қорытынды**

Қорыта келе, бұл Мағжан ілімінің қазақ жастарына берері мол болды. Рухани күшке ие боласың әр бөлімін оқысаңыз шығармаларынан. Халықтық педагогикамен сусындаған қазақтың ұрпағы ұлтын сатпайды, дені сау болып шындала түседі. Мағжанның педагогика саласына арнайы ықшамдап жазған оқулықтарын, оқушыларымызға тиімді қолданып, талдап келудеміз. Сонымен қатар, оқулықтағы жазбасына қарап, автордың психологияны және оның тарихын жақсы білгенін, жақсы-жаман жақтарымен етене таныс болғанын білуге болады. «Өзіңе тілемеген жамандықты басқаға да тілеме. Өзіңе істеген жақсылықты басқадан қызғанба». М.Жұмабаев. Жаңа Қазақстан болашағы жастардың қолында, жастарға сапалы білім, мен саналы тәрбие беру Мағжан жолын жалғастырушы, ізденімпаз ұстаздар қолында. Мағжанды оқытуда жалықпайық ұстадар!!! Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі қайталанбас жарық жұлдыз, қайталанбас орын қалдырған ақын. Оның

қуатты бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін 20-шы ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтереді;» Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, жаңа өлшеулеп шығарған Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық күдіреті бар сыршыл ақын.

Қорыта келе, Қай өлеңін оқысаң да, не ақынмен, не өз жүрегіңмен, не ел жүрегімен сырласқандай боласың. Ақынның өзі көрінбейтін өлеңдерін оқысаңыз да, еріксіз бір сезім туғызады. Әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде жылатады, әлде айтқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді... "Мағжан мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру біздің басты міндетіміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақ әдебиеті оқулығы 7-сынып «Мектеп» 2016.
2. «Аңыз адам» журналы №1 қаңтар 2012, №24 желтоқсан 2012, №21 қараша 2011, №15 тамыз 2011.
3. Мұқанов Қ. Ақын ізі. След поэта. – Петропавл, 2009 ж.
4. М. Қанғожин. Менің Мағжаным. Қызылжар.-2010 ж.
5. Қазақ әдебиеті газеттер басылымдары. Алматы 1993ж.
6. М. Жұмабевтың көп томды шығармалар жинағы, Алматы: «Жазушы».

УДК 316

### **О РОЛИ СОВРЕМЕННОЙ СЕМЬИ В СОЦИАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ**

Алиева Д.Я., Ровшанова Ж.А.

**Научный руководитель:** Джунусбаева А.М., канд.истор.наук, и.о. доцента  
Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: alievadiara5@gmail.com

Социализация – это процесс усвоения и внутреннего принятия индивидом ценностей, норм, обычаев и социальных ролей, характерных для его общества. Семья, как первое и наиболее привычное социальное окружение, играет основополагающую роль в формировании личности и определении места человека в обществе. Носителями социализации являются индивиды или группы индивидов, активно влияющие на процесс жизнедеятельности личности и способствующие усвоению социальных ролей конкретным индивидом, а также формированию принятых норм в конкретном сообществе.

Семья - это группа людей, основанная на кровном родстве, браке или усыновлении, объединенная общностью жизни и несущая взаимную ответственность за воспитание своих детей. Жизнь семьи характеризуется материальными и духовными процессами. Через семью сменяются поколения людей, в ней рождаются люди, в ней продолжают роды.

Семья, ее формы и функции напрямую зависят от общественных отношений в целом и от уровня культурного развития общества. Естественно, чем выше

культура общества, тем выше культура семьи. Семья считается одним из важнейших социальных институтов, оказывающих решающее влияние на социализацию человека

Семья служит первой школой, через которую ребенок усваивает культурные нормы, традиции и ценности своего общества. От родителей к детям передаются религиозные верования, язык, моральные принципы, представления о справедливости и добродетели. Такая передача культурных ценностей обеспечивает преемственность социальной культуры и поддержание традиций. Семейные культурные традиции также играют определенную роль в передаче ценности и норм поведения. Они помогают нам осознать и понять свое место в обществе, формируют наше отношение к таким важным вопросам, как мораль, этика и социальная ответственность. [1, с. 77]

Семейные культурные традиции особенно важны в эпоху глобализации и личностей, хранящих свои корни, гордящихся своей семейной идентичностью и переданными нам традициями. Это также ценный инструмент для обмена знаниями, опытом и культурой между поколениями, укрепления связей с другими семьями и обществом в целом. В конечном счете, культурные ценности имеют глубокое значение для каждого из нас. Они помогают определить наше место в обществе. Они важны для сохранения и передачи нашей уникальной идентичности и являются ключом к нашей личной и культурной эволюции.

В семье дети учатся основам общения, социальной адаптации и эмоциональной регуляции. Семейные отношения способствуют развитию уважения к другим людям, навыков разрешения конфликтов и сотрудничества. Эти социальные навыки играют важную роль в адаптации человека к окружающему миру и его успешной социализации. Родители, учителя и окружающая среда играют важную роль в развитии у детей навыков социальной жизни. Благодаря поддержке, поощрению и примеру взрослых дети могут освоить и применять эти навыки в повседневной жизни.

Существуют также специальные программы и методики, помогающие детям с особыми потребностями развивать социальные навыки. Развитие социальных навыков и навыков повседневной жизни является основой для дальнейшего академического и профессионального развития. Навыки социального взаимодействия помогают детям находить общий язык с окружающими, строить отношения, выражать свои мысли и чувства, эффективно разрешать проблемы и конфликты.

Социальные навыки также способствуют развитию таких этических ценностей, как ответственность, уважение к другим, доброта, справедливость и терпимость. Социальные навыки помогают детям развивать независимость, уверенность в себе, лидерские качества и умение работать с другими людьми.

Семья влияет на формирование гендерной идентичности. Родители и другие члены семьи передают нормы и ожидания в отношении гендерных ролей. Эти нормы влияют на то, как человек воспринимает себя и свою роль в обществе. В семье дети также усваивают модели поведения. Девочка узнает о поведении своей матери и ее семьи, наблюдая за своей матерью. Девочка играет роль "матери и дочери" и отрабатывает различные роли. Роль матери, роль жены, роль члена семьи.

Игры тренируют образ игры "в жизни". Каждый мальчик в семье осваивает роль отца и мужа.

Родители обычно стараются, чтобы их дети обладали только положительными качествами. Поэтому они тщательно (в благополучной семье) следят за тем, чтобы на ранних этапах развития у ребенка четко сформировалось представление о том, что такое добро и что такое зло.

В результате ребенок, лишенный дома или воспитывающийся в детском доме, не может сформировать подходящие для него модели поведения. Хотя такой ребенок находится под присмотром, он не в состоянии правильно распознать общепринятые правила. Как правило, для таких детей практически не существует морали и этики как принципов, определяющих их поведение.

Под гендерным воспитанием понимается формирование у детей определенных понятий и норм поведения, связанных с мужским или женским полом в рамках конкретной культуры. Именно гендерная ориентация в воспитании детей позволяет сформировать у них качества мужественности и женственности, подготовить их к будущим гендерно-адекватным социальным ролям и воспитать культуру меж гендерных отношений.

Семья является первым и наиболее важным социальным фактором, оказывающим важное влияние на становление личности ребенка. Процесс формирования гендерной идентичности происходит в контексте семьи. Нейропсихологи, физиологи, психологи и педагоги считают, что формирование гендерной устойчивости обусловлено социокультурными нормами и зависит от таких факторов, как: отношение родителей к детям; характер отношения родителей; привязанность ребенка к матери; привязанность ребенка к матери; роль отца в воспитании ребенка.

Несомненно, для развития личности ребенка необходима здоровая психологическая атмосфера в семье. Ее отсутствие негативно сказывается на развитии личности, в частности на половой идентичности ребенка. Немаловажную роль играют и личные качества родителей, которые являются примером для своих детей. Также важно наличие полной семьи, т.е. полноценных отца и матери в жизни ребенка. [2, с.98]

Семейное окружение играет важную роль в оказании детям эмоциональной поддержки и содействии развитию здоровой самооценки. Эмоциональная стабильность и близкие отношения с родителями влияют на психологическое благополучие и уверенность в себе. Влияние отцов и матерей на развитие детей очень велико. Дети, растущие в атмосфере любви и взаимопонимания, имеют меньше проблем, связанных со здоровьем, учебой в школе и общением со сверстниками. Если ребенок не получает должного внимания со стороны родителей, он становится тревожным, непослушным и замкнутым. Несомненно, воспитание - дело непростое.

Семейное воспитание предусматривает постоянное общение с ребенком при условии всеобщего нравственного единства. "Самая большая ошибка, которую только можно совершить в воспитании, - это спешка", - сказал когда-то знаменитый педагог Жан-Жак Руссо. [3]

Семья определяет социальную роль человека в обществе. Отношения в семье определяют роли сыновей, дочерей, братьев, сестер, родителей и т.д. Эти роли влияют на поведение и ожидания в других социальных условиях. Семья активно участвует в воспитании своих детей и делает все возможное, чтобы ребенок стал полноправным членом социальной среды. С самого рождения дети постепенно начинают наблюдать за своими родителями, братьями и сестрами, обращая внимание на их поведение, манеру общения, отношение к окружающим, поведение в различных ситуациях.

Для маленьких детей семья является моделью общества. Они приобретают опыт общения с другими людьми, учатся строить отношения. Весь опыт, полученный от родителей, находит отражение в их взрослой жизни. Однако иногда негативные ситуации в семейной жизни – частые конфликты, драки, насилие, физические травмы между родителями – могут стать причиной психологических проблем у детей. [1, с.80]

Благодаря социализации человек получает уникальный набор правил поведения в обществе, на которых в дальнейшем будут строиться его личные ценности и мировоззрение. Кроме того, навыки, приобретенные в процессе социализации, влияют на способность человека общаться с другими людьми, работать в коллективе, принимать решения, социальную активность и уровень творческого мышления. Социализация происходит в процессе воспитания.

Традиционно семья является основным институтом воспитания. Ребенок несет с собой в течение всей жизни все то, что он приобретает в семье. Важность семьи заключается в том, что в ней ребенок проводит большую часть своей жизни, усваивает нормы общественной жизни и человеческих отношений, впитывает из семьи хорошее и плохое, приобретает все то, что характерно для этой семьи.

Таким образом, семья – это первое и самое важное социальное окружение человека. Ее влияние на социализацию нельзя недооценивать. Важно понимать, что факторы процесса социализации не ограничиваются семьей, влияние оказывают и другие институты, такие как образование, сверстники, средства массовой информации. Тем не менее, семья остается основополагающим фактором в формировании ценностей, навыков и идентичности человека и играет важную роль в его социальной адаптации и развитии.

### **Список литературы**

1. Горева О. М., Осипова Л. Б. Семья как фактор влияния на становление личности // Современные проблемы науки и образования // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 1 (часть 1) // <https://science-education.ru/ru/article/view?id=19607>
2. Хильманович А.Е. Семья - главный фактор в становлении гендерной идентичности ребенка / А.Е. Хильманович // ОО Мостовского РИК. – 2012.
3. Хуторский А.В. Естественное обучение и воспитание Жан Жака Руссо // Школьные технологии, №1 Москва, 2010, с. 75-83.



## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУДА ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ РӨЛІ**

Алиппаева А.Б., Мұқият А.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша  
«Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ,  
Өскемен қ., Қазақстан

Бүгінгі білім беру жүйесінде өмірлік мәселелерді шеше алатын, оқу-тәрбие процесін жаңа инновациялармен түрлендіретін, практикаға бағытталған мұғалім қажет. Интеллектуалды ресурстарды нәтижелі қолдану мұғалімдер мен оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін көрсететін негізгі фактор екені белгілі. Бұл тенденция әлем елдерінің дамуымен тығыз байланысты. Себебі, көптеген әлем елдері білім индустриясын трансляциялау мен оны қолдануға негізделген экономикаға көшті. Сондықтан да білімнің дамуына еңбек нарығының сұраныстары әсер етуде. Осындай күрделі процестер білім кеңістігін өзгертуге және оны шығармашылық ыңғайда қайта құруға мүмкіндік беруде. Еліміз әлемдік рейтингте бәсекеге қабілетті болуға ұдайы ұмтылуда. Бұл рейтинг оқушының білімі арқылы өлшенеді. Оның шығармашылық әлеуеті басты көрсеткіш болып табылады.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылы білімді нығайту қажеттілігін және креативті ойлайтын, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру қажет екенін баса айтқан болатын. Бұл процесс мектептің педагогикалық процесінде жүзеге аспақ.

Қазіргі мектептің басты мақсаты- әр оқушының шығармашылық қабілетін ашу, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны өмірге дайындау, заманауи білім, дағдылар мен қасиеттерді дамыту. Дәстүрлі репродуктивті оқыту бұл міндеттерді шеше алмайды. Оларды шешу үшін жаңа педагогикалық технологиялар, оқу процесін ұйымдастырудың тиімді формалары мен белсенді әдістері қажет.

Қазіргі уақытта оқытудың тиімділігі оқу-тәрбие процесінің әр оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытуды қаншалықты қамтамасыз ететіндігімен, шығармашылық тұлғаны қалыптастырумен және оны шығармашылық танымдық іс-әрекетке дайындаумен анықталады. Оқушының шығармашылық танымдық іс-әрекетін өзектендіру көбінесе мұғалімнің сабақта қолданатын оқыту әдістеріне байланысты. Шығармашылық- бұл адамның идеяларды қалыптастыруы, жаңа және стандартты емес шешім қабылдау қабілеті [1].

Мысалы, шығармашылық, әртүрлі жағдайларда стандартты емес шешімдерді табу қажеттілігі, жаңа идеяларды ойлап табу және іске асыру мүмкіндігі. Қазіргі әлемдегі ең қажетті құзыреттердің бірі болып табылады. Ресей Ғылым академиясының басшысы Дж.Гилфорд және тағы басқа ғалымдардың пікірінше, «шығармашылық» жеке адамның туа біткен қабілеті болып табылады, бірақ өмір бойы өзгеріске ұшырайды.

Шығармашылық атмосфераны құру үшін шығармашылыққа жағымды жағдай туғызу керек. Ол үшін когнитивті және эмоционалды қызығушылықты оятатын инновациялық технологияларды қолданған жөн. Көптеген ғалымдар әр баланың туа



біткен шығармашылық мүмкіндіктері бар, ол креативтілікті дамыту тек шығармашылық әрекетте жүзеге асады деген пікірде. Демек, шығармашылық даралықты қалыптастыру әлеуметтік орта шарттарына тәуелді. Шығармашылық дағды сабақ процесінде жүзеге асады.

Ерте кезде ғалымдар және философтар мына сұрақпен айналысқан: «шығармашылық ойлаудың мүмкіндігі?» [2;34]

Осы проблемамен антикалық философтар айналысқан (Гераклит, Демокрит, Платон) өз заманында прогрессивтік идеаларды ұсынған.[3;34]

Көпшілік авторлар келіседі, шығармашылық ойлау процесінде үлкен рөлді санасыз тарқату, процесте осындай шешім сана әрекетіндей, сол және санасыз т.б проблеманы шешу түрлі этапта бастаушы роль бір құрылымнан басқа құрылымға ауысады [2;14]

Қазіргі жұмыс рамкасында барлық концепцияны қамту мүмкін емес және шығармашылық ойлауды зерттеуде ыңғайын білу. (Л.С.Выготский, Ч.Спирмен, В.М.Вилчектің оригиналды тәсілі және басқалардың еңбегі дерексіз қалды).

Қазіргі зерттеушілердің ең жиі еске түсетіні шығармашылық ойлау-жеке тұлғаның индивидуалды ерекшелігі, пікірлерге тәуелсіз, өзін-өзі сыйлау, күрделі міндет ойлау, тым жақсы сезім дамуы, тәуекелге бейімділігі, спецификалық қабылдау болмысы, жоғары ішкі мотивация және эмоционалды лабильдік [4;312].

Оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту туралы А.Құсайынов, А.Мырзабаев, Ж.Сардарова еңбектерін атауға болады.

Соңғы жылдары Республикамызда оқушылардың оқу таным әрекетін белсендіру, проблемалық оқыту, оны ұйымдастыру, әдіс- тәсілдерін жетілдіру жайында зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Осыған мына ғалымдар еңбектерін жатқызуға болады: И.Н.Нұғыманов, Ж.А.Қараев, Р.Әлімқұлова, З.Ибраимова, Ғ. М.Құсайынов, А.Е.Дайрабаева және басқалар.

Елдегі ықпал психологияда шығармашылық ойлауды зерттеу келешекке Аристотель идеясы көрінді. Яғни ассоциативті психология негізінде жатқан. 17-18 ғасырларда ассоцианистикалық тәсіл кең таралған. Ол барлық ой процесс терминінде екі негізгі компонентті түсіндірді:

- идея ( немесе элементтер)
- онымен өзара ассоциация (немесе байланыс)

Түсіндірілген принцип арқылы, ассоциация жүзеге асырылады.

Ассоциативті психология саналы ойлау процесс, заңдылығын түсіндіру жағдайында еместігі көрінеді, шығармашылық ойлау ерекшелігінде. Негізгі принцип интуиция ерекшелігінде эмпирикалық ассоциативті психология традициясына күрделі психикалық құбылысты зерттеуге мүмкіндік беріледі. Ол тек ассоциативті заңға бағынып, «саналы ойлауды» (индукция, дедукция, салыстыру, қабілеттілік, қатынас) дәлелдейді.

Осы қиыншылық жағдайға қарамастан психологияда шығармашылық ойлауды зерттеуде психолог- ассоцианистер табысын көрсету тиімді.

Ассоциация заңымен анықталған психология ғылымы 19 ғасырда ірі дәрежеде пайда болды. Бұрынғы тәжірибе көбінесе міндетті проблеманы шешуде шығармашылық тәсілмен блокадалау мүмкін, сол сияқты жалпыға мәлім фактіні жас ғалымдардың табысты шығармашылық жұмысымен түсіндірді, тағы да

энциклопедиялық білім қабілетті болмады. Осы заңдар бойынша өңделген, мысалы, ассоциация жеке гирлянд әдісі, шығармашылық ойлау активизациясын қабылдау қасиетінде эвристиканың қазірде қолданады [10;3]

Атап айтқанда, Вюрцбургтік мектепте ойлауды зерттеу үшін алғашында эксперименталды интроспекция әдісі қолданылады.

Шығармашылық ойлауды зерттеуде психоаналитикалық тәсілге назар аудармауға болмайды. Осы ойлағыштық актив негізінде жатқан рамка тәсілі алғашында фактордың шығуына әрекет етті.

Психолог - гуманистер (Г.Олпорт, А.Маслоу) ойлады, алғашқы шығармашылық көз-жеке тұлға даму мотиві. Маслоу бойынша-бұл өзіндік актуализация қажеттілігі, өзінің қабілеттілігі, өзінің қабілеттілігі және өмірлік мүмкіншілігі толық және ерікті реализация [14;5]

Шығармашылық ойлау сол сияқты психометрикалық тәсіл рамкасында зерттелді.

Басқа танымал зерттеуші Д.Б.Богоявленская [3;7] шығармашылық ойлауды зерттеуде жүйелі тәсіл позициясымен аяқтады және интеллектуалды активті шығармашылықты зерттеуді бірлік қасиетінде бөлуді ұсынады. Ол шығармашылықты «интеллект туындысы, мотивациялық құрылым» арқылы басқаша ұғыну не кедергі болу, не ақыл-ой қабілеттілігіне себепші болуды қарастырады [3;192]

Я.А.Пономарев шығармашылық ойлауды: «сыныптың міндеті, моделденген машина шешім шығаруда қолайлы, бірақ сыныптан шығармашылық шықпайды» [3;13]

Дункер мақаласы шығармашылық ойлауды оқыту проблемасын оқу оригиналды өңдеуді қамтамасыз ету, оның негізгі механизміндегі нақтылы анализ үшін күшті түсінікті аппарат [4;6] .

Психологияда шығармашылық ойлауды зерттеудің алғашқы тәжірбиесі (соғыстан кейінгі жыл) докладтан дұрыс еместігін табады.

Шығармашылық ойлауды теоретик-информационалды тәсілмен түсіндіру А.Ньюэлл және Г.Саймон статьясы негізгі эвристикалық программаланған бағыт принципін мазмұнын қамтамасыз етеді. Оған алғашқы эксперимент және шығармашылық ойлау анализіне әрекет, «жасанды интеллект» міндетінде қолайлы шешім шығаруда кейбір әйгілі операциялар ауысқан [5;8]

Өз беттілік қабілеттілікте, шығармашылық ойлау жанама эффект процесінде білімді меңгеруі өзінен-өзі пайда болмайды. Керісінше қабілеттілікті қалыптастыру ерекше назарды талап етеді, қосымша педагогикалық ықпал жасау және зер салу. Бұл балабақшада және мектепке жалпы білім беретін сабақта ойынды ұйымдастыруда ескеру қажет, сол сияқты т.б. білімде.

Шығармашылық ойлауды меңгеруді біз білім міндеті және тұлғаны тәрбиелеуде барлық жекелігін қарастырамыз.

Шығармашылық ойлаудың дамуы үшін, алдағы кедергілерді жою. Ол үшін ойлау икемділігі және қабілеттілік, әуестік, қызығу, оқуға тілек, ықылас, және шыдамдылық, белсенді өмірлік позиция, ерік- жігер, сана- сезім, ақылмен істі ақырына дейін жеткізе білу, яғни бәрін жеңу.

Оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту негізгі мәселенің бірі. Осыған орай жас ұрпаққа ертегілерді меңгерудің мәні зор.

Егер әдебиеттік оқу сабағында ертегілерді түрлі жолмен, баланың шығармашылық ойлауын дамытуға байланысты тиімді қолдану. Бірінші және үшінші сынып оқушыларын алып қарастырсақ. Бірінші сынып оқушылары ертегілердің көркем шығармада қолданылатын ауыспалы мағынасын, аллегорияны, мақалды, метафараны ұғынуы әуелгі кезде тіпті мүмкін емес. Ол нақты тұтас бейнелерді, оларда түйінделген ойды, идеяны түсінбестен қолданады:

«Тас жүрек» - демек, оның жүрегі тастан жаралған.

«Алтын қолдар» - алтынан қапталған.

«Теңіз мындаған күміс күлкілерінен күнге күле қарады», - бұл дұрыс жазылмаған, теңіздің аузы тіпті де жоқ болса, ол қалай күле алады [2;56]

Ал мұндай ертегілер мағынасын үшінші сынып оқушылары ондағы түйінделген ойды, идеяны түсінеді. Сондықтан оқушылардың өздігінен жұмыс істеуінің әр түрлі жолдары бар. Оны әсіресе сабақ үстінде, сабақтан тыс уақытта да орайын тауып жүргізуге болады. Осы тұрғыда шығармашылық тапсырмалар, жұмыстар жасаудың мәні зор. Тапсырма барлық жағдайда шығармашыл ойлауды дамыта бермейді. Егер шешу жолын өздері тауып, ойлау әрекеті өз бетімен болса ғана, сол кезде оқушының шығармашылық ойлауының дамуына түрткі боламыз.

Демеу-ізденушілік немесе эвристикалық әдіс оқушы дайын үлгі бойынша емес, ұстаздың бағыттаушы сұрақтарының көмегімен іздену жұмысын жүргізеді. Осы кезде шығармашылық ойлау қалыптасады [5;14]. Зерттеушілік нағыз шығармашылық сипатына жүретін әдіс.

Әдебиеттік оқу сабағында шығармашылық жұмыстарының алатын орны үлкен. Біз өз тәжірбиемізде әр өтілген сабақ бойынша ертегілерді пайдаланып, оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту жолында, үшінші сыныпта шығармашылық жұмыстардың төмендегідей түрлерін жүргіздік:

1. ой шапшандығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру;
2. мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау;
3. шығарма, шағын әңгіме, мәтін құру, т.б.;
4. мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақтар шығаруда дағдыландыру;
5. мақал-мәтелдер идеясын ашып, ребус түрінді шешкізу;
6. дербес пікір жазу;
7. мәтіндегі көрініске сурет салып, ертегі мазмұнына қарай фильм құрастыру.

Ал, сыныптан тыс жұмыс кезінде:

- әр түрлі кездесулер ұйымдастырылып, одан алған әсерлері бойынша шығарма жазу;

- қабырға газеттерін шығарып, өз мақаласын жазу;

- әрбір оқылып отырған шығармалардың авторлары туралы толық мағлұмат жинау, өз пікірлерін ортаға салу.

Шығармашылық тапсырмалар барысында ертегілерді пайдалану әдіс-тәсілінде оқушыларды тапқырлыққа, байқампаздыққа, жан-жақты ізденуге баулып, таным қасиеттерін кеңейтуге, қызығушылығын арттыра түсуге, шығармашылық ойлауын дамыта түсуге болады.

Ғылыми-педогогикалық әдебиеттерді зерттей отырып, біз мынадай қорытындыға келдік.

Қандай қоғамда болмасын ең негізгі тұлға адам екеніне біздің күмәніміз жоқ. Ендеше нағыз шығармашылықпен еңбек ететін адам ғана өркениетті ел қатарына қосылуға тікелей ықпал жасайды. Шығармашылық еңбек ететін, ойлау қабілеті жақсы дамыған адамның негізін мектеп қалайды.

Тіліміздегі ертегілердің мағыналық астарында халықтық ерте уақыттан бергі өмірінің болмысы сақталып суреттеледі. Сондықтан ертегілер халқымыздың ұлттық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі. Осы мәдени байлығымызды жас ұрпақ ойына қалыптастырып, жемісін үзбей келер ұрпаққа жеткізу мақсатымыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қанғалиева М.М. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әрекетін ұйымдастыру <https://bilimainasy.kz/21-05-12-01/>
2. .Богоявленская Д.Б. Пути к творчеству / Новое в жизни, науке, технике. Сер. Педагогика и психология. – М.: Знание, 1981. – 96 с.
3. Давыдов В.В., Маркова А.К. Развитие мышления в школьном возрасте // Кн. Принцип развития в психологии. – М.: Наука, 1978. – 365 с.
4. И.Г. Сухин. Жаңа ойын-сауық материалдары. – М.: «ВАКО», 2017
5. Узорова О. В., Е. А. Нефедова. Сөйлеуді дамыту бойынша практикалық нұсқаулық. -М.: АСТ-Астрель, 2014.

ӘОЖ 376

### ЕРТЕ БАЛАЛЫҚ ШАҚ АУТИЗМІ: ТҮЗЕТЕ-ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ

Аманғажыева Г.А.

Ғылыми жетекшісі: Азанбекова Г.Т.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,  
Талдықорған қ., Қазақстан, E-mail: [azanbekova.gulnaz@mail.ru](mailto:azanbekova.gulnaz@mail.ru)

Аутизм (латын сөзінен autos - "өзі", аутизм - өзін – өзі жоғалту) - бұл ең алдымен, әлемді қабылдаудың психикалық ерекшелігі. Бұл балалар көз контактісіне түсуден аулақ болады және бұлшықет тонусының жоғарылауымен ерекшеленеді. Деректерге сүйенсек, аутизмі бар балалардың мінез-құлқында тіпті жақын адамдармен физикалық байланыста болудан аулақ болу тенденциялары басым болады. Олар эмоцияларын көрсетуде қиындықтарға тап болады, күнделікті өмірде өте талғампаз, бірақ олардың таңдауы айналасындағыларға түсініксіз негізде жүреді (мысалы, олар белгілі бір пішіндегі тағамды жақсы көреді; олар белгілі бір түсті киім киеді). Күнделікті өмір сүру жағдайларының күрт өзгеруі кезінде бұл балалар теріс реакцияны бастан кешіреді, қоршаған әлемге табиғи қызығушылық болмайды: олар жай ойыншықтармен ойнағанды ұнатпайды (бір қарағанда ойынға жарамсыз болып көрінетін заттарды таңдайды: қағаз қыстырғыштар, түйреуіштер,

түймелер, маталар және т.б.). Сонымен бірге аутизмге шалдыққандар орасан зор сөздер мен сөйлемдерді жатқа айтып, күрделі математикалық есептерді бастарымен шеше алады. Сырттай бұл балалар «бос бекініс» сияқты әсер қалдырады [1].

Сонымен, балалық аутизмнің ең жарқын көрінісі - жалғыздыққа, оқшаулануға ұмтылу және кез келген әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастарға қызығушылықтың болмауы. Көз байланысын орнатудағы қиындықтармен, мимика мен ым-ишараның нашарлығымен сипатталады. Басқа адамдардың эмоционалдық күйлерін түсінуде және өз эмоциялары мен сезімдерін білдіруде қиындықтар туындайды. Аутизм спектрінің бұзылуынан зардап шегетін балалар стереотиптік қозғалыстар мен қозғалыс әрекеттерімен, сондай-ақ гомеостазға ұмтылумен байланысты сөйлеу стереотиптерімен сипатталады - монотонды жағдайды сақтау. Мұндай балалар заттар мен ойыншықтарды табиғи емес әрекетті көрсетеді, олардың әлеуметтік функцияларын елемейді және олардың түрту, шайқау, жырту және айналдыру арқылы көрінетін физикалық сипаттамаларына жүгінуі мүмкін. Мұндай бұзылыстары бар балаларға сөйлеудің кешігуі және оның коммуникативтік жағының бұрмалануы тән. Баланың сөйлеуі жақсы дамыған болса да, ол тежелген немесе дереу эхолалиямен (қайталанулар) сипатталады. Мұндай тұрақты сөйлеу формалары қарым-қатынас үшін пайдаланылмайды: бала оларды әңгімелесушінің реакциясына назар аудармай пайдалана алады, бұл басқалардың арасында шатасуды тудырады [2].

2000 жылы аутизмнің таралуы 10 000 балаға шаққанда 5-тен 26 жағдайға дейін деп есептелді. 2005 жылы 250-300 жаңа туған нәрестеге орта есеппен бір аутизм жағдайы болды: бұл оқшауланған керендік пен соқырлық, Даун синдромы, қант диабеті немесе балалық шақтағы қатерлі ісікке қарағанда жиі кездеседі. Дүниежүзілік аутизм ұйымының мәліметі бойынша 2008 жылы 150 баладан аутизмнің 1 жағдайы тіркелген. Сол жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) мәселенің тереңдігі мен қоғам үшін салдарының ауырлығын түсініп, 2 сәуірді «Дүниежүзілік аутизм туралы ақпараттандыру күні» деп жариялады. 2012 жылы АҚШ-тың Ауруларды бақылау орталықтары әрбір 88 балаға орта есеппен 1 аутизм жағдайын хабарлады. Он жыл ішінде аутизммен ауыратын балалардың саны 10 есе өсті. Болашақта өсу үрдісі жалғасады деп есептелінеді [3].

Қазақстанда ресми статистикаға сәйкес, 2022 жылы 12 мың балада аутизм диагнозы расталған. Сарапшылардың айтуынша: бұзылуды мүмкіндігінше ерте диагностикалау және ерекше қажеттіліктері бар балаға көмек көрсетуді бастау өте маңызды. Бұл баланың және оның жанұясының өмір сүру сапасын жақсарту үшін оның бойында қарым-қатынас пен тәуелсіздік дағдыларын қалыптастырудың қаншалықты мүмкін болатынын тікелей анықтайды [4].

Екі жасқа дейінгі баланың мінез-құлқында ата-аналар неден сақ болуы керек?

Егер сіздің балаңыз:

- ұзақ уақыт бойы көзбен байланыста болмайды;
- есту қабілеті қалыпты, бірақ атына жауап бермейді;
- бірлескен зейіннің жетіспеушілігі болады (яғни өзін қызықтыратын тақырыпқа сөзбен немесе ыммен басқалардың назарын аударуға тырыспайды);
- көмек сұрамайды;
- ештеңемен бөлісуге тырыспайды;

- басқа адамды жансыз зат ретінде қолданады.

Егер бұл белгілер баланың мінез-құлқында үнемі пайда болса, онда сіз міндетті түрде балалар невропатологына немесе психиатрына хабарласуыңыз керек.

### **Аутизмнің негізгі себептері:**

1. Цитогенетикалық матрицалық хромосомалық талдаудың көмегімен сәтті диагностикаланатын генетикалық бұзылулар.

2. Бала туылғанға дейін даму кезінде орталық жүйке жүйесінің дамуының бұзылуы. Инфекциялық және токсикалық факторлар баланың миының дамуын бұзуы мүмкін.

3. Стереотипі бар эпилепсиялық жағдайлар аутизм белгілерімен бірге болуы мүмкін, мысалы, Ретт синдромы.

4. Амин қышқылының алмасуының бұзылуы (целиак ауруы алынып тасталады).

5. Қалқанша безінің зат алмасуындағы өзгерістер [5].

Қазіргі уақытта психологияда бұл аурудың ерекшеліктері туралы нақты түсінік жоқ. ЕБА генезісі туралы көптеген теориялар бар. Ресей Медицина ғылымдары академиясының ЕБА классификациясынан оның нұсқалары қаншалықты әртүрлі екенін көруге болады:

- 1) Каннер ерте нәрестелік аутизм синдромы;
- 2) Аспергердің аутистік психопатиясы;
- 3) эндогендік, кейінгі шабуыл (шизофрения ұстамаларынан туындаған аутизм);
- 4) аутизмнің қалдық-органикалық нұсқасы;
- 5) хромосомалық аберрацияға байланысты аутизм;
- 6) Ретт синдромындағы аутизм;
- 7) шығу тегі белгісіз аутизм.

### **Тексеру және диагностика**

Тексеру және диагностика келесідей жүреді: электроэнцефалографиялық зерттеу жүргізіледі, көрсеткіштерге сәйкес мидың МРТ жүргізіледі және цитогенетикалық матрицалық ДНҚ диагностикасы жүргізіледі. Бала бейвербалды және стандартты нейропсихологиялық тесттер бойынша тексеріледі [5]. Сөйлеуді дамыту кешіктірілсе, есту қабілетінің бұзылуын алып тастау және аудиометрия жасау керек. Сенсорлық-моторлы алалияны болдырмау үшін бала тәжірибелі логопедпен кеңеседі. Мінез-құлық пен ойлаудың бұзылуы жағдайында психиатрдың кеңесі қажет.

### **Жұмыс әдістері**

Аутист балалармен жұмыс жасауда мінез-құлық терапиясы өте тиімді деп саналады, оның көмегімен балаларды қарапайым күнделікті дағдыларға ғана емес, сонымен қатар оқуға, санауға және жазуға үйретеді. Оқыту құрылымдық ортада өтеді, өйткені мұндай балалар үшін оқиғалар мен күнделікті сәттердің нақты тізбегін сақтау өте маңызды, бұл жағдайда олар үшін жағдай болжамды болады және қоғамда бейімделу процесін жеңілдетеді. Мінез-құлық тәсілі күшейтуді қолдануды қамтиды. Мысалы, тапсырма орындалса, балаға өзінің сүйікті

ойыншығымен немесе компьютерімен ойнауға рұқсат етіледі. Бұл мінез-құлық үлгілері кейін санада нығайтылады.

Мінез-құлық терапиясының негізгі кемшілігі - баланың сыйақы үшін бірдеңе жасауы, яғни мінез-құлықты реттеу сырттай жүзеге асырылады. Мұндай жағдайларда балалар көбінесе эмоционалды түрде жетілмеген болып қалады.

Аутизмді түзетудің бірнеше әдістері бар. Ең жақсы нәтижеге бірнеше әдістерді бір уақытта қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Негізі ТЕАССН және АВА әдістері. Бұл әдістерден басқа терапиялар (сенсорлық интеграция және ынталандыру) құм терапиясы, иппотерапия, дельфинотерапия, кинезитерапия және т.б. Бұл аутизмнің арнайы терапиясы емес, бірақ аутист бала үшін өте жағымды ынталандырулар бола алады.

АВА терапиясы – аутист балаларда қажетті когнитивті функциялар мен мінез-құлық дағдыларын дамытуға бағытталған мінез-құлық терапиясының бір түрі. Тамақ ішуді, тіс тазалауды, дәретханаға баруды, баспалдақпен көтерілуді және түсуді, үлкендердің мінез-құлықын көшіріп немесе рефлексивті түрде үйренетін қарапайым балалардан айырмашылығы, аутист балаға мұның бәрін ерекше түрде үйрету керек. Мінез-құлық терапиясы әртүрлі когнитивті, эмоционалды және коммуникативті функцияларды дамыту үшін қолданылады. АВА терапиясының оң әсері шартты рефлекс принципіне негізделген: балаға қажетті дағдыларды дамытуға көмектесе отырып, біз оның әрбір әрекетін белгілі бір марапатпен күшейтеміз. Бұл материалдық сыйақы болуы мүмкін - мысалы, тәттілер немесе бала жақсы көретін кейбір нәрселер. Немесе эмоционалды марапат: баланы құшақтаңыз, сүйіңіз, қолын соғыңыз, оң көңіл бөліңіз. Мұндай ынталандырулардың жиынтығы жеке және аутизмнің даму дәрежесіне байланысты. Дамудың артта қалуы неғұрлым көп болса, танымдық қабілеттер соғұрлым аз көрінсе, соғұрлым бастапқы кезеңде тек материалдық ынталандырулар тиімді күшейту болады [6].

ТЕАССН (аутистикалық және коммуникация бұзылған балалар үшін емдеу және білім берудің қысқаша атауы – аутист және коммуникация бұзылған балаларға арналған терапия және білім беру) – аутизмді бар балалар мен ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытуға мүмкіндік беретін кешенді бағдарлама. ТНР бағдарламасын алғаш рет 1965 жылы Чапел Хиллдегі Солтүстік Каролина университетінің Медицина мектебі әзірледі. Қазіргі уақытта ТСН аутизммен ауыратын адамдарға өмір бойы көмектесу және сүйемелдеу үшін кеңінен қолданылады [7].

Мақсаты – аутизмге шалдыққан балаларға тәуелсіздіктің максималды дәрежесіне және өмір сүрудің жоғары сапасына қол жеткізу үшін жағдай жасау. Бұл жағдайда екі аспекті біріктірілуі керек: қоғамға барынша мүмкін интеграция және тәуелсіздіктің ең жоғары дәрежесіне қол жеткізуге болатын ерекше ортаның болуы.

*Бағдарлама құрылымдық оқыту идеясына* негізделген, бұл кезде сынып аймақтарға бөлінген, олардың әрқайсысында бала жеке дағдылар мен дағдыларды меңгереді. ТЕАССН әдеттен тыс мінез-құлықты түзетудің 9 функционалды бағыты бойынша жұмыс істейді.

- Жалпы моторика
- Ұсақ моторика
- Қол-көз координациясы
- Еліктеу

- Қабылдау
- Танымдық белсенділік
- Сөйлеу
- Өзін-өзі күту
- Әлеуметтік қатынастар

Бала осы білімнің барлығын тез және сапалы қабылдау үшін психолог көрнекі белгілер әдісін немесе жеке кестелерді пайдаланады.

Әр сала бойынша ұсыныстар, бағалау парақтары және мүмкін тапсырмалары бар жеке кітаптар шығарылды.

### **Бейімдеу және оқыту**

Аутизм жеңіл түрі бар балаларды мемлекеттік мектепте оқытуды медициналық-психологиялық-педагогикалық мамандар тобының жан-жақты қолдауымен жүзеге асыруға болады. Аутист балаларға дәрі-дәрмекпен емдеуден басқа, отбасының қолдауы қажет.

Мектепке бейімделу бірте-бірте болуы керек: алдымен бала мұғалімдермен жеке оқи алады, сыныпта шектеулі уақытты өткізеді, оны біртіндеп көбейту керек.

Аутизмі бар балаларды дәрі-дәрмекпен емдеу тек ауыр белгілердің көріністерін жоюға бағытталмауы керек, ол жүйелі психологиялық-педагогикалық зерттеулер аясында жүргізілуі керек. Маманнан балада болып жатқан өзгерістерге сезімтал болу талап етіледі, өйткені дамуында ауытқулардың бір түрі бар балаларда жұмыс кезінде болатын өзгерістер прогрестің белгісі болуы мүмкін.

### **Отбасымен жұмыс**

Аутист баланы тәрбиелеп отырған отбасымен жұмыс жасау кезінде психологтың міндеті, ең алдымен, баланың бұзылған дамуын қабылдауға көмектесу. Мамандар аутизмге шалдыққан балалардың ата-аналарына ақпараттық қолдау көрсетіп, баламен қарым-қатынас жасауды үйретуі керек.

Бұл отбасы аутизмге шалдыққан баланы оңалтудың орталық буыны болып табылады: баламен ғана емес, оның отбасымен де жұмыс істеу керек. Егер отбасы кездескен дертінің күрделілігін түсінбесе, одан да сорақысы, оны жоққа шығарса немесе жасырса, жұмыста нәтиже болмайды. Мұндай жағдайда психологтың міндеті дұрыс және мұқият түсіндіру, кемшілікті қабылдауға және ұзақ және қиын жұмысқа мотивация жасауға бағытталған барынша көмек пен қолдау көрсету болып табылады. Аутизммен ауыратын баланың жанұясының күйзеліс жағдайы созылмалы сипатқа ие болады. Аутист балалардың аналары ең үлкен күйзеліске ұшырайды және бұл кезеңде отбасы диагнозды білген кезде отбасы жүйесі өте тұрақсыз болады. Сол себепті, ең бірінші анаға психологиялық қолдау көрсету және отбасының аутист балаға деген қарым қатынасының оң нәтижелі болуы, баланы қоғамға, жақын адамдарына бейімдеу бұл екі жақты жұмысты қамтитын үлкен жауапкершілік.

Аутизм үшін ең маңыздысы – оны неғұрлым ерте анықтау, ол одан әрі түзету және оңалту міндетін жеңілдетеді. Біздің ел үшін аутизмді ерте диагностикалау бірінші кезектегі міндет болып табылады. Мұндағы ең маңызды және уақытты қажет ететін нәрсе – арнайы мамандарды дайындау және білім деңгейінің сапасын көтеру. Арнайы педагогика білім беру бағдарламасында оқитын білімгерлер үнемі



жаңа ақпараттар ағынында болуы керек және сол арқылы олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру қажет.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Аутизм / под. ред. проф. Э. Г. Улумбекова. М.: Гэотар-мед, 2002.
2. Мансуева, Т. С. Комплексная реабилитация детей с расстройствами аутистического спектра [Текст] / Т. С. Мансуева, Т. А. Прусс // Социальная работа: научнопопулярный журнал. - 2017.
3. Кондратьева, С. Ю. Особенности психологической работы с семьями, воспитывающими аутичных детей [Текст] / С. Ю. Кондратьева, Т. Н. Высотина // Дошкольная педагогика: Петербургский научно-практический журнал. - 2014.
4. [https://forbes.kz/life/osobennyiy\\_aprel\\_kak\\_v\\_kazahstane\\_formiruetsya\\_berejnoe\\_otnoshenie\\_k\\_detyam\\_s\\_autizmom/#:~:text](https://forbes.kz/life/osobennyiy_aprel_kak_v_kazahstane_formiruetsya_berejnoe_otnoshenie_k_detyam_s_autizmom/#:~:text)
5. Бычкова Е. Дети дождя: все об аутизме // Няня, 2001. № 12.
6. <https://matzpen.ru/articles/autizm/aba-terapiya-v-lechenii-autizma-u-detey/>
7. <https://semyabalakovo.ru/metods/teacch-programma>

ӘОЖ: 510; 372.851

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ**

Аргынбек А., Қанафиянова Қ.С.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша  
«Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ,  
Өскемен қ., Қазақстан

Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау, кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге, ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Ұстаз қауымы оқушыларға мейлінше терең білім беруге тырысады. Алайда «көп білген кемеңгер емес, білімін пайдалана білген кемеңгер» демекші, білім тез ескіреді, маңыздылығы жойылады, оқыту тиімділігі төмендейді. Оның үстіне мектепте оқытылатын пәндердің мазмұны заман талабына сай күрделеніп келе жатыр. Оқушы қысқа мерзімде жалпыланған білім көлемін меңгеру қажет. Сондықтан оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бойында логикалық ойлау операцияларын қалыптастыру және тиімді жолдарын іздестіру мәселесі қазіргі таңда ұстаз алдында тұрған міндеттің бірі.

Әлемдік педагогикалық практикада бұл мәселені шешудің кейбір тенденциялары пайда болуда [1].

Олардың бірі - оқыту үрдісінде формальды аспектіге назар аудару. Білім беру жүйесі осы бағытта дамып келе жатқан елдер (Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, т.б) өздерінің дамуында елеулі жетістіктерге жетіп, соңғы 10 жыл ішінде әлемдік прогрестің алдыңғылар қатарына қосылды.

Педагог ғалымдар, атап айтқанда, Н.Н.Поспелов, Ю.А.Петров, А.Н.Леонтьев, И.А.Гибш «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. Олардың пікірлерін жүйелесек, «логикалық ойлау» дегеніміз - логика заңдылықтарын пайдалана отырып ұғымдарды, ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауын дамытуда екі негізгі саты байқалады. Бірінші сатыда (ол шамамен I-II сыныптағы оқушыларға тура келеді) олардың ойлау әрекеті көбіне мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске түсіреді. Оқу материалдарын талдау бұл жерде көрнекі әсер ету жоспарында басым болады. Мұнда балалар нақты заттарға немесе оның дәл баламаларын бейнелеуге сүйенеді (мұндай талдауды кейде тәжірибелік немесе сезімдік деп атайды) [2].

Ойлауды дамытудың екінші кезеңі осы өзгерістермен байланысты I-II сыныпта-ақ мұғалім балаларға игерілетін мәліметтердің жекелеген элементтері арасындағы болатын байланысты көрсету үшін ерекше қам жасайды. Жыл өткен сайын осындай байланыстар немесе ұғымдар арасындағы қатынасты көрсету талап ететін тапсырмалар көлемі ұлғая береді [3].


Оқу материалдарын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауға тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы үйретуге болады.

Оқушыларға өз бетінше жасаған ой операцияларының дұрыс- бұрыстығын тексертікізу, оларды бір мәселенің өзін түрлі жолдармен шешуге үнемі бағыттап отыру (тапқырлық пен зеректік), логикалық ойлауды қажет ететін мысалдар құрастырту, есептер шығарту, шығармалар жаздырту - баланың логикалық ойлауын тәрбиелеудің тиімді жолы. Баланың ой операциясын дамытып талдау, жинақтау, топтау және классификациялауға арналған мынадай жаттығулар жүргізуге болады [4].

Балаға бірнеше заттың бейнесі көрсетіледі. Бала сол суреттерге қарап талдап, топтап, жүйелеп, логикалық ой қорытындысын шығара білуі керек. Мысалы: 4-5 түрлі бас киімнің ішінде 1 етіктің суретін көрсетіп, мына суретте не артық деп сұрасақ, *n* артық заттың атын айтады. Мына жерде етік артық, өйткені басқалары бас киімдер немесе мынаның бәрі аңдар, ал сауысқан артық, себебі, ол құс деген сияқты.


Балаға бірнеше геометриялық фигураларды көрсетіп, осы фигуралардан бір зат құрастыр (құс, жануар, балық, т.б.). Құрастырған фигураларды боя десен, әр бала өзінше ойланып, тек сол фигуралардан құралған бейнені бояйды. Мысалы, балапан құралған денені боя десен, әр бала өзінің ойлау деңгейіне қарай бояп береді.

#### **Жұмыртқаның қабығы.**




Суретте жұмыртқаның екінші жартысын табу керек?

## Шешімі:



Мына шеңберлердің ішіне 1-ден 19-ға дейінгі сандарды орналастыр. Түзу сызықтың бойындағы 3 сан жиынтығы 30-ды құрайтын болсын. Ортада оған бір сан барлығына ортақ болады



Мына шеңберлердің ішіне 1-ден 19-ға дейінгі сандарды орналастыр. Түзу сызықтың бойындағы 3 сан жиынтығы 30-ды құрайтын болсын. Ортада оған бір сан барлығына ортақ болады.

Сағыз сатып алу үшін Ерланға 1 теңге жетпеді. Ал Темірланға 2 теңге. онда Ерлан Темірланға екеуміз қосып бір сағыз алайық десе, бәрібір олардың бір теңгесі жетпей тұр. Бұлардың әрқайсысында неше теңгеден болды. Сағыз қанша тұрады? Жауабы: сағыз 2 теңге. Ерланда 1т., Темірланда 0 т.

Сабақтың сапалы ұйымдастырылуының өзі - табыс кілті. Сабақ сапасына, сабақ үстінде оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға көбірек көңіл бөлген абзал.

Оқушылардың ой-белсенділігін, саналыойланабілуіндамыту, жетілдіру - мұғалімніңміндеті. Бастауышсыныпоқушыларыәрнәрсеніболса да білуге құмар, қызыққыш, қолымен ұстап, көзбен көргенді жақсы көреді, сөйтіп барлық зейіні соған аударылады. Шаршамай, талмай, ыждараттылықпен жүйелі жүргізетін жұмыстарға оның мазмұны мен түрлеріне байланысты.

Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбек үстінде сондай болады, - дейді. Сондықтан ойын адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Баланың өмірі қоршаған ортанытанып білуі, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Ойын

барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады. Ойын үстінде өмірдің өзіндегідей қуанып, ренжиді. Сондықтан мұғалім баланы сабақта талабын шаттандыратындай, ойын оятатындай, іскерлігін дамытатындай болу керек. Оқушылардың белсенділігін, саналы ойлана білуін, ой-өрісінің дамуын, қиындықты жөнү, төзімділікке баулуды үйрету - мұғалімнің негізгі міндеті.

Логикалық ойынға ребус, сөзжұмбақ, үндемес ойыны т.б. жатады. Мысалы:

100 добыңның 14-ін досың сұрап алады. Айтшы сонда нешеуі өз қолыңда қалады?

3. Үстелдің 4 бұрышы бар. Бір бұрышын кесіп тастасаң, неше бұрыш қалады? (Бесбұрыш).

4. Екі стаканға бірдей су құйдың. Оның біреуін тарелкаға төңкердің. Қайсы стаканда су көп? (бірдей).

Сонымен қатар, санамақ ойынның орны ерекше. Атау ұйқасы арқылы бала сан үйренеді, екінші санға ұйқас заттарды танып біледі.

Ұлттық ойындар оқушылардың өз салт – дәстүріне, әдет – ғұрпына сүйіспеншілігі артады.

Бастауыш сынып оқушылары сабақта ойын элементтерін көп керек етеді, және бұл жастағы балалар өздерінің істеген жұмыстарының қорытындысын тез білгісі келіп тұрады. Міне, дәл осы кезенді тиімді пайдаланған жөн. Сондықтан қай сабақты болмасын талапқа сай дайындалған көрнелікпен, жұмбақ, ребус т.б. араластыра отырып, ойын элементтерін кеңінен пайдаланған дұрыс. Бұл оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырады. Орынды ұйымдастырылған ойын үстінде балалар сергіп, тапсырманы тез нақты орындайды. Егер біз оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыра алсақ, олардың сапалы білім алуына, жан-жақты дамуына ықпал жасағандығымыз[5].

Енді осы баланың өмірге деген көзқарасы қандай, қоршаған ортамен қарым-қатынасы қандай екені бірінші мұғалімге белгілі және оны әрі қарай қалғастырушы тағы да мұғалімге жүктелетін жұмыс.

Оқушыны талдырмайтындай сұрақ-сауалдар беріп, бір сарынды сабақ жүйесін болдырмайтындай етіп, үй тапсырмасы бір ғана жолдың жетегінде болмай, бала көңілінде қиын да қызғылықты сауалдар туғызып оның сана-сезімінің оянуына, ой-өрісінің ұшқыр болуына көмегін тигізетіндей жұмыстар түрін жүргізіп отырса, бүгін болмаса да ертеңгі күні сол жасалынған жұмыстарының нәтижесі арқылы өз абыройының жемісін де сезе алады.

Баланың ой-қиялын дамытуда логикалық сұрақ-тапсырмалардың, логикалық есептердің орны бөлек. Мысалы:

1. 1 жанұядағы ағайынды 2 жігіттің әрқайсысының 1 апасы, 1 қарындасы бар. Ол жанұяда қанша бала бар? (4).

2. Сенің қарындасың немесе әпкең сенің мамаңа қызынан баласынанбасқа кім болады?

3. Сенің әке-шешең сенің көршіңе кім болады?

4. Сенің мамаңның мамасының қызы саған кім болатынын білесің бе?

5. Сатып алған қарбызыңның 1 тілігін кесіп алып, дәмін көрдік, қарбызда не жоқ?

6. Күнмен түн немен аяқталады?

7. 1 қарындашты тең етіп 2-ге бөлгенде, неше қарындаш шығады?

8. Автобус оң жаққа бұрылғанда, ішіндегі жолаушы қайда бұрылады?

Міне, осындай есептеулерді шешу арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Дүниетанымы кеңейеді, білімі, сауаттылығы күшейеді. Оқушылардың ойлау әрекетін дамыту оқу материалын мазмұны арқылы, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру құралы мен тәсілдері арқылы жүзеге асырылады.

Мектеп практикасында математикалық есептермен жұмыс істеу үрдісінде негізінен оны шешу көзделеді, шешуді іздестіру оқушылардың тиісті есеп шығару іскерліктерін қалыптастыру мәселесіне жеткіліксіз көңіл бөлінеді.

Есептің шығару жолдарын жан-жақты талдау оны басқа есептерді шығаруға қолдану жақтары да аз қарастырылады. Сондықтан белгілі бір есепті қарастыру мақсаты аяғына дейін жеткізілмейді. Яғни оқушы белгілі бір есепті шығару нәтижесінде алынған жаңа фактілер пайдалануда шығарылған есеп оқушылардың білімдері мен іскерліктерінің арасындағы байланысты жеткілікті мөлшерде анықтай алмайды. Мұндай жағдайда есеп шығару үрдісінде оқушылардың ойлау әрекетін арттыру жөнінде айту қиынырақ болады.

Бұл мақсатты мазмұнды есептер шығару кезінде жүзеге асыру мүмкіндігі бар.

Әрбір келесі кезең басталғанда алдыңғы кезең аяқталмайды, өйткені есептердің жаңа түрі пайда болады. Есептегі құраушылардың арасындағы байланыстар ұлғая түседі, ол байланыстардың сипаты күрделене түседі, мазмұнды есепті шешудің сандық аясы кеңиді. Есеппен жұмыс істеу үшін қалыптастырылған тәсілдер өздерінің мазмұнын жаңартады, жаңа жағдайда қолданылады, жаңа тәсілдер тудыра отырып, бірімен-бірі сабақтасады.

Математикалық мазмұнды есептер шығару кезінде оқушылардың ойлау әрекетін дамыту мақсатында есептерді талдаудың жалпы тәсілдерін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу орынды. Ол үшін мынадай кезеңдерімен таныстырған жөн:

1. Есептің мәтінін оқып талдау.

Бұл кезеңнің мақсаты-есепте баяндалған жағдайлармен танысу және оны терең ұғыну оның нысанды жақтары мен объектілер арасындағы байланыстарды анықтау.

2. Есептің мәтінін математикалық тілге көшіру.

Бұл кезеңде есептің объектілері үшін шартты белгілер алынып олардың арасындағы байланыстарға математикалық, графиктік интерпретация беру-шешу моделін құру.

3. Модельмен жұмыс істеу.

Егер есеп жай болса, құрылған модельмен есептеп шығаруға болады, онда үшінші кезеңнің қажеттілігі болмайды. Құрама есептерді шығарғанда оны ары қарай талдау керек болады. Талдау барысында құрылған модель талданады және жетпейтін немесе артық элементтер анықталады, модель жетілдіреді немесе қайта сұрылады да осылардың нәтижесінде есепті шығару жоспары жасалады.

1-4 сынып оқушылары мазмұнды есепті талдау іскерлігін жеткілікті меңгеруі үшін мынадай жалпы тәсілдерді ұсынуға болады:

- Есептегі нақты мысалдарды (заттарды) омың моделімен ауыстыру.

- Есептің объектілерінің арасындағы байланыстарды таңбалар арқылы

бейнелеу.

- Дайын графиктік модель бойынша есеп объектілерінің арасындағы байланыстарды түсіндіру.

- Графиктік модель бойынша есепті құру.

Бастауыш сынып оқушыларының мазмұны есептеу іскерліктерін меңгеруі олар келесі сыныптарда бұл іскерліктерді мазмұнды есептерді алгебралық тәсілмен шешкенде пайдалануға мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныптарда математика есептерін шығару кезінде оқушылардың есептерді талдай білу іскерліктерін қалыптастыру оқушылардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал етеді.

Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту-комплексті жұмыс. Ол оқу-тәрбие процесінің барлық бағыттарында іске асырылады. Әсіресе, оған пән сабақтарында мүмкіндік мол. Солардың ішінде математика пәнінің алатын орны ерекше. Бұрынғы бағдарламамен салыстырғанда жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы бойынша жаңа мазмұндық әдістемелік желі кіріктірілді. Ол жиын және логика элементтері деп аталады. Арнайы логика элементтері деген мазмұндық әдістемелік желіні енгізіп отыр. Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың математиканы сүйіп оқитын, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар.

Қазіргі кезеңдегі мектеп математикасында әлі шешімдері табылмаған проблемалар аз емес. Соның бірі оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, кітапқа, білім алуға деген құмарлықтарын арттыру. Осындай проблемаларды шешу мақсатында бастауыш сыныптан бастап логикалық есептерді шығару керек. Логикалық есептер кеңірек ойлануды қажет етеді. Есептің жауабы бір немесе бірнешеу болуы мүмкін. Есептің бұл түрі мұғалімнен де, оқушыдан да аңғарымпаз болуды талап етеді.

Логикалық есепті шешу қатаң дәлелге сүйеніледі. Сондықтан мұнда қысқа есептей салу, көрнекілікпен араластыру болуы ықтимал. Мұндай есептер логикалық ойлауға, қиялдауға, еңбектену білуге тәрбиелейді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. М.Байшуақова. Оқушыны ойлауға үйрету. /Бастауыш мектеп 2014 №8.
2. А.Н.Абдрахманова және т.б. Қазақ халық педагогикасындағы идеяларды сыныптан тыс жұмыстарда қолдану. Шымкент-2002.
3. Әбілқасымова, Көбесов, Кенеш. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Алматы «Білім», 1998.
4. Н.В.Мельник Развитие логического мышления при изучении математики./Начальная школа. 1997, №5 186.
5. О.Мұсабеков. Логикалық ойлау тәсілдерін қалыптастыру. /Бастауыш мектеп№7-8. 1996.
6. М.С.Дауметова. Логикалық сұрақ-тапсырмалар. /Бастауыш мектеп. №62001, 206.
7. С.Демеусінова. Оқушылардың ойлау қабілетін логикалық есептер арқылы дамыту. /ИФМ 2000, №3 236.

## **ОҚУШЫ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Асылбеков Е.С.

А.П. Чехов атындағы №21 жалпы орта білім беретін мектебі  
Шымкент қ., Қазақстан, Esbol78782mail.ru

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына кіруге бет алды. Сондықтан бүгінгі мектеп алдындағы негізгі міндет- өмір ағымы талап етіп отырғандай жаңа қоғамға лайықты, еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, саналы адамгершілігі жоғары жетілген азаматтар тұлғасын қалыптастыру.

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» атты бағдарламасында егемен еліміздің стратегиясы мен тактикасын белгілей белгілей келе, бүгінгі және болашақ жастардың жан-жақты білімді, ғылыми-техникалық прогрестен хабары мол жеке тұлға ретінде дамып қалыптасуын өз бағдарламасына негіз етеді. Сондай-ақ, білім беру қызметкерлерінің республикалық екінші съезінде де қазіргі білім беру жүйесінің жағдайына сипаттама бере келіп, оны реформалаудың жетістіктерін көрсетті. Елбасы «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім балаларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр» деген. Яғни, бізге қажетті жаны да, қаны да қазақы, халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына ана сүтімен сіңірген, туған жерді түлетуді, егемен елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын, егемен еліміздің елдігі мен бірлігін сақтайтын ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі мектеп пен ұстаздар алдындағы негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкірттің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Бүгінгі жас буынды жеке тұлға етіп қалыптастыру, оны қоғамның белсенді мүшесі етіп дайындау үкіметтің қаулы, қарарларында негізгі орын алады. Осы тұрғыда «Біз тұрғызатын қоғамдарды бағалайтын, белсенді, жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұру керек» - деді Н.Ә.Назарбаев.[1]

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын жүзеге асыруға арналған тұғырнамасында «Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін, ең алдымен, адамгершілік, ізгілік, имандылық тәрбиесін көркейту қажет» деп көрсетілген. Осы мақсатта педагогика ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып, ұлттық сана-сезімі жетік, нарықтық экономика талаптарына сай ойлау қабілеті жоғары азаматтар тәрбиелеу міндетіміз.

Білім мен тәрбие – егіз. Тәрбиесіз білім берілмесе, білімсіз тәрбие болмайды. Олай болса, саналы білім беру үшін саналы тәрбие керек. Жас жеткіншекті тәрбиелеу өте күрделі де жауапты іс. Бұл кезекте мұғалімнің оны қалай үйрету керек, әрқайсысының бойында еліне деген сүйіспеншілікті, интернационализмді, қайырымдылық пен әділдік сезімін қалай тәрбиелеуге болады деген аса қиын сұрақтарға жауап беруге тура келеді. Осы тұрғыда рухани тәрбиенің рөлі өте зор.

Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарын тәрбиелейді. Жеке тұлғаның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге рухани көзқарас қалыптастырады. Сондықтан қазіргі мектептердің міндеттерінің бірі - кез келген жасөспірімге білімді меңгерту ғана емес, оның рухани - адамгершілік қасиеттерін танып, ішкі жан дүниесіне әсер ету арқылы жас ұрпақтың өзін-өзі дамытуына жол көрсету. Рухани-адамгершілік тәрбие дұрыс дағдылар мен әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығы.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз - оқушы өміріндегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен кез-келген затқа, жан-жануарларға және экологияға жақсылық тілеп, қайырымдылық жасауға тәрбиелеу. Сондықтан рухани-адамгершілік білімі жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы - руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын өз бойында шыңдап, жетілдіруге ұмтылады. Тұлғаның руханилық санасы - өмірдің мәнін, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсіну қабілетін дамыту, жақын адамдарының алдындағы жауапкершілігін сезіну, өзінің жеке басына тән азаматтық және адамгершілік парызын орындау. Жас ұрпаққа рухани тәрбие мен білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін қоршаған ортамен үйлесімділікте ұстай білуі, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттілігін түсінуді қамтамасыз ету. Ендеше, мектептердегі оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын дұрыс жолға қою әр уақытта шешімін табуды керек ететін үлкен мәселе. [2]

Баланың бойында жақсы қасиеттердің,оның ішінде адамгершілік құндылықтардың болуы ол өзінің өскен ортасына, үлгі беретін ұстазына байланысты. Қазіргі заман талабы-жалпы дүние жүзінде, оның ішінде Қазақстанда жан-жақты жетілген тұлғаны тәрбиелеу және оған байланысты әлеуметтік, экономикалық, психологиялық мәселелер күннен күнге күрделене түсуде. Осыған орай,бүгінгі күн әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ізгілік,яғни адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу-шешуші фактор болып отыруы заңдылық.

Адамгершілік құндылыққа тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері-оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын,қоғамдық борышқа сапалық көзқарасын,сөз бен істің бірлігін, адамгершілік қағидалардан ауытқуына жол бермеуді қалыптастыру. Адамгершілік іс-әрекет дегеніміз - адамның жалпы игілік, жақсылық және тұлғаның ерік-күйі, адамгершілік мақсаттарға жетуге бағытталған және сол бойынша адамгершілік жағынан дәлелденген тәсілдер арқылы жүзеге асқан іс-әрекетті реттейтін адамның белсенділігін, оның қоршаған дүниемен өзара қатынасының өзіндік түрі, нысаны деуге болады.

Шығыс ғұламалары Омар Хайям: «Адамдардың пайдалысы - адамдарға пайда келтіргендер» десе, Рудаки бұл ойды одан әрі нақтылай түседі: «Өмір - теңіз, жүзем онда деменіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз». Демек, әлемдегі қайғы-қасіреттердің болу себебі адам өмірінде адамгершілік құндылықтардың және арман-мұратының болмауынан екен.



Сондықтан да ізгіліктің ең үлкені - адамдарға жақсылық жасау деп түсінсек, мұның өзі адамның бойында ізгіліктің болуынан бастау алады екен. Біреулер қоғамда көп ғылымның, біреулер үлкен байлықтың иесі болар.[4]

Бірақта адамда адамгершілік қасиеттер болмаса, бұл жеткен жетістіктері жалаң, жадағай болып шығады. Бұл ретте оқушының рухани және жалпы адамзаттық ұлттық құндылықтарды игеруінің маңызы ерекше.

Рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап (мысалы, ұжымдық үдеріс қауымдастық пен жеке тұлғалылыққа алмасты, ұлттық, қоғамдық құндылықтардан гөрі жеке құндылықтар басымдылық таныта бастады), жаңа нарықтық қоғам салты пайда болды. Бұл жағдайлар азаматтарымыздың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым-қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы мен оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу қажеттіліктерін туғызды. Осындай жағдайларда қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту және жастарды оқыту және тәрбие беру технологияларын жетілдіру қажеттілігі туындады. Әр адам өз бойындағы қабілеттерін толық жүзеге асырып, өз мемлекетімізге ғана емес, бүкіл адамзат иігілігіне пайда келтіре алатындай болуы керек. Баланың бойындағы қабілеттерін ашып, оның өз жан-дүниесіне үңіліп, өз болашағына деген сенімін ояту, өзін-өзі құрметтеп, өз ар-ұжданымен өмір сүруі қандай маңызды десеңізші!

Яғни, өздерінің дене және рухани күштерін жете бағалайтын, өз тілегі мен сезімін қажетті арнаға бұра алатын, өзіне талап қоя алатын, өз күшіне, өз қабілетіне, өмірлік мақсаты мен міндетіне жету жолындағы мүмкіндігіне сенімді, Отанын, елін-жерін сүйетін, рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптасқан толық адамды тәрбиелеу болып табылады. Басты ерекшелігі сонда - адами құндылықтарды оқытуға бағытталған. Ал «адами құндылықтарды шынайы оқыту дегеніміз бұл қағидалар практикада, күнделікті өмірде қолданылады дегенді білдіреді. Білім берудің шынайы мақсаты адам баласына тән қабілеттердің көрініп, ашылуы болып табылады». Оқушыларға рухани-адамгершілік білім беруді мақсат еткен жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды негіз етеді. Жоғары рухани құндылықтар: махаббат, жақсылық, өмір мәні, ақиқат, еркіндік, сұлулық, адамның өзіндік құндылығы, лайықты өмір сүру, жалпы адамгершілік және т.б. Осы құндылықтардың мәні не, маңызы қандай, мақсаты неде дегенге келетін болсақ, құндылықтардың әрқайсысы адам баласының өмірлік ұстанымына тікелей әсер-ықпал етіп, жеке тұлғаның бағыттылығын, оның сенімдерін, дүниеге көзқарасын, идеалдарын, ұмтылыстарын, өмір сүру түрін еркін таңдай алуын өз бетінше іске асырып, жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтар: ұлттың тілі, діні, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы, мәдениеті, өнері, әдебиеті, музыкасы, ата-мұрасы және т.б. Еліміздің білім беру жүйесінде жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде руханилық пен адамгершілікке бағдарлап білім-тәрбие беру ісі өткір мәселе саналады. Осы тұрғыда ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді, оны үздіксіз білім берудің көзіне айналдыруды, оның тереңдігі мен рухани шындығын балалық кезден бастап сіңіруді мұрат етіп отыр. Бұл орайда мазмұны арқылы ұлттық тәрбие

беру желісі нені тұтқа етеді деген мәселеге келсек, мұндағы басты құрал оқу материалдары, яғни тақырыбы мен мазмұны жағынан бала рухын тербететін, жанын елжірететін, масаттандыратын, табындыратын, әсемдік сезімін, ар-намыс сезімін оятатын, білуге құмарлыққа, ақ көңілділікке, ерлікті көксеуге, күшқайратты шыңдауға ұмтылдыратын - нағыз ұлттық, қазақша ойлайтын, қазақша сөйлейтін, тілеуі, қалауы, арманы қазақша болатын, өз бойынан ата-бабасының қаны мен рухын сезінетін, өз халқының би, батыр, шешен, даналарының өнеге-үлгісін ұстанатын, елінің тағдырына, тарихына жаны тебіренетін - көркем шығармалар, адамгершілік бастаулары, әдептілік қағидалары, өсиет әңгімелері, шешендік сөздері және т.б. Міне, осындай қуат бойына дарыған жас ұлан келешекте бәсекеге қабілетті болатыны сенімді Сабақта міндетті түрде орындалатын сабақтың әдіс-тәсілдері: олар - «Шаттық шеңбері», «Әңгімелесейік», «Дәйексөз», «Жаңа ақпарат», «Шығармашылық жұмыс», «Өзіммен-өзім», «Тыныштық сәті», «Дәптермен жұмыс», «Сергіту сәті», «Жағдаяттарды талдау», «Сахналау», «Ойын жаттығу», «Жүректен-жүрекке». Сабақтың басталуының өзі ерекше, біріншіден оқушыға еркіндік беріледі. Ол өзін-өзі еркін ұстауға үйренеді, пікірі дұрыс, бұрыстығын өзара пікірталас кезінде ғана түсінеді. Пікірталас кезінде барлық пікір қабылданады, құрметтеледі. Мәтінді талдау арқылы көзделген мақсатқа жету, көптеген әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Пікірталас, топтық, жұптық, белсенді жеке жұмыс түрінде болуы мүмкін. Бастауыш сыныптарда ойын түрінде, сахналау түрінде, іштей елестету, тыныштық сәтінде әр жеке тұлғаға өзінің ішкі әлемін түсінуге мүмкіндік беріледі. Дәйексөз - сабақтың ең негізгі түйінін шешетін кезең. Сабақтың қорытынды бөлігі «Жүректен-жүрекке» ойға жетелейді. «Мен бүгін не ұқтым?» - осы қорытынды бөлігінде айтылған ой түйіні арқылы тақырыптың балаға қалай әсер еткенін бақылауға мүмкіндік болады. Шеңбер құра отырып ой жалғастырады, бірін-бірі толықтырады, бір-біріне ұқсамайтын жаңа ой айтуға талпынады, ізденеді, осылайша әр оқушыда дербес әрекет дағдысы қалыптасады, дамиды. [5] Адамның адамгершілік негіздері болмаса, ол еркінен, өмірлік бағдарынан тез айырылып, тағдырдың ойыншығына немесе қылмыс әлемінің құрбанына айналады. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер кері жолға бейім болады. Әрине әр адам өз өмірінің қожасы және ол өз өмір жолын өзі таңдайды, басқа адамдармен қарым-қатынас жасайды, қателіктерге бой алдырады. Сені қоршап тұрған жағдайды өзгертуге болады, бірақ өзіңнің ішкі әлеміңнен қашып құтыла алмайсың. Сонымен қатар, егер адамның жаны немесе рухы сырқат болса, онда ешқашан сау бола алмайды. Сондықтан адамның қандай рухани құндылықтарды игергені өте маңызды. Адамгершілік тәрбиесі оқу тәрбие үрдісінің барлық саласында, оқыту, білім беру және еңбекке баулу үрдісінде жүзеге асады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік қасиеттерді жатқа білу жеткіліксіз, оның терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру, мінез- құлыққа бекіту керек. Тәрбие ісі нақты кезеңнің ерекшеліктерін сақтай отырып, болашаққа бағдар береді, жеке тұлғаны соған дайындайды. Жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтары өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста балалардың бастапқы адамгершілік қасиеттері мен ұғымдары, мінез-құлықтың қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары болашақта ересек қоғамда және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түскенде көріне бастайды.

Бастауыш сыныпта адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтардың, сезім мен сананың жаңа түрлері одан әрі дамытылады. Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу - ең алдымен оқыту үрдісінде қалыптасады. Әр түрлі пәндерді оқыту кезінде бастауыш сынып оқушыларының достық, жолдастық, өмірге деген белсенді көзқарас, Отан туралы ұғымдары қалыптасып дамиды. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ата-аналарды қадірлеу, еңбектенуге үйренеді. Бұл жаста балалар сапалы тәртіпке, жолдастық өзара көмекке, адамның көңіл-күйін түсіне білуге дағдыланады. Олар мектептегі оқу әрекетіне деген өзіндік қатынастарын, отбасында, қоғамда өзін-өзін ұстауды біледі. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларында дербес және қоғамдық мінез-құлық, адамгершілік қарым- қатынасы дамиды, оқушылары өздерін ересектер қатарына қосып, өз бетімен тіршілік етемін деп қиял жетегімен кетеді. Бұл жастағы оқушылардың дамуына ұйымшылдық, тәртіптілік, қамқорлық, құнттылық, т.б. қасиеттер әсер етеді, ғылымға, мамандықтаңдауға ынталары артады. Бұлар әділеттілік, борыш, ар-намыс, ұят, адалдық сынды моральдық ерекшеліктерге көңіл бөледі. Олар үлкендермен қарым- қатынас жасауда өзін- өзін тәрбиелеуді қажет етеді. Сондықтан бұл жаста көбірек ерік берген жөн. Өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін іске асыруда қоршаған ортаның ықпалы орасан зор. [3]

Қазіргі таңда балаларға сапалы білім ғана беріп қоймай, саналы тәрбие де беру мұғалімдердің алдында тұрған зор міндет. Тәрбиенің неше түрінің ішінде адамгершілік, еңбек және дене тәрбиесіне баса назар аудару керек. Ата-ананы сыйлау, құрмет тұту, ата-ана қадірін түсіну, жақын достарын сыйлай білу деген жалпы халықтық қағиданы мұғалім әрқашан бала зердесіне салып отыру әрбір мұғалімнің міндеті. Ата-ананы сыйлай білген, оның қадір-қасиетін түсінген бала басқаның да қадір – қасиетін құрметтей алатын болып өсетіні анық. Жас баланың бойында шыдамдылық, төзімділік, имандылық сияқты қасиеттерді қалыптастырумен бірге, балаларды ұстамдылық пен сабырлыққа тәрбелеу жас жеткіншектің келешегі үшін өте қажет дүние.

Мектеп оқушыларына тәрбие беру тек жеке пәндерде ғана емес, сыныптан тыс іс-шараларда, үйірме жұмыстарында рухани құндылықтарға баулуға болады. Мұндай жұмыс түрлеріне сынып жетекшінің эстетикалық әңгімесі, түрлі ой жарыстары, пікір таластарын жатқызуға болады. Жасөсіпірімдерді адамгершілікке тәрбиелеуде өмірде кездесетін түрлі жағымсыз жағдаяттардан сақтану мәселесі де ескерілуі қажет. Көбіне көптеген отбасыларда күнделікті тірлік қамымен балалардың рухани қажеттіліктері ескерілмей, екінші орынға жылжиды. Бала дұрыс, адамгершілік іс-әрекеттерді, салауатты өмір салтын, жақсы мен жаманды айыра білу, өзін - өзі жетілдіруге деген ынтасын қалыптастыруы керек, қажет кезде өз бетімен шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасауы үшін кішкентайынан өз дегенін іске асыруға баулу керек. Ал бұл дағдылардың барлығы жанұяда қалыптасады. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ата- ананы оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс орнату мәселесі негізгі мәселе болуы тиіс.

В.А. Сухомлинский: «Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды» дей отырып, «Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады», - деген болатын. Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен

қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу - қоғамымыздың басты мақсаты. Рухани адамгершілік тәрбиесінде мұғалім оқушыны тұлға ретінде танып біліп қана қоймай, оның дамуында кешегіні, бүгінгіні, болашақты көре білуі қажет. Түйіндей келе, адамгершілік тәрбиесі - бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез-құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру маңызды орын алмақ. Халық даналығында «Баланы жастан» дегендей, жас кезінен түзу тәрбие беру оның болашақ өмірі үшін керек екенін, яғни тәрбиелеудің, дұрыс бағыт берудің маңызды екенін әр мұғалім біледі. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға соғады.[7]

Тәжірибелі ұстаз шәкірттеріне жан-жақты тәрбиені осы адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуден бастайды. Себебі бұл оның адамгершілік сезімін, белгілі мақсатқа, бағытқа жетелеу іс-әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз өз шәкірттерінің ізгі ниеттігін, адалдығын, кішіпейілдігін біле бастайды.

Жас-жеткіншектер 5-9 сынып оқушылары өздерін ересектер қатарына санап, өз бетімен тіршілік етемін деп таза қиялға да кетеді. Бұл жастағы шәкірттердің дамуына ұйымшылдық, тәртіптілік, қамқорлық т.б. қасиеттер әсер етеді. Жоғарғы сыныпқа жеткен мезгілде ғылымға, мамандық таңдауға ынталары өседі. Бұлар әділеттілік, борыш, ұят, адалдық, ерлік, намыс т.б. моральдық категорияларға ерекше көңіл бөледі. Олар үлкендермен қарым-қатынаста өзін-өзі тәрбиелеуді қажет етеді. Сондықтан да бұл жастағыларға көбірек ерік берген жөн. Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде олардың қоршаған ортасы ықпал етеді. Осы тұста атақты Қытай ғұламасы Конфуцийдің «Адамдар мені түсінбесе қапаланбаймын, керісінше мен оларды түсінбесем қапаланамын. Жақсы адам барлығын өзінен іздейді, ақымақ адам оларды басқадан іздейді.

Өте ақылдылар мен өте ақылсыздар ғана өмірде өзін-өзі өзгерте алмайды. Өте шыншыл бол, үйренгенді сүйе біл, өлімге дейін берік болып, жақсарған үстіне жақсара түс. Кім қателігін түзетпесе сол үлкен қателік» деген сөзі өскелең ұрпаққа үлкен сабақ болары даусыз.

Осыған қарамастан қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер халықтың өмір сүру деңгейіне әсер етті, өскелең ұрпақтың құндылық бағдарын өзгертті. Педагогтар, ата-аналар және көпшілік қауым жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен бұзақылықтың өсуіне материалдық құндылықтарды пайдалану жастардың адамгершілік ұстанымының өзгеруіне себеп болғандығына алаңдаушылық танытып отыр.

Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму кезеңінде жастарды тәрбиелеуді күшейту міндетін қойып отыр. Қоғамдық процестерге адам ерте жастан бастап араласады. Әлеуметтік жауапкершілік сезімі сәл кейінірек яғни мектеп жасында ояна бастайды. Жалпы адамның тұлға болып қалыптасуы оның қоғамдық және еңбектік қатынастарға жекелей түсуіне тәуелді. Еңбек адамдағы жағымды сапаларды дамытады, яғни еңбек қарқынды болған сайын тұлғаның даму деңгейі жоғарылай түспек. Сондықтан да оқушыларды қоғамдық

өмірге, әртүрлі пайдалы істерге араластырып, олардың бойындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру қажет. «Тәрбие мектеп үшін емес-өмір үшін» деген ұранмен ежелгі римдік мектеп өз оқушыларын күтіп алады екен. Сол кездегі педагогтердің өзі өмірден болған тәрбие ең күшті тәрбие екенін білген. [4]

И.П.Павлов адам ағзасының өмірлік іс-әрекеті қоршаған орта мен өмір сүру жағдайына байланысты екенін атап көрсеткен. Бұл әсерді ол «өмірлік тәрбие» деп атаған. Бұл тәрбиені барлық өскелең ұрпақ өз басынан өткізеді. Оқушылардың балалық және жеткіншек жастағы тұлғалық қасиеттердің жылдам қарқынмен қалыптасуы озық әрекет етуді, жағымсыз әдеттердің баланың жан дүниесіне орнығып қалмай тұрып, алдын-ала әрекет етуді талап етеді. Балаға талапты қойғанда оның шама-шарқын ескерген абзал. Қиын талаптар баланың өз күшіне деген сенімін азайтып, көңілін қалдырады, ең қауіптісі сол талаптарды үстірт орындауға итермелейді. Әдетте, мұндай жағдайда жартылай істелінген іске қанағат тұту әдеті қалыптасып қалуы мүмкін. Сондықтан да мектептің қай сыныбында оқысын балалармен адамгершілік құндылық, мораль тақырыптарында әңгімелер жүргізілуі шарт. Бұл әңгімелер оқушылар бойында адамгершілік құндылықтар туралы мағлұматтарды орнықтыруға, қалыптастыруға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (электрондық ресурс). Дереккөз: <http://www.akorda.kz/kz>.

2. Д Нұрғалиева «Ізгіліктік құндылыққа – жаңа бетбұрыс» II Қазақстан мектебі, 2014, №4.

3. Э. Рахипова. «Ізгілікті ұрпақ тәрбиелеу». II Бастауыш мектеп, 2014, №4.

4. Төлеубекова Р.К. Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері. – Алматы, 2001ж.

5. Өтебаева Ә.Т. Рухани-адамгершілік тәрбие берудің қазіргі кездегі маңызы // Білім. 2007, 44-47 беттер.

6. Баширова Ж., Өтебаева А. Мектеп оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі отбасының ықпалы // Өзіндік таным, 2007 ж., №2, 12-14б.

7. Өтебаева Ә. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің шарттары.// Қазақстан Мектебі, 2006ж., №10, 70-73б.

ӘОЖ: 37.01(574)

### **АТА-АНАЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ**

Ахет Ә.Р., Кенжебекова Ф.С.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан,

e-mail: Fariza\_phd04@mail.ru

Біздің мақалада қозғалатын тақырып қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ашып айтқанда педагог маманмен ата-ананың арасындағы тәрбие жұмыстарын арттыру. Бұл өз кезегінде баланың тәрбиелі және білімді болып қалыптасуына әсерін береді. А.С. Макаренко: «Жақсы отбасы да, жаман отбасы да

болады. Отбасы дұрыс тәрбиелейді деп кепілдік беруге де болмайды. Отбасы қалай болса, солай тәрбиелейді деп те айта алмаймыз. Біз отбасылық тәрбиені ұйымдастыруымыз керек және ұйымдастыратын бастау – мемлекеттік тәрбиелеудің өкілі ретіндегі мектеп болу керек.

Дүниежүзінде және өз елімізде білім мен отбасы тәрбиесі жайлы заңнамалар да жетерлік. 68 баптан тұратын 2007 жылы шыққан Қазақстан Республикасының «Білім Туралы» заңының 30-шы бабында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жайында және бір жастан бес жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу отбасында және (немесе) мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылатындығы жайында жазылады [1]. Қазақстан Республикасының Конституциясының Адам және Азамат бөлімінің 27 бабында былай деп жазылған: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауына болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті»[2]. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңының (2002 ж.) 15-бабында «Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негіздетегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі», делінген. [3 ]

Біріккен Ұлттар Ұйымының балаларды қорғау конвенциясында балалардың мәдени , саяси, азаматтық, экономикалық және денсаулық құқықтары қарастырылған. [4 ] Елімізде және халықаралық дәрежеде шыққан бұл заңнамалар бала тәрбиесі мен білімінің қоғамдағы атқаратын орнының қаншалықты жоғары екендігін айқындайтын бір фактор.

Осындай маңызды мәселеде ата-ананың орны ерекше екендігі сөзсіз. Білімді ұрпақ жетілдіру үшін ата-аналарымыздың өздерінің педогогикалық мәдениеті жоғары болу керек. Ата-аналарымыздың педагогикалық мәдениеті жоғары болғанда ғана баланың үлгерімі жоғары болады. В.Ю. Иващенконың «Пути повышения педагогической культуры современных родителей» деген мақаласында ата-аналардың педогогикалық мәдениеті жайында жазылған. Яғни В.Ю. Иващенконың жазуы бойынша Педогогикалық мәдениет дегеніміз бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті сезіне және түсіне білу, баланы оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда білікті болу, басқа мекемелердегі тәрбиешілермен, мұғалімдермен үнемі қарым-қатынаста болу. [5] С.Б.Сәдуақасованың «педагогическая культура родителей как компонент воспитательного потенциала социально неблагополучной семьи» деген мақаласында баланы өмірге келгеннен, кәмелеттік жасқа толғанға дейін жақсы тәрбиелеу оңай нәрсе емес. Ата-ананың балаға дұрыс тәрбие бере алмауы әрине балаға кері әсерін тигізбей қоймайды. Ата-ананың балаға дұрыс тәрбие бере алмауына көптеген факторлар әсер етеді: жанұялық қарым-қатынастар, ата-аналардың адагершілік қасиеттері мен дүниетанымы, жанұядағы қалыптасқан дәстүрлер мен қоғам қарым-қатынастары. С.Б. Сәдуақасованың ойынша қазіргі таңда, қоғамның дамыған кезінде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға деген көзқарас та өзгерді. Яғни қазіргі қоғам ата-аналардың кәсіби деңгейдегі педагогикалық мәдениетінің артуын талап етеді.[6]

И.В. Гребенников ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруда бірнеше жолдар көрсеткен:

-техникум және училищенің жоғарғы сыныбынан бастап ер балалар мен қыз балаларға отбасылық тәрбие беру;

-университеттер, ұлттық университеттердің кейбір факультеттері және мәдениет сарайымен ұйымдастырылған жас отбасы клубтарында жастар мен жас отбасыларына бала тәрбиесін үйрету;

-балабақшалар мен ұлттық университеттерде ата-аналарды мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуге дайындау;

-арнайы курстар мен семинарларда қоғамдық жұмысшыларды ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға дайындау;

-семинарларда, арнайы курстарда, лекциялар мен университеттерде мұғалімдерді ата-аналармен бірге тәрбие жұмысына дайындау [7].

Мұғалімдер мен ата-аналар өздерінің педагогикалық күш-жігерін біріктіре отырып, бірлесе шешетін проблемаларды жақсы білулері тиіс. Бұл проблемалардың аясы кең және белгілі бір шарттылық бойынша оларды үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа мектеп пен отбасы оқу-тәрбие жұмысының мақсатымен және мазмұнымен байланысты проблемаларды жатқызуға болады. Екінші топты оқушыларды отбасындағы өзінің тұлғалық дамуы мен қалыптасуындағы жұмысқа ынталандыру әдістемесі құрайды. Үшінші топқа отбасылық тәрбие процесінде оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру проблемасы жатады. Осы аталған проблемаларды шешуде мектеп пен ата-аналардың бірге атқаратын жұмыстың сипаты қандай болуы тиіс? Отбасы мен мектептің бірлескен іс-әрекетінің маңызды жағы мақсатты нұсқаманы іске асыру және оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының мазмұндылығын арттыру болып табылады.

#### 1. Методологиялық жағдай

Педагогикалық процестегі теорияның орны, әлеуметтену теориясы, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы.

#### 2. Нормативті-Құқықтық жағдай

ҚР-ның «Неке және отбасы» Кодексі, Қазақстанның «Қазақстандағы бала құқығы» туралы заңы.

#### 3. Ғылыми-ұйымдастырушылық жағдай

Арнайы мамандардың қатысуымен тренингтер ұйымдастыру арқылы, сұхбат жүргізу арқылы, лекциялар өткізу арқылы ата-аналар клубын ұйымдастыру.[8] Аталған іс-шараларда ата-аналардың балаларымен қарым-қатынасы зерттелді.

Біз бүгінгі таңда ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру үшін бұл жолдардан басқа көптеген әдістер бар деген ойдамыз.

Мысалы: Ата-аналар бала психологиясы мен педагогикасына байланысты интернеттен алуан түрлі материалдар ала алады, егер ата-ана ағылшын тілін жетік меңгерген болса, бала тәрбиесіне байланысты Еуропа елдерінің әдістерін үйрене алады. Педагогика жайында, мектепке дейінгі жастағы баланы мектепке қалай дайындау керектігіне байланысты көптеген журналдар бар. Бұқаралық ақпараттар құралдарының да ата-аналарға арналған арнайы бағдарламалары бар. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру жолдарын ұсынар болсақ:

– барлық жоғары оқу орындарында, колледждерде отбасы тәрбиесі туралы пәнді енгізу;

– жас отбасын ата-ана позициясына тәрбиелеу және өздерінің педагогикалық ұстанымдары туралы хабардар ету арқылы нығайту;

– ата-аналардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктері, баланың даму перспективалары туралы білімдерін пайдалану дағдыларын дамыту;

– балаларды дамыту және тәрбиелеу мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігін қалыптастыру және баланың өмірінде маңызды рөл атқаратынына көздерін жеткізу;

– педагог-психолог мамандармен байланысу арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру жұмыстарын қол жетімді ету;

Біздің ойымызша–ең жақсы әдіс – ата-аналардың өздерінің арасында бала тәрбиесіне байланысты клуб құру. Бұл клубта ата-аналар бала тәрбиесіне қатысты өздерін толғандырып жүрген мәселелермен басқа адамдармен бөлісу мүмкіндігіне ие бола алады, солайша ата-аналар бір-бірімен тәжірибе алмастыра алар еді. Бұл клубтардың қызық өтуі үшін ата-аналар бала тәрбиесіне байланысты әртүрлі ойындар ойнайды, жарыстар ұйымдастырады, пикникке шығады.

Ата-аналардың клубқа келуге мүмкіншіліктері болмаған жағдайда, өзара сайт ашып сол сайттарда бала тәрбиесі мәселелерін қарастыра алады.-Қазіргі ата-аналар және халық бұқара арасында психологиялық және педагогикалық білімді насихаттаудың маңызы өте зор. Насихат жұмысы оқыту мен тәрбие міндеттерін шешуге әсер етеді. Тәрбие процесінде жеке адамның қалыптасуы ата-аналардың ықпалына, олардың жалпы және педагогикалық мәдениетіне байланысты. Педагогтер мен ата-аналардың мақсатты түрде ұйымдасқан өзара қарым-қатынасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылады және өз міндеті ретінде ата-аналардың педагогикалық ұстанымдарын белсенді қалыптастыру, олардың бала тәрбиесі үшін өзінің азаматтық парызы мен жауапкершілігін түсіну деп біледі.

Қоғамның қазіргі заманғы өтпелі жағдайында, көптеген мәдени-адамгершілік дәстүрлерді, этнотарихи құндылықтарды жоғалту кезеңінде адамның отбасына деген қатынасын зерттеу ерекше маңызға ие болады. Отбасы адамзат тарихында әлеуметтік институт ретінде қоғамда неғұрлым тұрақты болып қала береді. Осы тұрғыда ата-аналардың педагогикалық және психологиялық мәдениетін жетілдіру мәселелері өте маңызды.

Бізде осындай іс-шаралар жиі болып тұруы керек. Қазақ халқында мынандай мақал бар :«Ұянда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» , яғни ұяда бала тәртіп пен жақсы тәрбиені көрсе, болашақта елімізге пайдасын тигізері сөзсіз. Қазақ елінің жарқын болашағы – оның білімді жастары. Ел басымыз Н.Ә. Назарбаевтың айтқанындай «Бәсекеге қабілетті қоғам құру негізі- сапалы білім беру» Ал сапалы білім беру ата-ананың міндеті.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының «Білім Туралы» , 2007ж.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
3. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңы, 2002 ж.
4. «Балалар құқығы туралы Конвенция», БҰҰ (1989ж.).



5. «Пути повышения педагогической культуры современных родителей», В.Ю. Ивашенко, Я.А. Шевцев.
6. «Педагогическая культура родителей как компонент воспитательного потенциала социально неблагополучной семьи», С.Б. Сәдуақасова.
7. Гребенников И.В. Школа и Семья. - М., 1985.
8. «Педагогическая культура родителей как компонент воспитательного потенциала социально неблагополучной семьи», С.Б. Сәдуақасова.
9. Әбілова З.Ә. Этнопедагогика. – Алматы: Қазақ Әлем Тілдері Университеті, 1997. – 230 б.
10. Жанқазақова Қ. Отбасында баланы дұрыс тәрбиелеу жолдары // Бастауыш білім. – 2006. – № 1. – 23-24-бб.

УДК 376.42

## **АҚЫЛ-ОЙ КЕМІСТІГІ БАР ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТТІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аяганова Н.Н.

**Ғылыми жетекші:** Ауренова М.Д., психол.ғ.к.,  
қауымдастырылған профессор

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: Ayaganova\_nazerke@mail.ru

Әлеуметтік интеллект-қарым-қатынас пен әлеуметтік бейімделудегі жетістіктерге әсер ететін интегралды интеллектуалды қабілет. Ол әлеуметтік объектілердің көрінісімен байланысты танымдық процестерді біріктіреді және реттейді. Оны құрайтын процестерге әлеуметтік сезімталдық, әлеуметтік қабылдау, әлеуметтік есте сақтау және әлеуметтік ойлау жатады [1]. Кейде әдебиетте әлеуметтік интеллект процестердің бірімен, көбінесе әлеуметтік қабылдаумен немесе әлеуметтік ойлаумен анықталады.

Ақыл-есі кем балалардың әлеуметтік дамуын талдау кезінде қарым-қатынас құралдары мен тәсілдерінің арасында сөйлеу, атап айтқанда оның эмоционалды-айқын немесе экспрессивті функциясы жетекші рөл атқаратынын ескеру қажет.

Когнитивті қызметтегі бұзылулардың айқын ерекшеліктеріне байланысты, ми қыртысының органикалық зақымдануы нәтижесінде және нәтижесінде ақыл-есі кем балалардағы жоғары психикалық функциялардың жетіспеушілігі нәтижесінде олар басқа адамның эмоционалдық күйлерін қабылдауда айтарлықтай қиындықтарға тап болады, бұл адамдар арасындағы қарым-қатынас процесінде адам туралы ақпаратты жеткіліксіз қабылдауға әкеліп, әлеуметтік дамуды қиындатады.

Бұл тұрғыда ақыл-ойдың қалыпты дамуы мен кемістігі бар балалардың интерпретацияларын зерттеу әдістемесін зерттеуді негізге алуға болады. Суретте бейнеленген адамдардың жанасуын қабылдау кезінде мектеп жасындағы балалар, ең алдымен, адамдар арасындағы әлеуметтік-рөлдік қатынастарды, олардың әрекеттері мен өзара әрекеттесуін көруге болады. Алайда, бейнеленген балалардың әлеуметтік мәртебесі тек жыныстық және жас ерекшеліктерімен шектеледі, ал

әңгімелесушілердің әлеуметтік позициялары жағдайды бағалау кезінде жетекші болмайды. Оқушыларға тікелей бақылаудан жасырылған эмоционалды күйлер мен ішкі тәжірибелерді, әңгімелесушілердің мінезін түсіну қиынға соғады; өз көзқарасын білдіру, жағдайды сипаттау, пәнаралық қатынастардың құрылымы, балалар физикалық компоненттерге көбірек көңіл бөледі [2].

Қабылданған семантизация ситуациялық компоненттерге немесе оны тудыратын тітіркендіргіштерге сүйене отырып, суреттің сюжетін сипаттау арқылы жүзеге асырылады. Балалар жағдайды нақты, тікелей ұсынылған мәліметтерден алшақтап, қабылданған нәрсені бейнелі жалпылауды қолдана алмай қиналады. Бұл екі санаттағы балаларға тән. Алайда, ақыл-есі кем балаларда, біріншіден, суретте бейнеленген адамдардың жасырын сипаттамаларын түсінуге, жалпы өзара әрекеттесудің бүкіл жағдайын бағалауға белсенділіктің болмауы байқалады; екіншіден, белсенді сөздіктің қалыптасуының артта қалуынан, лексемалардың мазмұнының сараланбауынан, монотондылығынан және нәрестелігінен көрінетін сипаттамалық мүмкіндіктердің төмен деңгейі. Ақыл-есі кем балалар орнатуға көбірек бейім, мұндай өзара әрекеттесулер бірдей психологиялық мағыналармен сипатталады, көбінесе суреттер ұқсас деп түсініледі. Қалыпты интеллектуалды дамуы бар балалар көлемі жағынан үлкен және психологиялық мағыналардың сараланған сөздігіне ие.

Қалыпты интеллектісі бар балалардың әлеуметтік қабылдауының даму динамикасын орта мектепте әлеуметтік қабылдау қабілетінің жаңа деңгейіне көшу ретінде сипаттауға болады. Ақыл-есі кем балаларда динамика тек компенсаторлық сипатқа ие, яғни психологиялық құндылықтар көлемінің ұлғаюы ғана жүреді.

Ұжымдағы әлеуметтік мәртебе және бірлескен қызметке қатысуды өзіндік бағалау деңгейі сияқты факторлар әлеуметтік-қабылдау дағдылары мен дағдыларының дамуына әсер етеді. Баланың қоршаған әлеммен қарым-қатынас жүйесі отбасында қалыптасады, сондықтан қарым-қатынасты қабылдау мен түсінудің ерекшеліктері баланың ерте балалық шақтағы ересектермен физикалық байланыстарының жеткіліктілігі мен тепе-теңдік деңгейімен және оларды маңызды ересектердің өзара және мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаға қатысты оңтайлы пайдалануымен анықталады.

Ақыл-есі кем қалыпты балалар сияқты, әдетте, қарым-қатынас жағдайында ым-ишараны қолдануға оң көзқараспен қарайды. Жанасуды қолданудың жас динамикасы олардың маңыздылығының төмендеуімен сипатталады. Алайда, қалыпты дамуы бар балалардағы суреттерде бейнеленген адамдардың жанасуына деген көзқарас интеллектуалды патологиясы бар балаларға қарағанда анағұрлым маңызды. Жасы ұлғайған сайын балалардың екі санатында да ересектердің жанасуына қатысты теріс мәлімдемелер саны артады.

Орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы баланың жеке дамуының негізі болып табылатын қоршаған орта туралы шындыққа саналы көзқарастың уақтылы пайда болуына жол бермейді.

А.А. Катаева, Е.А. Стребелева әлеуметтік-эмоционалды дамудың өзіндік ерекшелігі ерте жастан бастап танымдық белсенділігі дамымаған балаларда көрінетінін атап өтті. Дені сау құрдастарынан айырмашылығы, олардың қоршаған

әлемді білуге деген қажеттілігі жоқ, сыртқы ынталандыруларға реакцияның төмендеуі, немқұрайлылық байқалады [3].

Танымдық белсенділіктің төмендеуі "бұл кім?». Эмоционалды сезімталдықтың қалыптаспауы, эмоционалды тәжірибенің болмауы, күнделікті жағдайларда эмоцияларды білдірудің әдістері балалардың әлеуметтік қатынастарды игеруін қиындатады.

Л.Ф. Хайртдинова өз зерттеулерінде атап өткендей, интеллектуалды саланың дамымаған балалары үшін пәндік әлемнен өзінің "Мен" концепциясының қалыптасу қиындығы тән. Сонымен қатар, олар адам туралы белгілі бір білім тәжірибесін жинақтайды, әлеуметтік тәжірибенің тарлығы байқалады, бұл қарым-қатынас тәжірибесін шектейді. Болашақта баланың жағымды өзін-өзі сезінуі, жеке маңыздылығын сезінуі дамымайды және өзін-өзі тану үшін жағдай жасалмайды [4].

Бұл әлемде өзін-өзі тану процесінің маңызды негізі, оның бірегейлігін анықтау қызметке қосу арқылы жүзеге асырылады. Дамудың алғашқы кезеңдеріндегі жастың жетекші іс-әрекеті ретінде эмоционалды оң қарым-қатынастың қалыптаспауы баланың пәндік іс-әрекетте ересектермен ынтымақтастығының болмауына әкеледі. Мұндай ынтымақтастықтың нәтижесі болып табылатын "біз" жүйесі ұзақ уақыт бойы қалыптаспайды.

Интеллектісі дамымаған балалар үшін моторлық сферасының қалыптаспауы тән, бұл заттармен қозғалыстар мен әрекеттерді, ересектермен физикалық практикалық қарым-қатынасты қалыптастырудағы қиындықтарды тудырады. Нәтижесінде сіздің денеңіз туралы идеяларды қалыптастыру үшін негіз жасалмайды.

О.П. Гаврилушкина жүргізген зерттеулерде өздерінің сыртқы келбеті туралы біртұтас идеяны құрудың біршама қиындықтары көрінеді [5]. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ақыл-есі кем балалардың мектеп жасына дейінгі кезеңінде адамның денесін бейнелеу кезінде элементтердің бірі, мысалы, басы қолданылады. Сондай-ақ, бейнеленген дене бөліктерінің санында сәйкессіздік бар: балалар өздерін бір немесе бірнеше көзбен, қолдармен, аяқтармен бейнелейді. Осылайша, балалық шақтағы белгілі бір жағдайға, белгілі бір қарым-қатынасқа байланысты жеке идеялар өзін-өзі толық түсінудің болмауын анықтайды.

С.М. Григорьев, Т. А. Процко, О. Е. Шаповалова интеллект дамымаған балаларда өздерінің эмоционалды-ерікті саласының қалыптаспағанын атап өтті. Эмоционалдылық пен экспрессивтілік, тәжірибенің реңктерін түсінбеушілік, эмоционалды реакциялардың үстірттігі мен тұрақсыздығы балалардың эмоционалды тәжірибесін шектейді, басқа адамдардың эмоционалды күйлерін адекватты қабылдау қабілетіне әсер етеді.

Танымдық және эмоционалды-ерікті саланың ерекшеліктері, басқалармен байланыстың төмендеуі балалардың адамдардың көптеген тәжірибелерін түсінбеуіне әкеледі, сондықтан айналасындағылар оларды қызықтырмайды және эмпатияға қол жеткізе алмайды.

Адамдардың бейнелерін, олардың жеке қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру адамның объектінің бейнесін және ол туралы білімін қалыптастыратын заңдарға бағынады. Интеллектуалды жеткіліксіздігі бар

балаларда қоршаған орта туралы шындықтың объектілері мен құбылыстарын қабылдау процесінде ерекше белгілер бар.

Бұл процесстің қиындықтары инерттілікпен, сезімнің жеткіліксіздігімен және сенсорлық материалды ұйымдастыру мен интеграциялаудың жеткіліксіздігімен байланысты. Интеллектуалды жеткіліксіздігі бар бала бір рет қабылданған құбылысты басқа көзқараспен қабылдай алмайды. Ол оған жаңа түсінік бермейді, тіпті қате түсінікте қалыптасады.

Балалардың бұл санаты шындықтың жеткіліксіз көрінісімен сипатталады: талдау процестерінің қиындығы, қабылданған синтез, бұлардың барлығы қоршаған ортада адекватты бағдар жасауға кедергі келтіреді. Ақыл-ойдың дамымауына байланысты балалар басты нәрсені әрең ажыратады, бөліктер арасында ішкі байланыс орнатпайды, әрдайым сөзбен жеткізе алмайтын ұқсастықтарды тікелей түсіруді қолданады. Тән ерекшелігі-қабылдаудың тарлығы, бұл оқушылардың белгілі бір жағдайда жүруіне кедергі келтіреді.

Осылайша, ақыл-есі кем балалардың ерте әлеуметтік-эмоционалдық дамуындағы өзгерістермен қатар, белгілі бір ерекшеліктер қарқынның баяулауымен, көлемнің тарылуымен, тұтастықтың бұзылуымен сипатталатын қабылдау процесіне де тән (И.М. Соловьев, Э. А. Евлахова, К. И. Вересотская, М. М. Нудельман).

Әлеуметтік интеллектті қалыптастыру мүмкіндігі серіктестің коммуникативті жағдайдағы мінез-құлқын барынша түсіндіру қабілетіне әсер ететін алғышарттардың болуына байланысты. Бұл алғышарттар болмаған кезде әлеуметтік интеллектті қалыптастыру қиынға соғады.

Әлеуметтік интеллектті қалыптастырудың бірінші алғышарты-тұлғаның әлеуметтік бағыты. Жасына қол жетімді эмоционалды күйлердің психологиялық маңыздылығы туралы оқушылардың идеяларын нақтылау және байыту бойынша педагогикалық жұмыс өмірдің күнделікті жағын ғана емес, сонымен бірге адамның ішкі әлемін де талдауға мүмкіндік береді, нәтижесінде танымдық іс-әрекеттің объектісі танымдық іс-әрекеттің дамымаған балалардың басқа адамдардың іс-әрекеттеріне эмоционалды қатынасы болады. Бала өзін түсінуге, өзінің және басқалардың мінез-құлқының себептерін анықтауға бағытталған.

Екінші алғышарт-вербалды емес мінез-құлықты анықтаудың тірек элементтерінің жүйесін меңгеру. Танымдық белсенділігі дамымаған балаларда арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жұмыс барысында мимика, пантомимика, сөйлеудің интонациялық экспрессивтілігі арқылы әртүрлі эмоционалды жағдайларды анықтау қабілетін қалыптастыруға болады. Н. А. Першина атап өткендей, балалардың танымдық іс-әрекетінің дамымауымен тұлғааралық қарым-қатынас процесінде вербалды емес қарым-қатынас құралдарын қолдану мүмкіндігі жақсы сақталған. Осылайша, вербалды емес мінез-құлықты түсіндіру қабілетін қалыптастыру қабілеттің сақталған саласына қатысты жаттығулар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін [6].

Адамның ішкі өмірі туралы идеялар ауызша делдал болуы керек. Сондықтан танымдық белсенділігі дамымаған балалардың әлеуметтік интеллектісін қалыптастырудың үшінші алғышарты олардың сөздерін ауызша түсіндіру үшін

қажетті тілдік құралдармен қамтамасыз ету болып табылады. Ауызша қарым-қатынас құралдарын оларды вербалды емес құралдармен біріктіру жағдайында қолдану қарым-қатынас жағдайындағы серіктестің эмоционалды күйлерін барабар түсіндіруге ықпал етеді. Сөздік қорында эмоцияларды белгілеу үшін қажетті лексиканың болуы танымдық белсенділігі дамымаған балалардың әлеуметтік интеллектінің қалыптасу деңгейінің жоғарылауына айтарлықтай әсер етеді.

Әлеуметтік интеллектті қалыптастырудың төртінші алғышарты-әлеуметтік қатынастардың оң тәжірибесі. Вербалды емес мінез-құлықты тану қабілетінің қалыптасу деңгейін арттыру, эмоционалды күйлердің психологиялық маңыздылығын ауызша түсіндіру процесін белсендіру басқалармен өзара әрекеттесуді реттеу қабілетін қалыптастыру үшін негіз жасайды.

Дамуында кемістігі бар балаларды сәтті біріктіру (қоғамға қосу) үшін "қарым-қатынас, әлеуметтік тәжірибе және ойлау қабілеттері маңызды". Әлеуметтік және эмоционалды дамудың кемшіліктері Әлеуметтік және эмоционалды дамудағы ауытқуларды, байланыстардағы шектеулерді, даму бұзылыстарының, соның ішінде танымдық саланың нашарлауын біріктіретін тұйық шеңбердің қалыптасуына әкеледі.

Ақыл-есі кем балалардың бейімделу әлеуетінің төмендеуінің себебі олардың айналасында қалыптасқан әлеуметтік жағдайларды жеткіліксіз түсінуде жатыр. Интеллектуалдық жеткіліксіздікте әлеуметтік бейімделудің бұзылуының себептері мен белгілері жеке тәжірибеде проблемалық жағдайды шешу үшін қолайлы іс-қимыл бейнесі болмаған кезде көрінеді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Маджидов Д.Б., Маджидова В.М., Шарофиддинов А. Социальный интеллект как совокупность способностей, обеспечивающих адаптацию личности в обществе / Актуальные вопросы современной психологии: материалы IV Междунар. науч. конф. – Краснодар: Новация, 2017. - С. 22-24.

2. Першина Н.А. Коррекция отклонений в процессах восприятия, понимания и употребления тактильно-кинестезических знаков невербального общения у умственно отсталых детей. -Автореферат дисс. канд. пед. наук. Екатеринбург: УрГПУ, 1999. - 19 с.

3. Катаева А.А., Стребелева Е.А. Дошкольная олигофренопедагогика: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2005. - 208 с.

4. Хайртдинова Л.Ф. Формирование первоначальных представлений о себе у дошкольников с нарушением интеллекта // Дефектология. - 2001.-№ 2. - С. 28-34.

5. Гаврилушкина О.П. Обучение конструированию в дошкольных учреждениях для умственно отсталых детей.- М.: Просвещение, 1991.-94 с.

6. Першина Н.А. Тактильно-кинестезические знаки невербального общения: восприятие, понимание и употребление: монография. - Бийск: БПГУ им. В.М.Шукшина, 2008. 360 с.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ**

Бакиянова Б.Ж., Кобыкбаева А.А.

«Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ,  
Өскемен қ., Қазақстан

«Әдебиеттік оқу» терминін екі мағынада түсіну керек: оқыту әдісі ретінде және «әдебиет» пәнін игеруге дайындық кезеңі ретінде.

Бастауыш сыныптарға арналған әдеби оқуда шартты түрде екі кезең бөлінеді: дайындық және негізгі. Оқудың екінші жылы дайындық кезеңі деп аталады, өйткені екінші сынып оқушылары мәтінді толық және жылдам оқу қарқынымен оқи алмайды.

Автоматтандырылған дағды ретінде оқу екінші оқу жылының соңына дейін қосылмайды. Осыған байланысты оқудың өзін, яғни әр түрлі мәтіндерді оқудың техникалық дағдыларын игеру, өзін-өзі оқуды жетілдіру және мәнерлеп оқу бастауыш сыныптарда оқудың барлық кезеңінде жалғасады және шығармаларды талдау процесінде ұйымдастырылады. Бұл бағыт, атап айтқанда, оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмысты шығармамен үйлестіру тақырыптың маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Кез-келген мәтінді оқуға және түсінуге үйреткен кезде мұғалім оқушыларды мәтіннің құрылымына және оның ерекшеліктеріне бағыттауы керек: тақырыптың болуы, негізгі идея, абзацтар, сөйлемдер арасындағы Әртүрлі байланыстар, өйткені мәтін тұтастықпен, үйлесімділікпен, дәйектілікпен сипатталады [1].

«Әдебиеттік оқу» пәні баланың эмоционалды, шығармашылық, әдеби, оқу, сөйлеу дамуының мәселелерін жан-жақты шешеді. Әдеби оқудың бұл аспектісі келесі ерекшеліктерді көрсетеді: оқушылардың белсенді шығармашылық белсенділігімен бірге әдеби шығармаларды дамыту, олардың эмоционалды саласын дамыту; шығармаларды толық қабылдау мен түсінуді, кітап әлеміне бағдарлауды қамтамасыз ететін оқушылардың оқу дағдылары мен әдеби идеяларын дамыту және қалыптастыру; көркем шығарманың тілі мен балалардың сөйлеуін дамыту бойынша бір уақытта жұмыс жасау; балалар кітабымен арнайы зерттеу объектісі ретінде жұмыс істеу.

Балалардың оқу шеңберіне әдеби шығармашылықтың барлық бағыттарын білдіретін әртүрлі жанрдағы шығармалар кіреді. Әр түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды оқу және түсіну негізінде жас оқушылар өздерінің оқу көкжиегін кеңейтеді. Әдебиет заңдары шығарманың жанрлық ерекшелігін ескере отырып, оның мазмұны мен формасының біртұтастығына талдау жасауды қамтиды. Бастауыш сыныптарда көркем шығарманы мектептегі талдаудың маңызды кемшіліктерінің бірі-ауызша өнердің рулық-түрлік-жанрлық ерекшелігін елемей [2].

А.Б.Есин әдебиетті сөз өнері ретінде қабылдау заңдылықтарына негізделген бастауыш сыныптардағы әдеби шығармаларды зерттеудің осындай ғылыми-

әдістемелік принциптерін анықтайды және оларды түсіндіру бастауыш мектеп жасындағы балалардың психикалық ерекшеліктерін ескереді:

Мақсаттылық принципі. Бұл принцип былай дейді: шығарманы зерттеу, оның ішінде оны талдау мақсатты болуы керек. Осы принциптен екі әдіснамалық қорытынды шығады.

1. Әр әдебиет сабағының басты мақсаты - шығарманың көркемдік идеясын игеру.

2. Мұғалімнің әрбір сұрағы, оқушылар орындайтын әрбір тапсырма белгілі бір мақсатқа ұмтылады, сабақтың мақсатына жету, шығарма идеясын меңгеру қадамы болып табылады.

3. Оқуды біртұтас, тікелей эмоционалды қабылдауға сүйену принципі. Бұл принциптің мәні-мәтінді талдау балалардың жұмысты тұтас, тікелей эмоционалды қабылдауынан кейін ғана жүзеге асырылады.

Егер жұмыс көлемді болса және 20-25 минут ішінде дауыстап оқу мүмкін болмаса, онда принцип бұзылуы мүмкін, өйткені жас оқушыларға 30-40 минут ішінде жақсы оқуды тыңдау қиынға соғады - олар алаңдатады, яғни мәтінді қабылдау сөзсіз бұрмаланады. Қабылдаудың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру принципі. Басқаша айтқанда, сабақта ұйымдастырылған жұмыстың мәтінін түсіну процесі баланың жас және жеке ерекшеліктеріне негізделуі керек, оның проксимальды даму аймағын кеңейтеді. Бірақ бір жастағы әр түрлі балалардың бірдей жұмысты қабылдауы әлі де жеке боялған және тереңдігі, дәлдігі және эмоционалдылығымен ерекшеленеді [3].

- **Қажеттілік принципі.** Жұмысты талдау тек мұғалімнің мақсаттары мен міндеттерінен ғана емес, сонымен бірге баланың оқылған немесе естігенін түсіну қажеттілігінен туындауы керек. Ерекшеліктері қабылдау шығармалары оқушылардың кіші мектеп жасындағы ерекшелігі, оларға керек емес қайта оқу және талдау. Балалар бәрін дұрыс түсінгеніне сенімді. Мұғалім балаларға мәтінді қайта оқу қажеттілігін оятуы керек, бұл олардың бәрін әлі түсінбегенін, мәтінде шеше алатын көптеген жұмбақтар бар екенін байқамады.

- **Шығарма мәтініне мұқият қарау принципі.** Талдау жұмыс мәтініне мұқият назар аударуды қажет етеді. Іс жүзінде бұл қағида негізсіз бұзылады: бұл оқулықтардағы жұмыстардың қысқаруы, кітаптардың жеке тарауларын зерттеу; бұл сабақтардағы әңгімелер, онда оқушылар іс жүзінде шығарманың мәтініне жүгінбейді, тек эмоцияларымен бөліседі.

- -шығарманы оның формасы мен мазмұнының бірлігінде зерттеу принципі. Бұл принцип өмірлік жағдай емес, осы жағдайдың бейнесі талданады дейді. Бұл принцип шығармадағы форма мен мазмұнның бірлігі туралы белгілі ережеден туындайды. Нәтижесінде біз балаға әдеби шығармада тек мазмұны ғана емес, оның көркемдік формасы да маңызды екенін көрсетуге тырысамыз.

- **таңдау принципі.** Жұмысты талдау таңдамалы болуы керек. Бір сабақта және тіпті бірнеше сабақта әдеби шығарманы оның барлық аспектілерінде қарастыруға болмайды. Селективтілік принципі көркемдік элементтердің барлық түрлерінен біз тек авторлық идеяны нақты білдіретіндерді талдау үшін таңдауымыз керек деп болжайды. Мұғалім әрқашан талдау үшін материалды таңдау проблемасына тап болады және оны баланың орындылығы, қол жетімділігі және

даму перспективасының дидактикалық принциптерін басшылыққа ала отырып жүргізеді.

- **адалдық принципі.** Жұмысты талдау таңдамалы бола отырып, тұтас болып қалуы керек. Бұл принцип сабақта көркем мәтінді тұтас, барлық элементтері өзара байланысты жүйе ретінде қарастыру керек дегенді білдіреді. Талдау үшін материалды таңдағанда, біздің мақсатымыз-көркемдік формада және мазмұнда ерітілген шығарма идеясын игеру екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан жұмыстың әр элементі идеяның тасымалдаушысы ретінде қарастырылады.

- **-шогырландыру принципі.** Мектептегі әдеби шығарманы талдау Балалардың әдеби дамуына ықпал етуге арналған. Талдау процесінде жұмыстың ерекшелігін сақтай отырып, оқушылар бастапқы әдеби идеялар мен оқу дағдыларын игереді, яғни олар оқырман ретінде де, тұлға ретінде де дамиды.

- **-синтездеу принципі.** Мәтінді талдау синтезбен аяқталады. Бүкіл құрылымдағы олардың рөлін түсіну үшін мәтінді оның элементтеріне бөліп, ақыр соңында шығармаға көркемдік тұтас, яғни идеяға оралу керек.

Бастауыш мектептің басты міндеттерінің бірі-балаларға барлық кейінгі білім беру үшін негіз болатын оқу дағдыларын тәрбиелеу. Білімді оқу дағдысы кем дегенде екі маңызды компонентті біріктіреді: а) оқу техникасы (бір жағынан олардың визуалды мысалдары мен екінші жағынан акустикалық және моторлы сөйлеу мысалдары арасындағы байланыс негізінде қалыптасқан сөздерді дұрыс және тез қабылдау және айту), б) мәтінді түсіну (шығару оның мағынасы, мазмұны). Жасыратыны жоқ, бұл екі компонент бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне негізделген: мысалы, оқу техникасын жетілдіру оқылатын нәрсені түсінуді арттырады, ал түсінуге оңай мәтін тезірек және дұрыс қабылданады. Сонымен қатар, оқу дағдысын тәрбиелеудің алғашқы кезеңдерінде оның техникасына, келесі кезеңдерде мәтінді қабылдауға үлкен мән беріледі.

Қазіргі әдебиет сабағы-бұл оқушының сезімдері мен рухани әлеміне эмоционалды әсер ету арқылы жағымды тұрақты мотивацияны құруға бағытталған белгілі оқыту әдістері мен әдістерінің үйлесімі және олардың шығармашылық модификациясы.

Оқырмандардың қызығушылығын қалыптастырудың негізгі бағыттары оқытушылардың тәжірибесін зерделеу нәтижесінде анықталды [5].

1. Оқуға деген қызығушылықты дамытатын жобалар.

Жобалау әдісі оқырман қызығушылығын дамыту мен қалыптастырумен байланысты, өйткені ол оқушылар мен мұғалімнің шығармашылық бастамасына мүмкіндік береді, олардың бірлескен ынтымақтастығын болжайды, бұл баланың оқуға деген оң уәжін тудырады. Жоба сонымен қатар құнды, өйткені оны жүзеге асыру барысында оқушылар өз бетінше білім алуға, танымдық және білім беру қызметінде тәжірибе жинауға үйренеді. Жобалар оқушының жеке басын зерттеуге де, оның айқын немесе ықтимал бейімділігі мен мүдделерін анықтауға және оятуға бағытталған.

«Талантты оқырмандар» жобасы ата-аналармен тығыз байланыста жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

«Талантты оқырмандар» жобасының талаптары



- ата-аналарды тестілеу, бұл оларға баланың оқу шеңберіне назар аударуға көмектеседі және оқушының оқу белсенділігіне пайдалы әсер ету тәсілдерін көрсетеді;

- әртүрлі жас топтарындағы оқушыларды тестілеу, оның мақсаты - Өзін оқырман және тұлға ретінде ашуға көмектесу;

- балалар қабылдауының сапалы жағын дамытуға арналған ойындар, конкурстар, тапсырмалар;

- балалар мен ата-аналарға «менің отбасымның оқырмандық әдеттері» сауалнамасы;

- оқырмандардың күнделіктерін зерттеу;

- балалар оқуының картотекасын жасау;

- оқушылардың оқу тәжірибесін көрсетуге бағытталған шығармаларын талдау («менің үйімнің кітапханасы», «мен оқырманмын», «оқырманның мойындауы»..);

- ата-аналарға кітаппен өз бетінше жұмыс істеу қабілетін жан-жақты бақылауды жүзеге асыруға көмектесетін жадынамалар;

- экскурсиялар.

Оқушылардың оқу тәжірибесін кеңейту және олардың қызығушылықтарын ескеру үшін оқудың «үш шеңберін» ұйымдастыруға болады (оқу және оқуға арналған бағдарламалық шығармалар, өздігінен оқуға және сыныпта талқылауға арналған шығармалар, сыныптан тыс оқуға арналған шығармалар

«Отбасылық оқулар» жобасы мұғалім ұсынған және ата-аналар мен балалар алдын-ала оқыған кітаптың Тақырыптық ата-аналар жиналысында ұжымдық талқылауды қамтиды.

## 2. Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Сыныптан тыс оқу- мұғалімінің жұмысындағы маңызды бағыттардың бірі, ол оқушылардың оқу тәуелсіздігін дамытуға, олардың оқу қызығушылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді және мектеп курсының негізі болып табылады.

Оқушылардың оқырмандық қызығушылығын дамытудағы жұмыстың негізгі буыны әдеби ойындар мен әдеби мерекелерді ұйымдастыру болып табылады, оның барысында ойыншылардың зияткерлік, адамгершілік, ерік-жігер қасиеттері дамиды, көкжиегі көрінеді және жақсарайды, балалардың бейімділігі мен қабілеттері белсендіріледі.

Сыныптағы әр оқушының өз «жетістік ағашы» бар, ол баламен сыныптан сыныпқа дейін өседі. Әр оқу жылының соңында зияткерлік көшбасшылар мен жылдың белсенді оқырмандары анықталады.

## 3. Оқу мәдениетін қалыптастыруда мұғалім мен кітапханашының өзара әрекеті.

Педагог пен кітапханашының ынтымақтастығында «кітап ауруханасы», «мейірімділікті шеңберге бер», «оқуды ұнататындар клубы», «Кітап банкетіне» «кітап мәзірі», «оқырман күнделігі» жобаларын қалыптастыруға көмектесетін оқуға деген сүйіспеншілікті, кітапқа деген ұқыпты қарым-қатынасты дарыту жөніндегі бірлескен іс-қимылдар маңызды құрамдас бөліктер болып табылады. Кітапханашымен бірге оқушылар кітаппен жұмыс істеу жүйесін меңгереді, оқу

тәсілдерін біртіндеп меңгерумен танысады (ұғынықты, мәнерлі, ойлы түрде), оқығанын жеткізе білуді жетілдіреді (егжей-тегжейлі, іріктеп, қысқаша).

Оқушыларға өз деңгейіне сәйкес келетін кітаптарды таңдауға көмектесу дұрыс бастауды табудың байланыстырушы буыны бола алады, ал оқушылардың оқу күнделіктерінің мазмұны мұғалім мен кітапханашыға оқушылардың оқу дағдылары мен қалауларын бағалауға көмектеседі.

#### 4. Оқырман қызығушылығын дамытудағы интернеттің рөлі

Қазіргі балалар мен жасөспірімдер үшін Интернет ойын-сауықтан басқа, қажетті ақпаратқа қол жеткізудің бір әдісі болып табылады. Балалардың Интернетке және ақпараттық технологиялардың басқа элементтеріне деген құштарлығын балалардың танымдық қызығушылықтарын кеңейту және ояту үшін пайдалануға болады.

#### 5. Ата-аналармен өзара әрекеттесу

Оқушылардың ата-аналарымен уақтылы және тығыз байланыс балалардың оқуға деген қызығушылығын тереңдете отырып, олардың атынан қажетті және сенімді көмекшілерді табуға мүмкіндік береді.

Оқу-бұл еңбекқорлықты, ақыл мен жүректің жұмысын талап ететін адам мен кітап арасындағы диалогтың бір түрі. Кітаптар адамды жақсырақ етеді және бұл басты шарттардың бірі, өнердің жалғыз мақсаты.

Бала қандай кітаптарды оқиды, көбінесе ол қандай адам болатынын анықтайды. Кітап адамның адамгершілік қасиеттерін, оқушының рухани әлемін тәрбиелейді және қалыптастырады, өйткені ол арқылы адамгершілік құндылықтар мен нормалар бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріледі.

Балаға оқу қажеттілігін түсінуге көмектесу, ең жақсы кітаптарды оқуға деген қызығушылықты ояту және оларды талантты оқу - ересектердің міндеті (ата-ана, жазушы, баспагер, мұғалім, кітапханашы, тәрбиеші болсын), оқу күшіне сенетін және өз елінің мәдениеті мен зияткерлік қуатын жандандыру үшін тамырлайтындардың міндеті.

### Әдебиеттер тізімі

1. Система работы по выработке сознательного отношения к чтению и повышению качества обучения. Читательский дневник для учащихся 1 класса: «Что и как читать?». festival@1september.ru

2. Составитель Попова Г. П. Классные часы. 4 класс/ сост. Г. П. Попова. – Волгоград: Учитель, 2010. - 271с.

3. Тихомирова И. И. "В них есть добро, любовь и счастье" (Творческое чтение сказок)/ И Светловская Н.Н. О литературном произведении и проблемах, связанных с его осмыслением при обучении младших школьников чтению/ Н. Н. Светловская // Начальная школа. - 2005. - № 4. - с.8-15 (Продол. № 5, 6). И. Тихомирова // Начальная школа: плюс до и после. - 2003. - № 8. – с.34.

4. Тихомирова И.И. Психология детского чтения от А до Я. Методический словарь – справочник/ И.И.Тихомирова – М.: Школьная библиотека, 2004.

5. Джежелей, О. В. Формирование круга чтения младших школьников / О. В. Джежелей // Начальная школа. – 194421389. – № 3. – с. 17–18.

6. Зобнина, М. А. Как пробудить у младшего школьника интерес к чтению? / М. А. Зобнина // Начальная школа. – 2007. – № 8. – С. 35–43.

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ФОРМАСЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Бақытқанова А.Б., Фаилова Ж.М.




Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша  
«Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ,  
Өскемен қ., Қазақстан

Білімге тұлғаға бағытталған көзқарас, бір жағынан, мұғалімнің оқушының жеке басына саналы бағдарлануын білдіреді, бұл оның дамуының шарты болып табылады, ал екінші жағынан, жеке бағдар мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесу процесі ретінде олардың дамуының мәні болып табылады.

«Адамды тәрбиелеу дегеніміз-оған мәдениеттің субъектісі болуға көмектесу, оған өмірді құруға үйрету, бұл баланың өзін осы процеске тартуды білдіреді» [1, 34].

Бұл мұғалімнің алдын-ала белгілеген қасиеттерін қалыптастыру туралы емес, баланы мұғалім анықтаған бағытқа айналдыру туралы емес, баланың басынан бастап оған тән қасиеттер мен қабілеттерді дамытуға көмектесу туралы емес екеніне назар аударайық.

Білімге жеке тұлғаға бағытталған көзқарас нормалар, нормативтілік, критерийлер және т.б. сияқты педагогикадан бөлінбейтін терминдер туралы жаңа түсініктерді болжайды. Жаңа идеяның ерекшелігі-оқушының жеке дамуындағы оң өзгерістер динамикасының құндылығын тану және оларға ұмтылу, сонымен қатар «норманы» білім беру процесінің түпкі мақсаты емес, аралық ретінде қарастыру.

	<p>гуманитарлық, оның мәні адамның ішкі құндылығын мойындау және оның физикалық және моральдық денсаулығын қамтамасыз ету</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• өмірдің мәні мен ондағы белсенді позицияны, жеке басының бостандығы мен өз әлеуетін барынша арттыру мүмкіндігі</li> <li>• Бұл функцияны жүзеге асырудың құралдары-түсіну, өзара түсіністік, қарым-қатынас және ынтымақтастық</li> </ul>
	<p>білім беру арқылы мәдениетті сақтауға, беруге, жаңғыртуға және дамытуға бағытталған мәдени-шығармашылық (мәдениет қалыптастыратын).</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• функцияны іске асыру адамды мәдениет әлемімен таныстыруға, оған біртұтас мәдениет арқылы басқа адамдармен қауымдастық сезімін беруге мүмкіндік береді</li> <li>• функцияны іске асырудың тетігі-мәдени сәйкестендіру адам мен оның халқы арасында рухани байланыс орнату, ұлттық мәдениетке деген сезімді сезіну</li> </ul>
	<p>адамның қоғамға ауыртпалықсыз кіруі үшін қажетті және жеткілікті әлеуметтік тәжірибені ассимиляциялау мен көбейтуді қамтамасыз етуді қамтитын әлеуметтену</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• іске асырудың нәтижесі-рефлексия</li> <li>• Шығармашылық кез-келген іс-әрекеттегі жеке ұстаным және өзін-өзі анықтау</li> </ul>

Сурет 1 Білім беру мақсатын жүзеге асырудың адами функциялары

Тұлғаға бағытталған білім берудің мақсаты – «баллада өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, бейімделу тетіктерін қалыптастыру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу

және жеке тұлғаның өзіндік имиджін қалыптастыру және адамдармен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен диалогтық өзара әрекеттесу үшін қажет» [2, 17].

Тұлғаға бағытталған білім беру мақсатын осындай түсіндіруге сүйене отырып, оның негізгі адами функциялары анықталады.

М.И.Лукьянова жеке тұлғаға бағытталған білімнің мазмұны оның адамның экзистенциалды қажеттіліктерін қанағаттандыруға, яғни оның болмысы мен жеке өмірінің қажеттіліктері мен мағынасына: өзін, дүниетанымын, ұстанымын, іс-әрекетін, тәуелсіздігі мен жеке жауапкершілігін еркін таңдау, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі анықтау және шығармашылық. Тұлғаға бағытталған білім берудің мазмұны адамға өзінің жеке басын құруға, өзінің жеке өмірлік ұстанымын анықтауға көмектесуге арналған: өзі үшін маңызды құндылықтарды таңдау, белгілі бір білім жүйесін игеру, қызығушылық тудыратын ғылыми және өмірлік проблемалар шеңберін анықтау, Өз «мен» рефлексиялық әлемін ашу үшін оларды шешудің тәсілдерін меңгеру және оны басқаруды үйрену. Осыған сәйкес тұлғаға бағытталған білім мазмұны келесі компоненттерді қамтуы керек [3, 96-б.].

Кесте 1 - Тұлғаға бағытталған білім мазмұны келесі компоненттері

Компоненттер	білім мазмұны
аксиологиялық	оқушыларды құндылықтармен таныстыруға және оларға құндылық бағдарларының жеке маңызды жүйесін таңдауға көмек көрсетуге бағытталған
танымдық	оқушыларды рухани даму негізі ретінде адам, мәдениет, тарих, табиғат, ноосфера туралы ғылыми білім жүйесімен қамтамасыз етеді);
іс-әрекеттік-шығармашылық	оқушылардың әртүрлі іс-әрекет тәсілдерін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған
тұлғалық	өзін-өзі тануды, рефлексивті қабілеттердің дамуын, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі анықтау әдістерін меңгеруді, өмірлік ұстанымды қалыптастыруды қамтамасыз етеді

Жоғарыда аталған компоненттердің әрқайсысының сөзсіз маңыздылығымен жеке компонент олардың арасында жүйе құрайтындығын атап өткен жөн. Бұл білім берудің дәстүрлі тәсілінен айтарлықтай айырмашылық, оған сәйкес танымдық компонент басымдық болып саналды.

Бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің негізінде тұлғаға бағытталған тәсіл басым болуы керек, ол жоғарыда айтылғандай, оқушының жеке қасиеттерін өзектендіруді, дамытуды, оның даралығын қалыптастыруды қамтиды. Бұл мәселені көптеген ғалымдар оқытудың әсерінен шешті. Олардың ішінде: И.С.Якиманская, Н.А.Алексеев, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин.

Ғылыми тәсілдерді жалпылау оқыту оқушылардың жеке білім траекториясы болуы керек екенін көрсетеді.

Жеке тұлғаға бағытталған сабақтарды жоспарлау және дайындау кезінде мұғалім балалардың қызығушылығынан, олардың психофизиологиялық ерекшеліктерінен туындайды. Мұғалім келесі ойларды ойластырады: баланың жеке

қасиеттеріне негізделген тапсырмалар мен оқытудың өзара әрекеттесу сипаты; баланың субъективті өмірлік тәжірибесін байыту, барлығына сәттілік жағдайын жасау үшін педагогикалық технологияларды қолдану; оқушыларды ынталандыру және білім беру міндеттерін, оларды орындау формалары мен әдістерін таңдау үшін ынталандыру әдістерін қолдану.

Соңғы жылдары «тұлғаға бағытталған білім» ұғымы педагогика ғылымында сөнге айналды.

Тұлғаға бағытталған оқыту, тұлғаға бағытталған білім беру, персоналмен жұмыс жасаудағы тұлғаға бағытталған тәсіл және т.б.-бұл «тұлғаға бағытталған оқыту» ұғымымен байланысты қоғам қайраткерлері мен білім беру басшыларының әртүрлі құжаттарда, баспасөзде, көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде қолданылатын терминдердің толық тізімі емес. Білім берудің жиі жарияланған принципі таза декларативті сипатта болады [5, 24-бет].

Бұл тұжырымдаманы түсіндіру әр түрлі - білім беруді даралау мен саралаудан бастап, бұрын осы тұжырымдамасыз сәтті аяқталған нәрсені түсіндіруге дейін, мысалы, жетімдермен, дарынды балалармен, девиантты мінез-құлқы бар балалармен және т.б. Осылайша, сараланған білім беру барлық балалар үшін сапалы білім беру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді, бірақ қазіргі мектептің басты міндеттерінің бірі-жеке тұлғаны дамыту. Бұл мәселені оқушыларға бағытталған оқыту теоретиктері мен тәжірибелері шешеді.

Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың мәнін түсіну үшін отандық ғалымдар жасаған және біздің зерттеуіміз үшін түбегейлі маңызы бар тұжырымдамаларды талдауға көшейік.

Мысалы, Ш.А.Амонашвили білім беру модельдерін шартты түрде авторитарлық-императивті және гуманистік деп бөледі.

Ш.А. Амонашвили жоғарыда сипатталған оқыту стильдерін өзара жоққа шығарады және оларды араластыруға жол бермейді. Ш.А. Амонашвилидің педагогикалық жүйесінің мәні, талдау көрсеткендей, мұғалімнің әр баладан жеке тұлға құруға деген ұмтылысы, «дамуға, өсуге және бостандыққа «күштарлығы» бар табиғаттың ең жоғары туындысы». Ғалымның пікірінше, тұлға өзімен күресте, өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтау процесінде туады ; тәрбие мен білім баланы осы даму жолына бағыттауға және оған осы қиын күресте жеңіске жетуге көмектесуі керек.

Шамасы, «жеке тұлғаға бағытталған білім беру» тұжырымдамасына мұндай көзқарастың бастысы ғасырдың басында «жаппай өндірістен жеке тұлғаға» көшу қажеттілігін түсіну болып табылады. Екінші жағынан, скептиктер бұқаралық мектептегі әр баланың кілтін табу тағы бір утопия деп санайды.


И.С.Якиманская, ол жеке тұлғаға бағытталған оқыту принциптерін құрған.

I. тұлғаға бағытталған білім-бұл баланың өзіндік ерекшелігін, өзін-өзі бағалауы мен оқу процесінің субъективтілігін бірінші орынға қоятын білім.

II. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту-бұл тек оқу субъектісінің ерекшеліктерін ескеру ғана емес, бұл «бухгалтерлік есепті» емес, өзінің жеке функцияларын «қосуды» немесе оның субъективті тәжірибесін талап ететін оқу жағдайларын ұйымдастырудың басқа әдістемесі.

Субъективті тәжірибенің мазмұнын сипаттай отырып, И.С. Якиманская оған мыналарды қамтиды:

- 1) объектілер, идеялар, тұжырымдамалар;
  - 2) операциялар, тәсілдер, әрекеттерді орындау ережелері (психикалық және практикалық);
  - 3) эмоционалды кодтар (жеке мағыналар, көзқарастар, стереотиптер) [48, 60].
- Субъективті тәжірибенің сипаттамасын А. К. Осницкий береді, онда өзара байланысты және өзара әрекеттесетін бес компонентті бөліп көрсетеді:



Сурет 4 К.Осницкийдің субъективті тәжірибесінің сипаттамасымен әрекеттесетін бес компонентті

«Жеке тұлға» ұғымын В.В.Сериков педагогикаға енгізді, ол оларды келесідей анықтайды: «бұл жағдайда жеке функциялар оның сипаттамалық қасиеттері емес (соңғысы, кейбір әмбебап деп аталатындарды қоспағанда, адамдарда әр түрлі болуы мүмкін және болуы керек), және сол көріністер, шын мәнінде, әлеуметтік «жеке тұлға болу» тәртібі [4, 18].

Бұл мүмкіндіктерге мыналар кіреді:

1. Мотивациялық - өз қызметін қабылдау және негіздеу.
2. Медиатор - адам сыртқы әсерлерге және мінез-құлықтың ішкі импульстарына делдал болады; адам мен ішкі жағынан бәрі бірдей жол бермейді, тежейді, әлеуметтік форма береді.

3. Жанжал-адам толық үйлесімділікті қабылдамайды, қалыпты, дамыған тұлға қайшылықтарды іздейді.
  4. Сыни-адам ұсынылған кез-келген құралға сыни көзқараспен қарайды, қойылған нәрсе әрқашан наразылық тудырады. Жеке-бұл сырттан емес, адамның өзі жасаған нәрсе.
  5. Рефлексивті-санада тұрақты бейнені құру және сақтау.
  6. Маңызды-адам үнемі нақтылайды, мағыналардың иерархиясын теңестіреді.
  7. Бағдарлау-жеке тұлғаға бағытталған әлем картасын, жеке дүниетанымды құру.
  8. Ішкі әлемнің дербестігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету.
  9. Спорт - тілек тануды қамтамасыз етуге өз «Мен» - басқа да.
  - 10 Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың мәні технологиялық аспектідегі жеке функциялардың жоғарыда көрсетілген сипаттамаларына сәйкес жеке тәжірибе мен оның белсенділігі арқылы оларды жандандыруға жағдай жасау арқылы ашылады.
- Мазмұн тұрғысынан тәжірибенің жеке тәжірибесі қарама-қайшылықты көзқарастардан, мағыналар иерархиясының сәйкессіздігінен, оқу мәтінінің түсініксіздігінен, мәртебенің өзгеруінен және білім беру жағдайында қалыптасатын басқалардан қамтамасыз етіледі.
- Сонымен, оқушының жеке басын ашу, ең алдымен, оның негізгі жетекші қызметінде - оқытуда, ал сабақ оны ұйымдастырудың негізгі формасы болып табылады. Жеке тұлғаға бағытталған сабақтың мақсаты-оқушының жеке басын ашуға жағдай жасау. Оқушыларға бағытталған сабақта мұғалімнің оқушылармен ынтымақтастығы мұғалімнің қолдауы мен сеніміне негізделген. Оқу процесін құру кезінде гуманистік педагогика мен психология идеялары сабақта негіз бола алады, яғни, әр баланың мүмкіндіктері ескеріледі, әр оқушының бірегейлігі мен бірегейлігі танылады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Титаренко, Н.Н. Приемы формирования умений самоорганизации учебной деятельности у младших школьников [текст]: / Н.Н. Титаренко // Народное образование. – 2008. № 1. – С. 18-26.
2. Трубайчук, Л.В. Младший школьник как субъект учебной деятельности [текст]:/ Л.В. Трубайчук // Воспитание школьников. - 2009. №7. – С. 32-46.
3. Уваров, А.Ю. Опыт педагогической мастерской [текст]: / А.Ю. Уваров // Школьные технологии. – 2010. №6. – С.13-16.
4. Филимонова, А.А. Трудности в организации и проведении уроков литературного чтения [текст]: / А.А. Филимонова // Начальная школа. – 2009. № 6. – С. 58-64.
5. Хуторской, А.В. Личностная ориентация образования как педагогическая инновация [текст]: / А.В. Хуторской // Школьные технологии. – 2008. №1. – С. 3-12.
6. Хуторской, А.В. Инновационная практика обучения Эвристическое обучение; теория, методология, практика [текст]: Научное издание / А.В. Хуторской. - М.: Международная педагогическая академия, 2011. 31—35 с.

**АУДИОКІТАПТАРДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ  
БОЯУДЫҢ ОҚЫРМАНҒА ӘСЕРІ**

Бақытқызы Д., КО-41 тобының студенті

**Ғылыми жетекші:** Қайырбекова А.Қ.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қарағанды қ., Қазақстан

e-mail: dana.bakytkyzy@list.ru; aida\_k96@mail.ru

Әдебиеттің негізгі материалы – көркем туынды екені бәріне аян. Кез келген мәлімет қара сөзбен берілген қарапайым дерекке қарағанда, оқыс оқиғамен толысқан, көркем сөзбен кестеленген әдеби туынды арқылы есте жеңіл әрі ұзаққа сақталады. Себебі жан тыртығына жамау болатын да, саф сезімге сүйеу болатын да – әдебиет. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде де: «Қара сөзден – адам тек ұғым алса», «дарынды сөз» адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, - деп қара сөз бен дарынды сөздің ара жігін ашып көрсетеді [1, 38]. Бұл жердегі дарынды сөз деген – осы әдеби шығармалар. Адам ішкі тебіренісін әдебиеттен тауып, үндеседі. Бұл пікірге М.Жұмабаевтың: «Әдебиет – елдің жадында жүре бастаған толқындардың жарыққа шыққан жаңғырығы», - деген сөзі дәлел [1,45]. Жан, рух, ішкі әлем түйсіктерін психология қарастыратын болса, М.Әуезов айтқандай: «Нағыз көркем прозаға психология араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақтақ жолы екендігі күмәнсіз». Демек психологияны талдау әдебиеттің міндеті. Себебі психологиялық талдау – адам жан дүниесінің шынайы қасиеттерін терең ашып, көрсету құралы.

Психологиялық бейнелеу құралдары келесідей тәсілдер арқылы шығармада көрініс табады:

1) Кейіпкердің жан дүниесін өзін-өзі бақылау, ішкі монолог арқылы жеткізу: Халқым, қазағым, жұртым сол. Соның күйі қалың сор... Соған мен не көмек, не басшылық еттім?...- деп, біраз үндемей қалды... - Жас шақтан әр кезде, әр атаның ұлындай жаманшылықтармен алысқан болдық. Бірақ нені жеңдік? Не жақсылық орнаттық? Кеткен өмір, өткен бейнет жемісі қайсы? Еліме жол тапсам етті, Мен болсам, өзіме де тауып жеткем жоқ. «Мақсұт алыс, өмір шақ» - деп, өзінің бұрынғы бір осындай уайымдар тұсында жазған сөзін еске алды...-Әлі де саналы жалғыздың өзімін дейсің де... «Моласындай бақсының жалғыз қалдым тап шыным» болып тұрғандай, қырсық тірлік [2,25].

«Абай жолындағы» бұл үзіндіде жазушы кейіпкерге монолог арқылы өз ойың, уайымың айтқызып қояды. Мына тіркеске назар аударсақ: «Моласындай бақсының жалғыз қалдым тап шыным». Сөз төркінін ұғынбасақ бізге қалыпты тіркес болып көрінуі есте мүмкін. Бірақ автор бір ғана бақсының моласы арқылы елден тысқары, жападан-жалғыздықты жеткізіп тұр. Себебі бақсы елден оңаша, тысқары жерленеді.

2) Бейвербалды амалмен, ишаратпен ойды жеткізу:

Майлыбаев тіке жауап қатпады. Қасын керіп, сәл езу тартқандай болды. Күлкі белгісінен гөрі реніш, мысқыл бар тәрізді. Мұндайда қисық қасын тіліп өткен тыртығы қабыршақтанып, жиырыла қалады. Майор Кузьменко жас серігінің күйін



осы белгіден де аңғаратын. Біреумен келіспегенде ол ылғи сөйтеді. Қазір де сонысына басты [3,23].

Бұл үзіндіде кейіпкердің келіспегенін автор хабарламай, үнемі істейтін бірекі ишараты арқылы жеткізеді. Қарапайым сөйлемнен көрі, осындай мақсатты тәсілдер оқырманды жалықтырмайды.

- Сәлеметсіз бе, Андрей Алексеевич? Хал-ахуалыңыз қалай?-Майор келіп кенет сұрақ қойғанда ол жалт қарады. Сол сәт өңі қашып, құп-қу боп кетті. Сәл аңырап тұрды да, беті тыржиып, жыларман түрге келіп, кепкасын алып басын изей берді [3,33].

Үзінді К.Тоқаевтың «Қастандық» шығармасынан алынған. Детектив жанрында жазылған бұл туындыда әйелін өлтіріп, полиция қызметкеріне күдік туғызбау үшін өзі шағымданған қылмыскер жайлы сөз қозғалады. Бұл қылмыскер - Андрей Алексеевич. Майорды көргенде өңі қуарып, бір күйден өзге күйге ауысуының өзі автордың оқырманға байқатқан белгісі.

3) Бастапқы қос тәсілді қатар қолданатын авторлық психологиялық баяндау:

Кейбір адамдар өмірдің ащы азабын, жоқшылықтың не екенін білмейді. Уақыт атаулы бар ләззатын солардың басына үйіп-төккендей қызық көріп жатады. Масловтың үрім-бұтағы сондай жандар еді. Өткен ғасырдың куәсі болған Маслов Воронеж губерниясының қалталы ірі байы.

Автор Масловты бай деп қана баяндап қоймай, өзге қалталылардың жай-күйінен хабар беріп, кейіпкерге қарай ойысады, әрі өзіндік ойынан да сыр шертеді [4, 35].

Психологизм шығармада әдеби теория арқылы да беріледі. Сол тәсілдің бірі-пейзаж. Сәттің портреттік мінездемесі мен кейіпкер мінезі тоғысып, психологиялық параллелизм арқылы көрініс табады.

Абай жолының 1-тарауында: «Ауылда жүргенде қысы - жазы дөң басында өтетін кеш, қазір тағы да бір өзгеше боп серпілтіп, өз қуатын айрықша білдіріп, Абайға қатты әсер етеді... Өзі салмаса да, Абай қаршыға салған үлкендердің қасына өткен жазда көп еріп еді. Сонда ымырт жабыла бергенде, апақ-сапақта, кеш қараңғылығы қоюланған сайын, көк қаршыға, өрттей қаршыға, секунд санап жалындай шалқып, жайнай беруші еді...

Абай өз ойын, өз көңілінің күйін мына кеште дәл сол шабыттағы беті қайтпас қаршығадай сезді. Бүгін бір түрлі сергектік, сезімділік бар... [5,18]

Предметтік-логикалық нақтылық автор сөзімен өрнектеліп, кейіпкердің ішкі ойын жеткізуде ерекше рөл ойнап тұр. Оқырман түйсігінде апақ-сапақ кеш, қаршыға мен Абай бейнесі қатар көрініс табары анық.

Символ арқылы да туындының ішкі көрінісін кескіндеуге болады. Бұл жайтты мына мысалдардан аңғара аламыз:

Шөже ақын бәрін күле тыңдап:

«Болыпты бір **ақсақ таз және соқыр**,

Құранды мысық сопы молдаң оқыр.

Болғанда **ақсақ-дария, соқыр-қарға**,

Ортасын дарияның қарға шоқыр»-дейді. Жұрт тегіс ду етіп күледі. Ақсақ тазы - Алшынбай, соқыры - Құнанбай, деп жапырлап сөйлеп, Шөженің тапқырлығына мәз болады [5, 35].

Шөже ақын байлардың атын атап, түсін түстемей, образдық-теңеулер арқылы дүйім жұрттың көз алдына әкеледі. Автор оқырман ойына еркіндік береді. Кейіпкерлерді танымдық жағынан оқырман өзі таңып алады.

Бұл күнде Құнанбай өлсе де, Құнанбайлық құрымапты [5, 66].

Өзінен төменге тісін батыру, қастандық, қаталдық таныту осы сынды қасиетті жазушы Құнанбайлық деп бір сөзбен-ақ көрсетеді. Әрі бұл үзінді авторлық баяндау емес, диалогта көрінеді. Құнанбайлық сөзін оқырман өз ойындағы Құнанбай образымен астастыра пайымдайды.

Жиренше: «Б-е, байғызым, үнсіз, қыбырсыз жатырмысың, тастың түбінде... Түбін ойлап жатырсың ғой байғызша!» деп күліпті. «Байғыз үн қатпай, қыбыр етпей, күндіз жатып түнде ғана аз ұшады. Неге қыбырламайсың сен» деп сұрағанда, «Мен түбін ойлап тыныш жатам» дейді екен ғой. Қазақ солай әңгіме етеді. Асыл ағаң бұлардың желіктірген сөзіне елікпей жатқан момын жанның бірі болу керек. Ананың бізге ермейсің деп кекеткені ғой. Асыл ағаң Жиреншеге іле жауап беріпті. «Е-е, сен де жүрмісің бәбісегім!.. Әр қидың түбіне бір барып бәбісек көкекше «пыс» деп қойып, Олжайды түргіп оятып жүрсің бе, бәбісегім!» дейді. Көрдің бе, Әбіш?-дегенде Әбіш те, Дәрменнің өзі де қатты күлісіп алды. Әбішке айдарлы ала қанат, сақау көкек-бәбісек елестеді [5,69].

Кейіпкерлердің құс атауын символ етіп, бірін-бірі ажуалауы келесі жанама кейіпкер Әбішке де әсер етті. Әбіш қиялында құстарды елестетіп, олардың ерекшелігін, адам мінезімен теңестіре, талдайды. Бұл кейіпкердің ойы, ал оқырман ойында бұл символдар мүлде бөлек арнада көрінуі әбден мүмкін.

Бұл мысалдардан аңғаратынымыз шығарма психологиясын жеткізуде оқырман еркіндігі рөл атқаратыны сөзсіз. Автор мен оқырман ойының теңесу-теңеспеуі мүмкін. Әдебиеттанудағы психологияның ерекшелігі де бәлкім осы салдар болар.

#### **Әдіс пен материал:**

Тақырыпқа қарай ойыссақ, осы психологияны, туындының ішкі тебіренісін аудиокітаптар дөп басып жеткізе ала ма?

Осы сұраққа шешім іздеу барысында шетелдік эксперименттерге талдау жасадық. Калифорния университетінің профессоры Фатма Дениз жасаған «The Moth Radio Hour» подкасты арқылы іске асқан сараптамада оқу мен тыңдау барысындағы ми бөлігінің қабылдауы, ақпаратты талдауы бірдей деген нәтижеге келеді. (<http://www.fatmanet.com/> )

Медицина саласында да көру мен дыбыс рефлекстері ортаңғы би арқылы өтеді. Сараптама нәтижесінен көру мен есту жүйесі бірдей қызмет атқаратынын аңғара аламыз.

Ойымызды дәлдеу үшін «Google forms» арқылы сараптама әдісін қолданып, әдеби туындылардан үзінді алып, сауалнама қатысушыларына оқылым және тыңдалым бойынша сұрақтар берілді.

Мына сұрақтар қойылды:

- 1) Аудиокітаптың сізге ұнайтын тұсы...
- 2) Аудиокітапты қаншалықты жиі тыңдайсыз?
- 3) Сіздің ойыңызша шығармадағы эмоционалды-экспрессивті тұстарды аудиокітап жеткізе ала ма?

«Махаббат қызық мол жылдар», «Шолпанның күнәсі», «Ақбілек» шығармаларының аудиокітаптарынан үзінді берілді.

Оқулық бойынша:

1) «Түсік»:

Шыдамасқа шара қайсы?! Жатырдай жабық дүниенің ішінде бұл қандай азап-мазаққа шыдауға бар. Шыбын жан жарық дүниеге шығу үшін бар тозаққа көнуге құмбыл. Тек, арам бездей сылып тастамаса болғаны... Ал арам безден адам баласы безбегенде қайтеді?! Арам безді езбегенде қайтеді?! Безеді де, езеді де.

Бұл бірақ адал без ғой. Адал адам ғой. Адал адам еді...

2) «Казино»:

«Құдай жоқ! - деді Жошы ішінен тағы да, ұлы күреге көлігінің дөңгелегі тие бере. – Құдай бар болса, дүниені шыныдай шытынатпас еді. Құдай жоқ болғандықтан да адам ойына келгенін істеп жүр. Жер бетіндегі адамға «все дозволено!» Өзі үшін өте мәнді осындай бір оппа ойға бекіді.

3) «Оң қол»:

Рас, дүниенің бәрі адамның қолымен жасалады... Бірақ, зұлымдық та адамның қолымен жасалмай ма?.. Зұлымдық жасайтын қолды тез кесіп тастамаса, болмайды... Тез... кесіп тастау керек... Тез..

Осы үзінділер келтірілді. Сауалнамаға қатысушылар үзінділерден алған әсерлерін еркін түрде жеткізді. [<https://forms.gle/PkUvBFFFWPXf8XPN7>]

Осы сайтта сауалнама өткізілді.

**Нәтиже мен талқылануы:**

Сауалнамаға 20 шақты адам қатысты.

1) Аудио – кітаптың сізге ұнайтын тұсы...

Бұл сұраққа 60% таман қатысушы аудиокітаптың уақыт пен кеңістік талғамайтын ыңғайлылығын алға тартты.

Қалған 40% қысқа қайырды.

Жауап арасынан «есте сақтау қабілетіне көмектеседі» деген қызық жауап та табылды.



2) Аудио-кітапты қаншалықты жиі тыңдайсыз?

63, 2%-кейде, 10,5%-жиі, 26,3%-мүлде деп жауап берген.

3) Сіздің ойыңызша шығармадағы эмоционалды-экспрессивті тұстарды аудиокітап жеткізе ала ма?

Бұл сұраққа 70% оқырман аудиокітап шығармадағы эмоционалды-экспрессивті тұстарды жеткізе алады деп көрсеткен. Аудиокітаптағы дауыс

кейіпкер эмоциясын дауысын құбылтып, сан түрге боялтып бейнелесе, оқулықтан да артық жеткізеді деген ой көрсетілген. Қалған 30% бейтарап ұстанымда, оқырман танымына, көкжиегіне байланысты депті.

Келесі бөлім сұрақтары аудиокітап бойынша берілді:

1) - Ах, сволочь! Тап атты!..

Мылтық қолда, қамшы жонда, ат таппасқа әдді не? Атты да алды, шідерді алды, жүген де алды, кілем, көрпе, қоржын, шалбар... - бәрі кетті. ... «көр ішке».

- Төре... тақсыр...

- Ой, құдай-ай!

- Аясайшы, бейуаз ек қой! - деуге келді тілдері.

Шайды алдына жаңа қойып, «бісмілдәні» келтіргені сол еді, Мамырбайдың бір малайы жетіп келді ентігіп:

- Келіп қалды!

- Кім, кім?

- Көкпең-көк...

- О кім?

- Өңшең орыс!

Мамырбайдың мұршасы:

- Жина, ұмтыл, қаш, тығыл! - деуге ғана келді.

Дастарқанымен шай қалды жайрап, жиюсыз шыны-аяқ қалды күйреп. Мамырбай күрс- күрс, бір есікке, бір төрге... жаушы-жалам, бәйбіше де, қыз да жоқ. Сыртқы есікке жетер-жетпесте Мамырбайдың кеудесі үнірейген үш мылтықтың аузына тірелді [6,25].

«Ақбілек» романындағы бұл үзіндіде қатысушы ойы екі тарапқа бөлінді. Келесідей пікірлер жазылды:

Аудио кітаптан тыңдаған басқаша әсер. Оқығанда адам өз қиялына салып, өзгеше етіп өзінің санасына жеткізеді.

Иә, бірақ аудиокітаптан алған әсер өзгеше, басқаша сезімді көрсетеді.

Қызылдардың ауылға баса көктеуі. Жоқ бірдей емес, аудиода эмоционалды түрде жеткізеді.

2) Алан көр сияқтанды. Өйткені тажалдай түсі суық саудыраған үш Адам келіп қалды. Ақбілек бала қамаған лаққа ұқсап, апанды айнала жүгіріп, өкпесін соққан торғайдай торға ілінді. Сонда да есінен танбады.

- Апатай-ай! - деген жан даусы таудың тасына барып шақ еткендей болды. Мейірімсіз темір қолдар алып ұрып аузын басып жатса да, қолды кейін сермеп, басын жұлқып, үзіліп, өзеуреген ащы айғай апатайының құлағына сап етті. Жонына шойын тағалағандай апасы сіресіп қалса да елемей, шыңғырған дауысқа қарай үкідей ұшып келеді. Қызын бүркітше бүріп, илеп жатқан екі орысты анасы екпінімен келіп итеріп тастап, балапанын басқан ана құстай, баласын бас салды. Олай сүйреп, бұлай жұлқып, қызды анасының құшағынан ала алмаған соң, орыстар мылтық дүмін жұмсады [6,36].

Бұл үзінді де «Ақбілек» романынан алынды. Аудиокітаптан берілген үзінді бөлікті тыңдап, қатысушылар қатты әсер алғандарын және аяныш сезімін сезгендерін жасырмады. Мына пікірлерден байқай аламыз:

Иә, Ақбілек үшін қатты уайымдадым, тап сол оқиғаның өзінде болғандаймын. Үзінді маған әсер етті. Көз алдыма шарасыз бала мен ана бейнесі елестеді. Аяп кеттім.

Енді, шығармалардан берілген үзінді бойынша:

3) «Түсік»:

Шыдамасқа шара қайсы?! Жатырдай жабық дүниенің ішінде бұл қандай азап-мазаққа шыдауға бар. Шыбын жан жарық дүниеге шығу үшін бар тозаққа көнуге құмбыл. Тек, арам бездей сылып тастамаса болғаны... Ал арам безден адам баласы безбегенде қайтеді?! Арам безді еzbегенде қайтеді?! Безеді де, езеді де [8,89].

Бұл бірақ адал без ғой. Адал адам ғой. Адал адам еді...

Үзіндідегі кейіпкер сезіміне сауалнама қатысушылары:

Шыдамдылық, төзім, табандылық – 70%

Өкініш, қынжылу, өзін өзі кінәлау – 30% осындай жауап қайырған.

4) «Казино»:

«Құдай жоқ! - деді Жошы ішінен тағы да, ұлы күреге көлігінің дөңгелегі тие бере. - Құдай бар болса, дүниені шыныдай шытынатпас еді. Құдай жоқ болғандықтан да адам ойына келгенін істеп жүр. Жер бетіндегі адамға «все дозволено!» Өзі үшін өте мәнді осындай бір оппа ойға бекіді [9,24].

Мына үзіндіге бірауыздан қатысушылардың басым көпшілігі санасыздық, күпірлік, өмірге деген ашу-ыза деп жауап берген.

5) «Оң қол»:

Рас, дүниенің бәрі адамның қолымен жасалады... Бірақ, зұлымдық та адамның қолымен жасалмай ма?.. Зұлымдық жасайтын қолды тез кесіп тастамаса, болмайды... Тез... кесіп тастау керек... Тез... [10,15].

Қатысушылардың 35% бұл пікірмен келіспейді, адамзатқа мүмкіндік беру керек деген ойды алға тартады.

65%-бар зұлымдық адамзат қолының ісі деген ойды құптайды.

### **Қорытынды:**

Ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, ғылыми-әдеби еңбектерді оқып, ізденіп, көркем шығармадан мысал келтіріп, сауалнама жасап, нәтиже мен талдау жүргізілді. Тақырып толығымен ашылмаса да, болашақта осы төңіректе талай жұмыстар жүргізетінімізге сенімдіміз. Әдебиеттің басты объектісі – адам болғандықтан, адамзат күйін, сезімін, танымын зерттеу үнемі ескірмейтін тақырып. Еңбектер мен сауалнама нәтижесінде, мынадай ойға келдім: аудиокітап кейіпкер күйін, шығарма психологиясын, эмоциясын жеткізе алады. Оқылған дүние мен естілген дүниенің өзіндік аражігі міндетті түрде болады. Сауалнамадан аңғарғанымыздай, аудиокітаптан алған әсерлер бірізді, ал оқуға берілген үзінділердегі пікір сан түрлі. Оқу барысында адам қиялына ерік беріп, кейіпкер эмоциясын оқырманның өзі де елестетіп алары сөзсіз. Осы мақала арқылы оқырманға аудиокітап та танымдық әсер сыйлай алатынын дәлелдедік деген пікірдеміз.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербальді ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 бет.
2. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: «Жазушы», 1987. - 232б.
3. Тоқаев К. «Түнде атылған оқ» («Жазушы» баспасы, Алматы - 1971.)

4. Майтанов Б. Пейзаждың көркемдік семантикасы. Өл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2010. – 108 б.
5. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 1-2 кітап - 591 б.
6. Аймауытов Ж. Ақбілек. – Алматы: Паритет, 2009. – 376 б.
7. Алтай А.Түсік: <https://bilim-all.kz/article/7561-Tusik>
8. Алтай А. Казино: <https://bilim-all.kz/article/7317-Kazino>
10. Әбдік Т.Оң қол: <https://abai.kz/post/10432>

ӘОЖ: 376.1

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Баяхметова Н.Д., Солтанғалиева Н.К., Сабитова М.Д.  
«Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ,  
Өскемен қ., Қазақстан

Патриоттық тәрбие беру мәселесін зерделегенде алыс және жақын шетелдердегі жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстар зерттеуіміздің теориялық және практикалық негізін ашуға үлкен септігін тигізді. Тұлғаны әлеуметтендіру және жеке тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға байланысты зерттеулер АҚШ, Ресей Федерациясы, Өзбекстан, т.б. мемлекеттердегі ғалымдардың еңбектерінде ерекше орын алады[1].

Қазіргі уақыттағы оқушыларды тәрбиелеу ісінде олардың ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін тану, дәмыту, жетілдіруге байланысты бірнеше іс-шаралар жүзеге асуда. Халықтық дәстүр, рухани мәдениет негізінде баланы рухани адамгершілік тәрбиесін, патриоттық тәрбиені дұрыс жолға қою міндеттерін жүзеге асыру басты мақсат болатыны белгілі. Патриотизм әдетте Отанға сүйіспеншілік деп аталатын, нақты бір әрекет бейнесінде және қоғамдық сезімдердің күрделі жиынтығында керініс беретін, балаларының Отан анаға деген көзқарасын сипаттайтын қоғамдық және адамгершілік принципі. Осы адамгершілік принципке, яғни патриоттыққа тәрбиелеу мүмкіндіктері айқын.

Біз, «Қазақстандық патриотизм», «ұлттық патриотизм», «патриоттық құндылық», «ұлтжандылық», «жалпыадамзаттық патриотизм» ұғымдарына берілген анықтамалар негізінде бүгінгі мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің мазмұны төмендегі тұрғыда қарастырылады: әрбір азаматтың өз Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезіну; мемлекет рәміздеріне, мемлекеттік тілге, тарихқа, мәдениетке құрметпен қарау; барлық отандастарды ұлты мен конфессиясына қарамастан, олардың салтын, дәстүрін, тарихы мен мәдениетін, тілін құрметтеу; еліміздегі бейбітшілікті, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау және әлемдік дамудың тыныштық пен бейбітшілікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау. Ұлттық мәдениет пен өркениеттік даму үрдісін өзара сабақтастыра отырып тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыру патриотизмді қатынастар жүйесі тұрғысынан - тұлғаның мемлекетке қатынасы (мемлекеттік рәміздер мен атрибуттардың ту, елтаңба, әнұран, т.б.)

маңызын түсінуі, мемлекеттік тілді, тарихи-мәдени мұраларды, дәстүрлерді білуі және оған деген құрметі, өз мемлекетіне пайдалы іс-әрекеттер жасауға деген ұмтылысы); өз халқына қатынасы (халықтың негізгі менталитетін, құндылық бағдарын, патриоттық және ұлтжандылық көріністерін бағалай білуі, өз халқы үшін патриоттық іске бару қажеттілігін түсінуі); патриот ретінде өзіне-өзінің қатынасы (азамат ретінде құқығы мен міндеттерін білу, патриоттық сезімнің көрініс беруі) арқылы айқындалды[2].

Тәуелсіз елдің ертеңі сенімді де серпінді дамуы үшін, әсіресе атадан балаға мұра болып келген ерлік дәстүрі, патриоттық тәрбие өрісті жолда, қамқорлық аясында болуы қажет.

Ұлттық жауынгерлік, ерлік интернационалдық және патриоттық тәрбиесінің бастау көзі көне түркі халқының ерлігімен басталады. Патриоттық тәрбие өрісі-халықтың қымбат қазынасы.

Патриоттық тәрбиенің қазіргі кезеңдегі педагогикалық, проблемалық мәні оған жаңаша қарауды қажет етеді. Осы мақсатта кейбір бұрынғы жұмыс әдістері мен формаларын өзгертіп, жетілдірген жөн. Патриоттық тәрбие жалпы тәрбиенің құрамды бөлігі және мектеп оқушыларының патриоттық, жоғары қазақстандық сезімін қалптастыруға бағытталған, мақсатты, ұйымдастырылған және психологиялық-педагогикалық процесс болып табылады.

Патриоттық тәрбиені дамытудың негізгі дара тұлғаның жоғарғы әлеуметтік белсенділігін қалыптастыратын, адамгершілік, имандылық, ерлік, еңбек және дене тәрбиесіндегі сапаларының бір-бірімен байланысын саралау болып табылады[3].

Бастауыш сынып оқушылардың мектеп жағдайында патриоттық іс- әрекет кезінде көз-қарасының қалыптасуына қоғамдағы өзгерісті түсіну, жалпы адм баласына әрбір азаматқа тән нормада не үшін жаңару керектігін ұғындыру және еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігінің қасиетті нышандарын қастерлеу болып табылады.

Бастауыш сынып оқушылардың патриоттық іс- әрекетке дайын болуы, оның өзін- өзі тәрбиелеу, өзін танытудың жоғарғы сатысына көтерілуімен анықталады.

Патриоттық тәрбиенің атқаратын қызметіне:

- тәрбие процесінде, оқу барысында біртұтас көзқарасты қалыптастыратын, патриоттық рухтағы жан- жақты дамыған дара тұлғаны қалыптастыру;

- оқу- тәрбие процесінде патриоттық іс- әрекет әсерін, ынтасын күшейту[4];

Патриоттық тәрбиенің құрамдас бөлігіне енетін рух тазалығы, еңбексүйгіштік, идеялық сенімділік. Дене шыңдалуының жетілуі психологиялық дайындық мектептегі сабақтарда беріледі. Оқушылардың алған білімдері біртіндеп сенімге айналады.

Алайда оқу процессінің мазмұны, уақыт жағынан белгіленген, бұл тәрбие мүмкіншілігін шектейді. Сондықтан тек сабақта патриоттық тәрбиеге байланысты барлық мәліметті толық беру мүмкін емес. Ал сыныптан тыс жұмыс әдістері мен формалары оқушыларды қызықты іс- әрекетке тартуға мүмкіндік береді және өздерінің жеке қабілеттерін көрсете алады

Оқушыларға білім мен тәрбие беруде сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің бір бөлігі болып табылады. Олардың түрлері өте көп. Жаратылыстану пәндері бойынша әңгімелер мен лекциялар, топсеруендер мен

танымжорықтар, зерттеулер мен байқаулар, сынып бөлмелерінде және жергілікті жерлерде жүргізілетін сарамандық және зертханалық жұмыстар, апталықтар, кештер, интеллектуалды шоу, т.б. өткізуге болады. Біз өткізген сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты - баланы жан-жақты жетілдіру, халықтық дәстүрлерге деген құрмет сезімін дамыту және халық педагогикасы арқылы бойларында атамекенге сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Халық педагогикасы арқылы оқушылардың атамекенге сүйіспеншілігін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстар мына бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Халық педагогикасы арқылы оқушылардың бойында атамекенді сүю, қастерлеу және қорғауға даяр болу секілді сезімдерді дамыту;

2. Өтілетін жұмыстарды халық педагогикасымен байланыстыра отырып, оқушылардың белсенділіктерін арттыру және ұлттық рухта тәрбиелеу;

3. Сыныптан тыс жұмыстар өткізу арқылы оқушыларды атамекенге бақылау жүргізуге, атамекендеріне қатысты әдебиеттер, бұқаралық ақпарат материалдарымен жұмыс жасай алуға үйрету;

4. Сыныптан тыс жұмыстарды оқушылардың іскерлігін арттыратын педагогикалық білім, атамекенге сүйіспеншілікті қалыптастыруда басты орын алатын бағыт ретінде қарастыру[2].

Отанымыз аумағының бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестермен қарсы ұйымшылдықпен күрес, мемлекеттерге қауіп төндіретін кез келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі жастардың отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. Осыған орай патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы, Батыр, Қазақстанның Халық Қаһарманы Б.Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше екенін мысалға алуға болады[5].

Патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық- мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз - жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді.

«Ерлік дегеніміз - табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзінің ар-намысында және азаматтың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін -азаматтық парызын орындау үшін, осындай адамгершілік теңдікті өзіңмен сайысқа түсе отырып тұтас ұжым өмірінің игілігіне ғана емес, оның қауіп-қатерінде бөлісіп, жауды барынша

Философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді талдай отырып бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбие деңгейінің қалыптасқандығын анықтайтын диагностикалық бағдарлама жасадық.

*Бұл диагностикалық бағдарламаның мақсаты – бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру деңгейін анықтау.*



*Диагностикалаудың әдістері:* сауалнама, тест, бақылау және т.б.бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбие деңгейін диагностикалау, оның нәтижесінің көрсеткіштерін балдық бағалаумен белгілегенді жөн көрдік. Осыған орай, оқушының патриоттық тәрбие деңгейін анықтауға арналған келесі әдістерді жіктедік.

Кесте 1 Оқушының патриоттық деңгейін анықтау бойынша диагностикалау әдістері

<i>Өлшем</i>	<i>Көрсеткіштер</i>	<i>Диагностикалау әдістері</i>
Патриоттық тәрбиенің қажеттілігін және маңыздылығын түсінеді	Патриоттық тәрбиенің маңыздылығын сезіну	«Құндылық?» «Патриоттық құндылық?» сұрақ – жауап; «Отан және » сұхбат.
	Патриоттық тәрбиеге қызығушылық	«Елімнің патриотымын» атты әңгіме; «Құндылықтар пирамидасы» әдістемесі.
	Патриоттық тәрбие мұқтажы	Анкета; патриоттық тәрбие туралы білімдер, құндылықтарды ранжирлеу; өзіне мінездеме жасау.
	Патриоттық тәрбие қажеттілігіне сенуі	Сауаланма
Патриоттық тәрбие бойынша теориялық білімдерінің болуы	Бастауыш мектептегі пәндер бойынша теориялық білімдер	Әртүрлі тақырыптар ішінен патриоттық тәрбиеге байланысты тақырыбын тандау. Тандалған проблеманың өзектілігімен жұмыс.
	Патриоттық тәрбие мәселесі бойынша білімдер	Теориялық тапсырмалар, іскерлік ойындар, өткізген жұмыстарға талдау
Патриоттық тәрбие беру іскерліктерінің болуы	Патриоттық тәрбие мәселесіне байланысты жұмыстарды пайдалану іскерліктері	Практикалық тапсырма; «Менің қалам», бақылау, талдау
	Өзіндік зерттеу жүргізу ерекшеліктерінің мәнмәтінінде пайдалану іскерліктері	Хабарламаны дайындау ережесін атқара білу: өз жұмысын жоспарлау «Не үшін керек?»
Педагогикалық диагностиканы жүргізу дағдылары	Оқу, тәрбие іс-әрекетіне бақылау жасай білуі	Сауалнама; бағалау және өзінің ұмтылысын бағалауы; бақылау
	Өзінің патриоттық тәрбие деңгейлерін бағалай және талдай білуі	В.П. Симоновтың әдістемесі

Бұл диагностикалық бағдарлама өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлер жүйесін негізге ала отырып жасалды, сондықтан біздің зерттеп отырған бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбие деңгейлерін анықтауға көз жеткізеді деп есептейміз.

Зерттеу тақырыбымызға сәйкес эксперименттік жұмысымыздың бірінші қадамы мынадай міндеттерді шешуге арналады:

- бастауыш мектепте патриоттық тәрбие беру жағдайы;
- бастауыш сынып оқушысының патриоттық тәрбие жөнінде білім деңгейін анықтау, оқу-тәрбие процесін тиімді жүзеге асыру үшін, қажетті педагогикалық білігін, жұмыстын ерекшелігіне сай деңгейін анықтау.

Тәжірибелік жұмыстың айқындаушы кезеңінде аталмыш диагностикалық бағдарламасы арқылы бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбие деңгейінің бастапқы жағдайы анықталды[5].

Кесте 2 Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбие деңгейінің бастапқы жағдайы

Өлшем	Жоғары	Орташа	Төмен
Патриоттық тәрбиенің қажеттілігін және маңыздылығын түсінеді	7,8	33,1	59,1
Патриоттық тәрбие бойынша теориялық білімі	11,8	37,1	51,1
Патриоттық тәрбие беру іскерліктерінің болуы	6,6	32,4	60,9
Педагогикалық диагностиканы жүргізу дағдылары	5,1	19,7	75,2
<b>Орташа көрсеткіш</b>	<b>7,8</b>	<b>30,6</b>	<b>61,6</b>

Жүргізген зерттеу нәтижесінен көріп отырғанымыздай, экспериментке қатынасушылар оқушының патриоттық тәрбие деңгейінің төмен деңгейде.

Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбие деңгейінің бастапқы жағдайының нәтижесі бойынша, біз бұл олқылықтардың себебін анықтауды жөн көрдік.

Осы зерттеліп отырған проблеманы шешуге бастауыш мектептің оқу жоспарлары, бағдарламалары, әдістемелік оқу құралдары зерттелді. Жалпы бастауыш мектептегі білім сапаларын меңгертудің жолдары, оқу-тәрбие процесінде оны оқытудың бүгінгі жағдайы мен жай-күйі анықталды.

Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбие деңгейінің төмендігі, сонымен бірге аталған бағытта қалыптасқан әдістемелік мазмұнның жасалмауы бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбие процесі бойынша бастауыш мектепте анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау эксперименттерін ұйымдастыру мүмкіндігіне жол ашты.

### Әдебиеттер тізімі

1. Базарғалиев Ғ.Б. Х. Досмұхамедовтың ағартушылық қызметі мен шығармашылық еңбектеріндегі патриоттық тәрбие идеялары. Пед.ғылымд. канд. ...автореф. Атырау, 2002.

2. Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі. Алматы-2007.

3. Бастауыш мектеп-республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал. № 9,10, 2005.

4. Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінің 2006-2011 жылдарға арналған тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы. Астана, 2006.

5. «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы». Қ.Р. Президентінің Жарлығы Астана, Ақорда, 2006 ж. қазанның 10-ы. №200.

6. А.Құсайынов Білім және Реформа. Алматы 2006.

7. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика: Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған Құдиярова А.М. – Алматы: Дарын, - 2004.

ӘОЖ 37.0

## **Ы. АЛТЫНСАРИННІҢ ҰСТАНЫМДАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАСЫМДЫҚТАР**

Бейсенбеков М.Б.

Талдықорған қаласы «Авиценна» медициналық колледжінің оқытушысы  
Талдықорған қ., Қазақстан, meuram.9797@mail.ru

Ы. Алтынсариннің педагогикалық жүйесі халық ағарту саласында аса зор, пайдалы рөл атқарды, оның көптеген ұстанымдары осы күнге дейін өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Қазақ даласында алғашқы қазақ мектебін ашқан ағартушы ұстаздықпен бірге, әкімшілік-ұйымдастыру, әдістемелік мәселелерді қатар алып жүрді.

Қазақ баласының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, таза қазақ тілінде (XIX ғасырда араб-татар тілдерінің сөздерін араластыра сөйлеу, жазу белең алды) тұңғыш рет оқулық жазды. Сондықтан оның ілімі өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық жүйе болып табылады.

Ыбырай Алтынсарин 1864 жылы 8 қаңтарда Торғайда қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашып, ниеттес достарына былай деп жазады: «Менің көптен күткен мектеп ашу арманым орындалды: мектепке сүйкімді, тым тәуір, саналы 14 қазақ балалары келіп оқуға түсті» [1].

Мектептің оқу бағдарламасы қазақ тілі, орыс тілі, татар тілі, көркем жазу, арифметика, жер шары (география) пәндерінен тұрды. Алтынсариннің ұсынысы бойынша қазақ тілі сабағында араб, татар тілдерінің сөздерін қолдануға шектеу қойылды. Оқушылар жылдың соңында қазақ, орыс тілдері мен арифметикадан емтихан тапсырып отырды.

Арада 150 жылдан астам уақыт өтсе де, Ыбырай Алтынсариннің осы бір ұстанымы өзектілігін жоғалтпады. Ғылым мен техника озық дамыған ХХІ ғасырда да тілдерді меңгеру мен математикалық сауаттылықтың маңызы жойылмады. Бұған Білім министрі А. Аймағамбетовтің мына бір сөзі дәлел: «Математика, тілдер және информатика пәндерін оқытуға ерекше басымдық беріледі» [3]. Яғни, әлем

елдерімен тереземіз тең болуы үшін біздің оқушыларымыз осы пәндерді жетік меңгеруі қажет.

Ыбырай Алтынсарин қазақ баласының тәрбиесіне үлкен мән берді. Ол болашақта екіжүзді, паракор адам болмас үшін тәрбиелей отырып, білім беруге шақырды. Ағартушы адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалағанын «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылмандық тұтқасы» еңбектерін оқу барсында да байқауымызға болады. Қазіргі таңда Алтынсарин мектебінің негізі еткен тәрбие жұмысының маңызы артпаса, кеми түскен жоқ.

Қазақ территориясында ашылған алғашқы мектептегі ұстаздардың мақсаты дәстүр мен сананы, дін мен тілді, материалдық жағдайды ескере отырып тәрбиелеу болды. Қазіргі заманда тәрбие мазмұны аса осы құндылықтардан алшақтаған жоқ. Заман ағымына байланысты жастарға әсер ететін сыртқы күштер көбейгендіктен, тәрбиелеу құралдары өзгерді, тәрбиелеу әдістері күрделене түсті.

«Қазақ балаларының оқу-білімге бірден ден қоюына қарағанда Торғайдағы осы бірден-бір оқу орны жетістіктері мен табыстарға жете беретініне әбден сенуге болады» [1], – деп Я.П. Яковлев Алтынсариннің еңбегіне жоғары баға береді. Бұл пікір Ыбырай Алтынсариннің білім беру мен тәрбиелеуге қатысты ұстанымдары жоғары нәтижелер бергенін байқатады. Алаш партиясының белсенділерінің қатарында Алтынсарин шәкірттерінің болуы да осыған тағы бір дәлел. Ұлы ағартушының дара қағидаларының арқасында ұлтын сүйетін, көзі ашық, көкірегі ояу, білімді зиялы қауым тобы қалыптасты.



Сурет 1– Ы. Алтынсарин мен Н.И. Ильминский

Мектептегі басты тұлға – ұстаз. 1882 жылы 29 шілдеде Ы. Алтынсарин Н.И. Ильминскийге жазған хатында «Мен жақсы оқытушыны бәрінен де қымбат көремін» [1] деп бастап, ұстаздық жайында сыр толғайды. Н.И. Ильминскийден қазақ даласына іскер оқытушыларды жіберіп, қазақ халқын оқыту ісіне көмектесуін сұрайды. Қазақ даласында білікті оқытушыларды тартуда

Ы. Алтынсарин біраз қиындықтарға душар болады. Біріншіден, Ресей империясы қазақ балаларының жан-жақты білім аулына қарсы болды. Екіншіден, мектеп қаржыны жергілікті халықтың салығынан алып отырды. Бұл оқытушылардың материалдық жағдайын жасауға мүмкіндік бермеді. Сондықтан іскер оқытушылар қазақ даласына келуге асықпады.

Ал қазіргі уақытта қазақ даласында кадрлық мәселелер жоқтың қасы. Себебі елімізде педагогикалық білім беретін оқу орындарының саны жеткілікті. Бірақ бұған қарамастан, педагог мәртебесі бір сәтке төмендеген емес. Оған дәлел Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынның [4] басым бағытының бірі ретінде педагогтердің кәсіби дамуы және жоғары мәртебесінің көрсетілуі. Бағдарламада педагогтерді өздеріне тән емес функциялардан босату, еңбекақыларын көтеру, түрлі әлеуметтік жеңілдіктер беру, кәсіби өсуіне жағдай жасау тетіктері қарастырылған. Сонымен қатар, «Педагог мәртебесі туралы» заң да қабылданды.

Осы тұста, Ы. Алтынсарин мектебінің түлегі, ағартушы, қазақ әліппесінің авторы А. Байтұрсыновтың мына бір сөзі еске түседі: «Мектеп жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» [3]. Бәсекеге қабілетті маман даярлағымыз келсе, оларды тәрбиелеп, білім беретін педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасауымыз керек деген ұстаным өзектілігін жоймақ емес.



Сурет 2– Ы. Алтынсарин ашқан мектеп

Қазақ жерінде «Кадрлар бәрін шешеді» деген қағида Ыбырай Алтынсариннен бастау алғандығын жоғарыда атап өттік. Қазақ халқының экономикалық дамуына қажетті мамандар әзірлеу ісіне ерекше мән берді. Ыбырай Алтынсариннің мына бір хатынан үзінді келтірейік: «...ағаш – балта ұсталығы өнерінен сабақ беретін бір



жақсы оқытушы табыла қалатын болса, оған пәтер беріп, оның үстіне 400-500 сом берудің де тәсілін табар едім, ал 450 сом жалақыны қалай да берер едім» [1]. Бұл хатты Катарийнскийге жазудағы мақсат – 1883 жылы Торғай қаласында ашылған «Яковлев» атындағы қолөнер мектебіне сапалы кадрларды табу. Мұндай хатты досы Н.И. Ильминскийге де жазады. 1884 жылы қолөнер пәнін бастауыш сынып бағдарламасына да енгізеді.

Яковлев атындағы қолөнер мектебінде ағаш ұсталығы және киім тігу (машинамен тігу) жұмыстары, Красноуфимск училищесі мен ауыл шаруашылық мектебінде тері илеу, қыш-құмыра өнерлері меңгерілді, ал Торғайдағы қазақ қыздары үшін ашылған мектепте қарапайым халықтың тұрмысына керекті, әйелдер істейтін жұмыстар үйретіледі. Яғни, қазақ даласында алғашқы кәсіптік білім беретін колледждер қалыптаса бастайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында кәсіптік білім беруге қатысты былай делінеді: «Ел экономикасын технологиялық жаңғырту жағдайында еңбек нарығы үшін құзыреттіліктің әмбебап жиынтығы, белсенді азаматтық ұстанымы, тұлғааралық дағдылары мен жүйелі ойлау қабілеті бар кадрлар қажет». Бұл сөздер Ыбырай Алтынсариннің идеясы мен ойын жалғағандай көрінеді.

«Жастарды колледждерге тарту үшін оқушылар арасында ерте кәсіптік бағдар беру жұмысы жүйесі құрылады, жұмысшы кәсіптерін және орта буындағы білікті мамандарды танымал ету бойынша ауқымды PR-науқан өткізіледі. «Мектеп-колледж» кешенін құру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады» [4]. Бұл жоғарыда айтылған бағдарламадан алынған үзінді. Оқып отырсақ, Ыбырай Алтынсариннің ұстанымынан алыстамады, тек заманға сай сипатқа ие болды, күрделенді.

Қорыта келе, Ы. Алтынсариннің мынадай педагогикалық ұстанымдарын атап көрсетуге болады: балаға түсінікті болуы үшін ана тілінде білім беру; оқыту процесінде ғылым, білім беру жүйесін сақтау; білім бере отырып, адамгершілікке қасиеттерді дәріптеу, тәрбиелеу; мектепті сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету; оқулық, бағдарлама жазуда ұлттық сананы, салт-дәстүрді, балалар психологиясын ескеру; мұғалім – мектептің жүрегі, оның кәсіби дамуы үшін әлеуметтік жағдайларын жасау; мектеп оқушыларын еңбекке баулу; кәсіпке үйрету арқылы қажетті мамандарды даярлау. Ұлының ұлылығын тереңнен түсінген зиялылар оқыған оқу ордасы киелі жер – Торғай қаласының мектебі. «Артына жаман жұраттан жақсы сөз қалдырған артық» дегендей, қазақ қоғамында Ы. Алтынсариннің орны ерекше.

Әр ұстаз, білім саласындағы әр маман Алтынсарин салған сара жолды жетік білсе, оның ұстанымдарын өз тәжірибелерінде басшылыққа алса, ұлтының болашағын ойлаған Алаш зиялылары сынды шәкірттерді топ-тобымен шығарар еді. Ол үшін жоғары оқу орындарында Алтынсариннің педагогикалық жүйесімен толыққанды таныстыратын арнайы пән енгізу қажет.

### Әдебиеттер тізімі

1. С. Оспанов Алтынсарин әлемі– Қостанай «Центрум» ЖШС, 2017. – 392 б.  
[https://kitap.kz/book/5634/read#epubcfi\(/6/2\[id29\]!/4/2/1:0\)](https://kitap.kz/book/5634/read#epubcfi(/6/2[id29]!/4/2/1:0))

2. <https://sputnik.kz/society/20200905/14892821/bala-ana-tili>
3. <https://kazbilim.kz/?p=10199>
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы  
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

ӘОЖ: 808.5

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУДАҒЫ МҰҒАЛІМ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЖҰМЫС ЖҮЙЕСІ**

Бектибаева А.К., Раисова А.Ж.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы  
бойынша «№45 орта бейіндік мектебі» КММ  
Өскемен қ., Қазақстан

Адамның рухани әлемін оның адамгершілік бүкіл ішкі сезімін, қасиетін қалыптастырып байытуда көркем шығарманың атқарар қызметі ерекше. Көркем туындыны толық, терең әрі жан-жақты түсіну үшін мұғалім тілдік талдаудың жолдарын жетік меңгеріп, оқушымен жұмысты дұрыс ұйымдастыра білу керек. Мұғалім көркем шығарманың шынайы табиғатын тану мақсатында лингвистикалық талдауға және әдеби талдауға көп көңіл бөледі. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау әдістемесінің негізгі объектісі көркем шығарманың тілдік құралдарын көрсете отырып, көркем шығарманың мазмұнын ашу. Әдеби туындыны тілдік талдаудағы негізгі мақсат - шығарманың тілдік әлемін, мағынасын, мазмұнын, эстетикалық қызметін ашып айқындау.

Тілдік талдау – талдаудың ең қарапайым түрі. Оның атқаратын қызметі көркем мәтінді пайымдайды, әдеби шығарманы дұрыс ұғындырады. Тілдік талдау көркем мәтіннің мән-мағынасы мен қолдану жағдайын ашып береді. Лингвистикалық және стилистикалық талдаулар арқылы көркем шығарманы түсініп, оқудың жоғарғы мәдениеті қалыптасады. Көркем туындыны ой мен сезім арқылы белсенді қабылдау оқырманды суреткерлермен бірге толғанып көркем бейнені бірге сомдауға дағдыландырады. Әдеби туындының идеялық көркемдік болмысын шынайы терең ұғыну және оған тілдік талдау жасау арқылы көркем шығарманы терең түсінеді. Бұл тұрғыдан тілдік талдау стилистикалық және әдеби талдауларға жәрдемші болып келеді. Мәтінмен жұмыс жасау жолдары[1]:

1. Мәтіндегі негізгі ойды анықтау
2. Мәтінді тілдік талдаудың басты тәсілдері
3. Мәтін жігін бөлу. Оларға ат қою
4. Мәтінді бөлімдерге бөлу
5. Мәтіндердегі тірек сөздерді табу
6. Мәтінді мәнерлеп оқу, әңгімелеу
7. Тілдік және әдеби талдауларды ұштастыру
8. Сурет бойынша оқылатын мәтінді мазмұндау
9. Өлең мәтіндерін оқыту

10. Балалар әңгімесін оқыту
11. Халық ауыз әдебиетінің мәтіндерін оқыту
12. Халық ертегілерін оқыту
13. Мақал-мәтелдерді оқыту
14. Жұмбақтарды оқыту
15. Жаңылтпаштарды оқыту
16. Мысалдарды оқыту

Тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым – бастауыш сыныптар үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан балаларға осы дағдыларды барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі – осы дағдыға ерекше назар аудара отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады. Тілдік пәндердегі дағдыларды дамыту-оқудың сындарлылық теориясына негізделеді, яғни оқушылар жаңа ұғым туралы сын тұрғысынан ойлана отырып, оның мәнін, мағынасын ұғынады, оны бұған дейінгі білімімен байланыстырады. Сондықтан мұғалімнің басты міндеті - бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастырады [2].

Баланың еркін сөйлей алуына, ойын еркін жеткізуіне бір себепші оның сөз қоры. Ал баланың жан жақты, сөз қоры бай болуы үшін ол көп оқу керек.

Жоғарыда қойылған мақсаттардан мынадай міндеттер туындайды:

- Оқушының оқу дағдысын қалыптастыру және жетілдіру.
- Көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын ояту.
- Шығарманың түпкі мазмұны – мәнін түсінуі, кейіпкердің ерекшеліктерін аша білуге бағыттау.
- Өзіндік ой пікірін айта білуге баулу.
- Ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Тіл байлығын арттырып, оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіруде мәтіндермен жұмыс жүргізу аса маңызды. Көркем мәтінге тақырыптық талдау жасап, негізгі ойын анықтау, кейіпкерлердің іс - әрекетіне баға беру, сол арқылы оқушы танымын кеңейтіп, тәрбиелік жағына көңіл бөлу – бастауыш сынып бағдарламасында ескерілетін жайт. Алайда, көркем мәтінді оқыған соң, талдаған тұста сөздік жұмысын жүргізу одан әрі оқушының барынша дұрыс түсініп, барлық талдауларға еркін қатысуына түрткі болады. Бір сабақта оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым бойынша нақты нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін бір немесе екі оқу мақсаты (дағды) ғана алынғаны дұрыс. Үш немесе одан да көп дағдыны алу сабақтың мақсатына жетуге, қажетті дағдыларды терең қалыптастыруға мүмкіндік бермей, оқушыларда тұрақсыз білім қалыптастыруы мүмкін.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәнінен оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілеріне мысалдар келтірсек: - қазақ тіліндегі әртүрлі оқылым материалдарын меңгеру, яғни бүгінгі таңдағы газет-журналдар, қысқа әдеби мәтіндер, пікірталас туғызатын және белгілі бір мәселе қозғалған мақалалар, хаттар және т.б.; - көз жүгіртіп оқу, жалпы мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты



табу үшін оқу, ақпараттарды алу үшін оқу, көркем шығармаларды оқу, автор көзқарасын табу үшін оқу; - кітапқа ауызша және жазбаша шолу жасау; - интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау); - мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау; - әдебиетпен жұмыс (сұхбатқа сұрақтар мен жауаптар дайындау); - көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу; - мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу; - ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу[3].

Бастауыш сыныпта оқылым дағдыларын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілсе, оқушыларда болашақта кәсіби сөйлеу тілінің дамуы мен қалыптасуы арқылы білімге, ғылымға, туған жерге деген сүйіспеншілігінің артары сөзсіз. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту біздің алдымыздағы басты міндетіміз. Оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыра отырып, болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үдерісте тиімді қолдану қазіргі күн талабы. Мәтінді тілдік талдау шешендік өнерді үйрету әдісімен тығыз байланысты. Бұл пән бойынша да балаларды тапқырлыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге болады. Мысалы: мұғалім оқушыларға сұрақтармен аяқталатын ықшам жұмбақтарды шештіру арқылы ақыл ойын дамытады.

Мысалы:

- 1.Күбіге құйып піскенім не? /қымыз/
- 2.Ұйытып қойып ішкенім не? /айран/
- 3.Табаға салып жапқаным не? /таба нан/
- 4.Үйітіп алып асқаным не? /бас/
- 5.Қаймақтан шайқап алғаным не? / май/
- 6.Сөреге кептіріп жайғаным не? /кұрт/
- 7.Тұздығын көріп тартқаным не? /сорпа/
- 8.Келіге түйіп ақтадым не? /тары/

Шығарманы оқыр алдында оқушы шығармаға негізгі арқау болған мәселені табады. Жазушының таңдап алған тақырыбын және шығарманың идеясын анықтайды. Шығарма авторы оқырман назарын неге аударғысы келсе, көркем мәтінді оқушы жазушының мақсатына байланысты оқу мақсатын іздеп табады.

Жұртты ұйытып, көңілдегі ойыңды дөп басып, әсерлі сөйлеген адамды тыңдай бергің келеді. Әсерлі сөйлеудің тілге қатысты шарты - сөзді сазына келтіріп айту немесе дауыс мәнерінің жағымдылығы. Сөздерді толық әуенмен айтқанда, оларды тыңдаушыға мейлінше анық етіп жеткізу керек. Сөздерді бірбірімен жымдастырмай, әр сөзді түсінікті айтқан жөн.

Өмірде сөздерді сөйлесу әуеніне қарай айту жиі қолданылады. Бұл мәнерде дауыс ырғағы жағынан топтастырыла айтылады. Оның көтеріңкі, салтанатты үнмен айтылуы да бар. Сөздердің сөйлеу актісіндігі бір-біріне әсері, дыбыстардың бір-бірінің ыңғайына қарай үндесіп айтылуы қатаң сақталады. Бастауыш сыныптардағы оқу сабағының басты міндеті – оқушыларды кітаппен жұмыс істеуге үйрету, оқуға деген құмарлығын арттыру. Бастауыштың бірінші сыныбынан бастап, әлі сауат ашу кезі жүріп жатқан кездің өзінде, мұғалім балаларға лайықты суретті кітапшаларды

көптеп әкеліп, ішінен қызық жерін жатқа айтып, кейбір қысқа ертегілерді оқып береді. Егер де, мүмкіндігінше мұғалім оқылатын мәнерлі де әуезді оқып әңгімелеп беріп отырса, бала ықыласына ерекше әсер етеді. Бастауыш сынып оқулығында оқушылардың жан-жақты білім мен тәрбие алуына арналған материалдар жеткілікті. Кітаппен жұмыс істей отырып текстегі негізгі ойды ажыратуға, әрбір бөліктер арасындағы айтылған ойлардың бір-бірімен байланысын, өзгешелігін ұқсастығын, айырмашылығын салыстыра білуге үйренеді[4].

Мұғалім балалар алдында оқылатын шығарманың түсінікті, әсерлі болуы үшін оны күні бұрын талдап, даярлап алады. Балалар үшін күнделікті сөйлеу тілінде сан рет айтылып жүрген сөздердің өзі қиындық келтіреді. Өйткені бастауыш сынып оқушысының психологиясын ескерсек, оларға нақтылы мысалдар мен мәтіндер, үзінділер абстрактілі. Балалардың сөздік қоры аз, осы шығармаларды оқу талдау арқылы, өз бетімен кітап оқу арқылы, айналадағы үлкен – кішімен қарым-қатынас жасау арқылы жаңа сөз үйреніп, сөздік қоры біртіндеп дамиды. Сөздегі ассонанс (біркелкі дауысты дыбыстан басталу) пен аллитерация (дауыссыз дыбыстардан басталу) өлеңде, шешендік сөздерде жиі кездеседі. Тілдік заңдылықтарды бұзып айту құлаққа түрпідей тиеді. Сурет бойынша оқылатын мәтінді мазмұндау суреттегі нақты заттардың суреті мен сурет мазмұны мен мағынасы туралы жазылған шағын әңгімеден құралады. Сурет пен мәтін бір-бірін толықтырады. Біртұтас бірлік қалыптастырады. Ортақ идеялық сезімді қалыптастырады.

Бастауыш сынып мұғалімдері алдындағы оқушының оқуға қаншалықты төселгенін арнаулы есеп жүргізу арқылы бақылап отырады. Балалар саналы түрде түсініп, дұрыс оқуға төселгенде мәтінді қиындықсыз біршама жылдамдықпен оқиды. Мәнерлеп, әсерлі оқуға талаптанады. Көркем сөз шеберлерінің күйтабаққа жазылған сөздерін тыңдату арқылы мәнерлеп оқу, көркем оқу дегеннің не екендігі туралы ұғымдар беруге болады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдері балалар аудиториясында оқылатын әрбір көркем шығарманың көркемдігін сақтай отырып, мәнерлі оқып береді. Сонда ғана оқушы әрбір көркем туындыдан эстетикалық ләззат алады. Онсыз оқудың құны болмайды. Оқушылардың мәнерлеп оқу іскерлігінің басты мақсаты - әрбір сөздің мәнін жете түсіну, оның табиғатын тану және сөйлеуге машықтану. Ең алдымен, сөйлеу техникасы көркемдік түрінде жеткізіледі және іске асырылады. Сөйлеу техникасымен жаттығу кезінде шығармалардың бүкіл жүйелері анықталады. Мәнерлеп оқу кезінде оқушылар шығарманың маңыздылығын сол қалпында түсініп, оны мұғалімге жеткізуді үйренеді, оны түсініп білу және сезіну – оқушының негізгі ізденісі, басты жұмысы. Бұл ой-өрісті кеңейтіп қалыптастырады, берілген сабақтың материалдарын бақылауға үйретеді. Ұсынылған материалды талдай отырып, ол туралы білімін кеңейтіп, тереңдете түсіп, көз алдына елестетіп, ойын қалыптастыруды бастайды.

Ауызекі сөздің тартымдылығы төмендегі іскерлік пен дағдыларды игеру нәтижесінде жүзеге асады:

1) Оқушылардың тілдік дыбыстық жүйесін меңгеріп, әр дыбысты жеке тұрғыда да, басқа дыбыстармен тіркесте тұрғанда да әдеби тіл нормаларын сақтап айтуы. Бұл іскерлікті оқушылар фонетика, орфоэпиямен шұғылданду арқылы игереді.

2) Сөйлегенде, барлық сөзді, қосымшаларды саралап айту іскерлігі. Сөзді ашық, нақпа-нақ айтушыларды дикциясы жақсы адамдар дейді.

3) Сөйлемде логикалық екпінді дұрыс сақтап айту іскерлігі. Мұның өзі де сөзді де анық, ашық айтуға мүмкіндік береді.

4) Интонацияны дұрыс қолдану дағдыларын игеру, сөйлеу қарқынын анықтау іскерлігі.

Мұғалімнің оқушыны осы аталған дағдыларға үйретуде фонетика мен орфоэфияны дұрыс оқытудағы орны ерекше. Фонетика мен орфоэфияның заңдылықтарын дұрыс меңгеру әдеби тілдің нормасына жатады, сөздердегі дыбыстардың айтылуын, естілуін, жазылуын, дұрыс айта білуге дағдыланады. Егер оқушы сөзді немесе дыбысты дұрыс айта алмаса, бір дыбыстың орнына екінші дыбысты ауыстырып айтатын болса, немесе жазса онда ол әдеби тілдің дағдысын бұзып, сол сөзді қате айтумен бірге, дұрыс сауатты жаза алмайтын болады.

Оқушыны мәнерлеп оқуға дағдыландыруда фонетика, орфография, орфоэфия, синтаксисті оқытуға орай дауысты және дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ерекшеліктерді, қатаң, ұяң, үнді дыбыстардың айтылу ерекшеліктерін меңгерту, сөйлем соңына қойылатын (сұраулық, лептік, нүкте, сондай-ақ үтір, кос нүкте, сызықша) тыныс белгілерін дауыс ырғағы, айтылуына қарай дұрыс қоя білу, сөзді буынға дұрыс бөлу, тасымалдау, сөзге дұрыс екпін түсіріп айта білу, сондай-ақ ұнтаспадан ертегілерді айтудағы ерекшеліктерді аңғарту, өлең – тақырыптарды, мақал-мәтелдерді тыңдату сияқты жұмыс түрлерін жүргізу зор рөл атқарады. Сонымен қатар оқу сабақтарында мәнерлеп оқу жұмысы сөздің лексикалық жағына көбірек тоқталуды қажет етеді. Бастауыш сыныпта сөздердің көркемдігін, бояуын аша білу – ең маңызды жұмыс. Өйткені балалардың ой сезімін қорғауға көркем шығарма негіз болады. Шығарманы дұрыс түсіну, сол арқылы тыңдаушыға дұрыс әсер ету – шығарманың ең негізгі ойын, негізгі идеясын түсіну, соны білу. Екіншіден, сол шығармада айтылғандарды жүрекпен сезіну, көз алдына келтіріп елестету. Үшіншіден, сол өзі меңгерген түсінігін тыңдаушыға жеткізу мүмкіндігін жасау, тыңдаушының шығармадағы әрбір оқиғаны, әрбір суреттеуді, әрбір фактіні дұрыс түсініп, дұрыс бағалауын қамтамасыз ету. Бұл талаптардың орындалуы, әсіресе, бастауыш мектепте мұғалім тарапынан арнаулы жұмыстың жүргізілуін керек етеді.

Әсіресе, бастауыш сынып мұғалімі көбінесе өзі мәнерлеп оқу арқылы оны оқушыларға үйрете алады. Сондықтан мұғалім балаларға мәнерлеп оқуға ұсынылатын шығарманы жан-жақты таңдап алып қана оқып береді. Оқу кезінде жоғарыда айтылған мәнерлеп оқудың барлық әдіс-тәсілдерін қолданып жеткізеді. Мәнерлеп оқып беруге ұсынылатын шығарма бойынша алдын-ала мынадай жұмыстар жүргізуге болады.

1. Балалар мәтінді алдымен іштей бір оқып алады.

2. Мәтіннің мазмұн-мағынасына сай қай жерге логикалық кідірістер жасау керегін белгілеп алады.

3. Мәтіннің ішіндегі балаларға түсініксіз сөздер мен сөз тіркестері теріп жазылып, түсіндіріліп, сөздік жұмысы жүргізіледі.

4. Шығарма мазмұнын мәнерлеп оқу мен әңгімелеу арқылы оқушыларды мәтіндегі негізгі ойды ұғындыруға баса назар аударылады. Мұғалім мәнерлеп оқуға

ұсынылатын әрбір тақырыпты мазмұнына лайық талдап, даярланады. Сабақ барысында сыныптағы оқу сабағының әдістерімен іске асырады. Сонымен қатар мұғалім «Әдебиеттік оқу» сабақтарында оқушылардың мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыруда ұнтаспаларда ұжымдық тыңдауды жүйелі ұйымдастыру, соңынан ол туралы пікір алысу, тұтас мәтінге талдау жасап, оны жатқа айтқанда не естірте оқытқанда, қандай тартымдылық тәсілдері қолданылатынын анықтау және көрнекі құралдарда тартымды сөйлеу элементтерін пайдалану, интонацияны дұрыс айтуға жаттықтыру сияқты көптеген жұмыстар жүргізулері тиіс.

### Әдебиеттер тізімі

1. Р. Сыздықова, Б. Шалабаев, Көркем тексті лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», 2015.
2. Қ.Бітібаева. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «Жазушы», 1990.
3. Қ.Бітібаева. М. Әуезов шығармашылығын мектепте оқыту А., «Жазушы», 1994.
4. Михальская А.К. Педагогическая риторика. - Москва: Академия, 1998. - 432с.
5. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 156 б.

ӘОЖ 37

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ДИЗАРТРИЯ КЕЗІНДЕГІ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Берикова А.

**Ғылыми жетекші:** Азанбекова Г.Т.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

Талдықорған қ., Қазақстан, E-mail: [azanbekova.gulnaz@mail.ru](mailto:azanbekova.gulnaz@mail.ru)

Дизартрия – сөйлеу бұзылыстарының ауыр түрінің бірі болып табылады. Дизартрияның бірнеше түрлері бар, олардың әрқайсысы өзінің неврологиялық және сөйлеу белгілерімен сипатталады. «Дизартрия» термині дыбыстың айтылуы мен дыбыс ағынының просодикалық ұйымдастырылуына әсер ететін сөйлеу тілінің бұзылуын білдіреді. Дизартриядағы орталық жүйке жүйесінің зақымдану деңгейіне қарамастан, экспрессивті сөйлеудің функционалды жүйесінің тұтастығы бұзылады. Бұл жағдайда дауыстың жоғарлығы, үні, дауыс көлемі, айтылымның ырғақтық-интонациялық деңгейі бұзылады, сөйлеу дыбыстарының фонетикалық бояуы бұрмаланады, жалпы сөйлеудің фонетикалық құрылымы дұрыс жүзеге асырылмайды [1].

Дизартрияға шалдыққан балаларға ұзақ мерзімді, жүйелі жеке логопедиялық көмек қажет. Мектепке дейінгі мекемелердің логопедтері логопедиялық жұмысты келесідей жоспарлайды: жеке, топтық сабақтарда барлық балалармен жалпы сөйлеудің дамымауын жоюға бағытталған бағдарламамен оқиды, ал жеке сабақтарда сөйлеудің және просодиканың айтылу жағын түзетеді, яғни, дизартрия

белгілерін жою. Дизартрия диагностикасы және түзету жұмыстарының әдістері логопедиялық сабақтарға дейін әзірленеді. Г.Г.Гуцман, О.В. Правдина еңбектерінде «көмескі» дизартриялық сөйлеу бұзылыстарының белгілерін мәселелерін қарастырады. Авторлар дизартрияның жеңіл түрі өзінің көріністері бойынша күрделі дислалияға өте ұқсас екенін атап өтеді. Л.В. Лопатина, Н.В. Серебрякова еңбектерінде жеңіл (көмескі) дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалар топтарында диагностика, оқыту мен логопедиялық жұмысты саралау мәселелерін көтереді. Дизартрияны дифференциалды диагностикалау және осы балаларға логопедиялық көмекті ұйымдастыру мәселелері осы ақаудың таралуын ескере отырып өзекті болып қала береді [2].

Дизартрияның жеңіл түріне көбінесе бес жастан кейін диагноз қойылады. Белгілері дизартрияның жеңіл түріне сәйкес келетін барлық балалар диагнозды нақтылау немесе растау және адекватты ем тағайындау үшін невропатологтың кеңесіне жіберіледі, өйткені дизартрияның жеңіл түрлері үшін түзету жұмыстарының әдісі жан-жақты болуы керек және мыналарды қамтуы керек: медициналық көмек, психологиялық-педагогикалық көмек және логопедиялық жұмыс.

Дизартрияның көмескі түрлерін ерте анықтау үшін бұзылуларды сипаттайтын белгілерді білу қажет. Баланы тексеру анасымен әңгімелесуден және баланың даму картасын зерттеуден басталады. 5-6 жас аралығындағы көмескі дизартриясы бар балаларды қараған кезде келесі белгілер анықталады:

**Жалпы моторика.** Дизартрияның көмескі түрі бар балаларда белсенді қозғалыстардың көлемі шектеулі, бұлшықеттер функционалдық жүктемелерде тез шаршайды.

**Қолдың ұсақ моторикасы.** Дизартрияның көмескі түрі бар балалар өз-өзіне қызмет ету дағдыларын кеш және қиындықпен үйренеді: олар киімдегі түймелерді түймелей алмайды, орамалын шеше алмайды және т.б.

Қол еңбек сабақтарында оларда үлкен қиындықтар туындайды және қарапайым қозғалыстарды орындай алмайды, өйткені кеңістікті бағдарлау және қолдың икемді қозғалысы қажет. Аналарының айтуынша, 5-6 жасқа дейінгі балалардың көбі конструктор құрастырып ойнауға қызықпайды, кішкентай ойыншықтармен ойнауды білмейді, пазлдарды құрастырмайды.

Бірінші сыныптағы мектеп жасындағы балалар графикалық дағдыларды меңгеруде қиындықтар туындайды (айна түрінде жазу; «д»-«б» әріптерін ауыстыру; сөздерді дауысты дыбыста аяқтау; нашар қолжазба; баяу жазу және т.б.).

**Артикуляциялық аппараттың ерекшеліктері.** Дизартрияның көмескі түрі бар балаларда артикуляциялық аппаратта патологиялық белгілер анықталады.

Гиперкинез дизартрияның көмескі түрінде діріл, тіл мен дауыс байламдарының треморы түрінде көрінеді. Тілдің треморы функционалдық сынақтар мен жүктемелер кезінде пайда болады.

Апраксия дизартрияның көмескі түрі кезінде бір мезгілде қолдармен және артикуляция мүшелерімен кез келген ерікті қозғалыстарды орындауға қабілетсіздігімен анықталады. Артикуляциялық аппаратта апраксия белгілі бір қозғалыстарды орындай алмауда немесе бір қозғалыстан екіншісіне ауысқанда көрінеді.

Девиантты бұзылыс, яғни тілдің ортаңғы сызықтан ауытқуы артикуляциялық сынақтар кезінде және функционалдық жүктемелер кезінде де көрінеді. Тілдің ауытқуы мұрын-ерін қатпарының тегістігімен күлімдеу кезінде еріннің асимметриясымен біріктіріледі.

Гиперсаливация (сілекейдің жоғарылауы) сөйлеу кезінде ғана анықталады. Балалар сілекей ағуды жеңе алмайды, сілекейді жұтпайды, бұл жағдайда сөйлеудің айтылу жағы мен просодика зардап шегеді.

Дизартрияның көмескі түрі бар балалардағы артикуляциялық аппараттың мотор функциясын тексеру кезінде барлық артикуляциялық сынақтарды орындау мүмкіндігі байқалады, яғни балалар тапсырма бойынша барлық артикуляциялық қозғалыстарды орындайды. Мысалы: бетті үрлеу, тілді қағу, ерінді созу және т.б.

**Дыбыстардың айтылуы.** Баламен алғаш кездескен кезде оның дыбыстық айтылуы күрделі дислалия немесе қарапайым дислалия ретінде байқалады. Дыбыстардың айтылуын тексеру кезінде мыналар анықталады: шатастыру, дыбыстардың бұрмалануы, дыбыстардың ауыстырылуы және мүлдем болмауы т.б. дислалия сияқты белгілері болады.

Көбінесе тіс аралық айтылу және бүйірлік реңдер байқалады. Балалар буындық құрылымы күрделі сөздерді айтуда қиналады, дауыссыз дыбыстарды біріктіргенде кейбір дыбыстарды түсіріп, дыбыс мазмұнын жеңілдетеді.

**Просодика.** Дизартрияның көмескі түрі кездесетін балалардың сөйлеуінің интонациялық-мәнерлік бояуы күрт төмендейді. Дауыс, дыбыс деңгейі мен күшінің модуляциясы зардап шегеді, сөйлеу дем шығаруы әлсірейді. Сөйлеу тембрі бұзылып, кейде мұрын тонусы пайда болады.

Кейбір балаларда сөйлеу дем шығару қысқарады және тыныс алу кезінде сөйлейді. Бұл жағдайда сөйлеу қысылып шығады. Көбінесе балалар өзін-өзі бақылауы жақсы анықталады, олар сөйлеуді тексеру кезінде дыбыстық айтылуындағы ауытқулар көрінбейді, өйткені олар сөздерді кей жағдайда айқаймен айтады, яғни буындар бойынша, ал бірінші орынға тек просодиканың бұзылуы шығады.

**Жалпы сөйлеудің дамуы.** Дизартрияның көмескі түрі бар балаларды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топ. Дыбыс айтуы мен просодикасы бұзылған балалар. Бұл топ дислалиясы бар балаларға өте ұқсас. Көбінесе логопедтер оларды дислалик деп санайды, тек логопедиялық жұмыс процесінде дыбыстарды машықтандыруда оң динамика болмаған кезде, бұл дизартрияның көмескі түрі деген күдік туындайды. Көбінесе бұл тереңдетілген тексеру кезінде және невропатологпен кеңескеннен кейін расталады.

Екінші топ. Бұл дыбыс айтылуының бұзылуы және сөйлеудің просодикалық жағы фонематикалық естуді қалыптастырудың аяқталмаған процесімен біріктірілген балалар. Бұл жағдайда балалар өз сөйлеуінде оқшауланған лексикалық және грамматикалық қателерге тап болады.

Осылайша, балаларда дыбыстардың есту және айтылу дифференциациясы қалыптаспаған. Балалардың сөздік қоры жас нормасынан артта қалады. Балалар сөйлем құрастыруда қиналады, зат есімді санмен байланыстыруда қателеседі, т.б.

Үшінші топ. Бұл дыбыс айтылуының тұрақты полиморфты бұзылысы және фонематикалық естудің дамымауымен үйлесетін сөйлеудің просодикалық аспектісі жоқ балалар. Нәтижесінде тексеру сөздік қорының нашарлығын, грамматикалық құрылымында айтылған қателерді, біркелкі баяндау мүмкін еместігін, әртүрлі буындық құрылымдағы сөздерді меңгеруде айтарлықтай қиындықтарды анықтайды.

Бұл топтағы барлық балалар есту және айтылу дифференциациясының дамымағанын көрсетеді. Сөйлемдегі жалғауларды елемеу индикативті болып табылады. Дизартрияның көмескі түрі бар және жалпы сөйлеуі дамымаған (ЖСТД) балаларды мектепке дейінгі мекемелерде ЖСТД балалар топтарына жіберу керек [3].

Осылайша, дизартрияның көмескі түрі бар балалар біртекті емес топ болып табылады. Сөйлеу тілінің даму деңгейіне қарай балалар мектепке дейінгі мекемелердің арнайы топтарына жіберіледі: фонетикалық бұзылыстары бар, фонетикалық-фонематикалық дамымаған, жалпы сөйлеу тілі дамымаған [4]. Дизартрияның жеңіл түрін жою үшін медициналық, психологиялық, педагогикалық және логопедиялық шараларды қамтитын кешенді ықпал ету қажет. Дизартрияның көмескі түрінде логопедиялық жұмысқа ата-аналарды түзету-логопедиялық жұмысына міндетті түрде қосу қажет. Логопедиялық жұмыс бірнеше кезеңнен тұрады. Бастапқы кезеңдерде артикуляциялық аппараттың бұлшықет тонусын қалыпқа келтіру жұмыстары қарастырылған. Осы мақсатта логопед дифференциалды массаж жасайды. Артикуляциялық аппараттың моторикасын қалыпқа келтіру, дауыс пен тыныс алуды күшейтуге арналған жаттығулар жоспарланады. Сөйлеу просодикасын жақсарту үшін арнайы жаттығулар енгізіледі. Логопедиялық сабақтардың міндетті элементі қолдың ұсақ моторикасын дамыту болып табылады [5].

Дизартрияның көмескі түрін анықтау және түзету мәселесі бүгінгі күнге дейін өзекті болып қала береді. Логопедиялық тәжірибе зерттеулерінде балалардың сөйлеу тілінің айтылу кемшіліктері бар екендігі туралы көптеген көрсеткіштер бар, олар симптомдары бойынша дислалияға ұқсайды, бірақ олардың динамикасы ұзақ және күрделі жұмысты қажет етеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бабина Г.В., Белякова Л.И., Идес Р.Е. «Практикум по логопедии: Дизартрия». Москва. Издательство «Прометей», 2020.
2. Карелина И.Б. Новые направления в коррекции минимальных дизартрических расстройств // Дефектология, 2000.
3. Архипова Е.Ф. «Стертая дизартрия у детей» Учебное пособие для студентов вузов. Москва, 2006.
4. Лопатина Л.В. «Логопедическая работа с детьми дошкольного возраста с минимальными дизартрическими расстройствами» Учебное пособие. Санкт-Петербург. Издательство «Союз», 2005.
5. Лурия А.Р. Высшие корковые функции человека и их нарушения при локальных поражениях мозга. Изд. 3-е. М.: Академический Проект, 2000.

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА ДМШ БАЛАНЫ  
ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТБАСЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

Болатбек М.Ә., магистрант 2-курс «Арнайы педагогика» ББ

**Ғылыми жетекші:** Галиева А.Н., ф.ғ.к., оқытушы-дәріскер

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

E-mail: molly.molly2022@gmail.com; nurai\_gali@mail.ru

Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады. Инклюзивті тәсіл 2002 жылы Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдау туралы» Заңында көрініс табады. Заң әлеуметтік және медициналық, педагогикалық түзетулік қолдаудың түрлері мен әдістерін анықтайды, мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға және олардың ата-анасына тиімді көмек көрсету жүйесін құруға, олардың тәрбиесіне, оқуына, еңбектік және кәсіптік дайындығына, бала мүгедектігінің алдын-алуға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған.

Балалардың ата-аналарын психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мақсаты: баланың жеке дамуына бағытталған, баланы қоғамда табысты бейімдеу, оналту үшін мамандардан білікті көмек алу; мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға әлеуметтік-психологиялық жәрдемдесу болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны кешенді диагностика, дамыту және түзету жұмыстары, ата-аналарға кеңес беру және білім беруді қамтитын негізгі бағыттар арқылы жүзеге асырылады.

Жанұяда ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың өмірге келуі бірінші кезекте ата-ананың және жанұя мүшелерінің өмірге көзқарасын, өзгелерге және өзіне деген қарым-қатынасын өзгертпей қоймайды. Отбасында бала үшін де, ата-ана мен жанұя мүшелері үшін де ауыр психологиялық жағдай қалыптасады. Л. С. Выготский баланың өсіп дамуы бірінші кезекте әлеуметтік даму жағдайына негіздеген. Дамуында ауытқуы бар баланың кейінгі тағдыры өзі туып, тәрбиеленіп жатқан отбасының жағдайына байланысты. Баланың дамуы медицина және педагогикалық қызметкерлердің назарында болғанымен, басты ықпал етуші күш ата-ана болып табылады. Сондықтан ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала тәрбиелеуші отбасы қандай да болмасын медициналық, педагогикалық, психологиялық, құқықтық ақпараттық қолдауды қажет етеді. Дер кезінде алынған қандай да қолдау түрі баланың немесе отбасының кез-келген әлеуметтік-психологиялық мәселесінің шешілуіне әсерін тигізеді.

*Зерттеудің өзектілігі.* ДМШ баланы оқыту мен тәрбиелеу ғана емес, сонымен бірге ДМШ баланың отбасын сүйемелдеуде маңызды. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды психологиялық-



педагогикалық сүйемелдеу процесі - бұл педагог психологтардың, пән мұғалімдерінің, арнайы мамандардың жасына және жеке ерекшеліктеріне, өзекті даму деңгейіне, денсаулық жағдайына сәйкес өмір сүрудің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің мақсатты, ұйымдастырылған жүйесі болып табылады. Бұл жүйенің буындарының бірі ата-аналық ортадағы психологиялық-білім беру қызметі маңызды рөл атқарады.

Ата-аналармен өзара әрекеттесу процесінде барлық ақпарат маңызды: біз не айтамыз, қалай айтамыз, қарым-қатынас серіктесінің ақпаратын қалай қабылдаймыз. Сондықтан мұғалімге ата-аналардың түрлерін, олардың ерекшеліктерін білу және олармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу маңызды, өйткені педагогикалық қарым-қатынастың жоғары техникасы педагогикалық шеберліктің жетекші құрамдас бөлігі болып табылады.

*Талдау.* Л. С. Выготский баланың өсіп дамуы бірінші кезекте әлеуметтік даму жағдайына негіздеген. Дамуында ауытқуы бар баланың кейінгі тағдыры өзі туып, тәрбиеленіп жатқан отбасының жағдайына байланысты. Яғни, баланың дамуы көбінесе медицина және педагогикалық қызметкерлердің назарынан тыс қалып, басты ықпал етуші күш ата-ана болып табылады. Сондықтан ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала тәрбиелеуші отбасы қандай да болмасын медициналық, педагогикалық, психологиялық, құқықтық ақпараттық қолдауды қажет етеді. Дер кезінде алынған қандай да қолдау түрі баланың немесе отбасының кез-келген әлеуметтік-психологиялық мәселесінің шешілуіне әсерін тигізеді. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды және олардың ата-аналарын психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады.

Мүмкіндігі шектеулі бала отбасында денсаулығын сақтауға және нығайтуға қолайлы психологиялық жағдай жасауы керек. Ол үшін ата-аналар бұзушылықтың сипатын, баланың даму динамикасын нақты көрсетуі керек. Мұнда арнайы мамандардың көмегінсіз жасай алмайды. Оңалту процесінде ата-аналар мен мамандар серіктес болып, қойылған міндеттерді бірге шешкен кезде балалар әлдеқайда жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендірудің маңызды шарты-отбасының оны оңалтудың әлеуметтік процесіне саналы түрде қатысуы.

Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасыларды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау – бұл мамандардың жаңа қызмет саласы. Әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты дене мүмкіндігі шектеулі бала үшін қолайлы және қауіпсіз өмір сүру жағдайларын, әлеуметтенуді, сондай-ақ отбасының өзі үшін Қолдау ортасын құруда отбасына көмектесу болып табылады.

Аралас түрдегі мектепке дейінгі мекеме жағдайында отбасына психологиялық-педагогикалық көмекті мектеп педагогтары және мамандары: арнайы-педагог, педагог-логопед, педагог-психолог жүзеге асырады.

Арнайы мамандардың ата – аналарымен жұмысының негізгі мақсаты-оларды баланың психикасының даму ерекшеліктері туралы уақтылы хабардар ету, даму деңгейін сипаттау, мақсатты және жүйелі түрде жүргізілетін арнайы түзету сабақтарының қажеттілігін негіздеу, тәрбие мен оқыту мәселелерінде белсенді

ұстанымды және балаларымен өзара іс-қимылдың нәтижелі нысандарын қалыптастыру.

Мұғалімнің ата-аналарымен жұмысының жеке әдістері ата-аналардың қорқынышын бейтараптандыруға, олардың оқудағы баланың жоғары нәтижелері туралы сенімін қалыптастыруға келесі әдістер көмектеседі. Мұғалімнің баласына деген көзқарасының негізгі принциптерімен алғаш танысқан кезде ата-аналарға ұсыныстар айтылады:

1. Барлық басқа балалар сияқты мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдау
2. Оны басқа балалармен бірдей іс-шараларға қосу, бірақ әртүрлі міндеттермен.

3. Баланы ұжымдық оқыту формаларына және тапсырмаларды топтық шешуге тарту.

4. Баланың сыныптан тыс жұмыстарға қатысуы: конкурстарға, шығармашылық және ғылыми жобаларды әзірлеуге, білім байқауларына, бірлескен ойындарға қатысуы.

Психологиялық сүйемелдеу процесінің негізгі кезеңдері:

1 кезең

-Бала мен оның отбасын диагностикалық сүйемелдеу.

-Баланы сүйемелдеудің барлық қатысушыларымен байланыс орнату.

-Баланың даму ерекшеліктерінің психологиялық-педагогикалық диагностикасы, психикалық дамудың ауытқуларының алдын алу.

-Ата-аналар қолданатын тәрбие моделін анықтау және олардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау ( отбасының әлеуметтік-психологиялық картасын жасау).

2 кезең

-Жеке бағдарламаны және топтық сабақтарды іске асыру.

-Мүмкіндігі шектеулі баланың ата-анасына қажетті көмек көрсету (кеңес беру, әңгімелесу, талқылау).

-Баламен жұмыс істейтін мұғалімдерге білім беру және кеңес беру.

-Психологиялық сабақтар. Зейінді, есте сақтауды, ойлауды, эмоционалды - ерікті саланы дамытуға арналған кешендерді қамтиды.

-Ата-аналармен және балалармен бірлескен іс-шаралар өткізу ("Жаңа жыл", "8 наурыз", "Аналар күні" және т. б.)

-Ұсыныстарды әзірлеу, психофизикалық ерекшеліктерді ескере отырып, оңтайлы жеке жүктемені анықтау.

3 кезең

-Процестің тиімділігі мен сүйемелдеу нәтижелерін талдау.

-Ата-аналармен жұмыс келесі принциптерге негізделуі керек:

- 1.Балаларға, ата-аналарға жеке-бағдарланған көзқарас, мұнда орталықта баланың, отбасының жеке ерекшеліктерін ескеру; жайлы, қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету.

- 2.Адамгершілік - жеке - балаға, отбасының әр мүшесіне деген жан-жақты құрмет пен сүйіспеншілік, әр баланың жағымды "Мен-тұжырымдамасын" қалыптастыру, оның өзі туралы идеясы (мақұлдау мен қолдау сөздерін есту, сәттілік жағдайын өмір сүру қажет).

3.Кешенділік принципі-психологиялық көмек тек кешенде, психологтың логопедпен, дефектологпен тығыз байланыста қарастырылуы мүмкін. тәрбиеші, музыкалық жетекші, ата-аналар.

4.Іс-әрекетке деген көзқарас принципі - психологиялық көмек баланың жетекші іс-әрекетін ескере отырып жүзеге асырылады (ойын іс-әрекетінде), сонымен қатар, бала үшін жеке маңызды болып табылатын қызмет түріне де назар аудару қажет.

5.Құпиялылық принципі-бала және оның отбасы туралы алынған барлық ақпарат ата-анасының немесе баланың заңды өкілдерінің тиісті рұқсатынсыз мектепке дейінгі білім беру ұйымынан тыс жерде таратылмайды.

Баланың қызығушылықтары, дағдылары мен дағдылары туралы көбірек білу, ата-аналарды оның жетістіктерімен таныстыру, үй тапсырмасын орындауды және режимді сақтауды ұйымдастыруға көмектесу мақсатында отбасына мезгіл-мезгіл бару. Мектепте ата-аналардан туындайтын мәселелер бойынша консультациялар өткізу. Оқушы,педагог ата-ана жүйесі бойынша бірлескен жеке сабақтар өткізу. Ата-аналарға бейнетүсіріліммен ашық сабақтар өткізу және оларды егжей-тегжейлі талдау. Соңғы екі әдіс ата-аналарды оқу процесіне қосады, баланың мүмкіндіктерін, қабілеттерін бағалауға көмектеседі және мұғаліммен бірге олар үшін білім алудың ең жақсы жолдарын анықтайды.

Ата-аналармен жұмыс баланың дамуы мен оқуы туралы кеңес берумен шектелді, бірақ сонымен бірге өте маңызды аспект-ата-аналардың эмоционалды жағдайы ескерілмеді. Мүгедектігі бар балалардың көптеген ата-аналары қоғамда ерекше осалдығымен және өзін сырттан келген адам ретінде сезінуімен сипатталады. Тәрбиешілермен, дефектологпен, әлеуметтік педагогпен және психологпен әңгімелесу – проблемаларды шешу, негативті жеңу, жүйке жүйесін тұрақтандыру, күрделі сұрақтарға жауап алу мүмкіндіктерінің бірі.

*Қорытынды.* Инклюзивті білім беру ортасында денсаулық мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау бұл әрбір баланың мүмкіндігі мен қажетіне қарай әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай жасауға бағытталған мамандар тобының қызметтерін қамтиды, сол себепті, ата-ана және арнайы мамандар кешенді жұмыс жүргізіуі өте маңызды. Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеу ата-аналардан үлкен физикалық және рухани күш-жігерді талап етеді, сондықтан ата-аналар физикалық денсаулығын, психикалық тепе-теңдікті және оптимизмді сақтауы керек. Мұғалім – дефектолог мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыптасуына,өз бетімен өмір сүруіне бағыт – бағдар беруі тиіс. Әрбір педагог, ата-ана,жалпы адамдар даму мүмкіндігі шектеулі балаларға көмектесіп,олардың өмірде өз орнын табуына жағдай жасауы керек.Бұл балалар үшін білім мазмұнын дидактикалық ойындар,түрлі көрнекі құралдар арқылы қалыптастыру өте маңызды болып саналады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1.«Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдау туралы» 2002 жылы Қазақстан Республикасының №343 заңы.

2. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұстанымдар. Астана 2016ж.- [77 с.]

3. Психолого-педагогическое сопровождение семьи ребенка с ограниченными возможностями здоровья: организация, содержание, воспитание, технологии / С. К. Хаидов, Н. А. Степанова, С. Г. Лещенко. – Тула: Тульское производственное полиграфическое предприятие, 2016. – [417 с.]

4. <https://rosuchebnik.ru/>

ӘОЖ 376

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА ЕББҚ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТБАСЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖОЛДАРЫ**

Болатбек М.Ә.

**Ғылыми жетекші:** Галиева А.Н., ф.ғ.к., оқытушы-дәріскер

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

E-mail: molly.molly2022@gmail.com; nurai\_gali@mail.ru

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны кешенді диагностика, дамыту және түзету жұмыстары, ата-аналарға кеңес беру және білім беруді қамтитын негізгі бағыттар арқылы жүзеге асырылады. ЕББҚ бала отбасында денсаулығын сақтауға және нығайтуға қолайлы психологиялық жағдай жасауы керек. Ол үшін ата-аналар бұзушылықтың сипатын, баланың даму динамикасын нақты көрсетуі керек. Мұнда арнайы мамандардың көмегінсіз жасай алмайды. Оңалту процесінде ата-аналар мен мамандар серіктес болып, қойылған міндеттерді бірге шешкен кезде балалар әлдеқайда жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендірудің маңызды шарты-отбасының оны оңалтудың әлеуметтік процесіне саналы түрде қатысуы.

ЕББҚ баланы тәрбиелеп отырған отбасыларды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау – бұл мамандардың жаңа қызмет саласы. Әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты дене мүмкіндігі шектеулі бала үшін қолайлы және қауіпсіз өмір сүру жағдайларын, әлеуметтенуді, сондай-ақ отбасының өзі үшін Қолдау ортасын құруда отбасына көмектесу болып табылады.

Білім берудегі инклюзивті тәсіл әртүрлі сипаттағы себептерге байланысты, олардың жиынтығын қоғамның экономикалық, мәдени, құқықтық дамуының белгілі бір деңгейіне жеткен әлеуметтік тапсырыс деп атауға болады және мемлекет. Бұл кезең қоғам мен мемлекеттің мүгедектігі бар адамдарға деген көзқарасын қайта қарастырумен, олардың құқықтарының теңдігін ғана емес, сонымен бірге мұндай адамдарға өмірдің әртүрлі салаларында, соның ішінде білім беруде барлық мүмкіндіктермен тең қамтамасыз ету міндетін мойындаумен байланысты.

Өз кезегінде, инклюзивті білім беру баланың әр жас кезеңіндегі әлеуметтік бейімделуінің басымдығы; барлық жас кезеңдеріндегі инклюзивті процестің

үздіксіздігі; білім беру (кең мағынада) міндеттері мен әдістерінің табиғаттылығы, баланың мүмкіндіктері де, жалпы даму логикасы да; коммуникативтік құзыреттіліктерді, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеттерін басым дамыту сияқты басымдықтарға негізделген; мүгедектіктің алдын алу және жеңу және ерекше баланың отбасын жасанды оқшаулау . Бүгінгі таңда білім берудегі инклюзивті процесс ЕББҚ баланы жалпы білім беру мекемесіндегі қарапайым құрдастарының ортасына қосуды және қабылдауды, оның ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, бейімделген немесе жеке білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз ететін арнайы ұйымдастырылған білім беру процесі ретінде түсініледі. Белгіленген басымдықтарды тиімді іске асыру жалпы инклюзивті процесті де, оның жеке құрылымдық компоненттерін де мамандандырылған кешенді қолдаусыз өте қиын болып көрінеді, өйткені ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды инклюзиялау процесінің өзі ұйымдық және мазмұнды компоненттерде динамикалық және күрделі болып табылады. Инклюзивті білім беру қызметтердің үздіксіздігі және білім беру процесінде баланы үздіксіз сүйемелдеу кепілдігі балалардың қажеттіліктерінің әртүрлілігіне сәйкес келуі керек деп болжайды.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру саласындағы барлық зерттеушілер сүйемелдеуді инклюзивті процестің сәттілігінің негізгі шарттарының бірі ретінде анықтайды. Кешенді сүйемелдеу мәселесі бойынша заманауи ғылыми әдебиеттерді талдау қазіргі уақытта тұрақты білім беру жағдайында балаға мамандандырылған көмек көрсетудің әртүрлі технологиялары, психологтың басқа білім беру мамандарымен, психологиялық қызметпен, жалпы білім беру ортасымен өзара әрекеттесу технологиялары, білім берудің практикалық психологиясының философиясы мен стратегиясын анықтайтын ретінде сүйемелдеу ұғымы кеңінен қолданылғанын көрсетті. Сүйемелдеу теориясында баланың дамуы проблемасының тасымалдаушысы әр жағдайда баланың өзі, мұғалімдер, оның ата-аналары және баланың жақын ортасы болып табылады деген тұжырым маңызды позиция болып табылады.

Білім беру кеңістігінде болып жатқан өзгерістердің маңызды сипаттамаларының бірі-ата-аналардың инклюзивті білім беру процесінің субъектілері ретіндегі ұстанымы. Ата-аналардың ойлауының дербестігі мен белсенді ұстанымы ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың білім беру траекториясын, ата-аналардың мектепке қатысты серіктестік ұстанымын және олардың білім беру нәтижесі үшін жауапкершілігін анықтайды. Ата-ананың серіктес болуы өте маңызды, бірақ көбінесе біз оны жауапты таңдау құқығынан айырамыз. Содан кейін мамандардың ұсыныстары үкімге айналады, ал кеңес беру мінез-құлықтың мүмкіндіктері мен нұсқаларын ашпайды. Білім берудегі инклюзивті тәсілді дамыту барысында ата-аналардың ұстанымы барған сайын дербестік пен белсенділікке ие болады. Ата-аналармен нәтижелі диалог ұйымдастыра білу, оларды қатысуға және ынтымақтастыққа, баланың білім алу шарттарын бірлесіп талқылауға тарту-мектеп қоғамдастығының маңызды міндеті.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бірыңғай білім беру кеңістігіне қатысушылардың табысты жұмыс істеуі үшін жағдай жасауға бағытталған

"көмекші мамандықтар" мамандарының тұтас, ұйымдасқан және жүйелі қызметін болжайтын икемді, ұзақ, динамикалық процесс деп түсініледі.

Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмектің кешенді бағдарламаларын әзірлеудің өзектілігі қазіргі заманғы отбасы балалардың оңтайлы дамуы мен тәрбиесі үшін ең қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін негізгі құрылым болуы керек екендігіне байланысты. И. Ю. Левченко, В. В. Ткачеваның пікірінше, ЕББҚ балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларда бұл мақсатты жүзеге асыру келесі жағдайларға байланысты қиын:

- дамуында ауытқулары бар баланың тууы салдарынан отбасы мүшелерінің психикалық жарақаттануының жоғары деңгейі;

- проблемалы балаға көмек көрсету мотивтерінің де, ата-аналардың бастауыш психологиялық-педагогикалық білімдерінің де болмауы;

- баланың ерекшеліктерін қабылдамау, бұл ата-аналардың жеке басының преморбидтік ерекшеліктеріне де, олардың осындай балаға қатысты мәдени-құндылық бағдарларына да байланысты болуы мүмкін.

Инклюзивті білім беру жағдайында ЕББҚ балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптерін белгілейік: жүйелілік; диагностика мен түзетудің бірлігі; жеке көзқарас; білім беру процесінің барлық қатысушыларының жағымды эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету; сүйемелдеу мамандары тобындағы пәнаралық өзара іс-қимыл.

Білім беру кеңістігінде болып жатқан өзгерістердің маңызды сипаттамаларының бірі-ата-аналардың инклюзивті білім беру процесінің субъектілері ретіндегі ұстанымы. Ата-аналармен нәтижелі диалог ұйымдастыра білу, оларды қатысуға және ынтымақтастыққа, баланың білім алу шарттарын бірлесіп талқылауға тарту-білім беру мекемелері мамандарының маңызды міндеті.

Инклюзивті білім беру субъектілері ретінде ата-аналарды сүйемелдеудің бастапқы кезеңі, Психологиялық диагностика болып табылады, ол отбасылардағы психологиялық климаттың ерекшеліктерін, балалар мен ата-аналардың қарым-қатынастарын, ата-аналардың жеке ерекшеліктерін және олардың құндылық көзқарастарын анықтауды қамтиды. Алынған нәтижелер негізінде отбасыларды психологиялық-педагогикалық қолдау технологиялары әзірленуде. Білім беру процесінде әр түрлі девиантты дамуы бар балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері туралы ата-аналарға білім беруге бағытталған ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылады. Мұндай технологияларды ата-аналар жиналыстарында қолданған жөн.

ЕББҚ балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар мен шартты нормативтік дамуы бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты құру және нығайту мақсатында ата-аналар үшін психологиялық клубтар құру тиімді. Отбасылармен жұмыста тиімді өзара әрекеттесуді қалыптастыруға бағытталған психокоррекциялық және дамытушы технологиялар, тренингтер белсенді қолданылады.

Ұйымдасқан білім беру қызметінде ЕББҚ балалары бар ата-аналармен өзара іс-қимыл жүйелі және сындарлы сипатқа ие, әртүрлі ұйымдастырушылық формалар арқылы жүзеге асырылады: интеграцияланған сабақтар (жеке, кіші топтық, топтық), ойындар (оқыту, жалпылау, танымдық, дамытушылық, өнімді, коммуникативті,

шығармашылық, тақырыптық, сюжеттік, рөлдік, ауызша, жылжымалы және т.б.). Ұйымдастырылған білім беру қызметі аясында әр түрлі іс-шараларды, әдістер мен әдістерді қолдану, сонымен қатар макро және микротопта, жұпта жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және есту, бағалау және өзін-өзі бағалау қабілеттерін қалыптастыруға назар аудару қажет.

Сабақта және одан тыс уақытта ата-аналармен өзара әрекеттесуді ұйымдастырған кезде міндетті түрде үш тұғырлы міндет шешіледі: білім беру, тәрбие, түзету, бұл диагнозы бар балаларды оқыту мен әлеуметтендірудің сәтті факторы болып табылады. Балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыста денсаулық сақтау технологияларының элементтерін (визуалды және тыныс алу гимнастикасы, кинезиология элементтері, пестовальды гимнастика, арнайы қарапайым жабдықты қолдана отырып массаж) қолдана отырып, бүкіл оқу-тәрбие процесі физикалық, психологиялық, әлеуметтік және эмоционалды дамуды қамтамасыз етуге, психофизикалық жағдайды жақсартуға бағытталған.

Ата-аналарды жеке және бірлескен іс-шараларға тарту маңызды. Мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың ата-аналарының әлеуметтік бейімделуін психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру барысында жұмыстың әртүрлі формаларын қолдану.

Ерекше білім беруді қажет ететін баланың инклюзивті білім алуының және ата-анасының сүйемелдеуінің сәттілігіне әсер ететін факторлардың бірі-олардың ойын және коммуникация дағдыларын игеруі. Ата-аналарды әлеуметтік қатынастар жүйесіне қосуға бағытталған әлеуметтік сипаттағы бастапқы идеяларды игеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту жөніндегі жұмысты бірнеше бағыт бойынша жүзеге асырамыз:

- \* күнделікті өмірде бір-біріне назар аудару, өзара көмек көрсету, ұжымдық іс-шараларға қатысу арқылы;

- \* өздері туралы, айналасындағылар туралы идеяларды дамытуға бағытталған арнайы ойындар мен жаттығулар процесінде;

- \* сюжеттік-рөлдік және театрландырылған ойындарды, қатысушылар арасындағы әлеуметтік қатынастар қалпына келтірілетін драматизация ойындарын оқыту барысында қарапайым жалпы қабылданған нормалар мен қарым-қатынас ережелеріне саналы түрде қосылуға мүмкіндік береді;

- \* шаруашылық-тұрмыстық еңбек процесінде және әртүрлі қызмет түрлерінде.

Әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс күнделікті және барлық қызмет түрлеріне: тұрмысқа, ойынға, оқытуға органикалық түрде енгізіледі.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалары бар ата-аналарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша жұмыста инклюзивті білім беру шеңберінде мәдени-гигиеналық дағдыларды, салауатты өмір салтын ұстану қажеттіліктерін қалыптастыра отырып, білім берудің әрбір қатысушысының денсаулығын қорғау, сақтау және нығайту үшін қажетті жағдайлар жасау; өз денсаулығы туралы және оны нығайту, әлеуметтік босату және өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қабылдау.

Осылайша, ЕББҚ балалары бар ата-аналарды жүйелі психологиялық-педагогикалық қолдау инклюзивті білім беру процесінің барлық субъектілерін толыққанды дамыту міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1.Кашинская, О.В. Модель комплексного сопровождения семей, воспитывающих детей с ограниченными возможностями здоровья и инвалидностью, в условиях инклюзивной образовательной организации / О.В. Кашинская. С. 157-159.

2.Левченко И.Ю., Ткачева В.В. Психологическая помощь семье, воспитывающей ребенка с отклонениями в развитии. – М.: Просвещение, 2008. – 239 с.

3.Насибуллина А.Д. Организация психолого-педагогического сопровождения обучающихся с ограниченными возможностями здоровья в условиях инклюзивного образования // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 20. – С. 57–60.

4.Педагогика и психология инклюзивного образования: учебное пособие / Д.З. Ахметова, З.Г. Нигматов, Т.А. Челнокова, Г.В. Юсупова и др. – Казань: изд-во Института экономики, управления и права «Познание», 2013. – 204с.

5.Психолого-педагогическое сопровождение семьи ребенка с ограниченными возможностями здоровья: учебник для студентов учреждений высш. образования / [В.В. Ткачева, Е.Ф. Архипова, Г.А. Бутко и др.]; под ред. В.В. Ткачевой М.: Издательский центр «Академия», 2014. – 272 с.

6.Слюсарева Е.С. Психологическое сопровождение родителей в условиях инклюзивного образования детей с ограниченными возможностями здоровья // Фундаментальные исследования. – 2015. – № 2-1. – С. 179-183.

ӘОЖ 37

### **ЖАС ҰРПАҚТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ: ІЗДЕНІС, ТӘЖІРІБЕ, НӘТИЖЕ**

Болатов А.М.

**Ғылыми жетекші:** Нурбекова Р.К.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: arman-bolatov@mail.ru

«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп Әл-Фараби бабамыз айтқандай қай заманда, қай тарихи кезеңде болмасын ұлттық тәрбие мен құндылықтарға аса мән берілгені баршамызға мәлім. Бүгінгі қоғамда да тәрбие туралы сұрақтар түйінді мәселелердің бірі ретінде шындалады, өзгереді, дамиды. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Қазіргі жаһандану заманында құндылықтар жүйесінің алатын орны айрықша. Өйткені рухани-адамгершілік құндылық – адамзаттың жан-дүние қасиеттерінің өлшемі болып табылады. Оның жетістікке ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, дұрыс өмір сүру



жайында ізденуі, өзін-өзі бағалап, сол арқылы әлемді тануы. Ал осы адами құндылықтарды білуде, тануда балаларымызға дұрыс бағыт-бағдар беру баршамыздың міндетіміз болып жүктеледі. Құндылықтар негізінде білім беру барлық тараптардың: мектеп, отбасы, қоғамдық орталардың қатысуымен кешенді түрде ұйымдастырылуы керек деп ойлаймын. Құндылықтар негізінде оқыту жаңа заманның талабына сай тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге, салауатты өмір дағдыларын негіз жасауға бағыттайды. Қазіргі жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы – ол құндылықтар деп білемін. Сандық технологиялардың қарқыны жоғары болған заманда адамға 3 қасиет керек. Олар интеллект, энергия, әділдік. Интеллект ақыл-оймен ұштасқан идеялардың, жаңалықтардың іс-әрекеті. Ал энергия жоғары нәтижелер көрсету үшін керек қайрат, жігер, денсаулық. Осылардың барлығының басын қосатын әділдік. Егер осы әділдік болмаса, алдыңғы екеуінен пайда болмайтыны сөзсіз. Міне қоғам жастарын осы бұлжымас қағидадан бастап тәрбиелеу маңызды. «Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», - деп көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеуенов [2, б. 12] дәл басып айтқан. Рухани-адамгершілік тәрбиелеу процесінде шынымен «бүгінгі жас ұрпақ қандай?» деген сұраққа алдымен жауап беру керек сияқты. Қазіргі балалар өзімен санасуды талап етеді, ережелерді қабылдамайды, тең әрі шынайы қарым-қатынасқа мұқтаж және интернеттің шынайы досы. Осы орайда екінші сұрақ пайда болады. Сонда қазіргі мектеп жасындағы балаларда қандай кедергілер бар? Әрине ол тайм-менеджмент. Уақытты дұрыс пайдаланбау. Өз гимназиядағы алынған сауалнаманың қорытындысына сәйкес, әр бала шамамен 7, 8 сағат смартфон, планшетте отырады екен. Көбінесе әлеуметтік желілерге кіреді және ойындарды ойнайды. Әлеуметтік



Сурет 1 - ерекше баламен ерекше дүние

желіде 83% әзілдер, вайндарды тамашалайды екен. Екінші кедергі қоғамда өзін ұстауы. Қоғаммен қарым-қатынасы жөнінен тұлғаның айналысындағы адамдардың пікірінің басым бөлігі негативке толы болып келеді. Үшінші кедергі қимылдың аздығы. Бұл мәселе әлем бойынша өзекті екені баршаға мәлім.

Осы қорытындыларды ескере келе гимназиямызда құндылықтарға негізделген білім беру жобасын ұйымдастырдым. Жоба бойынша гимназиядағы нәтижеге бағытталған іс-әрекет негізгі 3 бағыттан тұрды. Алғашқы бағыты гимназия жайлылығы. Кез келген балаға «сен қандай мектепте оқығың келеді?» деп сұрасаң, білім алушы заманауи құрал-жабдықтармен

жасақталған, мектеп жақсы дизайнда әрленген, барлығы ыңғайлы болғанын айтар еді. Осы тарапынан біраз жұмыстар жасалынды. Гимназия ауласын жарықтандыру, құндылықтарға сәйкес стендтер, моторика, ойлау дағдыларын дамытатын құралдар,

ерекше балалардың ерекше қасиеттерін ашу бойынша шаралар ұйымдастырылды. Инклюзивті білім беру бойынша гимназияның дарынды баласы жетекшісінің қолдауымен қолжетімді материалдан Қазақстан картасын жасап шықты. Таныстырылымы аудандық семинарда болды. Еңбексүйгіштікке дағдыланған оқушының қабілетін сыныптастары білмейтін еді. Ал оқу-тәрбие үрдісіндегі құндылықтарға директормен «оқушы үні» көшбасшылық сағаты, ақындар мектебі, бата беру, кітап оқу жобалары жүргізілді. «Оқушы үні» көшбасшылық сағаты нәтижесі ойдағыдай болды. Бірде осы сабақ кезінде қоқысты шашпау, тазалық туралы тақырыпта болған болатын. Оқушыларға кері байланыс кезеңінде қоқысты неге шашатындарын сұрадым. Мүмкін басқа себептері бар шығар деген ниетпен осындай ситуациялық сұрақ қойдым. 9 сыныпта оқитын оқушы басты себеп қоқыс жәшігінің аздығы мен олардың ғимараттан алыс орналасқанын дәлелмен айтты. Шыныменде үлкендер ойланбаған жағдай. Осы күнге дейін қоқысты 100, 200 м қашықтықта орналасқан жәшікке салу уақыттыда алады және оған үлкен ынта керек. Оқушы үнін тыңдау нәтижесінде қоқыс жәшіктері көбейтілді және нәтижесінде қоқыс шашу тоқтатылды. Кітап оқу бойынша аптаның бірінші күні 1 сағат кітап оқу сабақ кестесіне кіргізілді. Осы уақытта директор, педагогтар, оқушылар, қамту қызметкерлері барлығы кітап оқиды. «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы бойынша 80 көркем әдебиет кітаптарымен кітапханамыз толықты. Әр айға екі құндылықтан қойылды. Құндылықтар мереке, айтулы күндерге байланысты реттеліп отырды. Мәселен осы қараша айына патриотизм мен жауапкершілік құндылықтарын алдық.



Сурет 2 - Әкелер мектебі

Осы гимназиядағы бүкіл шараларда, атап айтсақ, апталықтарда, сабақ үрдісінде, үзіліс уақыттарында басқада іс-әрекеттерде осы екі құндылық дәріптелуі тиіс. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп Мағжан Жұмабаев айтқандай ұлттық құндылықтарға мән беру аса маңызды деп ойлаймын. Ақындар мектебінің шәкірттері өз өлеңдерін әр түрлі тақырыптарда қозғайды. Гимназиямызда туған жер, мезгілдер, Абай атамызға арналған ақындардың

жүрекжарды өлеңдері жазылған бұрыштар жинақталған. Халқымыздың дәстүрлі жоралғыларының бірі бата беру. Бата жаттау үрдісі тіпті кейбір үлкендерге өнеге болатынына хақ. Эмоцияларды шығарудың позитивті жолдары киккер спорт, футбол, волейбол, судоку, «квест» ойындар, стол теннисі балаларды бірлікке, көшбасшылыққа жетеледі.

Тіпті сынып арасында балаларға қосылмайтын, жекеленетін жасөспірімдер осындай тимбилдингте өзін көрсетіп, командалық белсенділік пен жоғары көрсеткішке жетуде үлкен рөл атқарды. Бұл өз кезегінде балалар арасында сыйлы болуға, құрметтеуге лайық жан екеніне дәлел бола алды. Үшінші бағыт ата-

аналармен жұмыс деп аталады. «Даналық мектебі» жобасында әкелер, аталар, апалар, аға-әпкелер, аға-жеңгелер мектебінің жұмыстарын жандандыру тиімді. Себебі баланы тәрбиелеуде әке мен анадан басқа тұлғалардың өз үлесі бар. «Бір әкенің тәрбиесін 100 мектеп бере алмайды» деген қанатты сөз бар. Жаңа форматтағы шаралар ата-аналардың қызығушылығын тудырды. Асқар тау әкелердің шеберлігін басқа қырларынан көру мектеп үшінде, бала үшінде ерекше болды. Көптеген ұсыныстарды талқыладық. Бұл отбасылық құндылықтарды, дағдыларды жаңғыртумен оқушының отбасы мүшелерімен өзара дұрыс қатынасын тіл табысып, түсінісуін, бірін-бірі сыйлау, үлкендерді құрмет тұтуға үйретеді.

Қазіргі қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты тәрбиелеуді талап етеді. Жасөспірімдердің жасын, жас ерекшелігін, психикалық үрдістерін ескере отырып рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу үшін мынандай міндеттерді орындауымыз керек:

- Баланың өзіндік мәнін оятуға бағдар беру;
- Әр сабақтан алған білім, дағдысын одан әрі тереңдету, өздігінен жұмыс жасау қабілетін ашу;
- Талдау, түйін жасау, шығармашылық қабілетіне қозғау салу.

Тұлғаны рухани-адамгершілік тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан-ақ байқауға болады. Халық даналығында «ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсын» деп бекер айтылмаса керек. Сондықтанда баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, адамгершілік сынды құнды қасиеттерін сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеу келешек қоғамды тәрбиелеу деп білемін. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісін озық етіп тәрбиелеу – біздің отанымыз алдындағы борышымыз. Жастарымыз өз отанына қызмет етуге лайықты ұрпақтар қатарынан болғай!

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ш.Елеукенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.
2. «Басшыға арналған әдістемелік нұсқаулық» Астана, 2017.
3. Әл-Фараби философиясы//Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. 2 том. – 460 б.

ӘОЖ 398.8(574)

### **АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ЖЕТІЛУІНІҢ КӨРСЕТКІШІ – ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ФОЛЬКЛОР**

Дәуренқызы А.

**Ғылыми жетекшісі:** Дюсупова М.Ш., сениор-лектор  
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: dyusupova65@bk.ru

Фольклор – әрі ғылым, әрі өнер. Себебі дүниені нақты затпен, заттың өз құбылысымен, әр түрлі дәлдіктің жолымен түсіндіретін фольклорлық мұра адамның қиялына әсер етеді, өмірді көркем суреттермен беру арқылы сезімге де

әсер етеді. Сондй-ақ фольклор – халықтың ауыз әдебиетін, этнографиясын, дінін, философиясын, тарихын, психологиясының басын түйістірген, тұрмыс-тіршілігінің ортақ көрінісін бейнелейтін өнер.

Фольклор – халық тұрмысының айнасы. Қазақ халқының кім екендігін білу үшін оның ауыз әдебиетін білуіміз керек. Ауыз әдебиетінде халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, әр түрлі дәсүрлерді (этнографиясы) баяндалады. Көптеген көркемдік сөздер мен атаулар халықтың дәстүрлеріне байланысты екендігін байқаймыз.

Фольклор - сөз өнері. Өнер болу үшін, ең әуелі, көркемдік қасиет және орындаушы мен тыңдаушы болуы керек. Қазақ қоғамында фольклор осы үш шартты түгел орындаған, тіпті, одан да кең ауқымды қамтыған. Фольклор - әрі әдебиет, әрі театр рөлін атқарды, оның шығарушылары әрі орындаушылары - жыршы мен ақындар, сондай-ақ тыңдаушылары мен көрермендері болды. Сондықтан фольклор өзіндік көркем әдіс, бейнелеу тәсілдер мен көркемдеуіш құралдар жасап, орнықтырды. Бұл процесте ол ежелден келе жатқан ұғымдар мен нанымдарды, мифтер мен басқа да ескі жанрларды пайдаланып, оларға басқа сипат дарытты, эстетикалық міндет артты. Сөйтіп, алғашқы қауымға тән мифтік сананың жемісі көркем құралға айналды, бейнелілікке және метафораға негіз болды. Осы жолда көркемдік шарттары қарапайымдылықтан күрделілікке ойысты, саналы, мақсатты қиял пайда болып, ғажайыптық сипат алды, утилитарлық функция эстетикалыққа ауысты, осының нәтижесінде фольклор поэтикасының қалыптасуы, оның кейінгі заманда әдебиетке енуі, әдеби поэтикаға негіз болуы заңдылыққа айналды. Көркем фольклорлық жанрлар туып, қалыптасты, ертегілер, жырлар, дастандар, ең алдымен, эстетикалық, сейілдік, содан соң тәрбиелік, т.б. мақсат тұтты. Фольклорды өнер етіп көрсететін басты белгілері мыналар: романтикалық әдіс пен типтендіру, тұтастану процесі, кейіпкерлерді суреттеу тәсілдері, жалпылық пен формулалықтың қатар жүруі, импровизацияның айрықша көрінуі, шығармалардың тұрақты композициясы мен өзіндік стилі, фольклорлық уақыт пен кеңістік, әлеуметтік утопия, т.т. Бұлар фольклорды сөз өнері етіп, әдебиетке жақындатса, енді бір ерекшеліктер бұл екеуін алшақтата түседі. Мәселен, фольклордың байырғы ұғымдармен, түсініктермен, әдет-ғұрыппен байланысы, фольклорлық сана мен ойлау, индивидтік тілдің жоқтығы, даралық портреттің болмауы, іс-әрекеттің біржақты әрі дереу істелуі, кейіпкердің ғажайып туып-өсуі, оның ғаламат қасиеттерге ие болуы әдебиетке тән емес. Бірақ бұл айтылғандар фольклордың өнер екенін жоққа шығара алмайды. Оның үстіне, фольклордың шындықты суреттеуі, тарихты қамтуы, қиял мен болмыстың арақатынасын өзгеше өруі, сондайақ фольклор шығармаларының орындалу мақсаты мен мәнері, тыңдаушылардың фольклорлық туындыға, ондағы іс-әрекеттерге көзқарасы - бұлар да фольклорды сөз өнері ретінде көрсете алады. Сонымен, фольклордың өзіндік табиғаты оның теориясына да өзгеше сипат береді. Фольклор теориясы, ең алдымен, оның әр кезде атқаратын әртүрлі қоғамдық-тұрмыстық міндеті мен танымдық, тәрбиелік және эстетикалық функцияларынан, мақсаттарынан туындайтын мәселелерді қарастырады. Бұлардың ішінде ең бастылары, әрине, фольклорлық дәстүрмен тығыз байланысты. Фольклорлық дәстүр дегеніміз - қалыптасқан шығармашылық әдістің жалғастығы, ал әдебиеттегі дәстүр дегеніміз бұрынғы тәжірибені жаңғырту болып табылады. Дәлірек айтар болсақ,

фольклордағы дәстүр - бұрынғы тәжірибені өзгертпей қабылдау әрі жалғастыру, ал, әдебиеттегі дәстүр - бұрынғыны сол қалпы ала салу емес, соны өзгерте дамыту.

Мәселен, Абайды алайық, ол өзіне дейінгі бүкіл ақын-жыраулардың мұрасын бойына сіңірген. Асан, Шалкиіз, Бұқар, Дулаттар болмаса, Абай да болмас еді. Бірақ Абай оларды сол күйінде қайталаған жоқ, олардың мұрасын бойына сіңіріп қана қоймай, ол өзі қабылдаған нәрсені елге қайтадан, мүлде жаңарған түрінде берді ғой. Міне, әдебиеттегі дәстүр дегенді осылай түсіну қажет. Ал, фольклордағы дәстүр мұндай мақсаттан аулақ, онда бір шығарманың ертеде айтылған нұсқасы жаңадан жырланғанның өзінде алғашқыдан алшақ кетпейді. Фольклорда нұсқалардың болатын бір себебі - осы. Фольклор теориясының маңызды бір мәселесі - көркемдік әдіс, соған байланысты кейіпкерді суреттеу тәсілі. Осы тұрғыдан келгенде, фольклор романтикалық типтендіру әдісін қолданып, кейіпкерді суреттеуде дәріптеу мен әсірелеу түрінде келеді де, оқиғалар бір кейіпкердің маңайына шоғырланады, сөйтіп, іс-әрекеттер бір бағытта өтіп жатады, ал уақыт кері шегерілмейді... Осы айтылғандардың бәрі сөз өнеріне айналған көркем фольклорға қатысты. Фольклор теориясы дегенде, бұлардан басқа да аспектілер бар екенін айту керек. Солардың бастылары: сюжеттердің контаминациясы, жанрлардың синкреттілігі, фольклордағы импровизацияның рөлі мен орны, фольклордың тарихқа, шындыққа қатынасы, ұлттық ерекшеліктер мен типологиялық сюжеттер, фольклорлық сана мен орындаушының ара-қатынасы, т.т. Міне, осы қасиеттері арқылы фольклор әдебиетке жақындайды, бірақ ол - әдебиет емес. Ежелден келе жатқандықтан фольклор жоғарыдағы өнерге тиесілі белгілерді әдебиеттен бұрын өмірге әкелген, пайдаланған. Сол себепті де фольклор әдебиеттің бастауы деп түсініледі, ол әдебиеттің өзі бола алмайды. Әрбір фольклорлық шығарма дәстүрге негізделген, халыққа кең тараған, нұсқалары бар, ауызекі айтылатын, авторсыз туынды. Ал, әдебиет туындысы - авторлық мәтін, онда автордың қайталанбас қолтаңбасы, өз стилі бар, оның нұсқалары болмайды. Автордың әр кейіпкері - дара, өзіне ғана хас мінез-кұлқы бар, сөйлеу машығы бар тұлға. Жалпы, фольклордың жинақтау мен шарттылықты пайдалану мүмкіндігі авторлық әдебиетке қарағанда молырақ, бірақ фольклорда бұлар қалыптасқан дәстүр аясында қолданылады.

Фольклор мен әдебиеттің өзара қарым-қатынасы, проблемасы теориялық, тарихи-әдеби мәні бар мәселе. Жалпы алып қарағанда, көркем әдебиетті басқа өнердің түрінен бөліп алудың өзі оның сан қырлы, мол арналы екендігін танытады. Сол арналардың бірегейі-халық жадында сақталған мол мұра - фольклор. Әдебиет пен фольклордың тарихи өзара байланысы әлем әдебиеті дамуының ең бір мәнді заңдылығын байқатады. Сондықтан фольклор проблемасы әдебиеттің теориясы мен тарихын жасауда, қаламгердің шығармашылық мұрасын игеруде көрнекті орын алады.

Әр дәуірде әдебиеттің фольклорға бет бұруы, күрделі тарихи заңдылықтардың ашылуы, ақын-жазушылардың, фольклордың нақты тарихи мәнді кезеңдеріне назар аударуы, оның басты бір ұлттық ерекшелігін, халықтығын танытудағы бірден-бір құрал болғандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Әрине, фольклор мен әдебиет өзіндік екі эстетикалық жүйе болғандықтан, шындықты танудың көркемдік тәсілі, оның жасалуы екеуінде бірдей емес. Сол себептен де фольклор творчестволық ерекше формасы деп танылады. Өйткені әдеби дәстүрдің

фольклорлық дәстүрден терең айырмасы бар. Әдебиет тарихы көрсеткендей, әдебиет пен фольклор арасындағы өзара әсер ету процесі үнемі бірқалыпты, бірдей формада өткен жоқ. Кей дәуірлерде бұл байланыс жанданып белсенді түрде жүрсе, бірде бәсеңдеп отырды. Осыған сәйкес, әрбір ұлттық фольклор мен әдебиет өздерінің қатынас жүйесін, яғни жалпы заңдылықтардан туындаған өзіндік даму процесін қалыптастырды.

Міне, осы әрі ғылым, әрі өнер фольклорды бүге-шігесіне дейін зерттеуге бар өмірін сарп еткен ғалымдар аз емес. Фольклор туралы, соның ішінде қазақ фольклоры туралы ғылыми еңбек жазып, артына мол мұра қалдырғандардың қатарына М.О.Әуезов («Әр жылдар ойлары», «Қазақ әдебиетінің тарихы»), Қажым Жұмалиев («Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері»), Мәлік Ғабдуллин («Қазақ халқының ауыз әдебиеті»), Әуелбек Қоңыратбаев («Қазақ эпосы мен түркология», «Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы», «Қазақ фольклорының тарихы»), Мәтжан Тлеужанов («Ел әдебиеті», «Халық тағылымы»), Тельжан Шонанұлы сынды ғалымдарды жатқызуға болады. Ескі мұраны игеру туралы мәселе Қазақстанда әсіресе, жиырмамыншы жылдардың бас кезінде көтерілді. Тельжан Шонанұлы фольклор тарихы, оның жай-күйі, болашағы туралы сансаналы ой қозғап отырды. Мәселен, «Қазақ халық ауыз әдебиеті» [«Литературный Казахстан», 1926, № 2] мақаласында бұл әдебиетті жасаушы халық екендігін, сандаған өнер иелерінің ел арасынан шығатынын айта келе: «Институтта әлі басылмаған 150 ертегі мен әртүрлі ауыз әдебиетінің ерекшеліктері бар. Осы байлықтың арасында Кеңес өкіметі кезіндегі қазақ фольклорының жәдігерлері баршылық.

Қаламгер өз мақаласында халық ауыз әдебиетінің көкейкесті мәселелерін сөз етеді. Сонымен қатар, қаламгер қазақ фольклорында батырлар жыры үлкен орын алатындығына тоқтала келіп: «Батырлық эпостарда батырлардың ер жүректігін, халқының қамын жейтін азаматтар туралы айтылады. Әр эпос қазақ тарихының кезеңін немесе тарихи тұлғаларды суреттейді. Осы образдарды дәріптеумен, қазақ шаруаларының байларға деген шыдамдылықтарының, құрмет сезімінің пайда болуын көздейді, сонымен қатар эпостарда қарапайым халықтың өздерінің құқықтары үшін күрескендері туралы да бар» [1,85] дей келе, мысал ретінде «Ер Сайын» эпосы мен «Қамбар батыр» эпосынан нақты үзінді келтіре отырып, қазақ халқында кластық бөлініс, құл, құл иеленуші, бай, кедей болғанын, алайда кедейлер класы өздерінің мұндарын батырлар жырлары арқылы, шығармашылық арқылы көрсете білгендерін және әр эпос 2000-5000 өлең жолдарынан тұратынын сөз етеді. Және де батырлар эпостарынан, әдет-ғұрып, салт-дәстүр лиро-эпостар өзгеше. Мысал ретінде «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» (Тверитиннің аудармасы), «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» т.б. мысал келтіруге болады. Осы эпос біздің опералық театрымыздың ең алғаш қойылымы. Осы эпоста да Қодар құлдың күресі суреттеледі. Потанин көп зерттеулерінің арқасында «Қозы-Көрпеш» жырын монғол Гесерладасынша орыс жырларына жақындастырады. Иван Годинович және Данило Ловчанин ертегісін, Гесерді, Қозыны Кошейге ұқсастырады дей келе, Телжан Потаниннің бұл пікіріне келіспей, Қозы-Көрпештің ежелден келе жатқан эпос екендігін айтады. Қорыта келсек, әр елдің өз қаһарманы бар, өзіне тән туасылы қасиеті бар және халық ой-арманынан туған дүниенің, өзіндік табиғатын тез арада



түсіне білген - Телжан ойымен біздің қосылмасқа шарамыз жоқ. Телжан Шонанұлы ертегінің басты қасиеттеріне де тоқталып өтеді. Ертегінің басты қасиетінің өзі ешнәрсеге ұқсамайтын өзгеше оқиғаны беруінде.

Мұнда тыңдаушыны еліктіру, қызықтыру мақсатында тіпті кейбір өмірдегі шындық оқиғаларға мүлде таңғажайып іс-әрекеттер қосылады. Мәселен, шыншыл ертегілерде кездесетін тазша бала айла-тапқырлығымен, ақылдылығымен хан, уәзір немесе басқа да зұлым күш иелерін әжуа-күлкі ете отырып, кек алады. Яғни, алғыр, айлакер тазша – халық қалаған қаһарман. Тазшаның іс-әрекеті арқылы халықтың жауыздыққа, үстемдікке деген қарсылығын бейнелейді. «Мефистофель секілді Алдар-көсе өзінің ирониясымен ақылдылығымен ерекше. Ол байлардың дүниеқұмарлығын, ессіздігін әшкерелейді. Жиренше мен Қарашаш, хан озбырлығына шыдаған кедейлер, қиын жұмыстарды орындай алатын, қиыншылықтардан шыға алатын кейіпкерлер.

Мазмұны әр түрлі болғанмен, барлығында да өмір, тұрмыс-салт, өткен ғасырдың қоғамдық қатынастары және халықтың мұны жайлы айтылады», - деп ертегі жанрына тоқталып өтеді. Әрі қарай өз ойын тарқата келіп: «Каждый род казахского фольклора богат и обширен. Одних загадок собрано Институтом нацкультуры около 1000 штук. В фольклоре нашли отражение все своеобразные стороны жизни казахов казахов, поэтому мы встречаем здесь жанры, отсутствующие у многих народов, например, публичные состязательные песни, представляющие собой, повидимому, зародыши сценического, актерского искусства. На месте прежнего фольклора возникает современный советский фольклор. Мы имеем уже песни, пословицы, загадки, прозаические сказания-новеллы, состязательные песни и др., как жанры советского фольклора. Гражданская война, конфискация баев, передел пахотных и сенокосных угодий, соцсоревнование и ударничество, новые люди-все это нашло отражение в советском фольклоре»[1,88] - дейді.

Ертегі мен аңыз-фольклордың аса бай жанрлары. Сондықтан да Телжан ертегіде ешнәрсеге ұқсамайтын өзгеше оқиғаны бере алатын, халқымыздың өлмейтін рухын, биік мұратын бере алатын жанр деп қарастырады. Жалпы, фольклорлық жанрлардың бәрі халықтың тарихымен, болмысымен қатысты болады. Фольклорлық элементтер әдебиетке енгенде өзгеріп, түрленеді. Сөйтіп, фольклорлық жанр мен сюжеттер әдебиетпен көпқырлы үндестікте бола отырып, өзінің көркемдік қасиетін, қолдану аясын, өміршеңдігін кеңейте береді. Негізсіз әдебиет болмасы хақ, сондықтан да Телжан Шонанұлы әдебиетіміздің бастау көзі болған фольклор туралы қалам тартуы, ескіні дәріптеп жаңаны құптағандығы деп түсінеміз. Сыншы жалпы қазақ халық ауыз әдебиеті туралы ғана емес, сонымен бірге ауыз әдебиетінің жекеленген үлгілері туралы да өз пікірлерін білдіріп отырған бұл салада Телжан Шонанұлының «Қазақ әдебиеті» 1935 жылы 9 мамырда «Қыз Жібектің шығарушысы» туралы атты әдеби-сын мақаласы шықты. Осы аталмыш мақаласында «Қыз Жібек» жырының бізге қалай жеткендігі туралы және оны кім шығарғандығы жөнінде көңілге қонымды жауап береді. ...Міне, осындай мақалаларынан байқасақ, Телжан жас кезінен әдеби шығармаларға ден қойып, жастайынан халық ауыз әдебиетімен сусындап өскендігін аңғартады.

Қорыта келе, Телжан халық ауыз әдебиеті түрлерінің қайнар көзі болып келген, жыр-дастандардың жанашыры болды, болашақ ұрпаққа мұра ретінде қалған халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бастырушы және оны таратушы қауымға баға бере отырып, өзіндік ой-тұжырымын жасады. М.М.Тлеужанов ауыз әдебиеті үлгілерін жинауды алғашқыда жалғыз өзі бастаған. Өзі ел аралап, ескі мұраларды жинастырды, жыр-аңыздарды көнекөз қариялардан магнитофон таспасына жазып алады. Соңынан бұл істі студенттері жалғастырады. Сол жинақталған материалдарды М.Мақсымұлы «Батыс Қазақстан фольклоры» деген атпен құрастырып, алты том жинақ етіп шығарады. Осы бағытта саналы ғұмырын ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеуге, жинауға арнаған ғалым, өзіне, бәрімізге тағы бір тақырыпты табуға жол ашты. Ол тақырып «Халық педагогикасы» болатын. Бұл бағытта «Халық тағылымы» [Алматы, «Рауан» 1996] атты еңбегі жарық көрді.

Ол еңбегінде халықтық педагогиканы халық ауыз әдебиетімен тығыз байланыста сөз етеді. Барлық тәлім-тәрбие салаларын айта отырып, қазақтың халықтық педагогикасының негізгі шарттарын қамтыды. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. М.Мақсымұлы «Қазақ тағылымы» деген ғылыми еңбегінде қазақ халқының өмір тіршілігі, кәсібі, тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптары туралы қысқаша мағлұмат беретін «Ақсақалдық мектеп туралы», «Әжейлер, қызкеліншектер тағылымы», «Шешендер, билер тағылымы», «Қазақ халқының ұрпақ туралы ойлары» т.б.атына мазмұны сай мақалаларды жүйеледі, енгізді. Осындағы «Шешендер мен билер тағылымы» деген бөлімнің үлкен танымдық, тәрбиелік мәні бар. «...Олардың аузына бар халық қарады, тағылымды алды, олар үлгілі сөздер айтып, жөн-жосық жасады», - дейді және өзі жанжақты көп зерттеген Сырым өнегесін үлгі етеді [2.58].

XIX ғасырдағы Еуропа оқымыстылары қазақ халқының әдет-ғұрыптары және мәдени тарихымен таныса келіп: - Бұл ел тосын, жұмбақ, қызық ел!- деп атаған. Бұлар көшпелі тұрмыспен, мал шаруашылығы-мен шұғылданады, жартылай отырықшылыққа бейімделген, бай ауыз әдебиеті, музыкасы бар, өмірге төзімді халық деп санаған Ресей ғалымдары.

### Әдебиеттер тізімі

1. Т.Шонанұлы.Қазақ халық ауыз әдебиеті. Литературный Казахстан №2. - 1926ж.
2. Т.Шонанұлы. Қыз Жібектің шығарушысы туралы. Қазақ әдебиеті, 1935 ж.
3. М.М.Тлеужанов. Ел әдебиеті. Алматы, 1992 ж.
4. С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «БАҚ және Ұлттық тәрбие». 2004 ж.
5. Өтешова.Б.«Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту». - 2007 ж. /42- 43 бет. 118-бет/. Алматы-/168 бет.С/
6. С.Ғаббасов. «Халық педагогикасының, негіздері». - Алматы. 1995 ж. /1.3.7.бет, 26бет/.
7. <http://www.enu.kz> Қ.С.Құлманов Асыл мұрамызды игерудің мәні мен мағынасы. Астана қ., Қазақстан.



**ВКЛАД НЕЗРЯЧИХ МУЗЫКАНТОВ В КУЛЬТУРУ**

Дәшөнова А.М., Мужчиль М.Д.  
Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,  
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

Музыка является важной частью в жизни незрячих людей. Не менее важен и тот вклад, который они внесли в культуру.

Задача данной статьи – рассмотреть наиболее значительные фигуры незрячих музыкантов в истории и современности.

Как гласит легенда, древнегреческий поэт и певец-аэд, создатель «Илиады» и «Одиссеи» Гомер был слепым. Также слеп был легендарный древнекитайский музыкант 6 в. до н.э. Ши Куан, обладавший чудодейственной способностью играть на чжэне подчинять себе природные силы.

Бива хоши, средневековые японские странствующие жрецы-лютнисты, в основном были слепыми. По преданию, «они брали на себя широкий спектр функций, включая поэзию и пение песен, профилактику чумы и духовное очищение»[1].

В Украине большинство странствующих музыкантов-кобзарей, исполнителей эпических песен, были слепыми. Кобзари обладали огромным моральным авторитетом в народе, их творчество – один из важнейших факторов национальной идентичности Украины [2].

Многие бродячие ирландские исполнители на арфе, волынке и других инструментах, создававшие музыку для традиционных ирландских танцев, также были слепыми. До нас дошли имена этих талантливых музыкантов, среди которых Харпер Турлоу О'Кэролан, Эогейн О'Кианайн, Николас Далл Пирс и др.

В Европе в глубь веков уходит традиция исполнения на органе слепыми музыкантами. Итальянец Ф. Ландини (14 в.), испанец А. де Кабесон (16 в.), англичанин Д. Стэнли (18 в.), великий немецкий композитор И.С. Бах в конце жизни потеряли зрение, но успешно продолжали свою музыкальную деятельность.

Слепой казахский народный композитор-кюйши, домбрист Есжан (вторая половина 18 в. – не ранее 1836 г.) был одним из учителей великого Курмангазы.

Казахская поэтесса, акын-импровизатор Ажар Журтыбайкызы (ок. 1865 – начало 20 в.) в семилетнем возрасте потеряла зрение. Она состязалась в айтысах с певцами-импровизаторами Жапаром и Уахитом. Состязание с Уахитом признано одним из лучших образцов импровизаторского искусства [3].

Велика роль незрячих музыкантов и в современной культуре.

Огромную известность и популярность во всем мире получило творчество слепых американцев. 13 октября 1909 г. в США родился слепым Арт Тэйтум, ставший впоследствии выдающимся джазовым пианистом и композитором. О его феноменальной технике ходят легенды. Его мастерством восхищались С. Рахманинов, В. Горовиц, О. Питерсон и многие другие.

В 1939 г. в США появилась популярная, существующая до наших дней группа «The Blind Boys of Alabama». Как сказал один из ее участников Эрик МакКинни,

«за многие годы своего существования «The Blind Boys of Alabama» доказали, что инвалидность не является главным препятствием, у всех нас есть ограничения. Дело не в том, что ты не можешь сделать, а в том, что ты делаешь». Источник: <https://specialviewportal.ru/articles/post601>

США – родина Рэя Чарльза, которого часто называют королем соула и джаза и Стиви Уандера - одного из самых известных певцов в мире, которого включают в списки лучших вокалистов всех времён.

Выдающимися слепыми музыкантами нашего времени, родившимися в Индии, являются скрипач М. Чандрасекаран (род. в 1939 г.), представлявший свое творчество на многих международных музыкальных фестивалях, и популярный композитор, автор музыки к 150 голливудским фильмам Р.Джайн (1944 – 2015), неоднократно представлявший к отечественным наградам за свою творческую деятельность.

Одним из самых популярных музыкантов мира является потерявший зрение в детстве итальянский певец-тенор, мультиинструменталист, владеющий игрой на фортепиано, флейте, кларнете и саксофоне, композитор, продюсер Андреа Бочелли. Его учителем был знаменитый оперный певец Франко Корелли. Будучи обладателем красивейшего оперного голоса, А. Бочелли выступал в крупнейших оперных театрах мира — Карнеги-холле, Венской опере, Метрополитен-опера и др. В равной мере он является одним из виднейших представителей поп-культуры. Смешение в его творчестве двух основных направлений в музыке – классического и эстрадного - сделало его одним из выдающихся представителей того направления, которое получило название классического кроссовера.

Незрячий от рождения японский пианист и композитор Нобуюки Цудзии (род. в 1988 г.) выступает на лучших сценах мира, с лучшими мировыми оркестровыми коллективами, блестяще исполняя произведения Моцарта, Бетховена, Шопена, Листа, Чайковского, Рахманинова и др. В 2009 г. он сенсационно выиграл главный приз Конкурса пианистов имени Вана Клиберна. Как высказался об игре пианиста один из членов жюри конкурса: «Особенность его исполнения — это звук. Он имеет глубину, цвет и контрастность, подлинная музыка».

Олег Аккуратов (род. в 1989 г.) – блестящий пианист-исполнитель академических произведений и джазовый музыкант – инструменталист и вокалист. Страдая с рождения полной слепотой, талантливый молодой человек смог получить прекрасное музыкальное образование и стать лауреатом многочисленных международных конкурсов и фестивалей.

Он выступал на одной сцене с мировыми звездами - Монтсеррат Кабалье, Хиблой Герзмавой, Ильдаром Абдразаковым и др. С 2013 года музыкант активно сотрудничает с выдающимся российским джазовым музыкантом Игорем Бутманом.

Музыка для Олега Аккуратова стала проводником в человеческий мир, любовью и делом всей его жизни. Как говорит О. Аккуратов: «Даже когда я не играю музыку, она все равно со мной. Музыка – это моя душа, мой язык, мои чувства, это мой мир. Музыкой я живу, дышу и дорожу» [4].

Творчество южнокорейского исполнителя на ударных инструментах Кюнхго Чона стало настоящим прорывом в плане участия незрячих музыкантов в

концертно-исполнительской деятельности. Как пишет А. Елишкина: «До недавнего времени музыкантам с инвалидностью были открыты практически все инструменты и жанры, кроме, пожалуй, одного — участия в оркестре». Но южнокорейскому музыканту страстно хотелось стать членом оркестрового коллектива. «При поддержке отца ему удалось создать уникальную тактильную палочку Naptic Baton, которая преобразует движения дирижера в вибрации...палочка анализирует движения дирижера и передает сигналы на специальные приемные устройства...Датчики преобразуют сигналы в вибрации и гудение, которые позволяют музыкантам улавливать не только ритм, но и движение палочки в воздухе» [5].

Молодой 23-летний казахстанский певец и композитор Кенжебек Нурдолдай после перенесенного в младенчестве заболевания практически ничего не видит. Он окончил специализированную школу-интернат в Караганде, учился в колледже искусств имени Таттимбета.

Обладатель прекрасного голоса, Кенжебек играет на фортепиано, домбре, гитаре, осваивает музыкально-компьютерные программы. Прекрасные музыкальные данные, самоотдача в профессиональном становлении, душевная чистота принесли Кенжебеку заслуженный успех на многих конкурсах и во многих концертных программах. Его творчество неуклонно набирает популярность в социальных сетях. Цели у Кенжебека самые амбициозные. Он мечтает о мировой известности. Как говорит он сам: «Самое главное в таланте - это возможность повлиять на людей, хотя бы на одного. Но, если честно, хочется влиять на миллионы. Я, например, верю, что стану гением своего времени» [6].

Успехи и достижения незрячих людей в сфере музыкальной деятельности впечатляющи и вдохновляющи. Миллионам людей на Земле они дарят радость творчества, общения с талантом, красотой и гармонией.

Однако еще больше в процессе занятий музыкой незрячие люди приобретают сами. Музыка, являющаяся отражением мира в звуковой форме, становится для них важнейшим каналом связи с миром, способом его освоения. Мы считаем, что занятия музыкой как специфическим, звуковым способом отражения человеческого бытия и важнейшим контекстом формирования пространства личности крайне необходимы для всех людей.

Однако они вдвойне необходимы для людей незрячих – независимо от того, наделены они музыкальным талантом или нет, планируют заниматься музыкой профессионально или нет, мечтают о мировой известности или видят себя в качестве обычного преподавателя самой обычной музыкальной школы. Попадая в мир музыки, они попадают в мир свободы, в мир, где, по словам японского музыканта Нобуюки Цудзии, нет преград. В этом мире для них нет ограничений, в этом мире они имеют возможность безграничного самовыражения и творчества. Здесь все на равных – и зрячие и незрячие. Самые талантливые и целеустремленные имеют возможность взойти к высшим уровням человеческих достижений, раздвинуть горизонты человеческого бытия, стать Личностью, оставившей неизгладимый след в истории. И абсолютно все имеют возможность через музыку ощутить красоту и сложность мира, осмыслить свое место в нем, найти в ней утешение и подпору.

Актуальнейшая задача сегодняшнего дня – поиски эффективных путей приобщения незрячих людей к музыке как важному контексту их человеческого становления и самореализации.

### Список литературы

1. Бива хоши. - <https://translated.turbopages.org>
2. Кобзарь - <https://ru.wikipedia.org>
3. Ажар Журтыбайкызы/ - <https://ru.wikipedia.org>
4. Интервью с Олегом Аккуратовым: «Музыкой я живу, дышу и дорожу». - <https://jazzpeople.ru>
5. Епишкина А. Когда душа поет: незрячие исполнители, композиторы и настройщики. - <https://specialviewportal.ru>
6. Евдокименко К. Не тот уровень. - <https://time.kz>

ӘОЖ 16

### БАЛА БОЙЫНДАҒЫ АГРЕССИЯ

Есболат А.А., педагогика және психология, 4-курс

**Ғылыми жетекшісі:** Толеуханова А.Д., сениор лектор, педагогика магистрі  
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан  
[aybar.yesbolat.02@bk.ru](mailto:aybar.yesbolat.02@bk.ru)

Адамдардың рухани қызығушылықтары мен талаптарын жетілдіру үшін қоғам қарама-қайшы құбылыстармен белсенді күресуі тиіс. Қоғамда бала арасында кездесетін жағымсыз құбылыстармен күресуге барлық еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдар және қоғамның барлық азаматтары ат салысулары қажет. Еліміздің болашағы өсіп келе жатқан жас ұрпақтың қолында, сондықтан да білімді де, тәрбиелі бойында иманы бар жастарды тәрбиелеу қоғамның міндеті. Бұл мақалада негізгі және өзекті мәселелерді қарастырылып,шынымен де бар-жоғын білу үшін зерттеу жұмыстары жүргізілген. Зерттеу нәтижесінде мақалада талқыланған мәселелер біздің елімізде әлі де бар және өршіп тұр деген қорытынды жасуға болады.

Түйін сөздер: Бала, агрессия, жанама, физикалық, негативизм, тітіркену, түрлер, факторлар, тұлға, зерттеулер, ғалымдар,алдың-алу.

Бала агрессиясының алдын алушы ең қажет жандар ол – олардың ата-аналары. Сондықтанда, бала тәрбиелерде, өсірерде онымен әңгімелесу, қамқор болу, қажеттілігін қанағаттандырып отыру қажетті. Бала агрессивті мінез-құлық мәселесі осы жас санатына қандай да бір қатысы бар адамдарда аса қызығушылық тудырады.

Атақты психолог А.Басстың пікірінше «Агрессия – бұл басқа адамдарға нұқсан келтіретін және үрей тудыратын кез-келген әрекет». Қазіргі таңда адамдардың көпшілігі агрессия бейім болып барады. Сонымен қатар, агрессия жылдан жылға жасара түсуде. Сондықтан Бала агрессиясы біздің жағдайымыздың бүгінгі өзекті мәселесі. Агрессия бала кезден пайда болатын болса, ол тұлғаның

психологиялық дамуының сәтсіздіктеріне әкеліп соғады. Еліміздің келер ұрпақтарды тәрбиелеу мен оларға білім берудегі маңызды бағыттардың бірі – балалар мен жасөспірімдерге қатысты психологиялық және педагогикалық жұмыс жүргізу. Сонымен қатар, қазіргі кездегі қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Болашақта адамгершілікке, әділдікке, баянды өмірге толы қоғам құру үшін оның негізі – балаларға барлық жағдай жасау керектігі тағы да паш етіледі.

Адам құқығы бала құқығынан басталады. Қазақстан Республикасының конституциясының 27-бабында: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті...»деп айтылып кеткен [1]. Балаларға қатысты барлық іс-әрекеттерде, мейлі ол әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерімен айналысатын мемлекеттік, не жекеменшік мекеме болсын, соттар, әкімшілік немесе заңнамалық органдар болсын, баланың асыл мүдделерінің қамтамасыз етілуін басты назарда ұстауы тиіс. Өкінішке қарай, бұл қағидалар барлық елде, барлық жерде бірдей тиісті деңгейінде орындалмайды.

Агрессия мен зорлық-зомбылық-бұл ең үлкен проблемалар қазіргі қоғам соқтығысуда. Әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайларын жақсартуға, жастарды тәрбиелеу тәжірибесін жақсартуға қарамастан, жан-жақты білім, сөз және ой бостандығы біз барған сайын артып келеміз біз қоғамдағы агрессивті мінез-құлықты байқаймыз. Бұқаралық ақпарат құралдары күн сайын балаларға қатысты зорлық-зомбылық, зорлық-зомбылық туралы ақпарат таратылады, кісі өлтіру. Агрессия мен дұшпандық туралы зерттеулер 1930 жылдары басталды және бұл жағымсыз эмоциялар қоғамның тыныштығы мен бақытына қалай әсер етеді, психологтар агрессияны зерттеуге үлкен қызығушылық танытты. Психологияда агрессия ретінде әкелуі мүмкін бірқатар әртүрлі мінез-құлықтарға жатады өзіне ғана емес, сонымен бірге айналасындағыларға физикалық және психологиялық зиян келтіру.

Ғалымдар агрессияны қолдануы ең көп қолданылатындардың бірі деп санайды күрделі мәселелерде адамда туындайтын мәселелердің танымал шешімдері мен жағдайлары. Бұл қиын жағдайлар адамдардың психикалық жағдайын тудырады олар күресуі керек шиеленіс. Агрессивті әрекеттер белгілі бір маңызды мақсатқа жетудің құралы бола алады. Олар сондай-ақ кез келген қанағаттануды ауыстырудың жолы болуы мүмкін бұғатталған қажеттіліктер, психикалық разряд. Сондай-ақ агрессивті әрекеттер өзін-өзі растауға және өзін-өзі жүзеге асыруға қатысты болды. Бүгінде агрессияның көптеген теориялары бар. Олардың ішіндегі ең танымалдары- К.Лоренц пен З. Фрейд. Теориялардың әрқайсысының өзіндік көзқарасы бар. Мен тоқтағым келеді

XX ғасырдың 60-жылдарында ұсынылған Басс-Дарки әдістемесі, қазіргі уақытта кеңінен танымал.

Басс-Дарки техникасы зерттеуге арналған агрессия мен дұшпандықтың негізгі белгілерінің көрінісі. Жеке тұлғамен өзара әрекеттесу кезінде болатын жағдайлар кіреді отбасы мүшелері, оқу кезінде немесе жұмыста. Тест негізгілерін зерттейді деструктивті тенденциялар, қарым-қатынастар, жағымсыз тәжірибелер, және сондай-ақ оқиғаларды бағалау. Бұл техниканың көмегімен сіз сандық түрде

жасай аласыз жеке адамда агрессивтіліктің әртүрлі көріністерін бағалау. А. Басс ұсынды реакциялардың екі түрін ажыратыңыз: сыртқы жағынан көрінетіндер белгілі бір адамдарға (ол бұл түрді "агрессивтілік" деп атады), сондай-ақ адамның жалпы сенімсіздігінен тұратын реакция айналасындағыларға.

- метод критического мышления;
- приемы создания «ситуации успеха» и тому подобное.

Игра - это первая возможность ребенка проявить себя, свои способности, самоутвердиться. Поэтому ее неоднократно используют в начальной школе. Обучение через игру развивает воображение, внимание, память, мышление, креативность, умение находить выход из критических ситуаций, стимулирует активную деятельность ученика. Игровые технологии объединяют детей по



группам интересов, учат работать в парах, группах, искать компромиссы, выявлять ошибки.

Игровые технологии подразделяются по виду деятельности (двигательные, умственные, трудовые, психологические, социальные); по характеру педагогического процесса (познавательные, воспитательные, развивающие; репродуктивные, творческие; учебные, тренировочные, контролирующие и т.п.); По виду игровой методики (предметные, сюжетные, ролевые, деловые, имитационные) и другие.

Интерактивное обучение - форма организации познавательной активности учащихся, создающая условия для формирования компетентностей, развития творческих навыков, воспитания личностных качеств. Дословно слово «интерактивная» означает взаимодействие. Итак, ученик и учитель являются равноправными субъектами обучения. Учащиеся взаимодействуют с учителем и с другими учениками. Интерактивные технологии способствуют развитию как предметных, так и общеучебных навыков; выработке жизненных ценностей; развития коммуникативных способностей.

Технология предусматривает моделирование жизненных ситуаций, использование ролевых игр, совместное решение проблем [6]. Правила организации учебного процесса с использованием технологий интерактивного обучения:

- 1) в выполнении задания участвуют все ученики;
- 2) поощрение активности;
- 3) учащиеся самостоятельно создают правила работы, последовательность действий и тому подобное.

Метод проектов - (от греч. - путь, способ исследования) - это способ организации начальной деятельности, помогающий детям усваивать знания через планирование и последовательное выполнение заданий и способствующий познавательной активности. В основу проектной технологии положена свобода творчества учащихся. Свобода творения вызывает познавательную активность, фантазирование, изобретательность, расширяет кругозор, вызывает положительные эмоции. Проекты в начальной школе обязательно должны быть творческого направления и общественно полезными. Главными признаками творческих проектов являются творческий характер и проблемная ситуация. Работая над творческим проектом, следует принимать во внимание индивидуальные особенности детей, уровень их подготовки, возрастные и физиологические особенности, дидактические особенности [7]. Проектное обучение в настоящее время широко используется в Дании, Германии, Нидерландах. Популярность приобретают «проектные недели», где дети нескольких классов (всей школы) работают в течение определенного времени над выполнением масштабного задания. Также они сами могут выбрать тему, методы выполнения работы, способ представления конечного результата. Критическое мышление считается едва ли не самым нужным навыком для человека. Оно помогает анализировать информацию, выделять самое важное, обосновывать свое мнение, сравнивать факты. Суть метода критического мышления заключается в высказывании собственных предположений согласно полученной информации. При использовании данной методики стоит объяснить детям, что нет верного или неправильного ответа, они высказывают свои

суждения. Метод критического мышления можно применять во время анализа произведения, картины, фильма, музыки и тому подобное. Методики критического мышления: «круг Венна», «рафт», предсказание, мозговой штурм. Процесс развития творческих способностей длительный во времени и требует значительных усилий не только от ребенка, но и от учителя. Важную роль занимает стимулирование творческой деятельности ребенка, что достигается постоянным созданием «ситуации успеха». Ее суть заключается в поддержке, уважении к ребенку, привлечении к творчеству. Существуют следующие приемы создания «ситуации успеха»:

- «линия горизонта» - учитель одобряет, словно подхватывает начальный успех школьника, предлагает повторить задание на более сложном уровне, словно отдаляя линию горизонта;

- «авансирование» учитель заранее индивидуально выполняет с учеником задание, которое удается ему сложно, а затем на уроке дает схожее задание, которое ученик выполняет самостоятельно, школьник при этом испытывает успех;

- «радость класса» – это внушение ребенку веры в себя, одноклассники хвалят, положительно отзываются о любом, даже незначительном достижении ученика; для того, чтобы творческие способности ребенка развивались, ему нужен стимул, двигатель, активизирующий творческий потенциал. Эту функцию в начальной школе выполняют инновационные технологии.

Творческие способности - это индивидуальные психологические особенности ребенка, позволяющие при соответствующих условиях удачно раскрыть творческий потенциал, формировать и развивать его, находить выход из критических нестандартных ситуаций и порываться к открытию нового. В учебно-воспитательном процессе для младшего школьника творчество прогнозирует явность знаний, умений и навыков, нужных для создания чего-то нового, оригинального и невиданного ранее. Большая роль отводится развитию детского воображения, а также потребности в раскрытии и расширении творческих задатков. Удачное развитие творческих способностей детей возможно только при создании некоторых условий. Одним из таких условий является использование инновационных технологий в учебном процессе, а именно, игровое обучение, проектное обучение, создание «ситуации успеха», интерактивное обучение, метод критического мышления. Применение инновационных технологий раскрывает у учащихся их творческий потенциал и поощряет к обучению. Таким образом, используя инновационные методы работы, учитель формирует творческую личность, которая будет иметь прочные знания и будет успешно применять их на практике. У каждого ученика есть творческие способности, поэтому для педагогов и родителей встает задача – определить их и помочь развить. Следовательно, особенно актуальным является теоретическое овладение и практическое внедрение инновационных методов обучения для развития творческих способностей учащихся.

### **Список использованных источников**

1. Концепцию развития образования Республики Казахстан на 2022-2026 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 24 ноября 2022 года № 941.

2. Ильин Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности: Питер; СПб.; 2009 – 434 с..
3. Яковлева Е.Л. Психология развития творческого потенциала. М., 1997. – 224 с.
4. Анохин П.К. О творческом процессе с точки зрения физиологии. Художественное творчество: вопросы комплексного изучения. М., 1983. - С. 259–262.
5. Барышева Т.А., Жигалов Ю.А. Психолого-педагогические основы развития креативности. СПб., 2006. – 268 с.
6. Золотухина А. Групповая работа как одна из форм деятельности учащихся на уроке / А. Золотухина // Математика. – Первое сентября, 2016. – №4. – С. 3–5.
7. Дичковская И.М. Инновационные педагогические технологии: учеб. пособие. Киев: Академиздат, 2004. - 352 с.
8. Государственный общеобязательный стандарт начального образования <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669#z199>
9. Досяк И.М. Нестандартные уроки с использованием инновационных технологий. 1 – 4 классы. – Х.: Основа, 2007. – 160 с.
10. Развитие интеллектуально-творческого потенциала младших школьников через исследовательскую деятельность / Л.М. Иванова // Одаренный ребенок. – 2016. –№ 1 – С.19-23

ӘОЖ 376.091

## **АУТИЗМ СИНДРОМДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қанатқызы З.

Тенкебаева А.З., «Психология және коррекциялық педагогика»

кафедрасының сениор-лекторы

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан

Қазіргі кезде қоғамда көрініс беріп жатқан ауырудың бірі аутизм. Аутизм (гр. autos өзiм) – тұлғаның қоршаған ортадан оқшаулануы, өз-өзімен болуы және де іштей уайымға түскендегі адамдардың көңіл күйінің сипатын береді. Бұл ұғымды Э. Блэкер 1912 жылы адамдардың іс-әрекеттерге тәуелділігінің шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеуі барысындағы ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін сипатын айқындау барысында ендірген. Ғылыми айналысқа 1943 жылы ғалым Колвиннің зерттеулері бойынша, яғни аутизм дертін шизофрения дертінен түпкілікті ажыратқан соң ендірілген. Одан кейін аутизмнің генетикалық табиғаты зерттеле бастады және оның психиатриядағы орны айқындалды. 80% аутизм дертіне шалдыққандардың оқу мәселесі күрделенді, өйткені ақыл-ойының кемістігі байқалды. Сол кездегі аутизм диагнозы мүмкін дегендердің тек 17% құраған, ал қалғандары қимыл-қозғалыстарының салдарынан күйзеліске ұшыраған және т.б. ауыруларға шалдыққандар қатарында болған.

Аутизмге ұшыраған балалардың көру арқылы есте сақтау қабілеттері жоғары болады, сол себептен мұндай балаларға көбінесе негізінде демонстрация әдісі ауқымды оқыту әдітемесі ретінде қолданылуда. Сонымен қатар, мұндай балалар математика, музыка бойынша аса дарынды және де бірнеше тілдерді меңгерулері де әбден мүмкін. Бұл тұрғыда көптеген белгілі тұлғалардың жас кездерінде аутизм синдромына шалдыққаны белгілі, ауыруға шалдыққандарымен олардың өз армандарын жүзеге асыруларына кедергі бола алған жоқ. Аутизм дертіне шалдыққан балаларға тән қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Яғни сол себепті, аутизм синдромы бар балалар арнайы интернаттарда емес, отбасы жағдайында тәрбиеленулері тиіс дейді, ғалым Е.А. Янушко. Статистикаға сүйенсек дүниежүзі бойынша аутизм ауыруымен ауыратын адамдар саны 65 миллионнан астам. Біздің елімізде де аутизм синдромына шалдыққан балалардың саны күрт өсуде. Сонымен аутизм синдромы – бала дамуындағы ерте жас кезеңіндегі ауытқушылықтың ауқымды түрі, бұл дерт әлеуметтік қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатудың болмауын білдіреді. Қазіргі кезде бұл ауырудың пайда болуының нақты себептері толығымен айқындалмаған, дегенмен де көптеген ғалымдардың өздерінің зерттеулерінде аутизмнің туындау себебі ол – орталық жүйке жүйесінің бұзылуы деген тұжырымға тоқталады. Сондай-ақ, тұқымқуалаушылық фактордың да әсері бар және аутист балалардың миларында органикалық зақымдалу да жиі кездеседі екен. Яғни, себептері ретінде: тұқымқуалаушылық хромосомалық өзгерістерді, зат алмасу өзгерістерін, анасының жүктілік кезінде және туу кезіндегі алған жарاقاتтар, нейро инфекциялар т.б. жағымсыз әсерлер көрсетілген.

Негізінен алғанда аутизмге ұшыраған баланың еркелігі басым, тәртібі нашар сияқты сипатта болады, осыны дер кезінде анықтаған жағдайда оларды емдеуге болады. Сонымен қатар, аутизммен ауыратын балалар аса тұйық болып келеді, сондықтан олармен жылы қарым-қатынас орнатып сенімін ұялату керек. Олардың тұйық болуларының өзіндік себептері де жоқ емес, айталық: көру, есту кемістіктерінің болуы, сөйлеу процесінің дұрыс болмауы, баланың жиі оқшау қалуы және т.б. Мәселені зерттеуші ғалымдардың бірі Л. Каннер аутизмді нақты психикалық дамудың бұзылуынан деген тұжырым жасаған және келесідей: жалғыз қалуды ұнатулары; көзге тіке қарамау; мимика, жест, дауыс және дыбыс ырғақтарының болмауы; әрекеттерінің шарттары тұрақты болу салдарынан тырысуы; эмоцияның болмауы, ешкіммен араласпайтындықтары; біркелкі қимылдарды қайталаулары сынды көрсеткіштерін ажыратқан. Кейінгі жылдары аталмыш мәселемен көптеген ғалымдар айналысуда, айталық, Л.Г. Бородина аутизмге шалдыққан балаларды фармакотерапия арқылы емдеу тәжірибесін қарастырады. Ал М.Ю. Веденина болса, тәртіптік терапия негізінде аутист балалардың тұрмысқа бейімделуін зерделеген. Жалпы аутизмге шалдыққан балалар туралы Л.М. Шипицынаның еңбегін атап өтуге болады. Сонымен қатар, өзінің тұжырымдарымен Д.Е. Жуков еркін бөлісіп жүр. И. Йоханссон өзінің «Ерекше балалық шақ» еңбегінде аутист балаларды ерекше балалар деп қарастырып, әдістемелік ұсыныстар берген. И.Б. Карвасарская аутист балалармен жұмыс жасау тәжірибесімен бөліскен. Дүниежүзі бойынша аутизм өзіндік белгілеріне байланысты жіктеледі:

- F84.0. – бұл бала аутизмі (аутистік бұзылыстар, бала аутизмі, бала психозы, Каннер синдромы);
- F84.1. – бұл Атиптік аутизм (атиптік бала психозы, аутизм белгілері бар ақыл-ой дамуының кешеуілденуі енеді);
- F84.2. Ретта синдромы бұл негізінен қыз балаларда тұқымқуалаушылықпен берілетін психоневрологиялық дерт;
- F84.3. – ерте бала жастағы басқа да дезинтегративтік бұзылыстар (бала деменциясы, дезинтеграциялық психоз, Геллер синдромы, симбиотикалық психоз);
- F84.4. ақыл-ой дамуының кешеуілденуімен және стереотиптік қимылдармен үйлескен гипербелсенді бұзылыс;
- F84.5. аспергер синдромы (аутистік психоопатия, бала жастағы шизоидтік бұзылыстары);
- F84.8. дамудың басқа да бұзылыстары (Мамайчук бойынша).

1960-70 жылдарда ғана алғаш рет АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде аутизм синдромы бар балаларға арналған арнайы көмек көрсету орындары қалыптасып, кеңес беріле бастаған. 1920 жылы Еуропада Дания қаласында аутизмі бар балаларға арналған алғашқы мектеп ашылып, оқытыла басталған. Мұндай орындар аутизмге шалдыққан балаларды ерекшеліктеріне сай оқытып, тәрбиелеп, дамыту жұмыстарын жүргізген. Медицинаның дамуына байланысты қазіргі кезеңде ерте жастағы балалық аутизмді түзетудің әртүрлі жолдарын тауып, жолға қоюда. Аутизмге шалдыққан балалардың әлеуметтік тұрғыдан жетілдірілуі көп жағдайда, оның отбасының әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдауына тікелей байланысты. Яғни, баланың мәселелерін дер кезінде анықтап, оған дәрігерлер, психологтар, педагог-дефектологтар, әлеуметтік қызметкерлер т.б. тарапынан көрсетілетін көмектер және қолдауды ерте жастан қажет болған уақытта көрсету және ата-аналардың қолдауы, келісімі, әртүрлі жаттығуларды үйден қайталауы негізінде ғана нәтижеге қол жеткізеді.

Аутист балалар өздерінің мүмкіндіктеріне және мінез-құлықтарының ерекшеліктеріне сай, жалпы білім беру бағдарламаларымен бірге арнайы (коррекциялық) білім беру ұйымдарының бағдарламалары бойынша тәрбиеленеді, алайда медициналық көмектер, емдеу процедуралары қатар жүруі тиіс. Қазіргі кезде мұндай балаларды ауру немесе ауырады дегендердің қатарына жатқызбай, оның дамуы мен білім алуында белгілі бір жайлы жағдай мен тәсілді қажет ететін «өзгеше бала» деп санау қабылданған. Германия, АҚШ, Жапония, Швеция елдерінің психиатр мамандарының пікірінше 10000 баланың 4-тен 26-ға дейінгі жиілікте жас балалардың аутизм синдромына шалдығатыны анықталды. Осы және басқа да елдердің мамандарының ізденісімен бұл балаларды оқыту ТЕЕСН, Монтессори, Вальдорф, Т. Питерс және т.б. бағдарламаларына сай түзету педагогикалық әдістермен жүзеге асырылуда. Аутизм синдромына шалдыққан балалардың клиникалық сипаты олардың барлық нәрседен оқшау қалулары, қарым-қатынасқа түсе алмаулары, басқа адамдарды және заттарды байқамауы, еліктеу сезімдерінің болмауы, комфорт және дискомфортқа қатынастары және де бірқалыпты (тұйық) мінез-құлықтарымен ерекшеленеді. Өзіміз көріп отырғандай, мұндай балалар медициналық тұрғыдан ауыру болып есептелгенімен негізінен өзіндік ерекшеліктері бар балалар болып табылады. Сондықтан да олармен жұмыс

жасаудың өзі аса кәсібилікті және жауапкершілікті қажет етеді, олай болмаған жағдайда олар шын мәніндегі ауыру балаларға айналады. Демек, олармен жұмыс жасаудың өзіндік амал-тәсілдерінің ерекшеліктері бар.

Бұл мәселені қарастырып жүрген ғалымдардың пікірінше төмендегідей бірнеше әдістер қолданылуы керек (негізінен 27 әдісті ұсынған, біз соның біршамасына тоқталамыз):

Біріншіден, антецеденттік негіздегі бақылаудың болуы. Антецедент ұғымы – мінез-құлықтың қолданбалы талдамы (АВА), яғни ол өз кезегінде іс-әрекетті ынталандырып отырады.

Екіншіден, когнитивті-іс-әрекеттің араласуы (когнитивтік-іс-әрекеттік (поведенческая) психотерапия). Бұл әдіс бақылаудың ережеге сай жүруі, яғни әрекеттегі өзгерістерді көру.

Үшіншіден, дифференциалды ынталандыру, дұрыс емес іс-әрекетті түзеу, оны позитивті, қажетті әрекетке айналдыру. Ынталандыру: а) бала іс-әрекетті дұрыс жасағанда; б) бала мүлдем жат әрекеттен тыс жағымды әрекет жасағанда; в) тіпті бала ешқандай жаман, жақсы іс-әрекет жасамағанда да;

Төртіншіден, баланы дискреттік жағдайда оқыту әдісін қолдану. Бір жаттықтырушы/маман және бір оқушы/клиент арасындағы нақты бір дағдыны немесе қасиетті үйретуді қолдану.

Бесіншіден, физикалық салмақты ауқымды жасау арқылы мәселе тудыратын әрекеттерді азайту.

Көптеген зерттеулер барысында ақыл-ойында кемістігі бар балалар мен аутизм балаларды салыстырмалы талдағанда екі ауырудың бірдей ерекшелігін анықтаған. Сондықтан да Cornelia de Lange синдромы бойынша ақыл-ойының кемістігінің ауқымдануы аутизмге алып келеді деген қорытынды жасаған. Өкінішке орай қазірге дейін аутизм балалардың анатомиялық немесе физиологиялық тұрғыдан ауытқудың аутизм дертіне алып келетіндігі анықталмай келеді. Бұл тұрғыдан ми өзгерістерінің ерекшелігі, яғни ондағы ауытқушылық аутизмді анықтайды, яғни балалар өзін-өзі бақылай, басқара алмайды және сөйлеу барысында кедергілерге кездеседі. Сонымен қатар мидағы сәл өзгерістердің өзі осындай ауырудың сипатын береді, кейбір жағдайда мұны анықтау да мүмкін болмай қалады. Бұл өзгерістердің жасқа, жынысқа, қабілеттіліктеріне қалай ерекше күйде болатынын анықтау барысында мұның ерте жасында Пуркинье клеткасының өзгерісіне байланыстылығы айқындалған.

Аутизм синдромы бар балаларды оқыту және тәрбиелеуде жаңа технологияларды қолдану маңызды, өйткені оларда оқу материалын визуалды түрде елестете алу қабілеті қалыптасып, дамиды. Оларға ақпаратты жайдан, күрделіге қарай ұстанымына сай беру де маңызды және де ақпаратты көрнекі түрде демонстрациялау қандай іс-әрекет болсын оны әсерлі етіп көрсетеді. Өз кезегінде бұл арнайы оқытуға да ықпал етеді. Қазіргі кездегі заманауи құралдар, диагностикалық әдістер және технологияларды қолдану баланың, соның ішінде аутист баланың қызығушылығын оятады.

Технологиялар аутист балаға сол кездегі өзінің функциясын анықтап, сол кезде пайда болатын объективті қиындықтарды анықтап, оларды қолжетімді тәсілмен жеңуге көмектеседі. Сонымен қатар мұндай балалардың ерекшелігіне

қарай физикалық және сөйлеу терапияларын да қолданған тиімді. Баланың оқшау қалуы, оның мақсатсыз жоғалуын және қорқыныш сезімін жою үшін анимотерапия әдісінің де (арнайы үйретілген ит, жылқы және дельфиндер) ықпалы зор. Бұл терапияны қолдану барысында мысалы дельфиндерден бөлінетін жоғары жиілікті солардың әсерінен баладан бақыт гармондары бөлінеді және гармондар ми қызметіне әсер етіп, баланың көңіл-күйін жақсартады. Соңғы кезде аутизм дерті басқа тұқым қуалау арқылы берілетін психикалық ауырулармен байланыстырылады, айталық депрессия, қозғалысқа байланысты аурулармен. Демек, аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізу барысында жоғарыда көрсетілген, тәжірибеде тексерілген түрлі технологияларды қолдану – баланың сауығуына жан-жақты мүмкіндік береді және ең алдымен баламен қарым-қатынас орнату жеңілдейді, қызығушылықтары артып өмірге құлшынысы артады. Түзету-оқыту процесінде әртүрлі технологияларды қолдану бала ағзасының компенсаторлы мүмкіндіктерін белсендендіреді, ауытқушылықтарды жеңуге, оның алдын алуға мүмкіндіктер туғызады. Осы компенсаторлы мүмкіндіктер негізінде өзіндік ерекшелігі бар балалардың қабылдаудың сақталған түрін жүзеге асыру және баланың психикалық функцияларын дамыту қолайлы жүзеге асады. Бұл мәселені бір топ шетелдік ғалымдар қарастырып осындай тұжырым жасаған. Аутизм диагнозы бар балалардың сөйлеуін, қарым-қатынасын, психикалық процестерін «Ойын технологиясы» арқылы да емдеуге болады, мұнда негізінен ойын элементтерін қолдану арқылы дұрыс дағдыларды қалыптастыру көзделеді. Бұл мәселені Л.Г. Нуриеваның аутист балалардың сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған еңбегінен оқи аламыз. Ауқымды оқыту әдістемесі бойынша аутизмі бар балалардың есте сақтау қабілеттері дамытылады. Ал, сенсорлы интеграциялау әдісі негізінде аутизмі бар балалардың қоршаған ортамен байланысы қалыптастырылады. Келесі, ақпараттық технологияны қолдану әдісінде «Дэльфа – 142,1» тренажеры қолданылады, мұнда аутизм синдромы бар баланың сөйлеу тілін жаттықтырады. Аутизм синдромына шалдыққан балаларды оқыту, сөйлету, яғни сөйлеу тілін қалыптастыру мақсатында және психикалық процестерді дамытуда заманауи әдістерді, технологияларды дұрыс қолдану процесінде сандық және сапалық өзгерістердің болатынын зерттеушілер атап өткен, мысалы: аутист балалардың психикалық функциялары дамытылған, қызығушылықтары артқан, қарым-қатынас жасаулары жетілдірілген. Демек, қоғамның және білім беру жүйесінің қазіргі кездегі жаңа инновациялық технологияларды қолдануы қомақты үлес қосуда.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Азанбекова Г.Т., Асылова Р.О. Аутизмі бар балаларды оқытуда кешенді әдістерді қолдану Қарағанды университетінің хабаршысы, «Педагогика» сериясы. – 2016. – № 4(84). – бб. 56-62.
2. Аутизм / под ред. проф. Э.Г. Улумбекова. – М.: Гэотар-мед, 2002. – 14 с.
3. Бородина Л.Г. Опыт амбулаторной фармакотерапии детей, больных аутизмом // Аутизм и нарушения развития. – 2004. – №3. – 18 с.

4. Веденина М.Ю. Использование поведенческой терапии аутичных детей для формирования навыков бытовой адаптации // Сообщение I Дефектология. – 1997. – № 2. – С. 31-40.

5. Жуков Д.Е. Центральные личностные функции у родителей детей с синдромом РДА Биопсихосоциальная парадигма медицины и её влияние на развитие психоневрологической науки и практики: материалы научно-практической конференции молодых ученых. – СПб.: Изд. НИПНИ им. В.М. Бехтерева, 2004. – 244 с.

6. Жуков Д.Е. Особенности картины мира детей с аутизмом Психосоциальные проблемы психотерапии, коррекционной педагогики, спец. психологии: материалы III съезда РПА и научно-практической конференции Курск, 20-23 октября 2003 г. 2 Курск: Изд-во Курск. гос. ун-та, 2003. – 271 с.

7. Йоханссон И. Особое детство. – М.: Центр лечебной педагогики, 2001. – 58с.

8. Карвасарская И.Б. В стороне. Из опыта работы с аутичными детьми. – М., 2003. – 70 с.

9. Карвасарская И.Б. Психологическая помощь аутичной семье. Психосоциальные проблемы психотерапии, коррекционной педагогики, спец. психологии: материалы III съезда РПА и научно-практической конференции. Курск, 20-23 октября 2003 г. – Курск: Изд-во Курск. гос. ун-та, 2003. – 271 с.

ӘОЖ: 581.1 (075.8).

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ СЫНЫПТАН ТЫС ЖӘНЕ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ**

Касымканова Н.А., Елеусизова А.С.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы

бойынша «№45 орта бейіндік мектебі» КММ

Өскемен қ., Қазақстан

Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан - жақты болуына арналады. Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Бос уақытты пайдалана отырып, қоғам, ұжым, отбасы оқушылардың демалысын тиімді етіп ұйымдастырылуына күш жұмсауы қажет. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт - олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру-барша қауымның ортақ ісі. Оқушы жан-жақты болып өсу тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында мектептің қызметі күннен-күнге ұлғая түсуде.

Сондай қызметтерінің бірі сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар. Оқушылармен сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары сабақтан тыс немесе сыныптан тыс жұмыс деп аталады.



Сонымен, оқушылардың бос уақытын пайдалану үшін, ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататынын, қабілетін зерттеп біліп, сыныптан тыс ж ұмыс жоспарын жасағанда ескеру керек. Бұл ретте біз сөз еткен зерттеу шеңберін кеңейтіп, санқилы тәсілдер түрін жетілдіріп, нәтижелілігін арттыру үшін аянбай еңбек ете білу керек. Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады.

**Біріншіден,** оқудан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан - жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

**Екіншіден,** сыныптан тыс әр түрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

**Үшіншіден,** сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егерде балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады.

**Төртіншіден,** сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының формасы тек қана баланың өзіндік дара қабілетін ашуға ықпал етпейді, сонымен бірге оқушылар ұжымында өмір сүруге үйретеді. Яғни, оқу, еңбек әрекеттерінде және қоғамдық пайдалы істерді атқаруда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамқор болуға, өзін басқа жолдастарының орнына қоя білуге тәрбиелейді.

**Бесіншіден,** сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізуде уақытқа қатысты қатаң шектеу болмайды. Сынып жетекшісі оның формалары мен әдістерін, құралдары мен мазмұнын және бағытын таңдауда ерікті болады.

**Алтыншыдан,** сыныптан тыс тәрбие жұмысы оқушылардың мүмкіндіктеріне сай қолдары бос уақытта (үзілісте, сабақтан кейін, мейрам немесе сенбі және жексенбі күндері, демалыстарында) ұйымдастырылады.

Сонымен қатар оған кең көлемде ата-аналар мен жұртшылық өкілдері қатыстырылады.

Сыныптан тыс жұмыс мазмұны бойынша әртүрлі болады. Оған кіретіндер: дене шынықтыру, еңбек, көркем-эстетикалық, қоғамдық пайдалы әрекет және т.б.

Сыныптан тыс жұмыстың формаға еңгізілген көптеген түрлері бар:

- ұжымдық (конференциялар, конкурстар),
- топтық (клубтарға, спорт ұйымдарына қатысу),
- оқушылармен жеке жұмыс (сыныптан тыс оқу, өнермен өзбетінше айналысу).

Сыныптан тыс тәрбие жұмысының формаларының әртүрлілігі мектеп өмірінің өзгермелі қоғамдық жағдайларымен, жаңа әдістермен толықтырылады. Оқушылармен тәрбие жұмыстарының әртүрлі формасын үш топқа бөлуге болады:

1. мектеп өмірімен басқару және өзін өзі басқару формалары (жиналыстар, сынып жетекшісінің сабақтары, жиналыстар);
2. тану формалары (экскурсиялар, журналдар, газеттер);
3. көңілді формалары (кештер, «капустниктер»).

Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны және формалары оқушының қызығушылықтары және сұраныстарымен анықталады. Сыныпта тәрбие жұмысының кең таралған түрі болып сынып сағаты табылады. Атақты педагог *В.А.Сухомлинский* «Сынып жетекшісі оқушылармен тек қана өткен кезеңге ғана емес, сонымен қатар алдын ала болжанған тақырыптар бойынша әңгіме денсаулық, жанұя, өнер ету керек» - деп айтты.

Сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда оқушыларға тәрбие беру мәселелерін әртүрлі бағыттарда қалыптастырып, дамытуды ғалым – педагог-психологтар өз үлестерін қосты. Атап айтсақ, сыныптан тыс жұмыстардың қалыптасу даму тарихындағы ерекшеліктер (Н.К. Беспятова, А.Т. Малый, Л.П. Матковская, М.Б. Коваль, Б.И. Каюмов, Ф.А. Фрадкин, В.А. Капранова);

- сыныптан тыс жұмыстар қызметін басқаруды жетілдіру (Грекова О.)

- сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың қоғамдық саяси белсенділігін дамыту (И.Н. Цымбалюк, Л.Ю. Садыкова, Н.А. Антыгина, В.Н. Лыков, В.Н. Дармодехина, Н.Д. Зверьева, М. Куранов, Н.И. Меняева);

- сыныптан тыс жұмыстардағы еңбек тәрбиесі (Ю.Г. Памория, А.И. Ковалева, Л.И. Каучукова, Н.А. Запорожец, М.А Углицкая);

- сыныптан тыс жұмыстардағы адамгершілік тәрбиесі (Л.А. Оралова, Қ.Т.Әтемова, И.К. Тен, Н.И. Минибаева, Ж. Сәдірмекова):

Мектептегі оқу-тәрбие процесінің жақсы жолға қойылуы, жоспарлы жүргізілуі де балалардың мінез ерекшеліктеріне әсер етеді. Шәкіртке ғылымның негізін үйретумен бірге біз олардың дүние танымын, ақыл-ой әрекетін, шығармашылық ізденуін, қабілеті мен дарындылығын дамытамыз. Оқу-тәрбие барысында ғылымның дидактикалық өңдеуден өткен зерттеу әдістерін пайдалану – оқыту мен білім берудің, тәрбиелеудің әдістерін ұштастыра түсуге, олардың тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі үшін, оқушыларды өздерін қолға алуға үйрету керек. Өзін-өзі тәрбиелеуге кірісе отырып, оқушы ең алдымен өзін-өзі қолға алудың жалпы мақсатын ұғынуы тиіс.

Осыған байланысты жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу әдістеріне:

- өзін-өзі сендіру;
- өзін-өзі иландыру;
- өзін-өзі бақылау;
- өзін-өзі талдауды жатқызамыз.

Баланың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуде ұжымның әрекеті үлкен роль атқарады. Ұжымшылдық – адамгершіліктің ең ерекше белгісі, ол адамның шындыққа қатынасының барлық жүйесін, оның бар мінез-құлқын анықтап береді.

Ұжымдық шығармашылық форма – оған қатысушы жақтардың өзара бірлесіп іздену жұмыстары негізінде, яғни:

- әрбір қатысушының қызығушылығын және қажеттілігі ескерілуі тиіс;

- жеке тұрғыдағы мақсат топтық және ұжымдық мақсатқа қарама-қайшы келмеуі тиіс;

- ұжымдық шығармашылық іс жалпы ортақ істе әркімнің өзінің орнын таба білуі туғызуы тиіс.

Мектеп оқушыларын тәрбиелеуде инновациялық технологияны қолдануда талап етіледі:

- тәрбиенің мақсаты мен мазмұнының дәлдігі;
- дұрыс бағыттары;
- әдістері мен тәсілдерін қолдануды.

Мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда инновациялық педагогикалық технологиясын сыныптан тыс ұйымдастырылған ұжымдық шығармашылық жұмыс өзінің ұйымдастыру формасы жағынан бірден-бір қолайлы әлеуметтік құбылыс.

Қазақстандағы мектептен тыс мекемелердің 1917-1990 жылдардағы қалыптасуы мен дамуы зерттеуші Е.О.Омардың еңбегінде қарастырылған.

Автордың мектептен тыс-мекемелердің қоғамдық тәрбие жүйесіндегі ролі мен тәрбиелік әлеуетін айқындауы, әр кезеңдегі даму ерекшеліктеріне берген сипаттамалары, тарихи даму барысындағы тәрбие жұмыстарының мазмұны, формасы мен әдістері, даму болашағына жасаған болжам, пікірлері біздің зерттеу жұмысымыз үшін қ ұнды болып есептеледі.

Қазіргі таңда оқушыларға сапалы білім мен сапалы тәрбие беру өте маңызды мәселе болып отыр. Мектептерде жүргізіліп жатқан тәрбиеге қойылатын талаптар күннен - күнге өсіп отыр. Оқушыларға тәрбие берудің формалары мен түрлері сан - салалы болып отыр.

Тәрбиені ұйымдастыру формалары – тәрбие процесінен кең түсінік беретін өте кең мағынадағы көрініс. Тәрбие процесіне қатысатын оқушылар мен оқытушылар арасындағы тығыз байланысты көрсетететін көрініс.

#### 1-Кесте Бастауыш сынып оқушыларының сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың инновациялық технологиясы

Технологиялық процестің буындары	Технологиялық процесс буындарының мінездемелері
Тұжырымдамалық негізі	Бастауыш мектеп оқушыларының мінез-қ ұлық мәдениетін тәрбиелеу бойынша сыныптан тыс жұмыстардың бірізділігі, жүйелілігі, әртүрлі және мазмұнды әрекеттер арқылы балалардың адамгершілік қатынастарға кірістіруге бағытталғандығы оларды бұл құнды тұлғалық сапада тәрбиелеуде нәтижелі етеді.
Мақсаты	Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілік құндылықтар, әсемділік пен көріксіздік туралы түсініктер, дұрыс ойлаушылық және орындылық талаптары, халық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары көрініс табатын, көпшілік мақұлдаған тіршілік әрекеті мөлшерлері мен ережелері туралы түсініктерді қалыптастыру және күнделікті өмірде, іс-әрекетте оларды орындауға әдеттендіру

Міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- моралдық-адамгершілік білімдермен түсініктердің тереңдігіне, пысықтығына қол жеткізу;</li> <li>- адамгершілік мінез-қ ұлық мотивтерін қалыптастыру;</li> <li>- адамгершілік мінез-құлық үлгілеріне қатынастарды (сезімдерді, бағалауларды) дамыту;</li> <li>- моралдық-адамгершілік нормалары мен ережелерін пайдалану, күнделікті өмірде және іс-әрекетте орындауға дағдыландыру;</li> <li>- баланы өзін- өзі тәрбиелеуге, өзіндік мінезін бақылауға, дұрыс бағалауға баулу.</li> </ul>
Мазмұнының ерекшеліктері	<p>Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеудің мазм ұнына сай олармен ұйымдастырылатын сыныптан тыс тәрбиелік ж ұмыстар өзара байланыста болған бірнеше бағытта іске асырылады. Оқушылар жоғары адамгершілік қатынастарға негізделетін әр түрлі, мазм ұнды, мәдениетті мінез-құлық үлгілерін сезінуге мүмкіндік беретін әрекет түрлеріне кірістіріледі. Тәрбиелік іс-шаралар, ұжымдық шығармашылық істер оқушыда моралдық білімдер, қатынастар және әрекеттерді қамтитын біртұтас жүйесін қалыптастыруға бағдарланады.</p>

Математикалық тәрбие мен білімнің өзіне тән әдістері бар. Білімді бекіту, іскерлікті қалыптастыру үшін қолданылатын әдістер:

- Жаттықтыру. Әр түрлі іс-әрекеттерін істей білуге машықтандыру, жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру, уақыт және өндіру нормаларын анықтау, материалдарды, электр қуатын, суды, газды үнемді пайдалану, т.б.

- Тәжірибелік жұмыстар және эксперимент. Бұл әдістерді оқушылардың өндірістік бригадасында, оқу өндірістік кооперативте, үйелмендік мердігерлікте немесе үйелмендік шығармашылық қожалықтарында, мектептерде шағын мал, құс фермаларында қолдануға болады.

- Математикадан есептер шығару - еңбек ақыны, уақыт және өндіру нормаларын есептей білу, рентабельдік, пайда, өзіндік құн және басқа да ұғымдар жайлы есептер шығаруға оқушыларды үйрету, жаттықтыру.

- Сандық материалдарды талдау әдісі - саяхат кездерінде жиналған мәліметтердің негізінде кестелер, диаграммалар жасау, қандай болса да шаруалардың тиімділігін анықтау.

*Интерактивті әдістерге* – дебаттар, іскерлік ойындар, шағын топтардағы ж ұмыстар, миға шабуыл әдісі жатады.

*«Миға шабуыл» әдісі* – оқушылармен жұмыс жасау барысында өте жиі қолданылатын әдіс. Себебі бұл процестің алдына қойған мақсаты – бұл процеске қатысушы оқушының ең кемінде өтіп жатқан процесте шешім қабылдау үшін ішкі логикасымен таныс бола білуі қажет. Алайда бұл әдісті дәл осы қасиет қана өте керекті етіп көрсете алады.

Сыныптан жұмыстарды ұйымдастыруда оқушылардың мақсатқа жету барысында жауапкершіліктерін жетілдіру, күшіне деген сенімін арттырып, үлкен жетістіктеріне жетуге тәрбиелеу.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қажиева Г. «Балалар мен жасөспірімдердің жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру» әдістемелік құралы - Алматы: - 2010.
2. Молдабекова Н.С. Тәрбие теориясы. Оқу әдістемелік құрал. - Шымкент, 2010. - 87б.
3. Әдістемелік нұсқау хатта жалпы орта білім беру ұйымдарында Елбасының «Тәуелсіздік толғауы» еңбегін оқыту аясында тәрбие және идеологиялық жұмысын әдістемелік қолдау жолдары әзірленген. Әдістемелік нұсқау хат мектеп басшыларына және мұғалімдерге арналған. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.
4. Махаева А.А. «Болашақ бастауыш сынып мамандарының сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруға даярлығын қалыптастыру». Ustaz tilegi. Ғылыми әдістемелік орталық. – 2020.
5. Рысмағамбетова Ж.Б. «Мектептен тыс тәрбие жұмысында қойылатын негізгі талаптар». Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың жеке тұлғасын әлеуметтендіру: теориядан тәжірибеге: облысты қғылыми- практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2019. - 387б.

ӘОЖ 376

### **СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛЫС БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ**

Кәден Н.К., магистрант 2-курс «Арнайы педагогика» ББ

**Ғылыми жетекші:** Галиева А.Н., ф.ғ.к оқытушы-дәріскер

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

E-mail: kadenovanazerke2@gmail.com; nurai\_gali@mail.ru

*Кіріспе.* Сөйлеу адамның ең маңызды жоғары психикалық функцияларының бірі екені белгілі. Сөйлеу функциясы балаларға қарым-қатынаста кең мүмкіндіктерге жол ашады, бір-бірін түсінуге көмектеседі және кез келген қызмет түріне біріктіреді, сонымен қатар, балаға қоршаған әлемді түсінуге көмектеседі. Ал сөйлеудің тежелуі есте сақтау қабілетінің дамуына да кері әсер етеді. Сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың қалыпты сөйлейтін құрдастарымен салыстырғанда есте сақтау деңгейі төмен, қабылдауы, қиялдау, ойлау дағдысы яғни шығармашылық қабілеті нашар дамиды. Объектілерді сипаттау және сюжетті суреттерді қайталау қателері жиі кездеседі. Олар естіген мәтінді қайта айтуда қиындықтарға тап болады. Сөйлеу бұзылыстары мен психикалық дамудың басқа аспектілері арасындағы байланыс ойлаудың кейбір спецификалық ерекшеліктерін анықтайды. Өз жасына сәйкес ақыл-ой операцияларын меңгеру үшін толық

алғышарттары бар балалар ойлаудың көрнекі-бейнелі сферасында артта қалады, арнайы дайындықсыз талдауды, синтезді және салыстыруды меңгеру қиынға соғады. Олардың көпшілігі ойлаудың қатаңдығымен сипатталады.

Сондықтан жеті жасқа дейін сөйлеуді дамытудағы барлық қиындықтарды жою өте маңызды болып табылады. Егер балалар мектепке дейінгі кезеңде өтелмеген әртүрлі сөйлеу бұзылыстарымен мектепке барса, онда бұл көбінесе оқу және жазу процестерін меңгеруде қиындықтарға әкеледі.

*Өзектілігі.* Соңғы жылдары мектеп бағдарламасында ана тілі мен әдебиетін меңгеруде қиындыққа ұшырайтын мектеп оқушыларының саны айтарлықтай көбеюде. Ата-аналар бұл қиындықтардың пайда болуы себебі балаларының зейінсіздігі, мазасыздығы, оқуға деген мотивациясының төмендігі деп санайды, бұл себептерді жоққа шығару дұрыс емес бірақ, бұл қиындықтардың астарында одан да күрделі мәселелер бар. Мысалы: физиологиялық, психологиялық, неврологиялық және сөйлеу қиындықтар. Дефектологтар жазу және оқу дағдыларын меңгерудегі қиындықтарды дисграфия және дислексия деп атайды. Көбінесе бұл екі диагноз қатар қойылады.

*Талдау.* Оқу мен жазу дағдыларын меңгеруде қиындықтарға тап болатын сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктетін атап өтсем. Сөйлеуі бұзылған бірінші сынып оқушыларында барлық танымдық іс-әрекеттің (қабылдау, есте сақтау, ойлау, сөйлеу), әсіресе еріктілік пен зейін деңгейінде дамымауы байқалады. Сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың назары тұрақсыздықпен, қосу, ауыстыру және тарату қиындықтарымен сипатталады. Балалардың бұл санатында зейіннің тарылуы, материалдың тез ұмытылуы, әсіресе ауызша (сөйлеу), оқиғалардың реттілігін, мәтіннің сюжеттік желісін еске түсіру процесінде белсенді бағыттың төмендеуі байқалады. Олардың көпшілігі ақыл-ой операцияларының дамымауымен, абстракциялау, жалпылау қабілетінің төмендеуімен сипатталады. Сөйлеу бұзылысы бар балаларға ауызша емес, көрнекі түрде берілген тапсырмаларды орындау оңайырақ. Сөйлеу қабілеті бұзылған балалар тез шаршайды, іс-әрекет өнімділігі төмендейді. Олар ұзақ уақыт бойы тапсырманы орындауға қосылмайды. Бұл балалардың қиындықтары эмоционалды-ерікті салада да байқалады. Оларға тұрақсыздық, бақылаудың төмендеуі, мотивацияның төмендеуі, оқшаулану, негативизм, өзіне деген сенімсіздік, ашуланшақтық, агрессивтілік, сезімталдық, басқалармен қарым-қатынас жасау, құрдастарымен байланыс орнату қиындықтары тән.

Бастауыш сыныпта жазу мен оқу қиындықтарын анықтап, алдын алу керек. себебі: Біріншіден, жазу және оқу – бұл мектептегі негізгі дағдылар, оларды жақсы меңгермейінше оқушылар оқу процесіне дайын болмайды. Барлық қосымша білім осы дағдылар негізінде құрылады, егер бұл дағдылар жеткіліксіз дамыған немесе нашар қалыптасса, ана тілі мен әдебиеті, математика мен жаратылыстану, тарих, шет тілін және басқа пәндерді оқыту мүмкін емес. Екіншіден, жазу және оқу – барлық жоғары психикалық функцияларды – зейінді, қабылдауды, есте сақтауды, ойлауды әрекеттің біртұтас құрылымына біріктіретін ең күрделі интегративті дағдылар. Үшіншіден, жазу мен оқу бір ғана процестің – жазудың құрамдас бөліктері болып табылады. Жазбаша сөйлеуге жетелемесе, қажеттілік тудырмаса, жазу дағдыларын қамтамасыз етпесе, жазу әдістері мен оқу әдістерін оқытудың

дербес құндылығы болмайтынын атап өткен жөн. Баланы жазуға және оқуға үйретудің мәдени-тарихи мәні дәл осында. Мұғалім оқыту әдістерінің жеткіліксіздігінің салдары қандай болатынын біліп қана қоймай, осы дағдылардың қалыптасу механизмдерін түсініп, оқу процесінде туындайтын мәселелердің себептерін терең түсінуі керек. Төртіншіден, жазу, оқу және жазу дағдыларының қалыптаспауы өте маңызды әлеуметтік қиындық болып табылады, өйткені бұл бастапқы және функционалды сауатсыздыққа әкеледі.

Бастауыш сыныпта сөйлеу тілі бұзылысының бірнеше түрі кездеседі. Бұл сөйлеу тілінің фонетикалық дамымауы (дыбыстың айтылуының бұзылуы), фонематикалық дамымауы, фонетикалық-фонематикалық дамымауы немесе сөйлеудің жалпы дамымауы болуы мүмкін.

Сөйлеу тілінің фонетикалық дамымауы – дислалия, ринолалия, дизартрия және т.б. сияқты нозологиялық формаларды қамтитын топ.

Фонетикалық-фонематикалық сөйлеу бұзылысы – сөйлеудің дыбыстық жағының алыптаспауының нәтижесі лексикалық-грамматикалық қатардың дамуының дамымаушылығының салдарын күшейтетін жүйелі бұзылыс. Яғни, мұндай балалар тек сауат ашу, жазу мен оқу процесінде ғана емес, сондай-ақ толығымен бастауыш оқыту бағдарламасын меңгеру қиынға соғады.

Сөйлеудің жалпы дамымауы – сөйлеу жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптасуы бұзылған әртүрлі күрделі сөйлеу бұзылыстары, яғни сөйлеудің дыбыстық жағы (фонетика) және сөйлеудің семантикалық жағы (лексика, грамматика).

Логопедиялық көмек көрсету әрқашан нақты жоспар бойынша құрылады және бірінші сынып оқушысының ата-аналарымен бірге жүзеге асырылады. Оның негізгі бағыттары:

- фонематикалық талдау мен синтезді дамыту;
- буын, сөз, сөйлем, мәтін деңгейінде тілдік талдау мен синтезді дамыту;
- фонемалардың есту – айтылу дифференциациясын нақтылау және бекіту;
- кеңістіктік-уақыттық түсініктерді дамыту және нақтылау;
- зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту;
- үйлесімді экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру және дамыту, сөздік қорын байыту;
- сөйлеу, жазу және оқу әрекетіне қатысатын анализаторларды (есту, көру және кинестетикалық) дамыту.

Бастауыш сынып мұғаліміне кеңестер:

Мұғалімдер мен ата-аналарға жазбаша тілдің бұзылуының не екені әрқашан түсінікті бола бермейді. Сөйлеу өз көріністеріне қарай екі үлкен топқа бөлінеді: ауызша сөйлеу және жазбаша сөйлеу. Жазбаша тіл бұзылыстары да екі түрге бөлінеді: оқу бұзылыстары және жазу бұзылыстары. Оқу бұзылыстарын әдетте жазу бұзылыстары деп те атайды, өйткені олар біреу жазған мәтінге қатысты.

Бастауыш сынып мұғалімінің қызметі – баланы дер кезінде логопедке жіберу.

Дислексия мен дисграфияның алдын алу. Кіші мектеп оқушыларының жазбаша тілінің бұзылуының алдын алу өте тиімді. Бұл бұзушылықтардың алғышарттары бар екендігі олардың бұрыннан бар екенін, бірақ әлі де жасырын

екенін көрсетеді. Сондықтан бала мектепте дұрыс жазу үшін оны мектепке барар алдында үйреткен дұрыс:

- ана тіліндегі барлық дыбыстарды ажыратып, дұрыс айту;
- дыбысты талдау және синтездеу дағдыларын меңгеру;
- жазылуы ұқсас әріптерді ажырату;
- сөздерге морфологиялық талдау жасау;
- жүйелі, мағыналы сөздік қоры болуы;
- тілдің грамматикалық нормаларын меңгеру.

Ата-аналарға кеңестер:

Сөйлеуді түзету ұзақ мерзімді жүйелі жаттығуларды қажет етеді. Түзетудің сәттілігі көбінесе баланың отбасына байланысты болуы мүмкін. Отбасы мүшелерінің ешқайсысы баланың көзінше оның кемшілігі туралы айтпауы керек немесе оның кемшілігін басқа адамдарға көрсетпеуі керек. Сөйлеу патологиясы бар баласы бар ата-аналар оны қалыпты сөйлеуі бар құрдастарымен қарым-қатынас жасаудан алшақтатпауы керек.

Көбінесе сөйлеу қабілеті бұзылған немесе сөйлеу дағдыларының дамуы тежелген балалар жазу мен оқуды меңгеруде қиындықтарға тап болады. Мұндай балаларға мектеп ішінде ғана емес, үйде де жұмыс істеуге ерекше жағдай жасалуы керек, өйткені жаттығу режимін бұзу түзету тиімсіздігіне әкеледі.

Егер сіздің балаңызға мәтінді үйде оқу немесе көп жазу тапсырылса, онда мәтінді бөліктерге бөліп, тапсырманы бірнеше қадаммен орындаңыз. Балаңызды үй тапсырмасын бірнеше рет қайта жазуға мәжбүрлеменіз, бұл баланың денсаулығына зиян келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар оның бойында сенімсіздік тудырады, сонымен қатар қателер санын көбейтеді.

Балаңызды әрбір жетістігі үшін мадақтаңыз.

*Қорытынды.* Қорытындылай келе, бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына өтініш білдіргім келеді: балаңызға өте мұқият болыңыз! Оқу және жазу дағдыларын дамытудағы алғашқы қиындықтарда логопедпен байланысуды ұмытпаңыз. Әсіресе, егер ол мектепке дейінгі кезеңде сөйлеу қабілеті бұзылса, себебі сөйлеу тілі бұзылысы бар бала мектептегі оқу бағдарламасын меңгеруде белгілі қиындықтарға тап болады. Алғашқы жылдары осы қиындықтардың алдын алу үшін логопед, ата-ана, мектеп мұғалімі міндетті түрде бірге жұмыс жүргізіп, қызмет көрсетілуі керек. Бұл процес бала өмірінде үлкен орын алады.

Жазу мен оқуды үйренуде қиындықтары бар балаларға педагогикалық көмек көрсету мына кезеңдер бойынша іске асады.

1. Себептерін анықтау
2. Білім мен оқу іс-әрекетіндегі олқылықтарды анықтау.
3. Бөлектеу арқылы жұмыс жүйесін жасау:
4. Бірлескен жұмыста мұғалімнің, психологтың, логопедтің, ата-аналардың "әсер ету салаларын" анықтау.

Баланың толық сөйлеуі оның дамуының негізгі шарттарының бірі болып табылады. Сөйлеу бұзылыстарын түзету кезінде ата-аналар мұғалімдерге (логопед, бастауыш сынып мұғалімі, психолог) көмектесуі керек.



## Әдебиеттер тізімі

1. Қ.С. Тебенова; А.Р. Рымханова «Арнайы психология» Алматы 2011ж. 264б.
2. Малдыбаева А.О., Орынбаева Э.Ә. «Дефектология негіздері» Шымкент 2007 ж.
3. Өмірбекова Қ., Серікбаев Қ. «Логопедия» А., 1996 ж. 648 б.
4. Безруких М.М. Дети с трудностями обучения письму и чтению/ Развитие личности ребенка. Екатеринбург, У-Фактория, 2006 – 260л.
5. Королев А.Н. Нарушения чтения и письма у детей. – СПб., 1997 – 286л.

ӘОЖ 376

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚИТЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЖАЗУ ҚИЫНДЫҚТАРЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН СИПАТТАМАСЫ**

Кәден Н.К., магистрант 2-курс «Арнайы педагогика» ББ

**Ғылыми жетекші:** Галиева А.Н., ф.ғ.к., оқытушы-дәріскер,  
«Арнайы педагогика» ББ

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан  
E-mail: kadenovanazerke2@gmail.com; nurai\_gali@mail.ru

*Кіріспе.* Бірінші сыныпқа баратын балалардың 90%-дан астамында мектепке дейінгі тәрбиенің теріс әсері байқалмайды, керісінше бала-бақшаға барған балалардың оқуға деген ынтасы өте жоғары, әрі олар мектепке барып оқуға құштар болып тұрады. Алғашқы айларда олардың әрқайсысы жақсы оқуға тырысады. Көптеген қателіктер жасап, сәтсіздікке ұшыраса да сағаттап оқуға дайын, бірақ желтоқсанға қарай бірінші сынып оқушыларының 60% -дан астамы оқуға деген қызығушылығын жоғалтады.

Балада бірнеше ай ішінде не өзгеруі мүмкін? Мектепке дейінгі кезеңде балалардың негізгі әрекеті-ойын болса, мектепте-оқу болып табылады. 5 – 6 жасар баланың зейіні тұрақсыз болады әрі бір іспен ұзақ уақыт шуғылдана алмайды. Ал оқу жылың ортасында оқушылардың тапсырмалары қиындай түседі, сонымен қатар ұзақ уақытты қажет етеді. Сол себептен балалардың оқуға деген қызығушылығы төмендейді. Мектеп мұғалімі мен ата-аналар бұндай қиындықтарға дайын болуы керек, қиындық пайда болған сәтте балаларға көмектесе білуі керек, ең бастысы баладағы қиындықтарға дәл жауап беруі керек. Өкінішке орай, мұғалімдер де, ата-аналар да жазу мен оқудағы қиындықтардың себебін көбінесе «үлгермеушілік», дайындықтың жеткіліксіздігі немесе жалқаулық деп санайды. Әрине, бұл факторларды да теріске шығаруға болмайды, бірақ оқу процесіндегі әдістеменің сәйкес келмеуі мен талаптардың сәйкес келмеуі кері әсерін көбірек тигізеді. Кез келген көмектің сәтті болуы ересектердің (мұғалімдердің де, ата-аналардың да) баланың қиындықтарына қалай қарайтынына, себебін түсінуіне және балаға қалай көмектесу керектігін білуіне байланысты болып табылады.

*Зерттеу өзектілігі.* Көптеген сарапшылар, оқу дағдыларын қалыптастырудың бастапқы кезеңдерінде жазу мен оқудағы қиындықтардың себебі сөйлеу дамуының әртүрлі бұзылыстары болуы мүмкін деп санайды. Жазу мен оқуда

қиындықтары бар балалардың сөйлеу дамуын зерттей отырып, олар негізінен сөйлеудің сенсомоторлық жағының дамуы, тілдік талдау дағдылары, сөйлеудің грамматикалық құрылымы, сөзжасам процестерін қамтитын сөйлеу дамуының деңгейі, логикалық-грамматикалық қарым-қатынастарды түсінуі және жүйелі сөйлеу дағдылары төмендейтінін анықтаған. Бұл компоненттердің бұзылуы немесе дамымауы жазу және оқу дағдыларын қалыптастыруда бұзушылықтарға әкелуі мүмкін екендігі дәлелденді.

*Талдау.* Бастауыш сыныпта оқитын оқушыларға мектептегі оқыту әдістері мен технологиялардың жасына және функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келмеуі, оқу-тәрбие процесінің ауырлауы, тиімсіз ұйымдастырылуы оқу-жазу бұзылысын туғызады. Ал мектептегі мұғалімнің оқушылардағы қиындықтардың себептері мен механизмдерін, балаларға тиімді көмек көрсету әдістері мен нұсқаларын білмеуі оқушыдағы бұзылысты одан ары тереңдетеді. Жазу мен оқуды үйренудегі қиындықтардың себептері әдетте, сыртқы (экзогендік деп аталатын) және ішкі (эндогендік) себептер болып бөлінеді. Оқушыға тиімді, пайдалы көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін оқу-жазуды үйренудегі қиындықтардың себептерін біліп, оларды анықтап, ажырата алу қажетпіз. Осы тұста балалардың оқуы мен жазуына қиындық туғызатын факторларға сыртқы (экзогенді) факторларға тоқталатын болсақ: экологиялық; әлеуметтік, экономикалық; әлеуметтік-мәдени жатады.

Бала өмірінің қоршаған орта жағдайлары жазу мен оқуда тікелей қиындықтар туғызбайды, бірақ олар баланың денсаулығына, өсуіне әрі дамуына әсер етеді. Бұл өз кезегінде балалардың оқу мен жазуды сәтті меңгеруіне әсерін тигізеді. Мысалы баланың дамуындағы зейіннің тұрақсыз болуы көбінесе сөйлеудің бұзылуына немесе қалыптаспауына, сонымен қатар, қозғалыстарды ұйымдастыру, әрекеттерді бір-біріне үйлестіру қабілетінің дамымауына әкеліп соғады. Алайда мұндай балаларда қосымша эндогендік факторлар кездеспесе, олар оқу процесіндегі қолайлы жағдайларды пайдалана отырып, оқу процесін тез қуып жете алуы мүмкін.

Сөйлеуді дамытудың осы нұсқасына тән ерекшеліктер – дыбысты айтудың тұрақты бұзылуы, сөздердегі дыбыстардың өзгеруі, сөйлеудің баяу қарқыны, сирек жағдайларда ғана жедел қарқын байқалады. Ерте балалық аутизмі бар баланың психикалық тонусының төмендеуіне байланысты сөйлеу әрекетіде дамымайды. Сондықтан оның сөздік қоры механикалық есте сақтау есебінен баяу жинақталады және баланың стереотиптерге бейімділігіне байланысты сөздер санасында сақталады. Мұндай балада фразалық сөйлеудің дамуы өте қиын, кенеттен айтқан сөз тіркестер грамматикалық қателікке толы, яғни сөйлеуде көмекші сөздер қолданылмайды, сөздер жіктік және сандық бойынша өзгермейді, сөйлеудегі етістіктер негізінен белгісіз түрде кездеседі, сын есімдер іс жүзінде жоқ. Аутизмі бар балаларда жеке есімдіктерді қолдану ерекшеліктері байқалады. Мысалы, «мен» жеке есімдігін бала сөйлеуде пайдаланбайды, бала өзі туралы екінші немесе үшінші тұлғада айтады. Жасы ұлғайған сайын аутист балалар көптеген сөйлеу мәнерін және сүйікті өлеңдерінен, әндерінен, ертегілерінен үзінділер естерінде сақтайды. Бұл сөздерді қоршаған орта мен жағдайға қарамастан байланыссыз қолданады. Ұзақ түзетуден кейін ғана аутист балалар сөйлеу мәнерін өз орнында азды-көпті дұрыс қолдана бастайды.

Сөйлеуді дамытудың үшінші деңгейінде бұл балаларда сөйлеу бұзылыстарының басқа сипаты байқалады. Сөйлеудің дамуының негізгі кезеңдері сау балаларға қарағанда бұл деңгейдегі аутист балаларда ертерек пайда болады: алғашқы сөздер 6 айдан 12 айға дейін, алғашқы тіркестер 12 айдан 16 айға дейін пайда болады. Ата-аналар, әдетте, баланың сөздік қоры тез өсетініне, фразалар бірден грамматикалық тұрғыдан күрделене түсетініне, тәуелсіз толыққанды ойлау қабілетіне таң қалады.

Нәтижесінде, бұл деңгейдегі аутизмі бар балалардың таң қаларлық ерекшелігі байқалады: үлкен лексикалық қоры бола тұра, баламен тілдесу мүмкін емес. Бұл мұндай балалардың сөйлеуі стереотипті болғандықтан.

Бала өз қызығушылығына сайкелетін эмоционалды бай сөйлемдерді есте сақтап, соларға қызығады. Қызығатын маңызды тақырыптарды монолог түрінде сөйлесе, диалог жасағанда, сұхбаттасушымен белсенді сөйлеу қарым-қатынасына қабілетсіз. Бала еріксіз сөйлегенде дұрыс, күрделі грамматикалық құрылымдар қолданылады. Есінде қалған тұрақты тіркестерді әрдайым жағдайға сәйкес қолданады.

Балаларда сөздердің дыбыс құрылымы назар аударуы байқалады. Бала үлкен қызығушылықпен сөздегі жеке дыбыстар мен буындарды ауыстырады және пайда болған сөздің мағынасына қызығушылық танытпайды. Сөзжұмбаққа деген сүйіспеншілік байқалады.

Сөйлеуді дамытудың осы дәрежесіндегі аутизмі бар балалар оған қаратылып сөйленген сөздерді жақсы түсінеді, бірақ оған бұйырып сөйлегенді әрдайым белсенді түрде орындай бермейді, кейде оларды орындаудан мүлдем бас тартады. Бұл бұйрық сөйлемнің мазмұнына, баланың жеке қызығушылықтары байланысты орындайды. Бұл балалардың сөйлеуінің сыртқы белгілеріне: дауыстың қаттылығы, сөздің соңғы екпінін арттыруы, жылдам қарқынды сөйлеуі, сөздерді толық аяқтамай тоқтап қалуы, дыбыстарды өткізіп жіберуі және ауыстыруы, оларды анық емес, бұлыңғыр айтуы. Кейде сөйлеуі ашулы болады. Балалар ересектердің эмоционалды жоғары интонациялық сөйлеуіне қабилдәйды. Бұлшық ет тонусы жоғары болуы әсерінен дыбысты айту, темп және қалыпты сөйлеуіне ықпал етеді.

Төртінші дәреже. Бұл балаларда ерте сөйлей алу дамуы қалыпты жас нормасына сәйкес келеді. 2-2,5 жасында сөйлеу белсенділігі күрт төмендейді, сөйлеу регрессиясы байқалады, алайда бұл толық аутизмге әкелмейді. Аутизмі бар баланың сөйлеу тілінің дамуы 5-6 жасқа дейін ғана дамиды. Бұл белсенді сөздіктің күрт азаюына әкеледі. Сөйлеуі ақыл-есі кем адамдардың сөйлеуіне ұқсас болады. Осы кезеңде фразалық сөйлеу іс жүзінде жоғалады. Бала қойылған сұраққа тек эхолалия ретінде ересек адам айтқан сөзді қайталайды.

Бала өте аз сөйлеседе, оның жас нормасына сәйкес келетін немесе одан асып түсетін пассивті сөздік бар екенін білуге болады. Ерте балалық аутизмі бар балаларда дыбыстың айтылуында бұзушылықтар жиі кездеседі. Эмоционалды жағдайда бала барлық дыбыстар мен күрделі дыбыстық тіркестерді дұрыс және нақты айта алады. Бұл балалардың сөз құрылымы қалыпты келеді. Яғни, оларда ешқашан буындарды немесе олардың орнын ауыстыру байқалмайды. Сөйлеудің қарқыны өзгеруі мүмкін, көбіне қарқынды емес баяу темпте жиі кездеседі, ал кейде тіпті тұтығуда мүмкін.

Оған қарап сөйлегенді түсінуі жоғары деңгейде болады. Мұндай балалар сөйлеу мазмұнына, оның семантикалық жағына көбірек қызығушылық танытады. Бұл қызығушылық пайда болуы, мысалы, өлеңдерге деген құштарлықта емес, сол өлеңдердегі эмоционалды ырғақты жүйеде айтылуына байланысты. Дамып келе жатқан фразалық сөйлеуі аграмматизмдерді болып келеді. Бұл ішінара аутизмі бар балалардың басқа балаларға қарағанда сөз тіркестерін қолдануға, тәуелсіз сөйлеуге деген ұмтылыспен қуантады. Біршама кешігіп өзі туралы сөйлегенде, яғни «мен» есімдігін бірінші жақта айта бастайды.

Қазіргі зерттеушілер (Чуприов А.П., 2013) аутизмі бар балаларға тән сөйлеу бұзылыстарының келесі радикалдарын анықтады (яғни, дамудың кідірісі немесе сөйлеу бұзылыстарының салдарын емес):

- сөйлеу тілінің дамуы ешқандай компенсациясыз бұзылуы, тоқтауы немесе регрессиясы;
- басқалардың оған сөйлеуіне реакцияның болмауы (өз атына да);
- стереотиптік сөйлеу, яғни, эхолалия, басқа адамдардың сөздері мен сөз тіркестерін, өлеңшумақтарын бейсаналық түрде қайталауы;
- екінші немесе үшінші жақта өзің атауы;
- сөйлегенде сөздері аграмматизмді болуы – «мен» жеке меншігі мен «иә» деген оң сөзді пайдаланбауы;



- қалыптысөздерді оған сәйкес жағдайда қолданбауы (сөздерді идиосинкразиялық қолдану), сондай-ақ неологизмдерді қолдануы;
- диалогты бастау және қолдау мүмкін еместігі;
- просодиканың бұзылуы (сөйлеу әуезі, екпін, тембр (әуен), ритм, сөз тоны жағынан бұзылуы);
- сөйлемнің мағынасын түсінудегі және ұғымдарды қолданудағы қиындықтар;
- вербальды емес коммуникацияның бұзылуы (жестикауляция, мимикалық экспрессия);
- белсенді сөздікқорындабалаға жақын адамдарды білдіретін сөздердің болмауы, мысалы, «ана», «әке».

Сонымен, барлық зерттеушілер аутизммен ауыратын балалардың сөйлеу ерекшеліктерін атап өтген. Оларға: мутизм, эхололия, сөздер мен сөз тіркестері дұрыс қолданбау, есімдіктерді дұрыс пайдаланбау, әсіресе, сөйлегенде «мен» есімдігінің болмауы. Сөйлегенде сөйлемдердің лексика, семантика, просодика жағынан қате құрастырылуы. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы, дыбыстық айтылым, сөздердің стихиясында бұзылыстардың болуы. Және де ескеретін нәрсе, жоғарыда аталған барлық белгілер міндетті түрде бір аутист баланың бойында байқала бермейді.

Балалық аутизмі бар баланы қоғамдық өмірге кіріктіруде кедергі келтіретін негізгі бұзушылықтардың бірі осы сөйлесу дағдыларының жетіспеушілігі. Сөйлесу дағдысы аутист баланың жеке тұлғалығының қалыптасуына, таным қабілетінің артуына, қоғамға еніп, әлеуметтенуі талпыныс күші болатын құралы. Осы себепті сөйлеу тілін қалыптастыру аутизмді түзетуде маңызды орынға ие.

Әртүрлі елдердің арнайы педагогика саласында жүрген білімді де білікті мамандар аутизмді педагогикалық-психологиялық-медициналық тұрғыдан егжей-тегжейлі зерттеулер жасап, бұл аутизмдегі толыққанды сөйлесудағдысын қалыптастыру педагогикалық сипаттағы мәселе деп қорытынды жасауға мүмкіндік берген. Осыған байланысты, соңғы онжылдықтарда шетелдік зерттеушілер мектеп жасына дейінгі аутизмі бар балалардың сөйлеу тілінің дағдыларын қалыптастыру тәсілдерін анықтауда. Осы санаттағы балаларда, яғни аутизмі бар балалардың сөйлесу дағдыларын зерттеу, түзету әдістері белсенді дамытуға көзқарас берілген.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Иванов, Е.С. Детский аутизм: диагностика и коррекция / Е.С. Иванов, Л.Н. Демьянчук, Р.В. Демьянчук. – СПб.: «Дидактика плюс», 2014. – 80 с.
2. Лайшева, О.А. Ранний детский аутизм: пути реабилитации [Электрон-ный ресурс] / О.А. Лайшева, В.Е. Житловский, А.В. Корочкин, М.В. Лобачева. – М.: Спорт, 2017. – 109 с. – Режим доступа: URL: <http://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=471234>
3. Левченко, И.Ю. Психологическая помощь семье, воспитывающей ре-бенка с отклонениями в развитии: метод. пособие / И.Ю. Левченко, В.В. Ткаче-ва. – М.: Просвещение, 2008. – 239 с.

4. Лешин, В.В. Структура нарушений родительско-детских отношений в семье с соматически больным ребенком / В.В. Лешин // Коррекционная педагогика. – 2010. – № 1 (37). – С. 32-37.

5. Мамайчук, И.И. Помощь психолога детям с аутизмом / И.И. Мамайчук. – СПб.: Речь, 2007. – 288 с.

6. Рудик, О.С. Коррекционная работа с аутичным ребенком / О.С. Рудик. – М.: Владос, 2015. – 189 с.

УДК 373.2

## **ЗНАКОМСТВО С КАЗАХСКИМ НАЦИОНАЛЬНЫМ ОРНАМЕНТАЛЬНЫМ ИСКУССТВОМ НА ОСНОВЕ РАБОТЫ С ПРИРОДНЫМ МАТЕРИАЛОМ**

Михайлова Т.Н.

КГКП Детский сад-ясли «Балбөбек» №3 отдела образования по  
городу Усть-Каменогорску УО ВКО,

г. Усть-Каменогорск, Казахстан, asiya.2007@mail.ru

Национально-региональный компонент, реализующийся в программе, является важным составляющим содержания современного образования. В числе основных его задач: приобщение подрастающего поколения к национальной культуре, духовным и нравственно-этическим ценностям своего народа, формирование интереса к родному языку и истории, воспитание культуры межнациональных отношений.

Казахстан – это наша Родина, и наши воспитанники должны знать искусство своего края.

Включение ребенка в различные виды художественной деятельности, основанные на материале народного творчества, одно из главных условий полноценного эстетического воспитания ребенка и развития его художественно-творческих способностей.

Прекрасные образцы казахского орнамента нашли яркое выражение в различных произведениях многовекового творчества народа: в тонких узорах ювелирных изделий, красочных вышивках и узорных тканях, головных уборах, разноцветной мозаике кожаной обуви, украшениях жилища и т. д. В мотивах и узорах различных бытовых изделий, как и в орнаменте жилища, отражается богатство художественного мышления народа, тонкое чувство ритма, пропорции, понимание формы, силуэта, цвета, материала.

Характерным признаком казахского орнамента является его контурное решение. В своей основе казахский орнамент состоит из цветочно-растительных, геометрических и зооморфных мотивов. Поэтому большим потенциалом в формировании художественно – творческих способностей, на наш взгляд являются занятия с использованием природного материала.

Работа с природным материалом подразумевает использование только природных материалов: цветов, листьев, корней, ягод, семян, для создания

натюрмортов, пейзажей, орнаментов, композиций. Задача занятий с природным материалом в детском саду заключается в том, чтобы научить детей внимательно всматриваться в природные формы, подмечать их своеобразие и находить в этом определенный смысл, восхищаться их целесообразностью, гармоничностью, упорядоченностью устройства и красотой. Природа дает нам неповторимое многообразие красок и совершенство готовых форм. Занятия с природным материалом способствует воспитанию у детей любви к родной природе, бережного к ней отношения. Работа с природным материалом включает в себе большие возможности сближения ребенка с родной природой, воспитания бережного, заботливого отношения к ней и формирования первых трудовых навыков. В процессе работы с природным материалом формируется основа эстетического отношения к природе. Посмотрите на малышей: как они любознательны и как нестандартно, эмоционально воспринимают окружающий мир! Составление композиции - творческий процесс. Важно научиться ассоциативно воспринимать засушенный материал, видеть в нем образы. [5]

У детей, работающих с растительным материалом, может возникнуть множество ассоциаций, способных дать неожиданное, свежее направление всему творческому процессу. Никудышных и бесцветных растений нет. Каждое из них, даже самое незаметное, имеет свои неповторимые особенности. Эстетическое отношение к природе появляется тогда, когда любишь ее красотой. Работа над картиной из листьев дает возможность осуществить органическое единство «человек - природа». Встречи с природой способствуют воспитанию в детях эстетического отношения к окружающему миру, учат их внимательно вглядываться в различные явления, сохранять целостность восприятия при создании флористических композиций. В процессе образовательной деятельности был разработан план работы по ознакомлению дошкольников с казахским орнаментом, план разработан с учетом постепенного усложнения композиции и ввода новых деталей. В ходе дальнейшей работы вырабатываю у детей умение строить узор не только при помощи традиционных материалов, но и из растительных элементов, в определенном ритме: на полосе, круге, квадрате, располагать элементы узора в определенной последовательности: в середине, по углам. Учимся украшать различные силуэты – тюбетейки, халаты, сапожки, платки, полотенце, салфетки и т. д.

Не всё детям удаётся на занятиях, поэтому в свободное от занятий время использую в своей работе дидактические игры:

«Третий лишний», цель игры: закрепить знания детей элементов казахского орнамента, по силуэту узнавать, называть, описывать внешний вид и характерные признаки, по которым его определили.

«Составь узор», цель: научить детей действиям анализа и синтеза, умению выделять части и составлять целое, закрепить знания элементов казахского орнамента и умения использовать образец для составления раппорта, развивать творчество и воображение.

«Дорисуй элемент», цель: закрепить знания детей принципа построения симметричных элементов и композиций, учить основным приемам рисования симметричных узоров, развивать глазомер и мелкую моторику руки.

«Выложи орнамент», цель: закрепить знания детей об элементах национального костюма (*тюбетейка, чапан, сапоги и другие*). Учить, с помощью цветных шаблонов составлять, собственные композиции на формах, воспитывать чувство ритма, цвета, композиции, развивать творческое воображение. Так же помимо традиционных материалов используем для игры природные материалы.

На начальном этапе обучения дети практически не проявляли самостоятельности, выполняли работы, только по образцу педагога, не могли «разглядеть» красоту того или иного природного элемента. Далее, в соответствии с планом был разработан комплекс занятий с использованием природного материала. Занятия строились в занимательной, игровой форме. Детям предоставлялась возможность проявить свое творчество и фантазию. Разработанные и проведенные занятия позволили развить у детей интерес к работе с природным материалом, научили их проявлять при этом выдумку, инициативу, придумывать оригинальные способы решения той или иной проблемы, провоцируя состояние вдохновения и творческого порыва.

Результативность работы можно проследить на рисунке 1.




Рисунок 1 - Гистограмма «Сравнительная оценка уровня художественно-творческих знаний и умений детей»

Мы считаем, что результативность художественно – творческих занятий с использованием природного материала была достаточно высока. Изучая народно-прикладное творчество, дети многое узнают об орнаменте и его символическом значении. В частности, знакомство с растительным орнаментом служит одним из средств постижения окружающей природы. Ведь природа была для народных умельцев и мастерской, и кладовой, и помощницей.

Помимо чуткого и внимательного отношения к природе, работа с природным материалом развивает в детях способность фантазировать и желание творить, наполняя их маленькие сердечки истинной любовью к прекрасному, кроме того, данный вид деятельности развивает эстетическое отношение к окружающему миру, воспитывает любовь к природе, а так же приобщает к истокам национальной культуры и краеведения.

Данная работа также доказала педагогическую необходимость применения занятий с природным материалом в детском саду, вследствие наличия огромного развивающего фактора для развития творческой компетентности дошкольников и приобщении детей к национальной культуре и природе родного края.

### **Список использованной литературы**

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения. от 3 августа 2022 года № 348
2. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения от 24 сентября 2020 года № 412.
3. Дубровская Е. А., Казакова Т. Г., Юрина Н. Н. «Эстетическое воспитание и развитие детей дошкольного возраста». Москва «Академия» 2002. – 256 с.
4. Гульянц Э.К., Базик И.Я. «Что можно сделать из природного материала» Москва «Просвещение» . -- 2-е изд., дораб. - М.: Просвещение, 1991. -175 с.
5. Белецкая Л. «Прессованная флористика. Картины из цветов и листьев» Москва «Эксмо». 2006. -64 с.
6. Компетентностный подход в образовании  
[http://otherreferats.allbest.ru/pedagogics/00003703\\_0.htm](http://otherreferats.allbest.ru/pedagogics/00003703_0.htm)

ӘОЖ 37.01:78](574)

## **ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ**

Мұқияткәрім Думан

**Ғылыми жетекшісі:** Дюсупова М.Ш., сениор-лектор  
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан, [dyusupova65@bk.ru](mailto:dyusupova65@bk.ru)

Қазақ халық музыкасы арқылы бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің бүгінгі жағдайы проблемасының шешімі бастауыш сынып мұғалімдерінің тәрбие жұмыстарының тәжірибесімен танысуды талап етеді, өйткені онсыз балалармен тәрбие жұмыстарын әрі қарай дамытудың негізгі бағыттарын анықтау мүмкін емес. Сыныптан тыс уақыттардағы практикалық іс-әрекеттерді зерттеу процесінде (анкета жүргізу, жекелей әңгімелесу, бақылау, эксперттік бағалау) біз сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының тәжірибесі алған әдебиеттермен танысуды жалғастырдық.

Бізді бастауыш сынып оқушыларының сабақтан тыс уақыттағы патриоттық тәрбиесінің әртүрлі бағыттары қызықтырды: қазақ халық музыкасы сыныптан тыс уақыттақай жерде, қандай жағдайда пайдаланылды. Сондықтанбіз осы зерттеудің басында бір топ маңызды мәселелерді анықтап алдық.

1.Сыныптан тыс уақыттарда тәрбие беру мақсатында қазақ халық музыкасын пайдалануды ұйымдастыру формалары қандай?

- а)қосымша сабақтар;
- ә)клубтық сабақтар;

- б) үйірме сабақтары;
- в) ішінара өткізілетін іс-шаралар;
- г) сынып сағаттары;

2. Тәрбие беру мақсатында пайдаланылатын қазақ халық музыкасы құралдарының мазмұны мен жүйелілігі қандай?

- а) қазақ халық музыкасының тәрбие беру мүмкіндіктері арнайы жоспар бойынша жүйелі түрде пайдаланылады;
- ә) жүйелі түрде пайдаланылмайды, ішінара;
- б) пайдаланылмайды;

3. Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесінің құралы ретінде музыканы нақтылы пайдалану қалай көрсетіледі, оның міндеттері қандай?

- а) қазақ халық музыкасымен бастауыш сынып оқушыларын таныстыруда патриоттық тәрбие міндетінің басым болуы;
- ә) бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесінің міндеттері басқа да міндеттердің қатарында тұрады;
- б) патриоттық тәрбиенің міндеттері тек жобаланады;

Осы мәселелерді шешу үшін мынаны анықтап алу қажет: музыка өнері арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру тәжірибесінен талдау үшін қандай мәліметтерді таңдаған жөн, осы мәліметтерге жіктеме жүргізу қажет. Бұл тұрғыда А.А. Огородниковтың, П.Л. Шаповалованың және т.б. теориялық еңбектері үлкен көмек көрсетті [1;2,].

Қазақ халық музыкасын тәрбие беру мақсатында пайдалануды ұйымдастыру формаларын қарастыра отырып, біз бүгінгі күнде сыныптағы тәрбие жұмыстарында нақты біркелкілік жоқ деген қортындыға келдік. Бұл туралы сыныптан тыс тәрбие жұмыстары тәжірибелерін қорытындыланған жинақтарда, мақалаларда көрсетіледі. В.И. Кочуровский мен В.П. Огородниковалардың жіктелмесін негізге ала отырып, біз бірінші сұрақ бойынша таратылған анкеталарға талдау жасадық.

Бастауыш сынып оқушыларының сыныптан тыс уақытта патриоттық тәрбиесіндегі тәжірибесіне толығырақ тоқталу үшін, анкеталармен барлығы 30 мұғалімді қамтыдық. Анкетаның нәтижесі мынаны көрсетті: сұралған мұғалімдердің жалпы педагогикалық стажы әртүрлі, 1 жылдан 30-ға дейінгі мектептегі жұмыс аралығын қамтиды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің еңбек стажы анағұрлым төмен: 1ж-дан 10ж-ға дейін, және де 1ж-дан 5ж-ға дейінгі аралықты құрайды. Көптеген мұғалімдер оқушыларды музыкамен таныстыруда (біз оны төменде қарастырамыз) белгілі бір тәрбиелік мақсаттарды көздемеуде тәжірибесінің аздығынан болуы мүмкін.

Енді жоғарыда атап өткен жұмыс формаларына тоқталайық. Қосымша сабақ топтағы музыкалық жұмыстарды ұйымдастырудың оқыту формасы. Анкеталардың шамалы санында, кейбір мектептерде музыка сабағынан қосымша сабақтан тыс уақытта қосымша сабақтар өткізілетіні жайлы айтылады. Олар тәрбие жұмыстарының бір бөлігі ретінде саналады. Мұндай қосымша сабақтар көбінесе үлгерімі төмен оқушылармен жүргізіледі.

Бұл жұмыс формасының жағымды жағы сол, оқу сағаттары мұғалімнің жетекшілігімен жүргізілетіндігі. Дегенмен күннің 2-ші жартысына музыкадан қосымша сабақ беру қолайсыз деп есептеуге болады. Өйткені біріншіден ,

оқушылардың күн тәртібі, еңбек гигиенасы және демалысы бұзылады, балалар ағзасының жұмысқа қабілеті таңертеңгілік уақыттарда аса жоғары болатынын физиологтар дәлелдеген.[2, 17-б]. Демек, тура осы уақытта оқу әрекеттерінің барлық түрін топтастыра өткізген ұтымды болады.

Екішіден, сыныптан тыс уақытта өткізілетін қосымша сабақтар оқушылардың шамаларына лайықталып берілуі керек және оны меңгерту де оқушыларға ыңғайлы жағдайлар жасалу қажет.

Үшіншіден, оқушылар күннің екінші жартысында өздерін бос сезінеді, сондықтан осы уақытта оқу формасын ұйымдастыруды пайдалану тәртіпке қойылатын талаптардың дұрыс орындалмауына алып келуі мүмкін.

Төртіншіден, сыныптан тыс уақытта қосымша сабақ арқылы өткізу мұғалім тарапынан оқушыларға педагогикалық әсер етудің бірлігін қамтамасыз етпейді, олардың жеке-дара қабілеттерін, терең зерттеуге мүмкіндік бермейді. Тәрбие процесіне сабақты енгізу, оқушыларға тәрбиелік ықпал етуде кедергісін келтіреді, олардың әрекеттерін жүргізуде қиындықтар туғызады.

Клубтық сабақтар – мектеп оқушыларының сабақтан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастырудың бірден-бір кең тараған түрі. Анкеталарда деректер, тәрбиешілермен жүргізілген әңгімелер, жұмыс тәжірибесі бойынша жарияланған мақалалар, жұмыстың бұл формасы қалалық мектептерде (тікелей жақын орналасқан әртүрлі мектептен тыс балалар мекемелері: музыка мектебі, бейнелеу студиясы, мәдениет үйі, мұражайлар, спорт мектебі, стадиондар және т.б.) жиі пайдаланылатынын көрсетеді. Осы мектептердің негізінде әртүрлі тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі. Клубтық сабақтар кішігірім шағын мектептерде, тікелей мектептің ішінде ұйымдастырылады (кинофильмдер көрсету, әңгімелер, лекторийлар, балалар филармониясы және т.с.с.).

Бұл форманың тиімді жағы тәрбие жұмысын жоспарлау мүмкіндігі болып табылады. Алайда, мектептен тыс балалар мекемелерінің ерекшеліктеріне қарай, ұзақ уақытқа жоспарлау мүмкін емес, бұл клубтық сабақтарды үзіліссіз жүргізуде кедергісін келтіреді. Мысалы: балалар музыка мектебінде әр жарты жылдың аяғында, академиялық концерттер мен бақылау іс-шараларын өткізуге байланысты лекторийге бару мүмкін емес. Мәдениет үйлерінде көркем өнерпаздар концерттері кезінде оқушылармен әңгіме, лекция өткізуге рұқсат берілмейді.

Осы ұйымдастыру формасының тағы бір жағымды жағын айта кеткен жөн: клубтық сабақтарды арнайы білімді мамандар жүргізеді. Алайда осыған байланысты сынып жетекшілері сабақта танымдық материалдың көп пайдаланылатыны, шамадан тыс сағат саны (1-1.5 сағ.), бөлінетіні туралы, ал бұл болса басқа сабақтарды уақтылы өткізуде кедергісін келтіретіні туралы жиі айтады. Сабақтар айына 1-2 рет жүйелі түрде өткізіледі деп айтуға болады.

Клубтық сабақтардың бірден-бір ерекшеліктері мектеп оқушыларының қандай сабақтарға баратындығын өздері таңдап алатындығында. Мұндай жағдайларда оқушылар өздерінің қызығушылықтарына қарай бөлініп, сынып жетекшілерінің назарынан тыс қалады.

Жоғарыда айтылғандарды тірек ете отырып, клубтық сағаттардың мүмкіндігінше жүйелі өткізілетіндігін, олардың нақты уақыт мөлшерін ұстанбайтындығын, сынып жетекші басшылығының шамалы екендігін айта кету керек.

Балалардың бос уақытын ұйымдастыратын бұл формада оқу-тәрбие

процесінің тұтастығы бұзылады. Өйткені сабақтар өзінің мазмұны жағынан тек оның жеке бөлімдерін қамтиды. Сонымен бірге мектеп оқушылары сабақтарды қызығушылықтары бойынша жиі ауыстырғандықтан сынып жетекшілеріне баланың нені меңгергенін бақылап отыру қиындық тудырады.

Клубтық сабақтар біржақты сипат алғанымен тәрбиенің белгілі бір жүйесін түсіндіреді, себебі бұл сабақтарда балалардың белгілі бір іс- әрекеттеріне ғана ерекше көңіл аударылады.

Балалардың бос уақытын ұйымдастырудың осы формасы көрсетілген кемшілік жақтарына қарамастан, көптеген мұғалімдер мен үйірме жетекшілері оны қолайлы деп санайды. Өйткені сынып жетекшінің тарапынан аса көп күш жұмсалмайды, оқушылар пайдалы іспен қамтамасыздандырылады.

Мектеп оқушыларының сабақтан тыс әрекеттерін ұйымдастыру тәжірибесі соңғы уақытта ұйымдастырудың үйірме жұмысы формаларының кең өріс алғанын көрсетеді. Ал бұл болса оқушылардың қызығушылығын қанағаттандырып, әр алуан қабілеттерін дамытуда септігін тигізеді.

Үйірмелерді ұйымдастыруда негізінен мектеп мұғалімдері мен шақырылған мамандар қатыстырылады. Үйірме жұмыстары көбінесе пәндер бойынша ұйымдастырылады. Үйірменің негізгі міндеті – мектеп оқушыларының белгілі бір білім саласынан ой-өрісін кеңейту. Оқушылар үйірмелерге қызығушылықтарына қарай бөлінеді.

Бұл ұйымдастыру формасының жетістіктеріне мыналарды жатқызуға болады: әртүрлі үйірмелерге баруға балалардың үлкен қызығушылық танытуы, сабақ жоспарының долуы, сабақтың жүйелі түрде өткізілуі. Дегенмен, кемшілік жақтарында атап өтпеуге болмайды. Бала белгілі бір үйірмеге барып, біржақты дамиды. Үйірмелердің жетекшілері, кейде тәрбие беру жағын ұмытып, мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға баса назар аударады. Оқушылар үйірмелік сабақтарға бөлініп, сынып жетекшілерінің бақылауынан тыс қалады. Осыған қарай, сыныптан тыс уақытта жоспарды және жүйелі түрдегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы ретінде сынып жетекшісінің басшылық және бағыттаушылық рөлі бұзылады, ал бұл болса сынып жетекшісіне тәрбие жұмысын жоспарлауда қиыншылық туындатады.

Сонымен, оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастырудың үйірмелік формалары, оқушыларға кейбірде біржақтылықты әсер етеді, тек кейбір тұлғалық қасиеттерін дамытуға ғана ықпал етеді, мектеп оқушыларының жан-жақты дамуының тұтас жүйесін құруға мүмкіндік туғызбайды.

Музыканы тәрбие құралы ретінде пайдаланылатын тағы бір ұйымдастырудың формасына, яғни – іс-шараларға тоқталуға болады. Біздің елеміздің өміріндегі атаулы күндер оқиғаларына арналған іс-шаралардың тәрбиелік мәні орасан зор. Олар мектеп оқушылары тұлғасының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда, балалардың жан-жақты қабілетін дамытуда, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуде мүмкіндік туғызады. Бірақ, осындай іс-шараларды дайындауда тек жекелеген оқушылар енжарлық танытып, тек бақылаушы болып қала береді. Іс-шаралар оқушылар қабілеттерінің біржақты дамуына әсер етеді. (тек мәнерлі оқуға, тек ән айтуға, тек сахналық көріністерге қатысуға және т.с.с.). Оқушылардың мүмкіндіктерін осылай біржақты пайдалану өз кезегінде белсенді болған оқушылар белсенділігінің төмендеуіне әкеледі, олардың іс-шараларға қатысуға деген қызығушылықтары төмендейді. Кезекті іс-шаралардың дайындығына қатыспайтын



оқушылар, кейбір кезде ұзақ уақыт бойына сынып жетекшісінің тарапынан бақылаудан тысқары қалады.

Топтық сабақтарға келетін болсақ, бұл педагогикалық практикада балалардың демалысын ұйымдастырудың аса бір танымал болған формасы екендігін зерттеу нәтижелері көрсетеді. Дәл осы жағдайларда, көптеген оқу-тәрбие міндеттерін тиімді шешу мүмкіндіктері пайда болады.

Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеттері түрлері мен формаларын қарастыра отырып, А.А. Огородников: «Қосымша сабақтар – бір жағынан сабақ, үйірме сабағы, екінші жағынан – іс-шаралар арасындағы ортаңғы байланыс деуге болады. Балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастырудың бұл формасында» сабаққа қойылатын қатал да міндетті талаптар болмайды; үйірмеге қатысушылардың таңдауымен жеке дара қызығушылығын қанағаттандыру көзделген, үйірме сабақтарының біржақты бағыттылығы; іс-шаралардың тартақырыптың шектеулігі. Сонымен қатар, жалпы дамытатын сабақтар өзінің жиынтығы жағынан, өзінің бірізділігі және жүйелілігі жағынан сабақтар мен үйірме сабақтарына өте жақын, ал ұжымдық қызығушылықты қанағаттандыруда шараларға жақын», - дейді [1,31-б.].

Бұл арада ұйымдастыру жағынан кездесетін қиындықтарды да атап өткен жөн, өйткені бүгінгі күнде бір жастағы топтан басқа, әр жастағы топтар да кездеседі. Әртүрлі жастағы топтар тәрбие жұмысын ұйымдастыруды қиындатады және сынып жетекшілеріне іс-әрекет барысында бір-екі мәселені ғана шешуге мүмкіндік береді: баланы тәрбие объектісінен тыс қалдырмау, бір сыныпта екі жыл отырғызбау. Егер топ бәр жастағы оқушылардан құралса, әрине, балалар ұжымын құру үшін сынып жетекшісінің мектеп оқушыларына тәрбиелік ықпал ету әдістері мен формаларын таңдау анағұрлым жеңілдетіледі.

Топтық сабақтардың ерекше белгісі болып, олардың дұрыс өткізілуін қадағалап отыру, оқушыларға жоспарлы, жүйелі мақсаттылықпен тәрбиелік әсер етуді жоспарлау және ұйымдастыру мүмкіндігі болып табылады. Ұйымдастырудың бұл формасы сынып жетекшісінің сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы ретінде рөлін көтереді, себебі, топтағы оқушылардың бәрі оны үздіксіз бақылауында болады. Сынып жетекшісі мектеп оқушыларына өзінің педагогикалық әсер ету дәрежесін реттеуге мүмкіндік алады. Ол топта жетекші адамның бірі болып саналады және оны маман-мұғалімдердің ауыстыруы өте сирек кездеседі. Сынып жетекшілерінің атқаратын міндеттерінің көлемі осындай ұйымдастыру формасында анағұрлым кеңейеді.

Сыныптан тыс уақыттардағы тәрбие жұмыстарының жоспарын зерттеу аптаның бір күні топтық сабақтың, немесе іс-шаралардың белгілі бір түріне арналатындығы көрсетіледі. Мысалы, сынып сағаты, серуенге шығу және саяси хабар күні; өнермен (бейнелеу және музыка) кездесу; ұжымдық ұйымдар күні, кездесулер өткізу және т.б. Сөйтіп топтағы оқушылар сыныптан тыс уақытта өткізілетін жұмыс түрлері әр алуан болады, ал оқушыларға сынып жетекшілерінің педагогикалық ықпалы мақсатты да мазмұнды болады түседі. Әрине, сыныптан тыс уақыттағы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың осындай формасы сынып жетекшісінен үлкен білімдарлықты талап етеді, яғни әрбір сабаққа ұқыпты, тиянақты даярлықты, тәрбие жұмысын жүйемен жоспарлауды, өзінің іс-әрекеттерінің педагогикалық нәтижесіне жауапкершілікпен қарауды талап етеді.

Мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәжірибесін қорыта келе, педагогикалық практикада, мектеп оқушыларын қазақ халық музыкасымен

таныстыруда және оны тәрбие беру мақсатында пайдалануда мына формаларды қолайлы деп қабылдуға болады:

1. Оқу.
2. Клубтық сабақтар.
3. Үйірме сабақтары.
4. Сынып сағаттары барысында.
5. Өтілетін іс-шаралар.
6. Музыкалық топтық сабақтар.

Сыныптан тыс уақыттарда музыка-тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастырудың жалпы формаларымен танысумен бірге, біз өзіміздің алдымызға оның жүйелілігі мен мазмұндылығын қарастыруды мақсат етіп қойдық, бұл бізге бүгінгі күнде сыныптан тыс уақыттардағы осы аспектідегі тәрбие жұмыстарының міндеттерін айқындауға мүмкіндік берді, сонан соң осы оқу – тәрбиенің күн тәртібі жағдайында бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің тиімді педагогикалық шарттары мен жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құлманова, Б.Сүлейменова. Музыка оқыту әдістемесі. 2-ші сынып, Алматы «Атамұра», 2017.
2. Құлманова, Б.Сүлейменова. Музыка оқыту әдістемесі. 1-ші сынып, Алматы «Атамұра», 2016.
3. Құлманова, Б.Сүлейменова. Музыка оқыту әдістемесі. 6-шы сынып, Алматы «Атамұра», 2017.
4. С.Бәттібаева, Ф.Қоңыратбай, Э.Баталова Ән-күй әдістемелік нұсқау. «Кітап», Алматы, 2015.
5. Қазақ ССР энциклопедиясы. IV том Алматы, 1979 ж. «Кітап» баспасы.
6. Б. Тоғысбаев. Тарихи тұлғалар. Алматы, «Алматы кітап», 2005 ж.
7. Т. Жаубасова. Ән-күй аспаптары Алматы, «Алматы кітап», 2001 ж.
8. Т. Жаубасова. Қазақтың күйшілері Алматы, «Алматы кітап», 2003 ж.

ӘОЖ 37

### ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Найманбаева Г.Б., Макеева К.М.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің  
«Zhansugurov college», Талдықорған қ., Қазақстан  
naimanbaeva.gulden@mail.ru; makeeva.kamshat@mail.ru

Адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... адам баласының ұрлық істеу, өтірік айту, кісі тонау, өлтіру сықылды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен...

**Жүсіпбек Аймауытов**

Біздің қоғамның дамуы азаматтық рухтағы қарым-қатынастың рухани негіздерін жандандыруды көздейтін қоғамдық-саяси өмірдің жаңа түрлерін

қарқынды іздеуге итермелейді. Осыған байланысты қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі студенттердің адамгершілік тәрбиесі болып қала береді.

Адамгершілік тәрбие - бұл үздіксіз процесс, ол адамның дүниеге келуінен бастап, өмір бойы жалғасады. Бір қарағанда, бұл біртұтас үздіксіз процесте қандай да бір кезеңдерді белгілеу мүмкін емес сияқты көрінуі мүмкін. Дегенмен, бұл мүмкін және орынды. Педагогика әртүрлі жас кезеңдерінде адамгершілікке тәрбиелеудің тең емес мүмкіндіктері бар екенін белгіледі. Мысалы, бала, жасөспірім және бозбала әртүрлі тәрбие құралдарына әрқалай қарайды. Білім беру барысы үшін оның нәтижелерін білу маңызды, оны өмірдің белгілі бір бөлігі бойынша қорытып отырған жөн. Адамның белгілі бір өмір кезеңінде неге қол жеткізгенін білу және есепке алу, оның тәрбиелеуде әрі қарайғы моральдық өсуін жобалауға көмектеседі.

Оқу орындарына ұлдар мен қыздар айтарлықтай ересек жаста келетіні түсінікті, олардың адамгершілік тұрғысынан толық қалыптасқан болуы сирек жағдай емес. Оларға тән адамгершілік сенімдері мен қасиеттері отбасының, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелердің, орта мектептердің әсерінен дамыды. Қазіргі жастар ерте жастан бастап бұқаралық ақпарат құралдарының, өнер әлемінің күшті әсерін сезінуде, бүгінде интернет пен әлеуметтік желілердің де әсері зор. Сондықтан «сырттан» болатын әсерді ескеру қажет. Азамат - бұл бүкіл қоғамның мүдделеріне дейін көтеріле алатын, өзінің азаматтық құқығын пайдаланып қана қоймай, қоғам заңдарына бағынуға қабілетті өнегелі адам.

Осы орайда кез келген мемлекеттің білім мен тәрбиелеу ісіндегі заманауи тәсілдері, соның ішінде, еліміздің ғылыми тұрғыдан негізделген және жалпы-адамзаттық мұраттар мен құндылықтарға, адамгершілікке, азаматтық қағидаттарға еңбексүйгіштікке, отансүйгіштікке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, ұлттық мәдениет пен дәстүрді, әдет-ғұрыптарды дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатына (білім және тәрбие саласындағы) негізделуі маңызды. Себебі халықтың дене және рухани-адамгершілік саулығы – мемлекеттің өркениет деңгейін анықтайтын ұлттың тұрақты дамуының көрсеткіші.

Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне мақтаныш сезімін ұялатады. Қазақстанда тұратын әрбір азамат өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше, біздің жұмысымыз ілгері баспайды. Біз Қазақстандық патриотизмді Отанын, жері мен суын шексіз сүю, халқының өнегелік дәстүрін, әдет-ғұрпын, елінің тарихын құрмет тұту, бостандығы мен құқығын қорғау, әр адамның күшжігерін ел бірлігін нығайтуға, азаматтық татулықты баянды етуге және ұлтаралық татулықты тұрақтандыруға жұмсауға тиіспіз.

Отансүйгіштік сезім жеке адам бойында өмір бойы қалыптасып, саяси процестерге қатысудан, Отанды қорғаудан және қоғамда алатын өз орнының маңыздылығын сезінуден басталады. Адамға жеке құндылықтардан басқа да жалпы адамзаттық құндылықтар қажет. Соның бірі отансүйгіштік қасиет болып табылады. Жастар бұл біздің қоғамымыздың болашағы және олардың ойдағыдай қалыптасуы қоғамымыздың болашағы мен еліміздің мемлекеттілігіне қызмет етеді.

Жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беруде ана тілінің алатын орны ерекше екенін де естен шығармаған жөн. Тіл - ойлау, қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ол ұлттығымызды, елдігімізді көрсететін бірден-бір көрсеткіш. Ұлттың өзінің ішкі тұтастығын сақтауының негізгі кепілі де тілі болып табылмақ. Сонымен қатар болашақ ұрпақты рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеудегі маңызды көрсеткіштердің бірі болып қала береді.

Кез келген адамның санасында қай тіл қалыптасады, ол сол тілде сөйлейтін, сол тілде ойлайтын болады. Өмірді де тек сол тіл арқылы қабылдайды. Бұл дәлелденген дүние. «Ата-баба зердесімен байланыстыратын тек ана тілі екен. Оны ғылымда филогенетикалық жад дейді, халықтың менталитеті, ділі де, тек қана ана тіл арқылы беріледі. Тілі бұзылған халықтың менталитеті де, рухы да жойылады. Ана тілін білмеген адам, халықтың рухани байлығын жасай алмайды. Имандылық, ар-ұят та тілден пайда болады, таным мен талғамды да тіл қалыптастырады. Ана тілін білмейтін қазақтың талғамы – мүлдем басқа талғам. Мейірім, рақым дейтін қасиеттерді де ана тілі сіңіреді» -деген, Медицина және Педагогика ғылымдарының докторы Совет-Хан Ғаббасов.

Шынында да туғаннан өзге тілді ана тілі деп қабылдаған баланы қанша ұлтжанды қыламын десең де, бәрбір оның түпкі санасын, болмысын ұлтжанды қыла алмайсың. Себебі белгілі бір ұлтқа тән ұлттық болмыс та, ұлтқа тән қасиеттер де ана тілімен бойға сіңуі қажет. Ол сонда ғана нәтижелі болмақ. Ал өзге тіл арқылы сіңген ұлттық сана да бәрбір өзінің «өгейсіп» тұрғанын байқатады. Олай дейтінім, бүгінгі қазақтың көпшілігінің кез келген нәрсеге өзінің көзімен емес, өзгелердің көзімен қарауы, яғни өмірдің мәнін қазақша емес, басқаша ұғатындығы ащы да болса шындық, бүгінгі күннің ақиқаты. Оған дәлелді жүздеп емес, мыңдап келтіруге болады. Ана тіліміздің сырттан келген жағдайларға байланысты емес, өзіміздің немқұрайлығымыздан өркендей алмай жатқанын да мойындайтын кез жетті. Ұлт ретінде бірегейлігімізді, елдігімізді сақтаймыз десек, оны ана тілі арқылы ғана жүзеге асыра алатынымызды ұмытпаған жөн. Жастардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді дарыта білгенде ең алдымен осы ана тілінен бастау керек.

Біздің тарихымыз өте бай. Сол тарихта орын алған тұлғалар, батырлар саяси қайраткерлер өмірі мен халықтың ерлігі қазіргі жастарда отансүйгіштік қасиетті тәрбиелеуде үлгіге айналуы тиіс. Өз елінің тарихы үшін, ата-бабаларының жасаған ерліктері үшін зор мақтаныш сезімін тәрбиелеу арқылы отансүйгіштік қасиетті бойға сіңіре білу керек. Өзінің тіліне, дініне, тарихына, діліне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру керек. Тіл, діл, дін - тұтас ұғым. Осы тұтас ұғым ұлттық өлшем. Осының бірінен ажырағанда ұлт ұлт болып қалыптасудан қалады. Жастар өз елінің тарихын зерделей отырып, өз бойларында келесі қасиеттерді қалыптастыруы тиіс:

- көрнекті қайраткерлердің, қарапайым халық өкілдерінің тарихтағы орнын бағалау;

- халықтар тағдырының ортақтығына, әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің ортақтығына назар аудару;

- ұлттық мәдени-тарихи құндылықтарымызды бойға сіңіру.

Бүгінгі күні төл тарихымызды оқытудың басты міндеті жастарды адамзаттың өткен тарихымен таныстыру, дүниежүзілік мәдениеттің басты жетістіктерімен сусындату, өткен тарихты сын көзімен талдай отырып, келешекті бағдарлайтын,

шығармашылықпен ойлана отырып, олардан дұрыс қорытынды жасай алатын, тарихи деректермен өздігінше жұмыс істеп, өз білімін үнемі толықтырып отыратын азамат тәрбиелеу.

Жастардың адамгершілік тәрбиесі - әр қоғамның талассыз және маңызды тірегі. Моральдық тәрбиедегі кемшіліктер мен қателіктер қоғамға түзелмес зиян келтіреді. Жастардың зияткерлік дамуы бүгінде оның адамгершілікті қалыптасуы сияқты мәселе емес. Бұл біздің заманымызда ғылым негіздерін оқыту өте нақты, жоспарлы және міндетті түрде болуымен байланысты. Алайда жас ұрпақтың адамгершілік тәрбиесі ақсап тұр. Бірақ адамгершілік деген алдыңғы қатарда болып, жеке тұлғаны құратын ақыл-парасатты жетелеуі керек. Тәрбие отбасынан басталады, ал оны адамның бойына дарытатын баға жетпес құрал – тіл. Сондықтан да отбасы тәрбиесіндегі ана тілінің жағдайына көңіл бөліп, жастардың бойына адамгершілік, ізгілік, тәрбиелік, сыпайылық, қарапайымдылық сияқты қасиеттерді өз ана тілі арқылы сіндіре білсек, бізге рухани тоқыраушылық та, рухани дағдарыс та қорқынышты емес.

### Әдебиеттер тізімі

1. «Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту» әдістемелік материалдар, Нұр-сұлтан, 2021.
2. Данилюк А.Я. Концепция духовно- нравственного развития и воспитания граждан /А.Я.Данилюк, А.М. Кондаков, В.А. Тишков,- 2009.
3. Колесников И.А. Воспитание духовности и нравственности в эпоху глобальных перемен /И.А. Колесников // Педагогика. - 2008.-№9.
4. Құрманбаева М. Тұлғаны руханиадамгершілікке тәрбиелеу. – Бастауыш мектеп, №1. 2005.
5. Әмірәлиев Ш. Рухани байлық-өмірден. – Қазақстан мектебі, № 11-12, 1992.
6. Утебаева А. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу – басты мақсат. – Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. Педагогика. – Алматы, 2004.

ӘОЖ 37

### ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Нугыманова А.К., қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәні мұғалімі  
Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің  
«Беген орта мектебі» КММ  
Қазақстан, e-mail: asel-1983a@mail.ru

Тәрбие дегенде бірінші ойға келетін ұғымдар – адамгершілік, тазалық, жеке тұлғаның қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынасы және мәдениет пен жауапкершілік. Әрбір адам өз мінез-құлық сипаттарын, дүниетанымын, рухани-адамгершілік қасиеттерін, қоршаған ортамен қарым-қатынасындағы үйлесімділікті, өз ойтаным, іскерлік дағдыларын, мүмкіндіктер мен қабілеттерін танып, олардың деңгейін білу, бағалау, салыстыру, түзеу және одан әрі дамыту үшін әрекететуге бағыттау керек.

Қазіргі уақытта жас ұрпаққа білім беруде – адамгершілік рухани тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру адам дүниеге келген кезінен басталуы керек. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани адамгершілік тәрбие екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарымқатынастарынан көрінеді.

Рухани адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт.

Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты.

Адамгершілік тәрбиесі – адамзат қоғамын үнемі толғандырып келе жатқан күрделі мәселенің бірі. Жаңа әлеуметтік мәдени жағдайда жеке тұлғаның адамгершілік тұрғыдан қалыптасуына байланысты, біріншіден бүкіл адамзат қоғамының даму тарихында адамгершілік тәрбиесінің өзекті болғанын, екіншіден, философиялық, тарихи, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттер мен зерттеулерге талдау жасай келе, адамгершілік адамның тұлғалық құрылымында ең алдымен өзін танып білуі, олармен қарым – қатынасы адамгершілік тәрбиенің бір қыры, үшіншіден, қазіргі әлеуметтік жаңа орта жағдайында адамның адамгершілік тұлғада қалыптасуы өзі өмір сүріп отырған қоғамның және әлеуметтік ортаның, оның жанды саласы – мектептің алатын орнының маңызы зор.

Жас ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие беру заманымыздың өткір талабы екендігі айқын. Жаһандану уақытында білім беру жүйесінде тәрбие беру ұлттық және рухани негізде үйлестіре жүргізуді қажет еді. Осыған орай адам тәрбиелеу – адамзаттың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, азаматтық борышы.

Ерте заманда айтылған «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деген Платонның сөзі бар. Өйткені ұрпақ тағдыры дегеніміз – қай заманда да ұлт тағдыры. Әрбір қоғамның дамуына байланысты бұл мәселе әрқалай шешілуде. Бүгінгі тәжірибемізде жастарға адамгершілік-рухани құндылықтардың даму жолдарын айқындап беру өзекті мәселе болып отыр.

Білім беру ұйымдарының алдындағы негізгі мақсат- жастардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытып, қалыптастыру жолдарын ғылыми және практикалық тұрғыда зерттеу әрі оның әдістемесін жасау. Білім беру жүйесінде тәрбиенің оқытудан басымдылығы және шын мәнісінде, тәрбиені оқытудың құрамдасы ретінде енгізу, адам бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастыру, оны тәжірибеде қолдану қағидалары қарастырылады.

Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды. Бұл жастардың санасында рухани жаңғырудың басымдықтарын қалыптастырудың өзектілігін айқындады.

Мәңгілік жалпы адамзаттық құндылықтар қазіргі қоғамдағы білім беру мәселелерінің өзегі болғанда ғана өз шешімін табады. Сондықтан болашақ мұғалім алдымен өзінің жоғары рухани табиғатын жете түсінуі және жалпы адамзаттық құндылықтарды күнделікті өмірде қолданудың үлгісі болуы тиіс. Сонда ғана ол әрбір оқушыға рухани-адамгершілік білімді жеткізе алмақ.

Я.А.Коменский балаларға тәлім-тәрбие беріп ұстаздық көрсететін мұғалімді өте жоғары бағалады: «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес». Балалардың санасы мен мінез құлқының қалыптасуына тәрбиешінің жеке басының, оның моральдық бейнесінің атқаратын ролі орасан зор. Бұл әсерді өзінің күші жағынан ешнәрсемен салыстыруға болмайды. Бұл ерекше құдіретті күш. Орыстың ұлы педагогі Д.К. Ушинский «Тәрбие де барлығы да тәрбиешінің жеке басынан егізделуге тиіс. Ешқандай жарғы және бағдарлама, ешқандай оқу орнының жасанды орталығы қаншалықты жетілдірілгенімен тәрбиеісінде жеке адамды алмастыра алмақ емес. Тәрбиешінің тәрбиеленушіге тікелей әсерінсіз мінез-құлыққа сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес» деп жазды. Сондықтан тәрбиешінің жеке басына ерекше талаптар жүктеледі. Ерік қайраты күшті, мінезге бай жасөспірімдерді қалыптастыру үшін мұғалімнің жеке басы сол талаптарға сай болу керек. Мұғалімнің жеке басында сөз бен істің арасында алшақтық болмау керек. Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. Адамның адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар, тәрбиеші мен мұғалімнің ролі зор. Яғни, мұғалім мамандығының иелеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Ф.М. Достоевскийдің «Өзіңнен өзіңді ізде, өзіңе өзің бағын, өзіңді өзіңтани біл» дегеніндей, әр мұғалім өзінің бала болғанын, өзінің ата-ана екенін, өзінің оқытушы болып қалыптасып келе жатқанын ой елегінен жиі жиі өткізіп отырса, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Н.А. Добролюбовтің «Мұғалім өзіне шәкірттердің қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есінде сақтаса, оның балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, соншалықты оның әрбір мақтауы балаларды шаттандырады, оның әрбір ескертуі баланың жүрегіне терең орнығады. Демек барлық тәрбие жұмысы игілікті болады» деп айтқанындай, баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде баламен тікелей қарым-қатынаста екенін, онымен ішкі сезімі байланыста болатынын бір сәт естен шығармағаны абзал. Сонда ғана ел білікті, парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едәуір табыстарға қолжеткізе алады. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек

қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. <https://dereksiz.org/konferenciyani-jmis-tilderi-aza-oris-konferenciya-materialdari.html>
2. <http://oldconf.neasmo.org.ua/node/1953>
3. <https://bilimdinews.kz/?p=200884>

ӘОЖ 37. 02

## **БИОЛОГИЯ БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТАПСЫРМАЛАРЫ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БЕКІТУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

Оралханова И.Е.

- шығармашылық (жазба жазу, кейіпкердің сипаттамасы, кітапқа аннотация және т. б.), жобалау жұмыстарды, зерттеу және т. б.;

- дидактикалық принциптерге сәйкес оқу материалын және үй тапсырмасын эстетикалық жағынан да оқылуы бойынша да сапалы дайындауын;

Интернет платформаларың сілтемелерін көрсете отырып, өздігінен оқу және орындау үшін үй тапсырмасын беру.

8. Білім алушылармен кері байланысты ұйымдастыру:

- оқушылардың орындаған жұмыстарының нәтижелерін қабылдау;
- орындалған тапсырмаға талдау жүргізу;
- пікір жазу және ұсыныстар беру;
- білім алушыны тексеру нәтижелерімен таныстыру;
- оқушылар үшін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жеке консультациялар өткізу;

Интернет платформаны қолдану арқылы оқыту - білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеде мұғалім оқушының жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Білім беру жүйесінің ортасында оқушы тұратынын ескерсек, оқыту жүйесі тұтасымен өзгереді. Мұғалім оқушыға арналған өзіндік жұмыстарды, тәрбиеге қатысты жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданады. Интернет платформаны қолдануда мұғалімнің рөлі арта түседі және өзгереді.

Интернет платформаны қолдану арқылы оқыту – оқушы дайындау мен олардың біліктілігін әрі қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлі де тиімді жүйесі болып табылады және болашақта алатын орны орасан екені даусыз.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015

2. Әлімова А.Қ. Интернет-оқыту әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы/А.Қ. Әлімова, А. Қамзаұлы. - Астана: "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. 2014. -188 бет

3. Даулетова В.А. Smart-education: келешекке бағытталған білім. [Электронный ресурс]: <http://zkoipk.kz/ru/b2/326-conf.htm>

4. Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі. Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

5. В.П. Тихомиров., Н.В. Тихомирова. «Smart-education: новый подход к развитию образования» <http://www.elearningpro.ru/forum/topics/smart-education>

ӘОЖ 37

### **ОҚУШЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУІ**

Серікова Н.С.

«Оралхан Бөкей атындағы қазақ орта мектебі» КММ, Глубокое ауданы,  
Глубокое кенті, Қазақстан, e-mail: [elerki@mail.ru](mailto:elerki@mail.ru)

Мектепте оқу - бала өміріндегі әр түрлі жүктемесі бар ең маңызды кезеңге жатады: бала өміріндегі әлеуметтік-психологиялық өзгерістер - жаңа қарым-қатынастар, жаңа міндеттер, «оқушының» жаңа әлеуметтік рөлі. Оқушы болу баланы саналы түрде өзінің орнын, мұғалімнің позициясын, қарым - қатынастағы

белгіленген ара қашықтықты, осы қарым-қатынастар құрылатын ережелерді талап етеді. Мұнда баланың мектепке бейімделуінің бірінші кезеңінде баланы бірге алып жүретін адамдар - мұғалімдер мен ата-аналар қандай іс-әрекеттерді таңдайтындығы; қандай да бір қиын жағдайда тиімді әрі дер кезінде психологиялық қолдау көрсету мүмкіндіктерінің қалай болатындығы өте маңызды рөл атқарады. Әсіресе алғашқы күндер (кейбір балалар үшін алғашқы айлар) қиын болады. Бұл уақытта жаңа жағдайға бейімделудің қиын үдерісі жүріп жатады. Бейімделу кезеңінде баланың ұйқысы бұзылады, тәбеті тартпайды, ашушаңдық, мазасыздық, тұйық мінезділік, жылау, балаға тән емес көп сөйлегіштік немесе сөзге сарандық және т.б. өзгерістер болады. Бұлардың барлығы жүйкесінің шаршауының сыртқы көрінісі болып табылады, бірақ бұл өзгерістер уақыт өте келе қалпына келеді, балалар мектеп өміріне үйренеді, аз шаршайды; көңіл - күйлері көтеріңкі жүреді, ата-аналарымен, құрдастарымен еркін араласады, тапсырмаларды орындауға тырысады.

Көптеген балалардың мектепке бейімделу үдерісі осылайша орын алады. Ал кейбір балаларда жаңа жағдайға бейімделу аса ауыр міндет болып табылады: олар жиі әрі ұзақ ауырады, ауырғаннан кейін ағзалары әлсіреп, қарсы тұру қабілеті төмендейді.

Неліктен көптеген балалар оқудың алғашқы кезеңін бұлай қабылдайды? Мәселе өте күрделі. Балалардың мектепке бейімделу ерекшеліктерінің басты себептердің бірі - баланың денсаулық жағдайы, биологиялық жетілу деңгейі, сондай-ақ оқыту үдерісіне қажетті сол біліктер мен әрекеттердің дамуы болып табылады.

Бейімделу – ағза функцияларының, құрылысының, оның органдарының және клеткаларының орта жағдайына ыңғайлануы, бейімделуі. Баланың мектепке бейімделуі жылдам жүрмейді: ол үшін, яғни мектепке толығымен үйренуі үшін бір күн, бір апта талап етілмейді. Бұл барлық ағза жүйелерінің маңызды ширақтылығымен байланысты ұзақ процесс (М.М. Безруких – 5 - 6 апта, И.В. Дубровина – 4 - 7 апта, Н.В. Самоукина – 3 ай- 1,5 жыл).

Баланың мектепке физиологиялық бейімделуі. Баланың мектепке физиологиялық бейімделу процесін бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Мамандар баланың мектепке физиологиялық бейімделуінің үш кезеңін бөліп көрсетеді:

Бірінші кезең – нысананы, жүйелі оқытудың басталуымен байланысты, барлық комплекске жаңаша әсер етуге, қарқынды реакциялардың және ағзаның барлық жүйелерінің маңызды күшпен жауап беруі. Бұл «физиологиялық толқын» ұзаққа созылады (2 - 3 апта). Бұл кезеңде бала өз мүмкіндігінің шегінде жұмыс істейді. Сондықтан оқудың алғашқы аптасында бірінші сынып оқушыларында салмағының төмендеуі, ұйқысының бұзылуы, бас ауруы байқалады.

Екінші кезең – тұрақсыз бейімделу. Бұнда бала ағзасы бұл әсерлерге қандай да бір тиімді реакциялар нұсқаларын іздеп табады. Бірінші кезеңде ағза ресурстарын үнемдеу туралы сөз болмайды: ағза не бар, соның бәрін жоғалтады, ол кейде «қарызға алады»: сондықтан мұғалім бұл кезеңде әрбір бала ағзасы қандай жоғары «бағаға» төлейтінін білу керек. Екінші кезеңде бұл «баға» төмендейді, «толқын» жайлап әлсірейді.

Үшінші кезең – тұрақты бейімделуге қатысты кезең. Мұнда организм мектеп жүктемесіне әсер ететін, барлық жүйелердің (ақыл-ой, физикалық, эмоционалды) аз мөлшерде күшін талап ететін қажетті нұсқаларды табады.

Осыларға қатысты, барлық педагогикалық процесті әр баланың денсаулығына зиян келтірмейтін етіп құру қажет. Олардың денсаулық жағдайындағы өзгешелік, бұл мектепке бейімделу процесінің әр жағдайда әр түрлі болатынының ұмытпау керек.

Бейімделудің барлық үш формаларының ұзақтығы шамамен 5 - 6 апта, бұл кезең 10 - 15 қазанға дейін созылады, ал ең қиыны бірінші - төртінші апталар болып табылады.

Оқудың алғашқы аптасы қалай сипатталады? Ең алдымен, жұмысқа қабілеттілігінің тұрақсыз және төмен деңгейде болуымен, жүрек - қан тамырлар жүйесінің жоғары деңгейімен, әр түрлі ағза жүйелерінің бір-бірімен өзара байланысының төмен көрсеткіштерімен сипатталады.

Тек оқудың 5 - 6 апталарында жұмысқа қабілеттілік көрсеткіштері тұрақты бола бастайды және біртіндеп жоғарылайды. Ағзаның өмірді қамтамасыз ететін негізгі жүйелерінің күштері төмендейді, яғни оқумен байланысты барлық жүктемеге қатысты тұрақты бейімделу басталады. Оқу жүктемесіне ағзаның физиологиялық бейімделуі қиын кезең болғанымен, ол оқудың 5 - 6 апталарында аяқталады. Алғашқы оқу жылын барлық ағза жүйелерін тұрақсыз және қызу реттеу кезеңі деп есептеуге болады.

Бейімделу процесінің табысты болуы, көбіне баланың денсаулық жағдайымен анықталады, сондықтан мектепке бейімделу мәселесімен ертеден дәрігерлер айналысады. «Мектеп күйзелісі», «мектептік қорқыныш» жөнінде дәрігерлер 50 - жылдардан бастап сөз қозғап және бұл құбылыс жоғалмайды, жылдан - жылға үлкен қиыншылықпен пайда болатынын көрсетті. Бұл түсініктер ӘДҰ (әлемдік денсаулық ұйымы) құжаттарында маңызды орын алды.

«Мектеп күйзелісі» - бұл баланың мектепке баруымен байланысты психикалық күйінің бұзылуы. Баланы қарапайым өмірден алшақтатып, денсаулық жағдайының жылдам бұзылуына әкеледі және балаға оқу жүктемесін табысты орындауына жол бермейді.

Денсаулық жағдайына, өмірдің өзгерген шартына байланысты мектепке бейімделу әр түрлі жүреді. Балалар тобын жеңіл бейімделу, орташа ауыртпашылықты бейімделу, ауыр, қиын бейімделу деп бөледі.

Жеңіл бейімделуде бала ағзасының функционалды жүйесінің жағдайы бірінші тоқсан мерзімінде дұрысталады. Орташа ауыртпашылықты бейімделуде денсаулығының және көңіл - күйінің бұзылуы бірінші жарты жылдықта байқалуы мүмкін. Кейбір балаларда мектепке бейімделу ауыр, қиын өтеді. Мұнда денсаулық жағдайының бұзылуы оқу жылының басынан аяғына дейін созылады.

Жеңіл және орташа бейімделуді бала ағзасының, өмірдің өзгерген шартына заңдылықты жауабы деп есептеуге болады. Бейімделудің ауыр өтуі бірінші сынып оқушыларының ағзасы үшін оқу тәртібі және оқу жүктемесі аса ауыр болуымен сипатталады.

Өз кезегінде, бейімделу процесінің ұзақтығы баланың денсаулық жағдайына, жүйелі оқудың басталуына тәуелді. Дене жағынан дамыған және барлық ағза



қызметтері қалыпты, дені сау балаларда мектепте оқу кезеңі оңай жүреді және ақыл-ой, физикалық жүктемелерді жеңе біледі. Мектепке сәтті бейімделудің ақыл-ой, физикалық жүктемелерді жеңе біледі. Мектепке сәтті бейімделудің белгісі ретінде жұмысқа қабілеттіліктің диагностикасы мен оның бірінші жарты жылдық өтуінде жақсаруы, денсаулық жағдайында әлдебір өзгерістердің болмауы және бағдарламалық материалды жақсы игеруі табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Глазунов Д.А. Психология Развивающие занятия 1 класс, М., 2008.
- 2 Хухлаева О.В. Школьная психологическая служба, М., 2008.
- 3 Безруких М.М., Ефимова С.И., Князева М.Г. Как подготовить ребенка к школе и по какой программе лучше учиться. М., 1993.
- 4 Гельфан ЕМ. Игры и упражнения для маленьких и больших. М., 1961.

ӘОЖ: 378.016.02:004.9

### МӘТІННІҢ МАЗМҰНЫН ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Смагулова М.Ж.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша «N48 мектеп-қосымша білім беру орталығы» КММ  
Өскемен қ., Қазақстан

Жас ұрпақты өзінің ана тілінде еркін, мүдірмей сөйлетіп үйрету үшін оқыту әдістемесін жетілдіре түсу — бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі. Бүгінгі күннің тілек-талабы тұрғысынан білім мазмұны жаңарту, өмір талабына орай дамыта оқыту, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданып, заман ағымына жауап беру мұғалімдерге жауапты істер жүктейді.

Мәтінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестеріне де айрықша мән беру қажет. Оқулықтардағы мәтіндер оқушылардың білім деңгейіне байланысты болу керек. Мәтінді оқытудың мынадай түрлері бар:

1) Дауыстап оқу: бұл әдісті жүргізе отырып, оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады. Дауыстап оқытудың тағы бір тиімділігі мынада: оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және оны түзетеді.

2) Іштей оқу. Бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: мұғалім оқушыларға іштей оқу үшін бір мәтін беріп, қай жерге келгенде кітаптарын жауып, мұғалімге бітіргенін байқатады. Осыған қарап ұстаз олардың оқу шапшаңдықтарынан мөлшерін белгілеп отырады.

3) араласып немесе кезектеп оқу.

4) буынға бөліп оқу.

5) мәнерлеп оқу.

6) Сөйлемді мағынасына, айтылуына қарай дауыс ырғағымен оқу.[1]

Оқушыны жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретуде **теориялық білім беру ұстанымын** басшылыққа ала отырып, тұтас бір ойды білдіретін сөйлемдерді

байланыстыру жолдарын теориялық мәліметтерге сүйеніп орындау көзделеді. Мәтіннің сөйлемнен айырмашылығы, оның бөліктерге жіктелуі, негізгі ой мен тақырып байланысы, мәтіндегі сөйлемдер байланысы т.б. теориялық білім беру мәтін құрастыру үрдісіндегі ерекше кезең болып табылады. Мәтінді мағыналық, құрылымдық жағынан теориялық талдау тілдік ерекшеліктерді танып білуге септеседі, мәтіннің ақпараттық бағытын түсінуге, мәтіндегі тұтастықты қамтамасыз ететін элементтердің арасындағы байланысты саналы түрде ұғынуға мүмкіндік ашады.

**Ұжымдық рефлексияға құрылу ұстанымы бойынша** оқушыға білім беру үрдісі білік пен дағды қалыптастыруды ғана емес, әр оқушының танымдық мүмкіншілігін ашу және оны қанағаттандыру үшін педагогикалық қолайлы жағдайларды анықтауды көздейді. Бұл сабақ үрдісінде жүзеге асырылады. Оқушының үйренген білімі мен білігі мұғаліммен, балалармен бірігіп орындаған жағдайда оның оқуға деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан да әдебиеттік оқу сабақтарында оқушының өз ойын байланыстырып жазуына толық жағдай жасайтын субъект-субъектілік қарым-қатынас ұстану негізге алынады. Жеке тұлғаның еркіндігі оқу әрекеті жағдайында субъектілер қарым-қатынасын жүзеге асыру арқылы орындалады.

Мұғалімнің ұйымдастырып отырған әдіс-тәсілі оқушының көңіліне қонымды болып, еріксіз баурап алып отырса, онда оқушының сөйлеуге, өз ойын жазуға деген ынтасы артады. Баланың қажеттілігі мен мүмкіншілігіне әдістің сәйкес келуі *жақсы эмоциялық көңіл-күй туғызу ұстанымы* бойынша оның көңіл-күйінен көрінеді.

Бастауыш сыныптардағы «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында жеке-жеке сөйлемдерден тұратын мәтінге қарағанда, жазушылардың көркем шығармаларынан алынған үзінділер оқушыға әдеби тілдің көркемдігін, сөз бейнелілігін тануға көмектеседі. Баланың қоршаған ортаны, болмысты дұрыс түсінуі, өмірде ненің жақсы, ненің жаман екенін аңғара білуі, адамгершілік тәрбиенің қалыптасуы жазушы шығармаларынан алынған үзінділерді талдау барысында баса назар аударылып отырады.

2-3-4 сыныптар үшін жасалған арнаулы бағдарламада көрсетілген талап бойынша, тапсырмалар мен жаттығуларды орындау барысындағы тиімді әдістерге талдау жасалынып, үйретудің әдістемелік қырлары талданды. Мұнда қолданылған негізгі әдістер: ұжымдық, алгоритмдік, эссе жазу, желі қолдану, ойын, тірек-белгі әдістері т.б.

**Ұжымдық әдіс (топтық, жұптық)** арқылы баланың дербес мүмкіндігі ескеріліп, белсенді іс-әрекет жасауына мүмкіндік туады. Бір мақсатта бірігіп жұмыс істеуіне, қиындықты бірге шешуіне жағдай жасалады. Мұндай жағдайда олар өз ойларын бір-бірімен бөлісе алуға мүмкіндік болады. Балалардың құрастырған мәтіндері мағынасы жағынан да, байланыстылығы жағынан да баланың жеке бір өзі құрастырған мәтінінен анағұрлым тартымды шығатынын байқадық. Мәтін мазмұнын құру, жоспар жасау, мәтін композициясын бірігіп құрастыру, сосын оларды бірігіп талдау, салыстыру оқушының байланыстырып сөйлеу дағдысының қалыптасуына жақсы ықпал етеді. Оқушылардың бір-бірімен селбесіп, бірігіп істеген жұмыстары оларды өзара тілектестікке, ынтымаққа жақындастырады.

Бастауыш сынып оқушыларының ассоциациялық өрісін кеңейту үшін, сөзді бейнелі түрде қолдануды, жұмбақ құрастыруды, метафора құрастыруды үйретуде *алгоритмдік әдісті* қолданған тиімді екенін байқадық. Оқушыларға өлең, жұмбақ, теңеу құрастыру үшін бір заттың белгілерін келесі бір заттармен ұқсату дәлдікке, көркемдікті тануға көмектеседі. Бұл үшін ең алдымен оны құрастырудың алгоритмі (бағдаржолы) үйретіледі. Мысалы, жұмбақ құрастыру үшін алдымен объект анықталады да, осыған ұқсас басқа объектілер анықталып, қатар қойылады. Мысалы, «компьютер» туралы жұмбақ құрастыру үшін оның ерекше белгілеріне қарап (экраны, пернелері бар), «тағы осындай қандай зат бар» екенін іздейді.

Сабақта *эссе жазу әдісін* проблемалық сұрақтарға өз ойынжазуға үйретуде қолданған тиімді. «Эссе» арқылы пайымдау мәтінін құру оқушының өз сөзін тудырып, пікірін, көзқарасын, ой қорытындысын жазуға төселдіретінін байқадық. Эссені жаздыру ойдың сауатты түрде анық қалыптасуына, ой логикасының жүйелі сақталуына көмектеседі. Эссе белгілі бір проблемалық сұрақ төңірегінде жеке ұғымдар мен анықтамаларды қолдана отырып, оқушыны ойландыруға мүмкіндік береді, балаға өз ойын жазуда ізденіс тудырады.

Үйретудің *интерактивті әдісі* сабақта техникалық құралдарды тиімді пайдалану арқылы іске асады. Соңғы кездері қатысымның экрандық, аудио, визуальдық құралдары адам танымына жақсы әсер ететіні дәлелденіп отыр. Дыбыстық сезім арқылы, көру сезімі арқылы, тыңдау арқылы қабылдау мәселесіне қазіргі зерттеушілер үлкен мән беріп отыр. Мысалы: бейнефильм үзіндісінен ойға түйгенінді жаз (эссе жаз); диктордың оқыған мәтіні бойынша автордың негізгі ойын тауып жаз т.с.с. тапсырмалар оқушының ойды тиянақты етіп, байланыстырып жазуына мүмкіндік ашады.

Өз ойын байланыстырып жазуда іштей жоспар құрудың (үнсіз сөйлеу) маңызы зор. Алғашқыда мәтін құрастырушы оқушының ішкі ойында сөздер толық бейнеленіп тұрмайды. Ол өзінің сөздік қорынан өзіне таныс сөздерді іріктеп, іштей сөйлейді, іштей жоспарлап, жаза бастайды. Сосын жазғанын тексеріп, іштегі ойымен салыстырады. Егер айтайын дегені ішкі ойымен сәйкес келмесе, қатесін жөндейді.

Мұндай кезде психолог М.Мұқановтың айтуынша «*желінің*» пайдасы көп. Мұның себебі «желі» (черновик) қағазға түскен сөздерден миға көру түйсігі арқылы хабар жіберіп, сөйлемнің дұрыс не бұрыс құрастырылғаны жөнінде «қайта оралу» үрдісін қамтамасыз етеді. «Желі» оқушының өз сөзін өзі бақылау дағдысын жетілдіруге мүмкіндік ашады. Мұны біз «*желі әдісі*» деп алдық. Желіні қолдану әдісі арқылы мәтін құрастыру барысында жіберген қателерін жөндеуге, редакциялауға мүмкіндік алады.

Мәтінді түзету, қалпына келтіру тапсырмасын «Сырлы сандық», «Шатасқан шумақтар» деп аталатын *ойын әдіс* арқылы ұйымдастыруға болады. Оқушылар берілген тақырып бойынша мәтін құру, бірінші сөйлем бойынша мәтін құру т.б. осы сияқты тапсырмаларды орындау барысында оқушы белгілі бір тақырыпта сөйлемдерді жинақтап, мәтін тұтастығын қалпына келтіруді үйренеді. Дайын модельдер, символдық белгілер, тірек сызбалар мәтін мағынасын, мазмұнын түсініп, жүйелеп айтуға көмектеседі.

**Түзету жаттығулары** жазбаша сөйлеудегі ой байланысын, оқиға желісін дұрыс құруға, өңдеуге құрылады. Қате құрылған мәтінмен жұмыс істеудің тиімді жағы, қатені іздеген кезде оқушы оны бірнеше рет оқиды. Мәтінге бірнеше рет қайта айналып келу, қайта оқу ерікті түрде әрі жеңіл орындалады. Егер оқушыға «мәтінді екі рет оқып шығындар» дейтін болсақ, тапсырма қызықсыз әрі еріксіз орындалар еді. Қатені түзету мақсатымен оқитын кезде бала ойланады, ізденеді. Біреудің қатесін жөндеу арқылы бала байқағыштыққа үйренеді, біртіндеп өз сөзін де қадағалауға жаттығады.

Мәтінді түзету, қалпына келтіру тапсырмасын «Сырлы сандық», «Шатасқан шумақтар» деп аталатын *ойын әдісі* арқылы ұйымдастыруға болады. Мысалы, сандықтың бір жағына белгілі бір мәтіннен алынған бір сөйлемді, екінші сандыққа екінші сөйлемді жазып, бірнеше сандықты пайдалануға болады. Сандыққа жазылған сөйлемдерден мәтін құрастыруға әртүрлі тапсырма беруге болады. Олар: берілген тақырып бойынша мәтін құру; бірінші сөйлем бойынша мәтін құру т.б. осы сияқты тапсырмаларды орындау барысында оқушы белгілі бір тақырыпта сөйлемдерді жинақтап, мәтін тұтастығын қалпына келтіруді үйренеді. Мәтіннің ішкі логикасын түсінуге үйрету үшін, ұйқасы бұзылған өлең мәтінін редакциялап, түзету тапсырмасы беріледі.

Мұны «*Шатасқан шумақтар*» ойыны арқылы жүргізуге болады. Екі түрлі өлеңнің тақырыбы беріледі де, ондағы өлең жолдары орны ауыстырылып беріледі. Оқушының міндеті осы өлең жолдары қай өлеңнің тақырыбына сәйкес келетінін анықтап, түзетіп жазады. Тапсырма топтық немесе жұптық жұмыс түрінде ұйымдастырылады. Мұндай жаттығуларды орындау кезінде оқушылардың бір-бірімен ақылдасуы арқылы коммуникативтік қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туады.

**Шығармашылық ізденіс жаттығулары** мәтінді құрастыруға қажетті сөздер мен сөз тіркестерін іздестіру жұмыстары арқылы жүргізіледі. Оған мыналар жатады:

- 1) өлең мәтінін құрастыруды үйрету;
- 2) теңеуді құрастыруды үйрету;
- 3) жұмбақ мәтінін құрастыруды үйрету;
- 4) сурет бойынша өз ойынан мәтін құрастыруға үйрету.[3]

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорында көбінесе зат есім, етістік болады да, сын есім, үстеу, есімдік сияқты сөз таптары сирек кездеседі. Сондықтан да байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмысында заттың түр-түсін, пішінін, әр түрлі белгілерін бейнелейтін сөздерді, яғни сын есім сөздерді қолдануға үйретуді теңеу, жұмбақ, сипаттау мәтінін құрастыруға үйрету арқылы жүзеге асырылады.

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек.[2; 25] Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Сондықтан мұғалім заман талабына сай өзгеруі қажет деген ойы қазіргі заманымыздағы білім бері үрдісіне өте сай айтылған.

Сонымен қатар қазақ халқының аса көрнекті ғалымы, ұлы педагог А.Байтұрсынов «Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрін

жетілдіру» деген [2;36]. Заманауи технологиялардың әдіс-тәсілдерін, элементтерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, тиімді оқытуда олардың ізденуін, танымын қалыптастыруға мол мүмкіндік бар. Оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдап алу тиімді оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Оқушыларға терең білім беру үшін мұғалім әдістердің тақырыпқа сай, оқу материалын тиімді меңгертуге ықпал тигізетіндей түрін таңдау керек және осы әдісті қолдану жолын өзі жақсы білуі керек деген ойдамын.

**Критериалды бағалау-** «Бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу- танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі»

Қалыптастырушы бағалау – бұл тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың білімді игергендіктеріне қалай көз жеткіземін? Ол үшін сабақтағы қалыптастырушы бағалау атқаратын функциясы маңызды қызмет атқарады. ҚБ – дың нәтижесінде алынған ақпараттың негізінде оқушылар оқу барысында өздерінің тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын біле алады. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушы оқыту үдерісіне белсене араласып, одан қандай нәтиже күтілетінін түсінеді. Оқылым дағдысы мен жазылым дағдылары бойынша сабақты қалыптастырушы бағалау «Бас бармақ», «Ашық микрофон», «Жазбаша кері байланыс», «Пікір алмасу», «Қосу, алу, қызықты» әдістері арқылы бағалаймын.

**Мақсаты:** оқушылардың қызығушылықтарын оятып, ынтасын арттыру.

Оқу бағдарламасы ең алдымен оқушы қажеттіліктерін ескеруге аса үлкен мән береді. Оқушы қажеттілігін ескеру өз кезегінде олардың білім, білік, дағдыларын саралаудан келіп туындайды.

**Саралау тәсілдері:** Тапсырмаларды түрлендіру арқылы, дереккөздер арқылы, топқа бөлу арқылы, білім алушының қарқынына қарай сараланды.

Менің алып отырған саралап оқытуға арналған тапсырмаларым оқу үдерісінің оқушылардың әртүрлі топтарына арнайы бағдарлауды, оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру мақсатында түрлі топтар үшін әртүрлі нысанда ұйымдастыруды көздейді. Сол себепті оқушылардың барлығы

**I деңгейдегі** тапсырма бойынша *Білу және түсіну* тақырып аясында қазақша мәтіндерді талдау арқылы жаңа сөздерді меңгереді; Ой қозғау сұрақтары арқылы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы туралы мәліметтер алады;

**II деңгей** тапсырмасы бойынша, *Постер жасату:* А) Абай Құнанбаев туралы мәлімет сызбада көрсету, қорғау, толықтыру. Ә) Өлеңді мәнерлеп тізбектеп оқу; Б) Өлең мазмұнына талдау жасау:

**III деңгей** тапсырмасы **Қолдау көрсету аз** «Шығармашылыққа баулу» Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу керек; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану қажет. Осы тапсырмалар әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес тапсырма мен нұсқауларды, материал мен әдіс-тәсілдерді іріктеп қолдану үдерісі, оқушыларды оқуға ынталандыруға, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға септігін тигізеді деп ойлаймын.

Сабақтар барысында «Ыстық алақан», «Көрші», «Әлемді шарлау», «Мақал жалғастыр» ойыны, «Алтын балыққа арналған аквариум», «Бас бармақ», «Ашық

микрофон», «Жазбаша кері байланыс», «»Пікір алмасу», «Қосу, алу, қызықты» әдіс-тәсілдерді қолдандық.

Оқыту мен оқу тәжірибесіндегі жаңа тәсілдердің тиімді жақтары оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Білім беру жүйесін дамыту жағдайында мұғалімдерді заманауи әдістермен, жаңа технологиялармен жаңаша жұмыс жасауға бейімдеу, педагог мәртебесін көтеру өте маңызды деп ойлаймын.

Аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы/С. Рахметова. 1991.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл ғылымы А. «Ана тілі» 1992, 448бет.
3. Қ.Бітібаев. Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу, Алматы. 2005.
4. Б.Шканова Әдебиеттану және әдістеме мәселелері, Орал. 2011.
5. Б.Шалабай. Мәтіннің композициялық ұйымдасуы // «Қазақстан мен Түркияның ортақ мәдени құндылықтары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, ҚазМемҚызПИ, 2007. - 23б.

ӘОЖ 376.091:616.896

### **АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРҒА ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТҮЗЕТУ-ДАМУ ТҮЗЕТУ ПРОЦЕСІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ PECS ӘДІСТЕМЕСІ**

Советбекова Қ.

Тенкебаева А.З., «Психология және коррекциялық педагогика»  
кафедрасының сениор-лекторы

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті  
Өскемен қ., Қазақстан

Балалар аутизмі психологиялық дамудың бұзылуы, мұндай балалар адамдармен қатынасуда және әлеуметтік әрекеттестікте қиындыққа ұшырайды. Аутизм әлемдегі әрбір 10000 баланың 4-5-де кездеседі. Аутизмі бар балаларды түзете-дамытуға арналған әдістер сирек кездеседі. Бүгін сондай әдістердің бірі – PECS әдістемесі туралы айтатын боламын. PECS (The Picture Exchange Communication System) – карталарды алмастыру арқылы қарым-қатынас дағдыларын үйретуге арналған жүйе. Бұл коммуникациялық жүйені 1985 жылы авторлар Энди Бонди мен Лори Фрост жасаған. Ол Делавэр штатында аутизмді түзету бағдарламасының бөлігі ретінде пайдаланылған. Бұл әдістеменің негізгі

мақсаты - аутизммен ауыратын балалардың тәуелсіз және мақсатты бастамашыл қарым-қатынасын орнату. PECS технологиялары мінез-құлықты қолданбалы талдау принципіне негізделген. Таңдалған тәсіл суретті таңдап, оны серіктесіңізге беру арқылы қарым-қатынас жасай білуге үйретуге бағытталған. Жалпы PECS әдістемесі 6 кезеңді қамтиды:

#### *PECS- дайынық кезеңі*

Балаға PECS карталарын пайдаланып негізгі коммуникация дағдыларын үйретпес бұрын, оқу процесіне мұқият дайындау керек. Оқытудың бірінші кезеңінде балалардың өз тілектерін, ұсыныстарын, өтініштерін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін дағдылар қалыптасады. Яғни баланың хоббиін анықтап алу қажет. Аутизмі бар балалармен жұмыс істеудің дайындық кезеңінде келесі нұсқаларды атап өтуге болады болады:

#### *1. Нұсқа: Баланы бақылап, мәліметтерді кестеге енгізу.*

Бақылау процесі баланың сүйікті іс-әрекеті, ұнататын тағамы (дәмді, тәтті, қышқыл, тұзды), қоршаған ортасы, кімдермен жақсы қарым қатынаста екені туралы мәліметтерді анықтау мен нақтылаудан тұрады.

Бос уақытында немен айналысатынын серуендеуге қайда баратынын және балада жағымсыз эмоциялардың пайда болуына ықпал ететін себептер туралы сұрау, содан кейін ақпаратты талдап құжатқа енгізу.

#### *2. Нұсқа: Жүйелі тестілеу.*

Тест мотивациялық ынталандыруды анықтауға бағытталған. Бұл қандай да бір мәселені шешу үшін сіз баланың барлық сүйікті заттарын жинап, оған өз таңдауын жасауға құқық бере аласыз. Бұл кезеңде назар аударатын жайт оны қандай объектілер қызықтыратынына, бала назарын не нәрсеге аударатынына, оның пікіріне, қандай таңдау жасайтынына көңіл аударған жөн. Мысалы, сүйікті ойыншықтарын таңдау немесе жаңа ойыншықтар жинағын таңдау.

Алынған нәтижелер құжатта тіркеледі.

Әрі қарай қажетті материалды дайындауды жүзеге асыру қажет.

1. Сүйікті ынталандырушы заттардың, және т.б. фотосуреттері

Мүмкіндігінше 5X5 көлемінде.

2. Жабсырмақ (Липучка)

3. Суреттерді жапсыруға болатын бөлгіштері бар қалта (папка). Бұл бөлгіштер ішіндегі парақтар кітап сияқты қалтада (папка) орналасады

4. Сөйлемдерді құрастыру үшін белгілі бір тәртіппен бірнеше карточкаларды бекітуге болатын тығыз картоннан жасалған жолақ.

#### *PECS - бірінші кезең.*

PECS-ке оқытудың бірінші кезеңінің негізгі мақсаты - өзіне қажетті затты алу мақсатында коммуникативтік серіктеске баланың карточканы беруі. Яғни, бала мотивациялық стимулды көргеннен кейін, карточканы алып, оны мұғалімнің қолында қалдырады.

Күтілетін мақсат: «қалаған керекті» затты көріп, заттың бейнесі бейнеленген карточканы алып, серіктеске жақындап, қолына карточканы салады.

Оқытудың осы кезеңінде екі ересек адам қатысады. Бір ересек – «коммуникативтік серіктес» - қарама-қарсы отырады және қолында баланың қалап тұрған затын ұстап отырады. Екінші ересек – «көмекші» - баланың артында

отырады және өзінің қолымен баланың қолын суретке бағыттап, алуға және қарама-қарсы отырған серіктеске беруге көмектеседі.

Баланың белсенділігін баспас үшін , екі ересек те балаға: «Сен не істегің келеді?» сұрағымен немесе «Кэмпитті жегің келсе, суретті бер» деген нұсқауды қолданбайды. Екі ересек те сөйлеуімеуі қажет. Коммуникативті серіктес баланың белсендігін туғызу үшін, қалаған затын ешқандай сөзді айтпай балаға жақындатады. Көмекші баланың іс-әрекетін бақылап отыру керек, бала қолын затқа соза бергенде - баланың қолын карточкаға бағыттап, алуға және коммуникативті серіктеске беруге көмектесу керек - бұл әрекеттің барлығы сөздің көмегінсіз орындалуы қажет. Біртіндеп бала өздігінен керекті әрекеттерді орындау үшін көмекші көмекті азайту керек.

Бала карточканы коммуникативті серіктестің қолына қойғанда ғана, серіктес сол заттың атын атап, бірден баланың қолына затты ұстатады. Бұл әрекеті арқылы «коммуникативті серіктес» баланың өтінішін сөзбен айтады, алдыңғы уақытта егер бала сөздерге еліктесе онда өтінішін сөзбен жеткізуі мүмкін.

Бірінші кезеңнің негізгі мақсаты затты таңдауы және тілектердің әртүрлілігі емес, баланың карточканы беруі. Сондықтан бір ғана затпен, бір ғана карточка қолданылады.

Бұған көз жеткізу үшін баланың затты алу үшін ынталандырудың (мотивацияның) бар екендігін байқағаннан кейін, бастапқыда бала оны карточка бермей-ақ алады. Мысалы, бала басында кішкентай кэмпит алады. Келесі кэмпитті «коммуникативтік серіктес» балаға көрсете отырып қолында ұстайды және бермейді. Егер бала қол ұшын созса, яғни, ол тағы да кэмпитті қалағаны, осы сәтте көмекші - баланың қолын карточкаға бағыттап, алуына көмектесіп және карточканы беруге көмектеседі. Егер бұл зат емес, іс-әрекет болса, мысалы, әткеншек тебу болса. Алдымен баланы бірнеше секунд әткеншекте тепкізіп, тоқтатамыз. Егер бала қимыл арқылы әткеншекте қайта тепкісі келгенін білдірсе - көмекші баланың қолын әткеншектің суреті бейнеленген карточкаға бағыттап, карточканы алуға және «коммуникативті серіктестің» қолына беруге көмектеседі. «Коммуникативті серіктес» суреттегі бейнені атап, тағы да балаға әткеншек тепкізеді.

*PECS - екінші кезең.*

Екінші кезеңінің негізгі мақсаты - бірінші кезеңінде оқытылған, бұл бекіту және жинақтау дағдысы, - қалаған затты алу үшін «коммуникативтік серіктеске» ара қашықтықта карточканы беру.

Екінші кезеңге бала 10-нан 24 карточкаға дейін өздігінен және «көмекшінің» көмегінсіз карточканы беруді үйренген кезде өтуге болады.

Егер бірінші кезеңде баладан бір ғана карточка беру ұсынылса, екінші кезеңде балаға одан күрделірек тапсырма беріледі. Мысалы: карточканы алып, орындықтан тұрып, ересек адамға жақындап, карточканы қолына қою керек. Немесе: бала үстел басында емес, кеңістік ішінде болса. Ересек адам оның қалаған затын ұстап тұрғанын көрді - бала үстелге жақындап, карточканы алып, ересек адамға жақындайды. Тағы бір нұсқа: бөлмедегі тақтаға ілінген карточканы шешіп алып, сонымен бірге «коммуникативті серіктестікке келеді. «Көмекшінің» бұл кездегі



міндеті - бала өздігінен орындай алмаған жағдайда баланы карточкаға бағыттау. Сонымен, екінші кезеңде жұмысты келесі қадамдарға бөлуге болады:

*1-қадам. «Сабаққа қажетті карточканы папканың ішінен алу».* Сабаққа қажетті карточканы папканың сыртқы бетіне жапсырып, ал керек емес карточкаларды папка ішінде сақтаймыз.

Жұмысты жалғастыру үшін балаға затты (кәмпит немесе ойыншық) алуға мүмкіндік беру. Бала затты жеп немесе ойыншықпен ойнап болғаннан кейін (10-15 мин), бірінші сынақты бастаңыз, яғни карточканы папка бетіне жапсырып, баланың көңілін аударыңыз. керек. Бала папканың мұқабасынан карточканы алып, «коммуникативті серіктестің» қолына салуын күтіңіз. Баланың қандай да әрекет білдіргенін байқаған жағдайда «Көмекші» - балаға карточканы алуға көмектеседі. Бала «Серіктестен» өзіне қажет затын өздігінен карточканы папкадан алып беріп алмастырғанда ғана, «Көмекші» көмегінің санын азайтады.

*2-қадам. «Бірте-бірте бала мен мұғалімнің ара қашықтығын ұлғайту».* Бала карточканы алып үлкенге ұмтылды. Осы уақытта мұғалім қолын денесіне қарай жақындатып, бала алмасуды орындау үшін, қолын созып беруіне қимыл жасайды. Алмасу аяқталғаннан кейін (карточка мұғалімнің қолына салынғаннан кейін), баланы мадақтап, керекті затын беріңіз. Келесі сынақта бала қолын созу үшін кішкене артқа шегініңіз. Сонда, бала суретті ересек адамның қолына салу үшін, орындықтан тұрып ересек адамға жақындау керек. Біртіндеп бала мен ұстаз арасын бірнеше сантиметрге, содан кейін метрге алшақтата беріңіз. Соңында бала бөлменің кез келген жерінен серіктеске жақындауды меңгеру керек. Осы уақыт бойы карточка үнемі баланың қасында болу керек.

*3-қадам. «Бірте-бірте бала мен папка арасындағы қашықтықты ұлғайту».* Бала екінші қадамды меңгергеннен кейін, бала мен папканың ара қашықтығын ұзартамыз. Бұл жағдайда алмастыруды орындау үшін бала алдымен папкаға, содан кейін - мұғалімге жету керек. Бірнеше сынақтар барысында папканы баладан неғұрлым көбірек алыстатып отырыңыз. Бала папканың ішіндегі карточкаға алып, алмастыруды орындауды үйренгенше папка мен баланың ара қашықтығын алшақтата беріңіз.

*4-қадам. «Көмекті көрсетуді біртіндеп тоқтату».* Дағдыларды қалыптастыру барысында физикалық бағыттағы көмекті тоқтату. Сонымен қатар «коммуникативті серіктесте» карточканы алақанына салу үшін, балаға қолын созуды тоқтату керек. Осылайша, қаланған реакция бекітіледі - бала бөлменің кез-келген бұрышынан, карточканы алып, «серіктестің» назарын аударып (мысалы, оған дейін қол тигізіп), серіктес көңіл аударғаннан кейін - оған карточканы беріп, қалаған затын алуы.

*PECS -үшінші кезең.*

Үшінші кезеңде баланың алдыңғы кезеңдерде алған дағдылары толық меңгерілгеннен кейін, карточкада бейнеленген заттарды ажыратуға үйрету.

Тақтада немесе баланың байланыс кітапшасындағы карточкалардың ішінен өзі қалаған зат бейнеленген карточканы таңдай білуге үйрету.

Үшінші кезеңнің бірінші қадамы екі карточканың ішінен таңдау жасаудан басталады: қалаған зат бейнеленген карточка және балаға қажетсіз зат бейнеленген карточка. Егер бала өзінің қалаған заты бейнеленген карточканы таңдаса, ол онда

оны алады, егер ол екінші карточканы алса, онда ол соған тиесілі затты алады, яғни қажет емес затты алуына тура келеді.

Алдыңғы кезеңдердегідей, карточка таңдау барысында балаға сөздік көмек және көмектесуге болмайды: «Жоқ бұл дұрыс емес, кәмпитті бер!». Осы кезеңде оқыту табиғи салдардың көмегімен жүреді: яғни дұрыс таңдау жасаса-қажетті затты алады. Дұрыс таңдау жасамаса - қажетсіз затты алады.

Бала зейінді болу үшін және оң жақтағы немесе сол жақтағы карточканы еріксіз беруге үйренбес үшін, оқыту барысында карточкалардың орнын үнемі ауыстырып отыру керек. Бала өзіне қажетсіз заттың карточкасы мен қажетті заттың карточкасының айырмашылығын білгеннен кейін келесі кезеңге өтеміз.

Бала қажет емес заттың карточкасынан, қалаған затының карточкасын тануды үйренгеннен кейін, қажет еткен екі заттың ішінен таңдау жасау қадамына өтеміз.

Бұл процедурада оқыту кезең-кезеңмен орындалады:

1. Бала алдында екі зат салынған табақша беріледі. Баланың жанында екі затқа сәйкес карточкасы бар байланыс кітапшасы дайындалады.

2. Бала екі заттың біреуінің карточкасын ұсынғанда, оған табақшаны жылжытып, тиісті затты таңдауға рұқсат ету қажет.

3. Осы сатыда оқытылған жаңа реакция - заттың тиісті суреттің таңдау болып табылады. Бала дұрыс нысанды ұстағаннан кейін, оны бірден мақтап және сол затты алуға рұқсат етіледі. Бала заттың суретін таңдағаны баланың карточканы дұрыс пайдаланатынын көрсетеді.

4. Егер бала сәйкес келмейтін затты алуға тырысса, қате реакциясын тоқтатып, қатені түзетуді қолдану керек, (алдыңғы қадамда сипатталған).

Бала карточкаларды дұрыс ажыратуды және тиісті заттарды таңдауды үйренгеннен кейін, қиындық деңгейін арттырып, қосымша карточкаларды қосу керек. Яғни, баланы 3 заттан, 4, 5 және т.б. заттан таңдауды үйрету керек.

Карточкалар арасындағы айырмашылықты үйренудің соңғы қадамы - баланы байланыс кітапшасынан қажетті картаны таңдауға үйрету. Мұны істеу үшін кітаптың мұқабасынан барлық карточкаларды алып тастаңыз және бірінші немесе екінші жоғары ынталандыратын ынталандыру карталарын бірінші бетте орналастырыңыз. Содан кейін кітапты жабыңыз. Бұдан кейін балаға заттардың бірін көрсету керек. Бала байланыс кітабын ашып, тиісті карточканы алуға және қолын созуға тиіс. Егер ол мұны жасамаса, физикалық бағыттың көмегімен оған көмектесе аласыз және физикалық көмек бірте-бірте жойылады.

*PECS - төртінші кезең.*

Төртінші кезеңнің негізгі мақсаты - «Мен қалаймын» символын пайдалана отырып, карточкалардан сөйлем құрастыруды үйрету.

Алдыңғы кезеңдерде бала өзіне қажет зат пен әрекетті орындау үшін, тек қана бір ғана карточканы берген болса, енді сөйлем құрау үшін бірнеше карточканы қолдануды үйренеді. Яғни, сөйлем құрастыруға арналған жолақшаға карточкалардан сөйлем құрастырып жапсырып, жолақшаны беру.

Баладан күтілетін соңғы нәтиже - баланың алдындағы немесе тыс жердегі затты бірнеше сөзден тұратын сөйлем арқылы сұрауы. Ол папканы ашып, «Мен қалаймын» карточкасын алып, жолақшаға жапсырып, қажетті заттың суретін тауып, жолақшаға жапсырып, содан кейін жолақшаны «коммуникативті

серіктеске» береді. Жолақты алғаннан кейін мұғалім балаға қаратып, әр карточканы баса отырып, сөйлемдегі заттардың атын айту керек.

Кезеңнің соңына бала 20 және одан да көбірек карточкаларды қолданып, әртүрлі серіктестердің назарын аудартуды үйрену керек.

Осы кезеңде оқыту мінез-құлық тізбегі «Соңынан басына қарай» әдісімен орындалады. Барлық тізбек реакцияларға бөлінеді:

- 1. Папкаға жақындау
- 2. «Мен қалаймын» символын таңдау
- 3. Сөйлем жолақшасына «Мен қалаймын символын жапсыру».
- 4. Қалаған заттың карточканы таңдау.
- 5. Қалаған заттың карточканы жолақшаға жапсыру.
- 6. Сөйлем жолақшасын папкадан шешіп алу.
- 7. Коммуникативті серіктеске жолақшаны беру.

*PECS - бесінші кезең.*

«Сен не қалайсың?» сұрағын қою арқылы баладан «Мен қалаймын» символына қажет затының карточкасын тіркестіру арқылы жауап алу.

Папканың сыртында «Мен қалаймын» және қалаған заттарының символдары жапсырылу керек. Осы кезде мұғалім бірінші рет балаға «Сен не қалайсың?» сұрағын қойып, «Мен қалаймын» карточкасын саусағымен басып көрсетеді,. Бала «Мен қалаймын» символын жапсырып, қасына өзі қалаған заттың символдарын тандап, сөйлем құрастырып, жолақшаны серіктеске береді.

*PECS - алтыншы кезең.*

Осы кезеңнің негізгі мақсаты қоршаған ортадағы болып жатқан оқиғаларды баяндау және сол арқылы айналасындағы адамдардың назарын аударту болып табылады. Мысалы: кейбір балалар саусақпен аспанға көрсетіп, «Ұшақ! Мама, кара - ұшақ!!» деп айқайлауы. Бұл арқылы бала аспанда ұшып бара жатқан ұшақты алу емес, анасының назарын өзіне аудартуы. Яғни, бұл мінез-құлық, қалаған затты алу мен әрекетке қол жеткізу үшін емес, әлеуметтік ынталандыру арқылы нығайтылады.

Қортындылай келе PECS әдістемесін пайдалану келесі мәселелерді шешуге көмектеседі:

Біріншіден, PECS карталарын пайдалану балаларға басқа адамдармен әлеуметтік тұрғыдан қолайлы түрде қарым-қатынас жасауға көмектеседі және бұл жүйе арқылы бала тек ересектермен ғана емес, құрдастарымен де сөйлесе алады.

Екіншіден, бала өзіне қол жетімді қарым-қатынас әдісін алған кезде, жағымсыз мінез-құлқы азаяды. Сонымен қатар, зерттеулер PECS қолдану балаларға сөйлеуді дамытуға көмектесетінін дәлелдейді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Баенская, Е. Р. Аутичный ребенок: пути помощи. / Е. Р. Баенская, О. С. Никольская, К. С. Лебединская. – М.: ТЕРЕВИНФ, 1997. – 102 с.

2. Вентланд, М. Учебно-воспитательные работы в центре коррекционно-развивающего обучения и реабилитации: Учеб.-метод. Пособие / М. Вентланд, С. Е. Гайдукевич, Т. В. Горудко и др.; Науч. ред. С. Е. Гайдукевич. – Мн.: БГПУ, 2009. – 276., ил.

3. Либлинг, М.М. Холдинг-терапия как форма психологической помощи семье, имеющей аутичного ребенка / М. М. Либлинг // Дефектология, 1996. – № – С. 26.
4. Нуриева, Л. Г. Развитие речи у аутичных детей: метод. разработ. / Л. Г. Нуриева. – Изд. 2-е. – М: Теревинф, 2006. – 112 с. – (Серия «Особый ребенок»).
5. Шипицина, Л. М. Социальная реабилитация детей с аутизмом. Обзор иностранной литературы / Л. М. Шипицина, И. Л. Первова. – С.-Пб: Питер, 1997 г. – 86с.
6. Эрц, Ю. М. 10 самых распространенных ошибок при обучении ребенка пользоваться карточками PECS / Ю. М. Эрц // Аутизм | АВА-терапия, прикладной анализ поведения.

УДК 374.1

## **САМООБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНТЕКСТЕ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА К ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ**

Сыдыкова Э.М.

**Научный руководитель:** Радченко Н.Н., к.п.н., асс.профессор  
Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,  
г. Усть-Каменогорск, Казахстан  
e-mail: Elmira\_23@mail.ru; radchenkon76@inbox.ru

Самообразование явление многомерное и ученые трактуют его и понятия, которые с ним связаны по разному. Так в частности, понятие «самообразование» трактуется рядом ученых (О. Айзенберг, А. Малыхин, В. Рогожкин) как целенаправленная, самостоятельная работа личности над повышением своего профессионального мастерства. При таком определении подчеркивается, что самообразование как явление является профессиональной функцией личности, выполнение которой способствует профессиональной адаптации, развитию и профессиональному усовершенствованию специалиста на протяжении его профессиональной деятельности. Выполнение обозначенной функции является условием и обязанностью специалиста для приобретения и повышения его профессиональной компетентности. Это так называемый «профессионально-центристский подход» к пониманию самообразования, который связан с формированием и регуляцией профессиональной сферы личности.

Кроме того, в научной литературе освещен и другой «культурно-центристский» подход к пониманию самообразования. Соответственно данному подходу самообразование трактуется (И. Гончаров, Л. Коган, А. Кочетов, Б. Райский, М. Скаткин) как явление, выходящее за пределы профессиональной сферы, но часто включающее и ее. В центре внимания находится сфера культуры, которая частично впитывает и профессиональные интересы, но значительно шире, включает опыт личности (как жизненный, так и профессиональный) и широкий спектр общекультурного знания. Часто в таком понимании самообразование

связывают с самореализацией личности в рамках усвоения культуры и развитием индивидуальных качеств, расширением и обогащением кругозора и тому подобное.

Нельзя не сказать о «духовно-центристском» подходе к самообразованию (Г. Зборовский, Э. Шуклина), который базируется на связи самообразовательной деятельности личности и ее внутреннего самопознания, поиском истины и смысла жизни и тому подобное. Часто в таком понимании самообразование связывают с религиозной сферой, духовным опытом и культурой.

В педагогической литературе распространен такой подход к пониманию самообразования, который можно назвать «учебно-центристским». То есть, в центре внимания данного подхода находится сфера образования и учебно-воспитательный процесс. Самообразование понимается как составная часть системы образования (А. Загорский, В. Лозовой, С. Орлов, В. Турченко), ее отдельных звеньев, например системы последипломного образования (Н. Протасова), системы высшего образования. С. Гончаренко определял самообразование студентов как «... неотъемлемую часть систематического обучения в стационарных учреждениях, что способствует углублению, расширению и укреплению усвоенных знаний» [1, с. 296].

В «Энциклопедии образования» определено, что самообразование – это «самостоятельная познавательная деятельность человека, направленная на достижение определенных личностно значимых образовательных целей: удовлетворение общекультурных запросов, познавательных интересов в любой сфере деятельности, повышение профессиональной квалификации и тому подобное. Самообразование является условием развития, самоутверждения и самореализации личности и составляющей обучения ее в течение жизни» [2, с. 798]. В приведенном определении по многим аспектам самообразования отмечено, по крайней мере, на трех, а именно – самообразование является самостоятельной познавательной деятельностью; самообразование является условием развития личности; самообразование выступает составляющей обучения на протяжении жизни.

Следует подчеркнуть, что в современной педагогической науке, даже в рамках учебно-центристского подхода к пониманию самообразования, существует несколько направлений, не отрицая исключительное значение самообразования для повышения эффективности учебного процесса в рамках институционального образования в учебном заведении (особенно высшем учебном заведении и учебных заведениях системы последипломного образования), подчеркивают различные аспекты самообразования и самообразовательной деятельности.

Одно из этих направлений характеризуется пониманием самообразования как формы получения и углубления знаний и присвоения опыта (Л. Борисова, Е. Лебедева).

Существует также направление понимания самообразования как процесса целенаправленного и систематического самосовершенствования, саморазвития личности и ее деятельности (Г. Коджаспирова, А. Кочетов), как путь продолжения образования и самопознания (Л. Куликова, Е. Лебедева).

На наш взгляд очень важным является направление, по которому подчеркивается влияние самообразования на учебный процесс, на развитие

познавательных интересов, их активизацию, формирование необходимых умений и навыков, получение и использование информации и знаний, развитие у себя личностных качеств, (самоуправление, самоанализ, самоорганизация, самоконтроль, самооценка, самокоррекция, саморегуляция). Также очень важным аспектом понимания самообразования является его влияние на выработку устойчивых мотивов к обучению и образованию. Н. Терещенко считает, что самообразование представляет собой педагогически организованный, обусловленный внутренними мотивами процесс самостоятельного приобретения знаний дополнительно к тем, которые человек получает в процессе обучения [3].

Важными по предмету нашего исследования, являются и другие аспекты самообразования. В частности социальный аспект самообразования. Через призму социального аспекта самообразования подготовка будущих учителей начальных классов к самообразовательной деятельности раскрывается как необходимое условие их профессиональной и социальной адаптации, путь совершенствования профессиональной компетентности на протяжении карьеры, конкурентоспособности и востребованности на рынке труда.

Усиление тенденции доминирования самообразования происходит с переходом к информационному обществу, в котором господствует информация и информационные (компьютерные) технологии. В таких условиях основным становится производство и использование информации с применением компьютерных технологий. Это обуславливает необходимость работы человека с информацией один на один именно через самообразование.

- словесные поручения. К примеру, ребенку нужно попросить тряпку для мытья у помощника воспитателя и отчитаться о выполнении;
- организация проблемно-речевых ситуаций. Они различны: ребенок только что пришел в новую группу – нужно рассказать о себе, два мальчика поссорились – нужно помирить их и т.д.;
- чтение литературных произведений. Выбирать их нужно на основании возраста детей;
- организация совместной деятельности. Совместное украшение комнаты к какому-то празднику, участие всех детей в инсценировках сказок и т.д.;

- коллективные разговоры. Темы бесед могут быть различны, но они должны быть понятны детям, чтобы они могли высказывать свои мысли по тому или иному поводу.

Коррекция речевых нарушений является основным способом социализации и формирования социальных представлений детей с ОНР.

Для того чтобы ребенок с речевыми нарушениями мог успешно интегрироваться в детское общество и свободно использовать свои коммуникативные навыки, важными являются логопедические коррекционные мероприятия для устранения речевых нарушений. Без устранения речевого дефекта любые усилия, направленные на социализацию, не будут иметь должной эффективности.

При проведении коррекции речевых нарушений следует уделить особое внимание следующим аспектам:

- мотивировать ребенка на преодоление речевых сложностей;
- проводить коррекцию звучания звуков;
- развивать навыки фонематического анализа и синтеза;
- внедрять упражнения по расширению словарного запаса и грамматической коррекции;
- развивать мелкую моторику, связную речь и другие необходимые компоненты.

В ходе коррекционных мероприятий необходимо заполнять пробелы в формировании словарного запаса и развитии грамматической структуры речи. Логопед должен проводить системную работу над развитием фонематического слуха и совершенствованием артикуляционных навыков детей. Для этой цели используются специальные задания, основанные на как вербальных, так и невербальных компонентах.

Проведённый нами анализ источников в области коррекции речи у детей с общим недоразвитием речи позволил определить, что существующие работы не содержат достаточного количества данных о проведении коррекционных логопедических занятий, направленных на формирование социальных представлений с целью увеличения эффективности преодоления общего недоразвития речи у детей.

Из анализа научной литературы по коррекции речи у детей с общим недоразвитием речи следует, что неполноценные социальные представления оказывают влияние на речь, мышление, общение, поведение и, следовательно, замедляют и усложняют процесс социализации личности. Дети с общим недоразвитием речи, помимо общих нарушений в структуре речи, также сталкиваются с отсутствием лексического запаса, связанного с социальными представлениями.

В период дошкольного и начальной школьной подготовки дети не только осваивают навыки грамотности, но также учатся адаптироваться к новым социальным ролям и поведенческим стандартам, принятым в данном обществе. Они узнают, как правильно вести себя, оценивают, что является приемлемым, а что нет. Проблема социализации детей с речевыми нарушениями остается одной из самых

актуальных, и потому ключевым является комплексная работа логопеда, школьного психолога, учителей начальных классов и, безусловно, родителей.

### Список литературы

1. Бывшева М.В. Педагогическое сопровождение детей старшего дошкольного возраста в процессе социального познания: дис. ... канд. пед. наук. Екатеринбург, 2009. - 169 с.
2. Козлова С.А. Теория и методика ознакомления дошкольников с социальной действительностью. - М.: Издательский центр «Академия», 1998 -160 с.
3. Коломийченко Л.В. Программа социального развития // Дошкольное воспитание. – 2008. - № 8. - С. 15-25.
4. Трубайчук Л.В. Механизмы личностного развития дошкольников // Начальная школа плюс До и После. – 2006. - № 7. - С. 3-5.
5. Миняжева Д.Р. Уровни сформированности социальных представлений у детей с общим недоразвитием речи 5-6 лет. / Сб. науч. статей. Научные труды МПГУ. - М: МПГУ. 2005.- 506 с.
6. Теория и практика коррекционного обучения дошкольников с речевыми нарушениями / Сост. Л. И. Белякова, Г. С. Гуменная, Е. В. Лаврова. - М.: МПГУ, 1991. - 287 с.
7. Слинко О.А. К изучению проблемы межличностных отношений дошкольников с нарушениями речи // Дефектология. 1992. - № 1. - С. 62-67.
8. Павлова О. С. Коммуникативная деятельность старших дошкольников с общим недоразвитием речи. - Московский открытый социальный ун-т. – М.: МОСУ, 2007. – 95с.

ӘОЖ 159.922

### ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛДІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Турымтаева Б.Е., пед.ғ.магистрі, сениор-лектор  
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан  
biko\_darhan@mail.ru

Кез келген патологиялық тәуелділік, мейлі ол ішімдікке, анашаға немесе құмар ойынға болсын жайдан-жай пайда бола салмайды. Эмоционалдық ішкі ыңғайсыздық (дискомфорт) және одан модуляторларды құру арқылы шықсам деген тілек лудомания мен басқа да аддиктивті құлық үлгілерінің пайда болуын тудырады.

Тәуелділік ағзаға тигізетін зиянды әсеріне байланысты химиялық немесе химиялық емес болуы мүмкін. Химиялық заттарға темекі шегу, алкогольді ішу және есірткі қолдану жатады. Химиялық емес сезімдермен, мінез-құлықпен, тамақпен, жұмыспен, интернетпен байланысты. Осылардың ішінде қазіргі жасөспірімдердің мінез-құлқына әсер етіп отырған, басты проблемалық тәуелділік компьютерлік



ойындарға және әлеуметтік желілерге тәуелділік, азық-түлікке деген тәуелділік, діни тәуелділік. Енді осыларды жеке қарастыра кетейік.

Қазіргі заманда әлеуметтік желілер адам өмірінің маңызды бөлігіне айналғаны рас. Дегенмен, әлеуметтік желідегі жасөспірімдердің әрекеті қызметтің жаңа түрі болып табылады, ол әр бір жасөспірім үшін бренд, тұлға, танымал адамға айналғысы келеді және соған талпынады. Әлеуметтік желідегі жасөспірімдердің көпшілігі пайдалы ақпарат алудан гөрі өз-өздерін жарнамалаумен әуре болады да, нарцистік, яғни өзін-өзі жақсы көру дағдысының қауіпті тұсы-жасөспірім өздері туралы ойларымен әуре болады. жасөспірім шақтағы балалардың өзіндік бағалауын шынайы «Мен» бейнесін жоғалтып, идеалдық «Мен» бейнесінің қалыптасуына, сонымен қатар қарым-қатынас жасауына кері әсерін тигізіп, жасөспірімдегі қарым-қатынас жасаудың маңызды функцияларын бұзып, тұлға болып қалыптасуына кері әсерін тигізуде.

Әлеуметтік желілерді пайдалануда денсаулыққа келетін қатер аз болса да, бар. Адамның бойында түні бойы әлеуметтік желілерде отыру процесі қалыптаса бастайды. Тәуелді адам әдетте бәрінен кеш тұрады және әлеуметтік желіні таңғы екі, үшке дейін пайдаланады, содан кейін, мысалы, таңғы алтыға дейін қажетті жұмысын орындайды. Ұйқысыз түндер, кофе және басқа да сергітетін заттарды пайдалану тұрақты шаршағыштықтың пайда болуына және адамның иммундік жүйесінің әлсіреуіне алып келеді. Содан кейін қандай да бір аурудың пайда болу ықтималдығы күрт артады. Сонымен қатар аз қозғалысты өмір салты омыртқа ауруларына әкелуі мүмкін, ал түнгі уақыттағы теріс жарық түрлі көз ауруларын тудырады. Американдық дәрігер Дэвид Льюис FAT-синдромы атауын алған жаңа компьютерлік синдромды тапқан, ол аудармасында технологиялық жаңалықтарға байланысты мереке алдындағы мазасыздық дегенді білдіреді. АҚШ-та интернет-тәуелділікті емдеуге арналған клиникалар құрылған. Ішімдікке немесе есірткіге тәуелділік салдарлары жақсы зерттелсе, әлеуметтік желілер-аддикацияның ұзақ мерзімді бақылаулары жоқ. Бұл саладағы жаңалықтарға клиникалық психологтардан басқа ешкім үміткер емес.

Келесі қозғалатын өзекті мәселе, ол ойынға деген тәуелділік. З. Фрейд жеңіліп, өзін тағдырдан соққы көрген адам ретінде сезінбеу үшін ойында жеңуге тырысу сезімінің болатынын айтады. Мұндай уәждеменің негізінде баланың ата-анамен өзара қатынасының бұзылуын жатқызады. Ондай жағдайда ойын ана мейірімін қайтарудың тәсілі немесе ана алдындағы кінәсін жою үшін өзін-өзі жазалау тәсілі ретінде қолданылады деп санайды. Тежелушілік (инфантильдік) күдірет гипотезасын Шандор Ференци деген венгер психоаналитигі ұсынды. Бұл гипотезаға сәйкес ойыншы көктегі жаратушы иемен байланысқа түсу иллюзиясын басынан өткеріп, тағдырдың өзін таңдағанына және сөзсіз жеңіске жететініне сенеді. Осындай аффект (ашу қысып долданған жағдай) жағдайындағы ойынға берілген адам өзіне сенімділіктен басы айналып, өзіне қандай санның түсетінін тәңірі өзі құлағына сыбырлап тұрғандай, сөйтіп өзіне ерекше назар ауғандай сезімді басынан кешіреді. Генетиктер көптеген жылдар бойы құмарлыққа бейім генді – қатерлі генді іздестіруде. Әзірге ол ізденіс сәтсіз. Оның есесіне қанағаттың жетімсіздік синдромының генін – үнемі дискомфорт болып тұратын фонды тапты.

Осы синдромға бейімділік гені бар оны сезінуге мүмкіндік беретін - ішімдік, нашақорлық, ойынға құмарлық сияқтыларды үздіксіз іздеп тұрады (1).

Солай болғанымен де дәрігерлер құмар ойыннан тәуелді психологиялық ауытқушылықтан зардап шегетін адамдардың ішіндегі басым көпшілігінің тұлғааралық және қоршаған ортамен ашық эмоционалдық қарым-қатынаста белгілі қиындықтардың болатынын мойындайды. Ойын жасай алмаған толыққанды қарым-қатынас орнын толтырып отырады. Жалпы әрбір ойыншының ерекше қарым-қатынас орнататын өзінің сүйікті ойын автоматы немесе үстелі бар. Лудомандар оны сипайды, жеңуге көмектесуін сұрайды, еркелетіп ат қояды. Сөйтіп оны тәңірдің жіберген жеңісін жеткізушідей сезінеді. Ал осы сүйкімді автомат әкелген кері эмоцияларды сезіне бермейді. Компьютерде ойнайтын ойынқұмарлар өз жеңісінің әрбірін тиынына дейін есінде сақтайды, бірақ қанша рет жеңілгенін білмейді де, білгісі де келмейді.

Ойынқұмарлыққа компьютердің алып келуі мүмкін. Қазіргі таңда оны пайдалануға еш шек қойылмайды және адам жасына тәуелді емес.

Ойынқұмарлықтың бірнеше себептері анықталып отыр:

- **жалғыздық сезімі.** Жалғыздық сезімі ойынға алып келеді, одан алған ләззат сезімі кезекті ойынға жетелеп отырады.

- **қанағатсыздық сезім.** Бұл сезім адамның өзін ойында көрсетуге мәжбүрлейді. Шынайы өмірде өзін мойындата алмаған, өзіне өзіне көңілі толмаған адам, өмірге қарағанда оңай жеңіске жететін ойында көрінгісі келеді. Нәтижесі жақсы болған сайын оған қайта-қайта оралғысы келіп тұрады.

- оңай олжаға кенелу сезімі. Бұл әсіресе ойын автоматтарына, казиноға қатысты. Бір рет жеңіске жетіп, оңай жолмен табылған ақшаға ие болып өз жеңісін ойында қайтадан қайталағысы келеді, бірақ ол ойы әрқашан орындала бермейді.

- **әртүрлі сипаттағы тәуелділікке көнгіштік.** Ойын құмарлық басқа да анаша, ішімдік сияқты тәуелділікке бейім адамдарға тән болып келеді.

3. Фрейд жеңіліп, өзін тағдырдан соққы көрген адам ретінде сезінбеу үшін ойында жеңуге тырысу сезімінің болатынын айтады. Мұндай уәждеменің негізінде баланың ата-анамен өзара қатынасының бұзылуын жатқызады. Ондай жағдайда ойын ана мейірімін қайтарудың тәсілі немесе ана алдындағы кінәсін жою үшін өзін-өзі жазалау тәсілі ретінде қолданылады деп санайды.

Тежелушілік (инфантильдік) күдірет гипотезасын Шандор Ференци деген венгер психоаналитигі ұсынды. Бұл гипотезаға сәйкес ойыншы көктегі жаратушы иемен байланысқа түсу иллюзиясын басынан өткеріп, тағдырдың өзін таңдағанына және сөзсіз жеңіске жететініне сенеді. Осындай аффект (ашу қысып долданған жағдай) жағдайындағы ойынға берілген адам өзіне сенімділіктен басы айналып, өзіне қандай санның түсетінін тәңірі өзі құлағына сыбырлап тұрғандай, сөйтіп өзіне ерекше назар ауғандай сезімді басынан кешіреді. Генетиктер көптеген жылдар бойы құмарлыққа бейім генді – қатерлі генді іздестіруде. Әзірге ол ізденіс сәтсіз. Оның есесіне қанағаттың жетімсіздік синдромының генін – үнемі дискомфорт болып тұратын фонды тапты. Осы синдромға бейімділік гені бар оны сезінуге мүмкіндік беретін - ішімдік, нашақорлық, ойынға құмарлық сияқтыларды үздіксіз іздеп тұрады.

Солай болғанымен де дәрігерлер құмар ойыннан тәуелді психологиялық ауытқушылықтан зардап шегетін адамдардың ішіндегі басым көпшілігінің тұлғааралық және қоршаған ортамен ашық эмоционалдық қарым-қатынаста белгілі қиындықтардың болатынын мойындайды. Ойын жасай алмаған толыққанды қарым-қатынас орнын толтырып отырады. Жалпы әрбір ойыншының ерекше қарым-қатынас орнататын өзінің сүйікті ойын автоматы немесе үстелі бар. Лудомандар оны сипайды, жеңуге көмектесуін сұрайды, еркелетіп ат қояды. Сөйтіп оны тәңірдің жіберген жеңісін жеткізушідей сезінеді. Ал осы сүйкімді автомат әкелген кері эмоцияларды сезіне бермейді. Компьютерде ойнайтын ойынқұмарлар өз жеңісінің әрбірін тиынына дейін есінде сақтайды, бірақ қанша рет жеңілгенін білмейді де, білгісі де келмейді(2).

Ойынқұмарлыққа компьютердің алып келуі мүмкін. Қазіргі таңда оны пайдалануға еш шек қойылмайды және адам жасына тәуелді емес.

Ойынқұмарлықтың бірнеше себептері анықталып отыр:

- **жалғыздық сезімі.** Жалғыздық сезімі ойынға алып келеді, одан алған ләззат сезімі кезекті ойынға жетелеп отырады.

- **қанағатсыздық сезім.** Бұл сезім адамның өзін ойында көрсетуге мәжбүрлейді Шынайы өмірде өзін мойындата алмаған, өзіне өзіне көңілі толмаған адам, өмірге қарағанда оңай жеңіске жететін ойында көрінгісі келеді. Нәтижесі жақсы болған сайын оған қайта-қайта оралғысы келіп тұрады.

- оңай олжаға кенелу сезімі. Бұл әсіресе ойын автоматтарына, казиноға қатысты. Бір рет жеңіске жетіп, оңай жолмен табылған ақшаға ие болып өз жеңісін ойында қайтадан қайталағысы келеді, бірақ ол ойы әрқашан орындала бермейді.

- **әртүрлі сипаттағы тәуелділікке көнгіштік.** Ойынқұмарлық басқа да анаша, ішімдік сияқты тәуелділікке бейім адамдарға тән болып келеді.

· психиканың әртүрлі деңгейде және сипатта бұзылуы. Психикасы бұзылып, одан емделген адамдар.

Ойынқұмарлық эмоцияналдық ауру деп танылып отыр.

Келесі қарастыратын тәуелділік-электронды темекіге тәуелділік. Өткен ғасырда Батыста ерлердің көбі трубка мен сигара тартып, шылымға сұраныс аз болыпты. Содан АҚШ заңының олқылығын пайдаланған American Tobacco қожайыны Джеймс Дьюк басқа бағытты тапты: темекіні әйелдер мен балаларға жарнамалай бастады. Сөйтіп, дегеніне жетті: нәзік болмыс иелері көкшіл түтінді түйдек-түйдек бұрқыратуды – ерлермен тең болудың, ал жасөспірімдер – ересек көрінудің нышаны деп қабылдады. Бұл әлемде ауыр дерттің белең алуына соқтырды. Қазақстанда шынында кереғар, парадоксты жағдай қалыптасты. Балаларға темекі сатуға қатаң тыйым салынған. Алайда олар үшін синтетикалық никотин толтырылатын электронды темекілер, вейптер, сондай-ақ IQOS («айкостар») әбден қолжетімді: интернет және әлеуметтік желі арқылы оқушылар арасында кеңінен жарнамаланады. Салдарынан жастардан темекі тұтынушылардың жаңа легін де дәл осы электронды темекі нарығы тәрбиелейді (3).

Қауіптісі сол, біріншіден, электронды темекілер мен айкастар шылымға қарағанда зияны аз деп насихатталады. Шынында олай емес екенін зерттеулер дәлелдеді. Екіншіден, әсем безендірілген кішкентай құтыға, қорапшаға толтырылған бұл өнімдер әлдебір инновация, сәнді тауар ретінде ұсынылады.

Мәселен, вейптерда батарея заряды, картридждегі өнімі қанша қалғанын көрсететін индикатор-лампа қарастырылған. Нәтижесінде, жастар оны девайс, гаджет деп таниды. Үшіншіден, бозбала түгіл, бойжеткендер де туған күнге бір-біріне вейп сыйлайтын жаман дәстүр қалыптасуда. Демек, бұрын қызықпаған қыз бала сыйлық ретінде алған соң әрі достарының көңілін қалдырмау үшін оны татып көруі, сөйтіп тұрақты тұтынуға көшуі ғажап емес. Осындай қауіпті көре отырып, мемлекеттің оған үн қатпауы, тосқауыл мен шектеу қоймауы – болашаққа балта шапқанмен бірдей болар еді. Сондықтан Денсаулық сақтау министрлігі Парламентке табыстаған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» жаңа кодекс жобасына ұлт жанашырлары асыға күткен өзгерістер енді (4).

Келесі, қазіргі қоғамда белең алып отырған тағамға тәуелділік, соның ішінде жастар арасында кеңінен таралған фасфудтар мен кока-кола, пепси, энергетикалық сусындарға деген тәуелділік. Ал осы сусындар мен тағамдардың адамзат денсаулығына қаншалықты зиян екенін біліп отырса да, қолданысты тоқтатар емес. Бірінші энергетикалық сусындарға келетін болсақ, олар ағзаны энергиямен қамтамасыз етеді деген тұжырым дәлелсіз. Сусында ешқандай энергия жоқ, ол тек энергия қоздырушысы. Яғни, біз өз энергия қорымызды пайдаланамыз, қысқаша айтқанда энергияны аңзамыздан қарызға аламыз. Алайда, ерте ме, кеш пе бұл қарызды шаршағандық, қықысыздық, ашушандық түріндегі пайызбен қайтаруға тура келеді. Көптеген энергетикалық сусындардың құрамында көп мөлшерде В дәрумені болады. Бұл жүрек соғысын жиілетіп, аяқ-қолдардың дірілдеуіне себеп болуы мүмкін. Әсіресе энергетикалық сусындарды жүкті әйелдерге, балаларға, жасөспірімдерге, гипертониядан зардап шегетін, жүрек-қан тамырлары ауыратын, глаукома, ұйқысы бұзылған, тез қозғыш және кофеинге сезімтал адамдарға тұтынуға тыйым салынады.

«Кока-кола», «Пепси» т.б. сусындарының құрамында көптеген консерванттар, ароматизаторлар, бояулар мен қоюландыратын заттар, көмірқышқылдары бар, глюкоза өте көп мөлшерде болғандықтан, адамның асқазаның үрленуі мен кекірек пайда болады, қант диабетіне, бауыр, бүйрек ауыратын адамдар үшін өте қауіпті болып келеді.

Картопты «Фри» құрамында аса қауіпті заттар бар, көп мөлшердегі майлар мен акриламид бар, ол адамның психикалық жүйесіне және гететикалық өзгерісіне әсер етеді.

Міне, осындай дүниелердің адам денсаулығына зияны бар екенін біле отырсақ та, оны қолданған соң бұндай тәуелділіктен шығу өте ауыр екенін білсек те қазіргі қоғам бас тартпай отыр.

Осыған байланысты емдеу, реабилитациялау, алдын-алу шараларын жүргізуге байланысты әртүрлі пікірлер бар. Қазіргі уақытта емдеудің бірнеше нұсқаларын ұсынуда. Кез келген пікір өмірге, зерттеуге жолдама алуға құқы бар. Кейбір әдістемелер іс-тәжірибеде өзінің тиімділігін көрсетіп отыр. Ғылымда тәжірибедегі әдістемелер бар: гештальт-тәсіл, когнитивті-құлықтық араласу, жағдаятты психоаналитикалық байқау, тренингтік, тәуелділікке қатысты жеке бас тәжірибесі және психолог-кеңесші мен клиникалық психологтардың көмегімен жүзеге асырылуда.

## Әдебиеттер тізімі

1. Интернет-зависимость: психологическая природа и динамика развития / Сост. и ред. А. Е. Войскунский М.: Акрополь, 2009.
2. Баранова, С. В. Вредные привычки. Избавление от зависимостей / С.В. Баранова. - М.: Феникс, 2011. - 192 б.
3. Щеглов, Ф. Г. Игровая зависимость. Рецепты удачи для азартных игроков / Ф.Г. Щеглов. - М.: Речь, 2015. - 448 с.
4. Саламатов, В. Вредные привычки и зависимости. Нервно-психическое здоровье / В. Саламатов. - М.: Амфора, 2013. - 796 б.

ӘОЖ 376.091:616.896

### АУТИСТ БАЛАМЕН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ

Умарова А.

Тенкебаева А.З., «Психология және коррекциялық педагогика»  
кафедрасының сениор-лекторы  
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті  
Өскемен қ., Қазақстан

Аутизммен ауыратын адамдарға көмек жүйесі алғаш рет қалыптаса бастады 60-жылдардың ортасында АҚШ пен Батыс Еуропа. Алайда, психиатрияда да, арнайы педагогикада да балалар аутизмі ұғымы әлі тұжырымдалмаған кезде.. бірінші Еуропада аутист балаларға арналған Софиенсколе мектебі екенін атап өткен жөн – ол Данияда 1920 жылы жұмыс істей бастады, Аутист балаларды оқыту және тәрбиелеу жеке жұмысты талап етеді (кем дегенде күрделі және кейде өте ұзақ кезеңде), бұл білім беру қызметтерінің құнының күрт өсуіне әкеледі.

Қолданбалы мінез-құлықты талдау теориялық және практикалық ретінде аутизммен ауыратын балаларды оқытуға деген көзқарас ХХ ғасырдың 60-жылдарында Калифорнияда дами бастады. Оның негізін қалаушы-Ивар Ловаас. Тәсілдің теориялық негіздемесі американдық мінез құлық мектебімен байланысты. И. П. Павловтың шартты рефлекс теориясымен және Ф. Скиннердің опералық кондиционерлеу тұжырымдамасымен. Соңғы онжылдықтарда АҚШ-та және басқа елдерде осы тәсіл аясында аутист балалармен жұмыс жасайтын көптеген білім беру мекемелері пайда болды. Мінез-құлық терапиясы аясында екі ірі басқарма бар.

ОПЕРАНТТЫ оқыту (мінез-құлық терапиясы) АҚШ-та және кейбір басқа елдерде кең таралған (Норвегия, Оңтүстік Корея, бірқатар араб елдері, белгілі бір дәрежеде Германия). Әдіс құруды қамтиды әр түрлі мінез-құлықты қалыптастыратын сыртқы жағдайлар: әлеуметтік-тұрмыстық даму, сөйлеу, оқу пәндерін игеру және өндірістік дағдылар. Оқыту негізінен жеке жүргізіледі бірақ. Ресми түрде әдістің тиімділігі өте жоғары: 50-60%-ға дейін тәрбиеленушілер жаппай мектеп бағдарламасын игере алады, жартылай қамтамасыз ету үшін сәтті жұмыс істей алады олардың өмір сүруі, ал кейбір жағдайларда олар тіпті колледждер мен университеттерге түседі. Сонымен қатар, оқу барысында алған

дағдылар басқа жағдайларға әрең ауысады, қатаң, көп немесе аз дәрежеде жүреді," Робот тәрізді " сипатқа ие және икемді бейімделудің қажетті деңгейі қоғамдағы өмірге, әдетте, қол жеткізілмейді.

ТЕАССН бағдарламасын Э. Шоплер, Р. Рейхлер жасай бастады және Г. Месибов 70-жылдардың басында Солтүстік Каролина мемлекеттік университетінде және қазір басқа Штаттарда Еуропаның, Азияның, Африканың көптеген елдерінде кең таралған.

Аутист балалардың психикасының ерекшеліктерін мұқият зерттеу нәтижесінде көптеген шетелдік авторлар аутизмде ойлау, қабылдау деген қорытындыға келді жалпы психикасы қалыптыдан мүлдем басқаша ұйымдастырылған: қабылдау негізінен симуляциялық сипатқа ие, балалар көп нәрсені үйренбейді немесе енбекпен сабақтастықпен ұйымдастырылған процестер, олардың ойлау қабілеті ерекше. Психиканың бұл ерекшеліктері қоршаған әлемге бейімделуді қиындатады, ал ауыр жағдайларда мүмкін емес етеді, және сол ТЕАССН бағдарламасының жақтаушыларының пікірінше, күш-жігерді баланың әлемге бейімделуіне бағыттамау керек, ал оның ерекшеліктеріне сәйкес өмір сүру жағдайларын жасау үшін. Күш-жігер қарым-қатынастың вербалды емес түрлерін дамытуға, қарапайым тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру. Сөйлеуді оқыту IQ> 50% - да ғана әр түрлі болып саналады

ТЕАССН бағдарламасы өмірге бейімделудің жеткіліксіз жоғары деңгейі, бірақ бұл аутизмнің өте ауыр жағдайларында да жұмыста оң тұрақты өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мақсат-өмір сүру мүмкіндігіне қол жеткізу "тәуелсіз және өз бетінше " қол жеткізіледі, бірақ тек арнайы, шектеулі немесе өнер жағдайында. Үйде даму және өмір ұйымдық тұрғыдан идеалды болып саналады отбасы болғандықтан, бұл аутистк бала үшін "табиғи тіршілік ортасы". Бұл тезис ата-аналармен жұмыс істеуді өте маңызды. Батыста холдингтік терапия (М. Уэльс), "күнделікті" терапия қолданылады (к. Китахара), "оңтайлы жағдайлар" терапиясы (Б. және С. Кауфма Ни) және т.б.

Аутизмді түзетудің отандық тәсілдерінің ішінде ең танымал К. С. Лебединская мен О. С. Никольская ұсынған, ең алдымен аффективті бұзылыс ретінде аутизм туралы идеяға негізделген кешенді медитциналдық-психологиялық-педагогикалық түзету әдістемесі. Шетелдік әдістерден айырмашылығы, педагогтардың, психологтардың және психиатр дәрігерлердің тұрақты өзара әрекетінің кешенділігіне үлкен мән беріледі. Негізгі күш-жігер эмоционалды саланы түзетуге, баланың эмоционалды тонусына бағытталған. Бұл әдіс ЕБА-ның салыстырмалы түрде жеңіл түрлерімен жұмыс істегенде өте тиімді, бірақ оны терең аутистикалық бұзылулары бар жағдайларда қолдану өте проблемалы болып көрінеді.

1970 жылдардың екінші жартысынан бастап. ( Ш. н. Исаев, В. Е. Қаған және т.б.) және әсіресе Мәскеу (к. с. Лебединская, О. С. Никольская және т.б.) психиатрлар мен психологтар біртіндеп ЕБА туралы идея психикалық дамудың ерекше ауытқуы ретінде қалыптаса бастады, сонымен қатар ЕБА-ға тән ерекше формалар мен әдістерді қолдана отырып, аутизм бұзылысы бар баланы түзету және тәрбиелеу қажеттілігі туындады. Мұндай ережеде 1989 жылы КСРО АПН Президиумының шешімімен ресми түрде бекітілді, алайда, ғылыми медициналық

және психо-логикалық зерттеулердегі елеулі жетістіктерге, сондай-ақ эксперименттік-әдістемелік жұмыстың, Ресейдегі ерте аутизммен ауыратын балалар мен жасөспірімдерге көмек көрсетудің мемлекеттік жүйесінің, жігерлендіретін нәтижелеріне қарамастан құрылған жоқ

Мәскеуде және Ресейде аутизммен ауыратын балаларға арналған арнайы (түзету) білім беру мекемелері өте аз. Аутизммен ауыратын балалар мен жасөспірімдердің көпшілігі арнайы мектептердің басқа түрлерінде немесе жаппай мектептерде немесе денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелерінің мекемелерінде кездеседі. Кішкентай түзету тобы неғұрлым қолайлы болуы мүмкін, онда аутист баласы бар топ психолог пен педагогтың жеке сабақтары өткізіледі, ал дәрігер дәрі-дәрмектерді қолдайды. Ерте балалық аутизм (ЕБА) ауыр дизонтогенездің нұсқасы ретінде баланың дамуы бұзылу салдарынан кешіктіріледі және бұрмаланады сыртқы әлеммен, ең алдымен жақын адамдармен байланыс орнатады психологтың алдында аутист баланың отбасысы барабар көмек көрсетеді.

**Холдингтік терапия.** Бұл әдісті доктор М.Уэлч (1983) психотерапия техникасы. Арнайы белгіленген уақытта анасы баласын қолына алады, оны мықтап өзіне қарап басады. Бала анасының қасында кеудесіне басылған күйінде отыруы керек, сондықтан анасы оны көзіме көруге мүмкіндік алады. Баланың қарсылығына қарамастан, құшағын босатпай, анасы айтады оның сезімдері мен ұлына немесе қызына деген сүйіспеншілігі және ол қалай қалайтыны туралы осы немесе басқа мәселені шешеді. Холдингтік терапия холдингтің қайталанатын процедураларын қамтиды – баланы толық босаңсығанша (физикалық және эмоционалды) ата-анасының қолында ұстау.

Аутист баланың анасы үшін тығыз байланыс орнату өте қиын, өйткені бала оның инстинктивті мінез-құлқын күшейтпейді: қарамайды оның көзіне, қолына алған кезде дайындық позасын қабылдамайды, күлімсіремейді ананың күлімсіреуіне жауап қатпайды.. сондықтан аутист бала мыналарды сезбейді көзбен, дауыспен, дене контактісімен байланыс сияқты дамуға қажетті заттар. Анасы көбінесе мұндай балаға жарақаттанудан аман қалуға, ауырған немесе қорқынышты кезде тыныштандыруға көмектесе алмайды, өйткені ол бұл туралы хабарламайды анасы, оның қолында жұбаныш пен қорғаныс іздемейді. Ауырсыну, психологиялық қолайсыздық аутист бала стереотипті күшейту арқылы жауап бере алады қозғалыстар, " қату", " немесе айқайлауын көбінесе болжау мүмкін емес. Сондықтан холдинг ананың баланы құшақтап, оны өзімен бірге ұстауға деген табиғи инстинктивті тілегіне сүйенетіні анық, онымен не болып жатқанын түсіну, жұбату және онымен қарым-қатынас орнатуға тырысу.

Әдетте, аутист бала " өзін ұстау жағдайына" үмітсіз қарсылықпен жауап береді, мұндай "бас бостандығынан айыруды" өмірлік деп қабылдайды қауіп. Сондықтан көп кезде ата-аналардың балаларға не айтатынына, оған жағдайды түсіндіру үшін қандай эмоционалды дәлелдер таңдайтынына байланысты. Баланың қорқынышы және оның қарсыласуы әрқашан тоқылдақтардың құлағы болып табылады, өйткені ата-аналар балаға қалай қажет екенін табандылықпен түсіндіреді, олар оны ренжіткісі келмейді, керісінше, онымен араласып, ойнағысы келеді. Сондықтан холдинг кезінде ата-аналардың міндеті-баланы физикалық тұрғыдан ғана емес, эмоционалды түрде ұстап тұру, оны кетпеуге көндіру,

барлығын бірге қаншалықты маңызды екенін қайталай отырып ата анасымен бірге жасау.

М. Welch әдісінің авторы холдинг процедурасында үш кезенді анықтайды: конфронтация, қабылдамау (немесе қарсылық). "Бірінші кезең холдингтің кез – келген сессиясы-бұл қарама-қайшылық. Әдетте бала холдингтің терапиясына қарсы шығады, бірақ оны күні бойы жиі күтеді. Ол "процедураның" басталуынан жалтару үшін кез-келген себеп таба алады. Егер қандай да бір жолмен анасы оны талап ете алса, баланы өзіне отырғызыңыз және оны құшағыңызға салыңыз, қарама-қайшылықты үзілістен кейін белсенді бас тарту кеіпіне түседі. Бұл кезеңнің басталуы қорқынышты болмауы керек анасы немесе анасының қасында және баласымен бірге болған әкесімен де жасауға болалды.. Бала құшақтап, тістеп, тырнап, түкіріп, айқайлауы мүмкін анасын әртүрлі ренжітетін сөздермен. Ананың дұрыс реакциясы, баланы еркелетіп, оны тыныштандыру үшін, оған оны қалай жақсы көретінін және қалай айтатынын айту үшін ол азап шегіп жатыр деп алаңдайды, бірақ ол оны жібермейді. екінші кезеңнен кейін сөзсіз үшінші кезең келеді – шешу кезеңі. Бұл кезеңде бала қарсылық көрсетуді тоқтатады, көзімен байланыс орнатады, босаңсытады, күлімсірейді, оған нәзіктік таныту оңай болады; ана мен бала ең жақын тақырыптарда сөйлеуге және сезімді сезінуге мүмкіндік алады.

Холдинг сессиясынан кейін бала сабырлы, босаңсыған болады (кейде бірінші холдингтен кейін бала тіпті ұйықтап кетуі мүмкін) немесе белсенді болып қалуы мүмкін. Қалай болғанда да, ол ата анасымен байланысқа түсе бастайды: көзге тікелей көзқарас пайда болады, бала ата анасына Оны бірінші рет көріп тұрғандай қарай алады, оны сезінеді, анасын жаймен сипайды. Доктор Уэлч холдингті күн сайын бір рет өткізуді ұсынады, ал сондай-ақ, бала өзін нашар сезінетін барлық жағдайларда (немесе ол оны тікелей көрсетеді, немесе өзін нашар ұстайды). Бұл ретте ата-аналар мен баланын толық физикалық денсаулығы холдинг терапиясын жүргізудің қажетті және міндетті шарты болып табылады.

Аутист баламен холдингтің бірінші сессиясының ұзақтығы әр түрлі 1,5 - 4,5 сағат ішінде бірінші холдингтің "жақсы соңына" жеткізілуі өте маңызды, ал бала келесі күндері толығымен босаңсыды оның кедергісі азаяды, бұл дамуға көбірек уақыт қалдырады позитивті эмоционалды өзара әрекеттесу. Әйтпесе, баланың қарсылығы бірінші рет сияқты үмітсіз және ұзақ болып қалады, көптеген күндер бойы және барлық ата-аналарға баланың эмоционалды және физикалық релаксациясына қол жеткізе отырып, холдингтік терапияны жалғастыру үшін эмоционалды төзімділік жетіспейді. Әдетте, тек алғашқы "шайқас" екі сағаттан астам уақытқа созылуы мүмкін. Болашақта баланың қарсылығы жоғалады және сабақ болмайды 1,5 - 2 сағаттан астам уақыт (сонымен бірге баланың қарсыласуын жеңу бірнеше минуттан жарты сағатқа дейін созылады, бірақ ойындар, өлеңдер мен ертегілерді оқу, сурет салу және басқа да білім беру сабақтары – қалған уақыт)

Холдингтік терапия процесінде, ең алдымен, жақын адамдармен эмоционалды байланыстың дамуында айтарлықтай прогреске қол жеткізіледі. Бала қоршаған әлемді зерттеуде белсенді болады, үйде, көшеде болып жатқан оқиғаларға қызығушылық танытады. Ол кез-келген өзара әрекетке белсенді қатысады, тактильді байланысқа түседі (өзін құшақтап, ұстап тұруға мүмкіндік береді), көзге



жиі қарайды, жиі өтініш жасайды. Сөйлеуді дамыту, қалай ереже де дамиды, кем дегенде балалар өздерін айқайламай, сөзбен айтуға тырысады. Агрессия мен өзін-өзі агрессияның көріністері азаяды, бала сабырлы және басқарылатын болады. Кейбір жағдайларда балалар кітапқа, сурет салуға, бірлескен ойынға қызығушылық таныта бастайды.

Холдингтік терапияны жүргізудің бірқатар мүмкін емес жағдайлары бар. Бұл: - ауыр соматикалық (жедел немесе созылмалы) аурулар, отбасында әкесі жоқ толық емес отбасы жағдайы холдинг-терапия мүмкіндігін жоққа шығарады; - ата-аналардың қарсылығы, олардың эмоционалды дайындығы терапия холдингі. Жетекші зерттеушілер Л.В. Мардахаев, Е. А. Орлова, Л. М. Шипицын "медициналық салада айтарлықтай жетістіктерге қарамастан және психологиялық зерттеулер, сондай-ақ қызықты, үмітті эксперименттік-әдістемелік жұмыстың, мемлекеттік жүйенің нәтижелері ерте аутизммен ауыратын балалар мен жасөспірімдерге кешенді көмек Ресейде құрылған жоқ". Аутизмнің диагностикасы және психокоррекция саласындағы ресейлік сарапшы С. С. Морозова, " аутизмнің асқынған түрлері бар балаларға қазіргі уақытта практикалық психологиялық-педагогикалық көмек көрсету аспектісінде елдегі уақыт сұраныс ұсыныстан бірнеше есе асып түседі"

Ресейде мінез-құлық әдістері мен әдістерін қолдана отырып, аутистикалық бұзылулары бар балалармен жұмыс істеудің оң тәжірибесі бар. Дәл осы әдістер арнайы мектеп бағдарламаларының негізі болып табылады. Аутист балаға көмектесуге арналған түзету бағдарламаларының көпшілігі мінез-құлық терапиясына негізделген. Бұл ынталандыруды білдіреді баланың дұрыс, қалаған мінез-құлық үшін және опасыздықты елемеу үшін немесе қалаусыз мінез-құлық. Floor time бағдарламасы немесе "ойын уақыты" - мінез-құлық әдісі баланың даму кезеңдерін білу әдістеріне негізделген аутизмді емдеу. Техниканы американдық психиатрия профессоры Стэнли Гринспан жасаған, балалар мен жасөспірімдердегі аутизм спектрінің бұзылуында және психикалық дамудың артта қалуында тәжірибешілер. Бұл әдіс өзін дәлелдеді тиімді, өйткені ол әрқайсысының жеке ерекшеліктерін ескереді бала, оны аутисттің әдеттегі ортасын өзгертпестен үйде қолдануға болады. Олардың дамуында балалар алты кезеңнен өтеді

1. Баланың әлемге деген қызығушылық кезеңі (шамамен 3 айға жетеді жасына қарай).

2. Тіркеме кезеңі (5 айлық жасқа дейін).

3. Екі жақты коммуникацияның даму кезеңі (9 айға дейін).

4. Өзін-өзі тану кезеңі (1,5 жасқа дейін).

5. Эмоционалды идеялар кезеңі (2,5 жасқа дейін).

6. Эмоционалды ойлау кезеңі (4 жасқа дейін). Аутизммен ауыратын бала дамудың барлық 6 кезеңінен өтпейді, бірақ тоқтайды біреуінде. Әдістің негізінде екі қарама-қарсы мақсат жатыр: патологиялық әдеттерді ұстану және оларды қызығушылықты арттыру үшін пайдалану және байланыс орнату.

"АВА" бағдарламасы-бұзылулары бар балаларды мінез-құлық, оқыту және әлеуметтік бейімдеу туралы түзетуге арналған мінез-құлықты қолданбалы талдау аутизм спектрі және басқа даму бұзылыстары. Осы тәсілмен балаға қиын берілетін барлық дағдылар кішігірім әрекеттерге бөлінеді. Олардың әрқайсысы баламен

бөлек үйренеді. Мысалы, аутист бала нұсқаулық беріледі: "қолыңызды көтеріңіз". Қажет болған жағдайда мұғалім мысал келтіреді (баланың қолын өзі көтереді), әр уақытта дұрыс әрекет етуге шақырады. Кейін баладан бірнеше "тапсырма-мысал-сыйақы" әрекеттері нұсқаулықты өз бетінше орындауды талап етеді. Егер ол оны дұрыс орындаса, онда сыйақы алады. Бала үйренген дағдылардың саны қашан болады өте үлкен, олардың асқынуы мен жалпылануы бар. Сарапшылар АВА техникасы көптеген заттар мен әрекеттерді кезең-кезеңімен үйреніп, үлкен уақыт пен күш-жігерді қажет ететіндігін атап өтті (үйдегі сабақтар аптасына 30 немесе одан да көп сағатты алады). Өзі ата-аналар мұндай тапсырманы сирек жеңе алады. Сондықтан, АВА бағдарламасы арқылы аутизмді түзету, әдетте, баламен кезек-кезек жұмыс істейтін бірнеше мамандарды процеске тартуды талап етеді.

### **Пайдаланылған және ұсынылған әдебиеттер**

1. Астапов, В.М. Нейро- және патопсихология негіздерімен коррекциялық педагогика [Электронды ресурс] / В.М. Астапов. – М.: PER SE, 2006. – 176 б. – Кіру режимі: URL: <http://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=233327>
2. Баенская, Е.Р. Эмоциялық дамудың ерте бұзылыстарына психологиялық көмек / Е.Р. Баенская, М.М. Либлинг. – М.: Полиграфиялық қызмет, 2014. – 156 б.
3. Иванов, Е.С. Балалық аутизм: диагностика және түзету / Е.С. Иванов, Л.Н. Демьянчук, Р.В. Демьянчук. – Санкт-Петербург: «Дидактика плюс», 2014. – 80 б.
4. Карасева, Е.Г. Мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқыту және тәрбиелеу [Электрондық ресурс] / Е.Г. Карасева. – М.: Орыс сөзі, 2018. – 65 б. – Кіру режимі: URL: <http://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=486293>

ӘОЖ 37

## **ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ**

Усманова Н.М., Усманова М.М.

ББ «№15 орта мектебі» КММ, ШҚО, Қазақстан

Қазіргі мектептің алдында тұрған міндеттердің ең маңыздысы — оқушыны жан – жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеу. Сол тәрбиенің ішінде эстетикалық тәрбие де қомақты орын алады. Эстетикалық тәрбие адамның өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көре, түсіне жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғарғы рухани ләззатты сезінуге мүмкіндік береді. Эстетикалық тәрбие, ең алдымен, үй ішімен отбасынан, екіншіден, бала-бақшадан, үшіншіден мектеп қабырғасынан басталады. Баланың отбасы мен балабақшадан алған эстетикалық тәрбие қоры мектеп қабырғасында жетіле әрі дами түсіп, оқушының өмірге деген көзқарасы қалыптаса бастайды. Адамгершілік тәрбие-бұл адамның бойында әлеуметтік сәйкес адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған: жауапкершілік, патриотизм, ғылыми дүниетанымның тұрақтылығы, жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтау және т. б. Рухани-адамгершілік

құндылықтарды қалыптастырудың заманауи технологиялары-бұл интерактивті технологиялар, олардың жалпы сипаттамасы-өзара әрекеттесу, ықпал ету, өзара байыту, толықтыру және білім беру процесіне қатысушылардың барлығын ұжымдық құру. Осындай технологиялардың ішінде біз этнопедагогикалық және әлеуметтік-мәдени, интерактивті технологиялар, заманауи инновациялық технологиялар сияқты технологияларды бөліп көрсетемін.

Этнопедагогикалық технологиялар-бұл құндылықтар мен бағдарларды қалыптастыру процесінде рухани-адамгершілік проблемаларды шешудің әдістері мен құралдары, белгілі бір тұжырымдаманы әзірлеу және оны іске асыру, практикалық қызметті жүзеге асыру, берілген нәтижеге (мақсатқа) қол жеткізу үшін этномәдени және этнопедагогикалық ортаға "батыру" көмегімен субъектінің өзгеруіне (жай-күйін өзгертуге) бағытталған әдістер жиынтығы. Әрине, мұғалімнің әлеуметтік ұстанымы, оның құндылық бағдарлары, рухани доминанттар жиынтығы, мысал-идеал үздіксіз этномәдени білім беру жүйесінде оқитын жастар арасында құндылықтар мен өмірлік белгілерді қалыптастыру процесінде маңызды рөл атқарады. Адамзат қоғамының рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі — халықтың қолөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болсын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның қолөнер мен әдет-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихын, тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-санасының дамуы тарихи оқиғалардан кейін заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын.

Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата дәстүрі халықтық өнер желісін үзбей, халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздерінің қарашағындай сақтап, ілгері дамытып өркендету — өнегелі іс. Адам өміріндегі қоғамдық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп келе жатқан тәрбиелік мәні өте зор тағылым. Мұны ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі халықтық тәжірибе белгілерінен көруге болады. Қазіргі таңда мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиесіне баулу арқылы өз ұлтымыздың ұлттық қолөнеріне үйрету – оқу тәрбие үрдісінің өзекті мәселелерінің бірі болып келеді. Қолөнерге оқушыларды баулу өз елін, жерін, халқын сүю, салт-дәстүрін бағалай білуге үйретеді. Қай халықтың болмасын қолөнері, оның тарихынан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен қатар өркендеп, дамиды. Сондықтан жас жеткіншектерді халқымыздың мазмұнға бай тәрбиесі негізінде өсіруге, ой-өрісін, жоғары эстетикалық тағлымын, биік адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Қолөнерді жасап байыту арқылы адамның жан дүниесі, ақыл-ойы, қиялы, іскерлігі, шеберлігі, тапқырлығы, талаптылығы, ұқыптылығы және байқағыштығы артып, дағдыландырады. Қолөнерді оқыту әдісі дегеніміз — мұғалімнің технология сабақтарында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетіне басшылық ету тәсілдерінің жүйесі. Қолөнерден білім берудің әрбір түріне тоқтайтын болсақ : Құрақ-құрау өнері Бүгінгі күнде ата-бабамыздың айналысқан қандайда бір кәсібі болмасын өз маңызы мен қасиетін жоймаған. Қайта түрленіп қазіргі заман талабына сай ерекшеленіп отыр. Құрақ құрау барысында оқушылардың ой-өрісін жанжақты дамытуға әсері мол. Құрақ құрауда оқушылар түрлі геометриялық фигураларды басын құрастыруды игеріп , үшбұрыштың қабырғасы мен төртбұрыш таңбасының бір-біріне тең болуын, өлшемі арасындағы

байланыстылықты есептеуді үйренеді. Ою өрнек — қолөнер бұйымдары бүгінгі тұрмысымызда сирек қолданылатындықтан, оқушылар оның атын естігеннен көп есте сақтамайды, сондықтан оюдың шығу тарихын, аңыз- әңгімелер арқылы жеткізе отырып, тәжірибиеде жиі қолдануымыз керек. Адамзат қоғамының рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі — халықтың қолөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болсын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның қолөнер мен әдет-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихын, тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-санасының дамуы тарихи оқиғалардан кейін заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын. Мұны ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі халықтық тәжірибе белгілерінен көруге болады. Бұл жағдай сабақтарда халық өнерін қазіргі мәдениеттің ажырамас бөлігі тұрғысынан, кәсіби өнермен өзара әрекеттестігі, ерекше типтегі шығармашылық тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін болады. Сәндік-қолданбалы өнерге негізделген көркем-шығармашылық сабақтар мектеп оқушыларына белсенділік береді, бейнелі ойлауын, қиялдауын дамытуға ықпал етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қасиманов С. «Қазақ халқының қолөнері» Алматы. 1995ж.
2. Әбдіғалбарова Ұ.М. «Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлау» Алматы. 1998 ж.
3. Д.Шоқпарұлы., Д.Дәркембайұлы «Қазақтың қолданбалы өнері» Алматы, 2007.
4. Арғынбаев Х «Қазақ халқының қолөнері» Алматы.
5. Жарықбаев Қ. «Қазақ тәлім тәрбиесі» Алматы. «Санат» баспасы.

ӘОЖ 159.99

## **ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ МЕН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСЫ**

Фазымова А.Ж.

Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі, Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: fazymova\_ayaulym@mail.ru

Психология дегеніміз не? Бұл сөз және осы ғылым қайдан шыққан? Ал, ұлттық психология туралы не айтуға болады? Оның ішінде өзге ұлттардың және қазақтың ұлттық психологиясы қандай? Батыстың психология ғылымы және оның оқыту жүйесі қазақтың, шығыстың менталитетіне, дүниетанымына, ділі мен дініне сай келе ме? Мақаламда осы сауалдарға біршама жауап іздеп жуап көруе тырыстым

«Психология» ғылымының түбірі гректің «псюхе» деген сөзінен шыққан. «Псюхе» сөзі қазақ тіліне аударғанда «жан», «рух» деген мағынаға келеді. Ал, «психика» сөзі – «псюхе» сөзінің орыс тіліне ыңғайланған түрі. Мәселен, АҚШ, Еуропа халықтары «псюхелі адам» (яғни, рухты адам), «психологиялы адам» (яғни, руханиятты адам) десе, орыс терминдеріне сүйенген қазақша оқулықтар мұны

«психикасы күшті адам» (яғни, ми қызметі күшті адам), «психологиясы бай адам» (яғни, ми бейнесі бай адам) деп түсіндіреді. Яғни, «псюхе» мен «психика» және «психология» атауларының өзі әр елде әртүрлі мағынада бола алады екен. Бірақ, бұлардың барлығының да зерттейтін саласы, «илейтін пұшпағы» бір десек те болады.

Мақал-мәтелдерде адамның ес, жан қуаттары жөнінде де аз айтылмаған. Бұлардың ғылыми психологиямен тамаша ұштасып жатуы таңқаларлық. Мәселен, біреу көзбен көру, екінші біреу құлақпен, үшінші адам козғалыс мүшелерінің қатысуымен, ал төртінші біреу бұларды араластыра есте сақтайтындығын, біреу тез арада есте сақтай алатын болса, екінші біреу бұған ұзақ уақыт машықтанатының халық даналығы жақсы көрсеткен. Әрине, жалаң еске сақтаумен адам алысқа бара алмайды, ол өз есін, оның басқа қасиеттерімен (беріктік, нақтылық, реакция шапшаңдығы, т. б.) ұштастырғанда ғана бағалы болмақ. Бұл айтқанды «Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетеді, құйма құлаққа айтсаң, қағып алады», «Оқығаныңа мәз болма, тоқығаныңа мәз бол», т. б. мақалдар жақсы қуаттайды. Немесе, қарт адам жуырда ғана оқыған, естіген, көрген нәрселерін тез ұмытады, бұл естің әлсіреуіне әкеледі. Осыны «Ер қартайса — жаңылшақ» деген дана сөз де нақтылай туссе, оқығанды миға тоқу да қайталаудың маңызы зор екенін, «бұрынғыны айтпай, соңғысы еске түспейді», «көз көруге, құлақ естуге тоймайды» дейтін мақалдар қуаттайды. Ал сын көзімен қабылдау естің дамуына елеулі ықпал ететіндігін «Өз қатесін көрмеген, кісі қатесін сезбейді» деп түйіндейді. Есте сақтау да, еске түсіру де материалдың эмоциялық әсерімен байланысты болатындығын, жақсы, шапағаты мол мәселелерді есте мықтап сақтауға меңзейтін мақал-мәтелдер де баршылық. Мақалдарда адамның есте сақтау қабілетіне айрықша баға беріледі, ақылдылық жоғары дәріптеледі.

Мақал-мәтелдерде адам танымының өзге жақтары туралы да қызғылықты ойлар аз емес. Мәселен, арман мен қиялдың адам өміріндегі орны жайында «армаңы жоқ жігіттің дәрмені жоқ» десе, сезім мен ойдың байланысы туралы «аузы күйген үріп ішеді», ал ерік-жігер жөнінде «Таланты бала талпынған құстай, құмары қанбас аспанға ұшпай», әдет пен дағды туралы «Ауру қалса да әдет қалмайды», құмарлық, бейімділік жайында жақсыға жақсы әуес», «Саусағы ұзын биші болар» дейді.

Адам баласы әр түрлі жағдайда тәрбиенің әр алуан әсерінде болып, әр салада қызмет етеді. Осы фактордың бәрі оның жан-дүниесінің қалыптасуында елеулі із қалдырады. Кісі оқу, іздену, тәрбиелену арқылы өзін өзі сомдайды. «Көре-көре көсем болар, сөйлей-сейлей шешен болар», «Адам туа білмейді, жүре біледі» деу осы айтылғанның дерегі. Халық даналығында адамның моральдық-психологиялық ерекшеліктері жай көрініс таппай, оны қалыптастырудың жолдары да сөз болған, бұларды қалайша тәрбиелеуге болатындығы жайлы Түйіндер де айтылады. Мақал-мәтелдерден патриоттық, ерлік, достық, жолдастық, кішіпейілділік, қарапайымдылық, махаббат, сүйіспеншілік, ұстамдылық, шыдамдылық, қайраттылық, табандылық, т. б. осы іспеттес кісілік қасиеттер жайлы насихат көп ұшырасады. Адам бойындағы жалқаулық («Жұмыссыз жастың жүргені сөкет»), ұшқарылықтылық, тағатсыздық («Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа»), мақтаншақ, сараңдық, жағымпаздық, т. б. жағымсыз қасиеттерден жирентіп, жақсы

мінез-құлық қалыптастыруда еңбектің орны ерекше қастерленеді. «Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық», «Жігіттің күшіне қарама, ісіне қара», «Жігіт түсімен емес, ісімен әдемі», т.б., т. с). Мақал-мәтелдерде көшпелі қауым түсінігіндегі өнегелі тұлғаның тұрпаты да сомдалған.

